

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ**12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АНА ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ НЕГІЗДЕРІ**

Әмірова Ә.С.-п.ғ.д.(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформаның қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие болып отырғаны белгілі. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы 12 жылдық білім беруге көшумен және оқыту процесін технологияландыру қажеттігінен туындап отыр. Осы қажеттілікті өтеу үшін педагогика ғылымының соны жетістіктерін тәжірибеге енгізуде әлемдік және отандық әдіскер ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдаулар, олардың құнды ой-тұжырымдары басшылыққа алынып, реформаны іске асыруға негіз болды.

Ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәні туралы Ж.Аймауытов: “Ана тілі-халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі”,-деген.

Ана тіліне деген сүйіспеншілік, өз халқының тарихына қызығушылық ана тілін оқытудың басты міндетінің бірі болғандықтан білім беру жүйесінде келесі өзгерістер аясында бұл мәселеге баса мән беріліп отыр. Ана тілі оқу пәні ретінде оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын, қоршаған ортадағы әсемдік пен үйлесімділікті, жалпыадамзаттық және рухани құндылықтарды, туған жер байлықтарын танып біліп, оны дұрыс бағалауға, құндауға баулиды.

Ана тілі пәні барлық пәндердің ішіндегі жетекші пән болып табылады. Көркем өнердің бір саласы ретінде оның басты құралы сөз өнері. Белгілі ғалым Т.Ақшолақовтың пікірінше: көркем шығарманың кішкентай клеткасы сөз. Шығарманың шаңырағы сол арқылы көтеріледі деген тұжырым жасаған. Қазақ халқының ұлы ағартушы педагогтары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтар жеке тұлғаның қалыптасуындағы ана тілінің зор тәрбиелік –білімдік маңызына үлкен мән берді.

Қазіргі білімділік үрдіс ана тілін белсенділік пен шығармашылық іс-әрекеттері негізінде оқытуды көздеп отыр. Белсенді шығармашылық іс-әрекет оқушының сапалы жаңа нәтиже шығаруға бағыттаған іс-әрекеті. Бұл оқыту үрдісіне қабілеттерінің негізінде көрінген тәсілдер мен амалдарды енгізуге мүмкіншілік береді.

ТМД елдерінің психологтары Д.Б.Эльконин, Л.И.Кашина және отандық зерттеушілер Т.Тәжібаев, Е.Суфиев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев және басқалар танымдық қажеттілікті ойлау белсенділігін шығармашылық іс-әрекетті ой-өрісті дамытудың алғы шарты деп есептейді. Сондықтан оқу үрдісін ғылыми әдістемелік негізде, оқушылардың белсенділігімен өзіндік дамуын қамтамасыз ететін технологияларды пайдалана құруы қажет. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде В.В.Давыдов, Е.И.Унт, А.А.Кирсанов) белсенділіктің үш деңгейін көрсетіп берді. Олар:

- жаңғыртушылық-еліктеушілік белсенділік мұнда іс-әрекет тәжірибесі басқаның тәжірибесі арқылы толығыады,себебі өзінділік белсенділігі бұл деңгейде төмен жеткіліксіз;

- ізденіс-орындаушылық белсенділігі орта деңгей, мұнда дербестік дәрежесі орын алады. Бұл деңгейде алдыға міндет қойылады да, оның шешу жолын оқушы өзі іздейді;

– шығармашылық белсенділік жоғары деңгей, бұл деңгейде оқушы міндетті өзі қойып, оның шешу жолын да өзі табады.

Кез келген тәжірибені оқушы екі жолмен игереді. Біріншісі, дамыта оқыту жолы, оның негізінде бұрыннан қалыптасқан амал әрекеттерді оқушының белсенді меңгеруі жатыр. Екіншісі-шығармашылық бейнелерді, амалдарды жасау. Ана тілі сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын және іске асыруға ықпал ететін түрлі жолдар қажет. Біздіңше, оқытудың төмендегі принциптерін ана тілі сабағында басшылыққа алу өте тиімді. Атап айтсақ: жанрлық және авторлық, көркемдік-эстетикалық әдебиеттану, қарым-қатынас тілдік, даралау ынталандыру, кіріктіру, гуманизациялау, әр түрлі деңгейде оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде бала тұлғасын дербес дамыту, нәтижелі-шығармашылық қызмет және т.б.

Жанрлық және авторлық принциптерді пайдалану әртүрлі жанрда жазатын бір автордың бірнеше шығармасын бір уақытта қарастыруды көздейді. Мысалы:

Ы. Алтынсарин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, С.Көбеев, Ж.Жабаев, Қ.Аманжолов, М.Әуезовтардың көркемдік-сюжеттік әңгімелері, өлендері, ертегілері. Сонымен қатар түрлі авторлардың бір жанрда жазған шығармалары салыстырмалы түрде қарастырылады.

Көркемдік-эстетикалық принцип бастауыш сыныптардың ана тілі оқулығымен хрестоматиясына енгізілген шығармаларды оқу мақсатында таңдап алуға негіз болды. XX ғасырдағы қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, М.Жұмабаев және қазақ әдебиетінің классиктері С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, О.Сүлейменов, Б.Соқпақбаев, С.Бегалин, Ә.Кекілбай, Ө.Тұрманжанов, Ш.Мұртаза, Т.Молдағалиев, М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Ә.Дүйсенбиев, С.Қалиевтардың шығармалары. Халық ауыз әдебиеті оқушылар алдында қоршаған орта дүниенің байлығын және адамдардың қарым-қатынасын ашады, эстетикалық сезімдерін ұштайды, болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Балалардың көңілі, олардың алдында тек қарапайым танымдық мәтіндер емес, қоршаған дүние және адамдар қарым-қатынас байлықтарын ашатын, үйлесімділік сезімдерін туыратын, өмірдегі сұлулықты түсінуге жетектейтін, баланың болмысқа деген қарым-қатынасын қалыптастыратын сөз өнері шығармалары екендігіне аударылады. Бұл принцип өнердің барлық басқа түрлерінің арасындағы байланыстың белсенді тұрақтылығын қарастырады.

Әдебиеттану принципі әдеби шығармамен танысып оны талдағанда іске асады, сөзге ерекше көңіл бөлінеді, себебі ол көркемдік бейне жасаудың құралы, оның арқасында автор өзінің ойын, сезімін, көңіл-күйін, көзқарасын жеткізеді. Оқушылардың көркемдік бейнені түсінуі ана тілінің бейнелік құралын талдау арқылы іске асады. Көркем шығарманы талдау барысында онда келтірілген проблемалар, адамгершілік және эстетикалық идеялар көркемдік формалар, Отан туралы, бейбітшілік, дүние туралы оқушылардың түсінігін толықтыруға мүмкіндік туады.

Әдебиеттану принципі оқытудың бастапқы кезеңінің ерекшеліктерін ескере әдеби шығарманы талдағанда іске асады, көркем образ жасаудың құралы ретінде қабылданады, сөз арқылы автор өзінің ойын, сезімін, идеяларын жеткізеді.

Әдебиеттану принципі оқытудың басында орын алған, мәтінді лингвистикалық талдаудың орнына жүреді, онда шығарманың жалпы сұлбасынан бөлініп алынып, көркемдік мәнерлік құралдарының тек жекеленген түрлері ретінде қарастырылады.

Сөз жеке бөлініп алынбай, шығарманың бейнелік жүйесінде бірге қарастарылады, ол бейнелік сөздерді ғана емес, басқа сөздерді де мән, мазмұнымен толықтырады.

Көркемдік шығармамен жұмыс көркемдік мәнерлік эпитет, теңеулерді талдаумен шектелмеуі тиіс. Бастауыш мектепте тілдің бейнелік құралдарын талдау балаларға көркем образдың бүтіндігін сезінуге көмектесуі керек.

Әдебиеттану принципінің көрінетін бағзы бір жері, бағдарламада негізгі әдеби жанрларды қамтиды: ертегілер, өлеңдер, әңгімелер, мысалдар, драмалық жанрдан үзінділер. Оқушылар адамгершілік-эстетикалық идея көркем форма, композиция сияқты ұғымдардың алғашқы түсініктерін меңгереді.

Әдебиеттік оқу курсы балаларды жазушылардың шығармашылығымен таныстыруды қарастырмайды, себебі кіші мектеп балаларында жеткілікті оқығандық, қажетті өмірден түйгендері, бақылағандары жоқ. Қарым-қатынастық тілдік принцип сөйлеу мәдениетінің, сөйлеу дағдыларының дамуын көздейді, олардың бастысы оқу дағдысын қалыптастырады. Ол әдеби оқу бағдарламасында оқу материалдары маусымдық тараулар бойынша берілген. Мысалы “Көктем” тарауы мұнда балалардың оқу мүмкіншілігін бірте-бірте кеңейтетін, қоршаған дүние, елдің өмірі, туған елдің табиғаты, көктемгі адамдар еңбегі жәйлі шығармалар берілген, олар балалардың рухани-адамгершілік тәжірибелерін байытып, оқуға деген қызығушылығын дамытады.

Қарым-қатынастық тілдік принципі оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, кіші мектеп балаларының оқу дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолданылады. Әдебиеттік оқу сабақтарының міндеттері сөйлеу әрекетінің түрі, оқу дағдыларын тездетіп дамыту: ақыл-ой әрекеті болып есептелінетін дауыстап оқудан іштей оқуға дейін жеткізу.

Оқу дағдыларын дамыту мыналарды қамтиды: 1- сынып - сөзді құрастырып оқу тәсілдерін қалыптастыру, сөзді сөз тіркестеріне, сөйлемге біріктіру, жүгіртіп оқудың қарқынын арттыру; 2-сыныпта - іштен оқуды бірте-бірте енгізу; 3-4 сыныптарда жүгіртіп оқу қарқынын ұлғайту және тиімді оқу тәсілдерін меңгеру.

Бастауыш сыныптарда жүгіртіп оқуды қалыптастырумен қатар, оқығанды түсіну жалпылау және негізгіні бөліп алу біліктерін дамытуға байланысты жұмыстар жүргізіледі.

Оқу дағдылары мен тілтану біліктерінен (мәтінді бөліктерге бөлу, тақырып қою, жоспар құру, оқығанды қысқартып және толық айтып беру) және тағы басқа, оқушылар оқығанда кездесетін әртүрлі қарым-қатынастық міндеттерді шеше отырып, мәнерлеп оқу тәсілдерін меңгереді, шығарманы талдай отырып, олар ауызекі тілдегі мәнерлік тәсілдегі мәтінді оқығанда пайдалануға дағдыланады.

Ана тілінде даралап оқыту маңызды принциптердің бірі ретінде қарастырылады. Әр оқушының жеке тұлғалық қайталанбайтын ерекшеліктерін жүйелі түрде ескеруді қажет етеді. Даралап оқыту белсенді, қалыптастырушы, дамытушы принцип, баланың өзіндік шығармашылығын тез түрде дамытады. Даралап оқыту дегеніміз - оқу материалын саралау қиындығы және көлемі әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар жүйесін жасау. Оқу топтарындағы оқу үрдісін ұйымдастыру, іс-шараларының жүйесін жасау; әр оқушының жеке бас ерекшелігін ескеру.

Дидактикада оқушының жеке бас ерекшеліктері ескерілсе мұны саралап оқыту дейді. Педагогикалық әдебиеттерде ішкі және сыртқы саралау ұғымдары келтірілген. Ішкі саралауда оқу үрдісін ұйымдастыру яғни мұнда сабақтарда оқу іс- әрекетін ұйымдастыруда оқушылардың жеке бас ерекшеліктері ескеріледі. Сыртқы саралауда оқушылар арнайы топтарға біріктіріледі. Мұғалімнің міндеті оқыту процесінде әрбір оқушы ішкі мүмкіншіліктерін пайдалана алу үшін жағдай туғызу. Бұл практикалық міндетті шешу саралап және даралап оқытумен тығыз байланысты яғни ішкі саралау және даралау ұғымдарының мәні өте жақын деуге болады.

Әр түрлі деңгейде оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде бала тұлғасын дербес дамыту принципі. Ана тілі сабағында бұл принципті іске асыруда төмендегідей шарттарды орындау қажет. Атап айтсақ: физикалық және ақыл ой қабілеттерінің дербес даму деңгейлеріне, оқушының мүддесі мен бейімділігі дамуына оқу материалдарының сәйкес келуі; оқытудың қорытынды нәтижелеріне қол жеткізу және нақтылаудың ең озық формалары ретінде әр түрлі деңгейдегі оқыту жүйесін пайдалану; міндетті білім көлемінен оның мүмкін деңгейіне, білімді меңгерудің репродуктивтік құралдарынан продуктивтік түрлеріне; жекеден жалпыға және керісінше көшу. Сонымен әр деңгейдегі оқыту принципін жүзеге асыру оқушылардың дербес міндеттерді шешу тәсілдерін өз бетінше таңдау қабілетін дамытуға, алға қойған мақсаттарына жетудегі ілгерілеу қарқыны ерекшеліктерін айқындауға септігін тигізеді. Әр түрлі деңгейде оқытуда:

Оқушылар еркіндікке ие болады;

Жеке пәндерге көп уақыт бөледі;

Шағын топтарда оқушылардың жеке бас ерекшелігін ескере біркелкі дамуына жағдай жасалады;

Жеке басқа бағытталған технологиялар танымдық іс-әрекетте белсенділік көрсетуде әр оқушыға мүмкіншілік тудырады;

Сынақтар жүйесі әр оқушының өсу қарқынын жүйелі түрде байқап, мониторинг жасауға мүмкіншілік туғызады;

Оқушы өзінің және жолдастарының жетістіктеріне жауапкершілікпен қарап, өз іс-әрекетін еркін жоспарлауға мүмкіндік алады.

Нәтижелі шығармашылық қызмет принципі. Әдебиеттік оқу пәнінің бағдарламасының мазмұны тек пән бойынша дайындау мен білімді меңгеруге ғана емес, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық қызметін диалектикалық дамытуға бағытталған. Қазіргі жағдайда мектептер базалық білім беру стандарттарын меңгерумен ғана шектеліп қалмауы тиіс. Басқа пәндер сияқты әдебиеттік оқу сабағында алған кез келген білім мұғалім ұйымдастыратын және бағыттайтын балалар шығармашылығы тұрғысынан қарастырылуы керек. Мұғалім білімді қалыптастыру процесінде баланың эвристикалық қабілеттерін дамыта отырып, оқу іс-әрекетін оқушының қызығушылығы мен бейімділігін дамыту, ойлан тап, ойдан шығар, әңгіме құрастыр, мәтін бойынша сурет сал, қиялда, дайында, жоспар құр, өз көзқарасыңды білдір, сен мәтінді қалай аяқтар едің? деген сияқты жаңа нәтижелер жасауға бағыттайды.

Ынталандыру принципі. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ынта ықыласы болса, олардың оқу таным әрекеті сенімді болады. Ынталандыру принципі оқушыларға жеке дара қарауды керек етеді. Осыған орай В.А.Сухомлинский төмендегідей кеңестер берген:

1. Балалардың ақыл-ой күштері мен мүмкіндіктері бірдей емес.

2. Оқыту мен тәрбиелеудің барлық заңдарын қолдана алатын абстрактылы оқушы жоқ. Оқушы әрқашан дара, өзінше ерекше.

3. Оқуда барлық мектеп балалары үшін табысқа жетудің бірыңғай алғы шарттары жоқ.

4. Оқу қызметінің берілген сәтінде әр оқушының неге қабілетті екенін анықтаудың маңызы зор.

5. Оның ақыл ой қабілетін одан әрі қарай дамытуға болатындығын анықтау маңызды.

6. Оқушыдан мүмкін еместі талап етуге болмайды.

7. Бағдарламада қаралған деңгейге әр оқушы қандай жолмен, қандай кірістермен және қиыншылықтармен келетінін дұрыс анықтап алу керек.

8. Әрбір оқушының ақыл-ой еңбегінде бағдарламаны қалай жүзеге асыру керек.

9. Әрбір баланың күші мен мүмкіндігін ашып, оны ақыл-ой еңбегінде қуанышқа кенелту.

10. Әрбір оқушының оқудағы және ақыл-ой еңбегіндегі дара сүрлеуін анықтау керек. Осы сүрлеуді және жақсылық жалынының отын сақтау.

Кіріктіру принципін білім мазмұнын анықтауда, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын жазуда басшылыққа алынады. Кіріктіру әртүрлі пәндердегі негізгі принциптер мен заңдылықтарды өзара тығыз диалектикалық бірлікте қарастыруды көздейді. Сондай-ақ мазмұны жағынан бір-біріне жақын пәндердің тіл мен әдебиет, тіл мен математика және т.б. өз ара жеке пәндердің ішіндегі материалдардың арасындағы байланыстарын анықтап, оқушылардың білімін тереңдетуге болады. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш сыныптарда ана тілі пәнін қазақ тілі, дүниетану, бейнелеу пәндерімен кіріктіре оқытудың маңызы зор.

Гуманизациялау, ізгілендіру принципі оқушының жеке басына деген ерекше құрметті сүйіспеншілікті талап етеді. Балаға сенім артып, оның жеке басының қасиеттерін ескеріп, оқу таным әрекетінің жемісті болуына қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасау керек. Оқу процесінде сабақтарда балаларды қорықпай, қысымшылық жасамай, керісінше, олармен жылы қарым-қатынас жасау міндет. Бұл принцип гуманитарлық бағдарды жүзеге асыруды керек етеді. Бастауыш сыныптарда білім мазмұнын жалпыадамзаттық және ұлттық рухани игіліктеріне қарай бағыттап, халқымыздың тарихын, тілін, мәдениетін, дәстүрін терең оқып үйрену міндетін жүзеге асыру керек.

Проблемалық принцип оқу процесінің мазмұнын, әдістерін, технологияларын, ұйымдастыру формаларын проблемалы сипатта болуын қамтамасыз етеді. Проблемалы оқыту білімді дайын түрде бермей, оқушылардың ізденуін, дербестігін, шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталады. Проблемалық принцип оқушылардың ойлау процесінің психологиясына негізделеді. Өйткені, ойлаудың басталуы проблеманың болуына байланысты, басқаша айтқанда ойлау проблемалық сұрақ немесе міндеттен басталады.

Сонымен, бастауыш сыныптарда ана тілін белсенді шығармашылық іс- әрекет негізінде оқыту үшін мұғалімдер басшылыққа алатын принциптер ұсынылды. Оларды оқыту процесінде дұрыс пайдаланудың мәні мен маңыздылығы оқушының алған білімінің нәтижелілігіне байланысты болмақ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш мектепте ана тілін оқытудың басты міндеттерінің бірі халқымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрін меңгертуді көздейді. Ол оқушылардың белсенді танымдық қызығушылығын арттыру үшін жаңа ізденістерді қажет етеді. Автор ана тілін оқытуда белсенді шығармашылық әрекетті қалыптастыруда пайдаланылатын принциптерді ашып көрсетеді.

РЕЗЮМЕ

Одной из важнейших задач начальной школы является обучение родному языку, так как он несет в себе основы истории, культуры и традиции народа. При этом необходим поиск новых подходов, активизирующих познавательный интерес учащихся. Автор раскрывает принципы, основанные обучение родному языку активной, творческой деятельности.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ОЙЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зайкенов М.-мұғалім (Алматы қ., №163 жалпы білім беретін мектеп)

Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру ойындарын қызықты етіп ұйымдастырудың маңызы зор. Оқушылардың ұйымшылдық қабілетін дамыту, ізденіске жетелеу, белсенділіктерін ояту, оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, оқушылардың ептілік, жылдамдық, иілгіштік, шапшаңдық дағдыларын қалыптастыруда эстафеталық ойын сабағын ұйымдастыру – белгілі бір дәрежеде нәтиже беріп жүр.

Сабақтың көрнекілігіне доп, эстафеталық таяқ, жалауша, «Дені саудың жаны сау», «Шынықсаң, шымыр боласың», «Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі», «Ұл тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелеп отырып, ұлтты тәрбиелейміз» (Платон) т.б. нақыл сөздерді плакатқа жазып, іліп қоюға болады.

Дене тәрбие сабағының басқа сабақтардан үлкен айырмашылығы бар. Барлық пәндерге тән сабақ барысы бірінші, ұйымдастыру кезеңі, екінші, үй тапсырмасы деп екіге бөлінсе, денешынықтыру сабағында ұйымдастыру кезеңі бірнеше кезеңге бөлінеді. Себебі, оқушылар үй тапсырмасын айтпастан бұрын мұғалім оқушыларға сәлем бермейді. Керісінше оқушылар сыныпты қабылдап алу туралы мұғалімге сынып секторы рапорт береді. Сонан кейін ғана пән мұғалімі оқушылармен сәлемдесіп, мәліметін қабылдайды. Сонымен бірге сабақтың негізгі бөлімінде «Допты бастан асырып беру», «Өз орныңды тап», «Кім шапшаң?», «Нысанаға дәл тигіз», «Әркім өз жалаушасына» деген сияқты ойын түрлерін бір сабақ көлемінде жүргізуге да болады. Бірақ бұл оқушылардың қабілет қарымына қарап жүргізіледі. Біз осы ойын түрлерінің ішінен «Әркім өз жалаушасына» деген ойынның әдіс-тәсілдерін ғана көрсетпекпіз. Сондықтан да сабақтың негізгі ұйымдастыру бөлімдерін ғана көрсетіп отырмыз.

Сабақтың кіріспе бөлімі: Мұнда саптағы жаттығулар оңға бұрыл, солға бұрыл, кері бұрыл, алға қадам бас т.б. Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, ішкі және сыртқы қырымен жүру. Жүгіру, оң жақ, сол жақ жанымен, артымен бір бағытымен жылдамдықты өзгерте жүгіру.

Дайындық бөлімі: Жалпы дене қимыл жаттығуларын қатарда және шеңберде жасату.

1. Қолға жасайтын жаттығулар.
2. Иыққа жасайтын жаттығулар.
3. Тізеге, аяққа жасайтын жаттығулар.
4. Сабақтың тақырыбына жасайтын жаттығулар.

Негізгі бөлім: «Әркім өз жалаушасына» деген ойын түрі бойынша.

Баршамызға белгілі ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенім артып, оның бойында ойлау, тапқырлық, шешімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық, ұйымдастырушылық, жан-жағын пайымдаушылық секілді қабілет-қасиеттері қалыптасады. Сондықтан қандай бір қозғалыс ойынын ұйымдастырсақ та оны әуелі ой таразысынан өткізіп алған жөн. Ол сонда ғана бала көңіліне ізгі әсер етіп, есінде ұзақ сақталады. Әуелі ойынды ұйымдастырмас бұрын, оған ең алдымен ойын өтетін орынды, керекті құралдарды даярлап алу керек. Егер ойын сабақ үстінде ұйымдастырылатын болса, оған сынып кезекшісі, денешынықтыру жұмыстарын ұйымдастырушы, сондай-ақ арнайы бөлінген оқушылар жәрдем етеді. Мысалы, дене тәрбие сабағы басталмас бұрын үзіліс кезінде-ақ дене тәрбиесі пәнінің мұғаліміне сынып кезекшісі, спорт секторы және жәрдемші оқушылар келіп, болатын сабаққа не керек екендігін алдын-ала біліп алады.

Екіншіден, ойынды түсіндіргенде оқушыларға өте нанымды, жеңіл тілмен ұғынықты, тұжырымды етіп қызықтырып жеткізсе, қатысушылардың кезекті ойынға деген қызығушылығы, ықыласы мен ынтасы арта түседі.

Мысалы: Балалар, сендердің бүгінгі үйренетін ойындарыңның аты «Әркім өз жалаушасына» деп аталады. Ол үшін 4 командаға бөлінеміз.

- Тұрындар. (Егер, барлық балалар отырған болса) Сапқа түзеліндер.

Тік тұр!

- Бірден төртке дейін санал! Бірінші нөмір орнында, екінші нөмір бір қадам, үшінші нөмір екі қадам, төртінші нөмір үш қадам, кәне жаса! – деп бұйрық беріп, командаға бөлеміз.

Әр команда өзінше шеңбер жасау керек. Команда да бір-бір оқушы қолына жалауша ұстап, шеңбердің ішінде тұрады. Шеңбердің ішіне кірген оқушыға әр түсті жалауша беріледі.

- Енді тыңдаңдар! Ойын қалай ойналады, - деп қысқаша оның ережесін түсіндіреміз. Бірінші берген белгі бойынша бірінді-бірің ұстап, оң жаққа қозғаласыңдар! Ал екінші белгі берілгенде қолдарыңды жіберсеңдер де алаңда жүгіріп, секіріп ойнап жүресіңдер. Ал үшінші берілген белгіде әрқайсың өз орнында қандай қимыл жасап жатсаңдар, сол күйлерінде қозғалмастан, көзді жұмып тұрып қалуларың керек.

Мысалы, тағы да белгі естігенде жүгіріп бара жатса, бір аяғын алға, екінші аяғы артта жерге тимей тұрып қалады. Қол да қалай қимылдап бара жатса, сол қалпында қалады, - деп өзіміз де бір қимылда қалай тоқтайтынын көрсетеміз. Сондай-ақ, осындай жансыз, көз жұмулы тұрған мезгілде әр команданың жалауша ұстаған ойыншысы білдірмей орындарын ауыстырып, тұра қалуы керек. Тағы да белгі берген кезде көзді жұмып жансыз тұрғандарға жан бітіп, өз жалаушасын тауып алуға қайтадан шеңбер жасауға асығулары керек. Егер қай команда соны тез тауып, тез шеңбер жасап тұрса, сол команданың жеңіске жеткендігін түсіндіреміз. Міне, содан кейін барып, ойын басталады. Мұғалімнің міндеті ойынға барлық сынып оқушыларын қатыстыру. Сынып ішіндегі жүгіруге, секіруге жарамайтын, денсаулығы нашар балалар болса, оларды төрешілікке, жәрдемшілікке тағайындайды. Сонда ойынға денсаулығына байланысты қатыса алмаған оқушылардың бойында «сынып қажетін өтедім» деген жақсы сенім туады. Сөйтіп көңілдері көтеріліп қалады. Ойынды қызықты және тартымды өткізу үшін команданың ішіндегі бір оқушыға жалауша беріп, ойын басқарушысын сайлап қою керек. Осындай жауапкершілікті сезінген оқушы ойынды қызықты етіп өткізуге, әрбір ісіне есеп беруге ұмтылады. Егер ойын бұрыннан таныс болса, онда оны аздап қана ойға түсіргеннің артықшылығы жоқ. Тіпті «Қалай ойналатын еді?», - деп балалармен бірігіп қайталап қойса, ол қызықты да, тартымды болуы мүмкін. Кейде оқушылардың өздеріне осындай ойынды «Өздерің ойнап көріңдерші» деп сенім артуға болады. Ол үшін оқушылардың ішінен жауапкершілігі күшті біреуін басшы етіп сайлап қою керек. Ол жәрдемшілерін өзі таңдап алады да, солардың көмегімен ойынды өткізуге дайындалады. Сонымен қатар, төреші ойын басқарушысын, оқушыларды алаңға орналастыруды және ойынға керекті құралдарды да даярлап алады. Содан кейін жауапты оқушы мұғалімге келіп ойын өткізуге бәрінің дайын екендігін баяндайды. Мұғалім барлығын көзімен көріп, байқағаннан кейін ойнауға рұқсат етеді. Оқушыларға баға ойынды дұрыс ұйымдастырғанына қарап қояды. Ойын өте қызықты өту үшін әр команда оқушылары күш жағынан қимыл-қабілеті жағынан тепе-тең болғаны жөн. Ойын бастамас бұрын командаға бөлінгенде осы жағын дұрыс қадағалау керек. Сондай-ақ команда капитандарын мұғалім оқушылармен келісіп отырып сайлап алады. Командалық ойындар барлық командаға қойылатын талап бірдей болуы керек. Олар қолданатын құралға және де алаңда орын ауыстыру кезінде мерзіміне сәйкес көптеген ойындарға жетекші сайланады. Мұндай жағдайда олардың тез түсінгіш, айтқанды тез қабылдаған қолынан бәрі келетін

қабілеттілігі ескеріледі. Егер жаңадан үйреніп жатқан болса, ондай жағдайда басқарушылық қабілеті бар баланы сайлаған дұрыс. Ойынның қызықты өтуі ойын басқарушыға тікелей байланысты екенін естен шығармауымыз керек. Ал ойын сабақ сайын ойналып жүрген болса, онда ойын жетекшілігі балалардың кез-келгенін сайлай беруге болады. Мысалы, «Табан балық және шортан балық» деген ойында шортан болып кім көп уақыт ойында ұстатпаса соны сайлай беруге болады.

Көп жағдайда мұғалім ойынға тек басшылық жасап қана бақылайды. Кейде ойынды қызықтыра түсу үшін өзі де қатысып кетуі мүмкін. Ал ойынға басшылық жасағанда оның ережесіне лайық өте әділ шешім беруі керек. Ойын тәртібінің түсініксіздеу жері болса, оны қайталап айту жіберу де оқытушының тікелей міндеті. Ойын барысында ойыншылардың бірін-бірі көре алмаушылығын болдырмаған дұрыс. Балалардың жақсы ойнауына мұғалім жәрдем етіп жіберем деп тікелей араласпай, тек қана олардың сәтті қимылдарын көтермелеп отырған жөн. Қозғалыс ойындарынан оқушының жеке басының қасиеттері қалыптаса бастағанын жоғарыда айттық. Сондықтан біз оның ізгілікке үндейтін жағына айрықша көңіл бөлуіміз керек. Кейбір бала ынтасыз, жігерсіз ойнап, ойын ережесін қасақана қайшы келетін әрекетін істеп, көзге түсіп қалса, ал екінші біреулері өзін-өзі қатаң ұстап, ойынға қызықпай, тек қана жеке басының қамын ойлап тұрады немесе үшінші біреулері мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындап, сонымен бірге басқа ойыншыларға да жәрдем етіп жан-тәнімен беріледі. Міне, осылардың барлығын өз көзімен көріп, ақыл-ой таразысына салып тұруы керек. Тіпті керек болған жағдайда кейбір ойыншы өз қимылын ойын ережесіне сай етіп, орындаған болса, оны мақтап, мадақтап қойған дұрыс. Ал ойын ережесін қасақана бұзып, тәртіпсіздік көрсеткен ойыншыға да дер кезінде тежеу салу қажет. Кей жағдайда осындай теріс қылық байқағанда төрешілік етіп жүрген оқушының да пайдасының көп тиетіндігін бағалауымыз керек. Ойын бітісімен қорытындылаған дұрыс. Оны қорытындылағанда ойынға кім қалай қатысты, жеңімпаз болуға кімдердің септігі көбірек тиді немесе керісінше жеңіліп қалуға кімдер кінәлі, ойынның ережесі қалай сақталды? Міне, осының бәріне талдау жасап, ондағы орын алған кемшіліктерді келесі ойында болдырмауына баса назар аудару керек. Кейде ойынды қорытындылауға оқушылардың өздерін де қатыстырып талдау жасап қоюға болады. Талдау жасау арқылы оқушылардың өздері-ақ не себептен жеңілгендерін, қандай мүмкіндікпен кімдердің арқасында жеңіске жеткендеріне көздерін жеткізіп, толық талдау жасаса, олар барлығын дұрыс түсініп алады. Егер мұғалім ойынды сабақ үстінде қызықты етіп өткізсе, балалар сол ойын арқылы-ақ жақсы тәрбиелі өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, ақыл-ой парасаты дами түсінуіне толық мүмкіндік туады. Ойнау арқылы балалар бірмен-бірі достасады. Сөйтіп ойын баланың ойлау қабілетін дамытып, оны ізгілікке, адамгершілікке, абзал қасиеттерге тәрбиелейді.

Қорытынды бөлім: Сабақтың бұл кезеңі төмендегідей бөліктерден тұрады: 1. Организмді бастапқы қалпына түсіруге арналған және тыныс жолдарына әсер ететін жаттығулар жасату. 2. Сабақты қорытындылау. 3. Үйге тапсырма. 4. Оқушылардың білімін бағалау. 5. Қоштасу.

Дені сау ұрпақсыз ұлттың болашағы да жоқ. Жас ұрпақтың рухани жағынан да, дене тәрбиесі жағынан да жарымжан болмай өсуі – тәуелсіз ел болған тұсымыздағы еселене түсетін, аға ұрпақтың мойнына жүктелген жауапты міндет. Сондықтан да еліміздегі іргелі жоғары оқу орындары мен мектептегі дене тәрбиесінің оқытылуына мән бере қарағанымыз жөн сияқты.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сыныптарда денешынықтыру ойындарының рөлі, оны қызықты етіп ұйымдастыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает роль физических игр и пути их организации.

ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Накипова Н - мұғалім (Талғар қ., № 1 И.Ф.Халипов атындағы орта мектеп)

Рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру отбасынан басталып, орта балабақша мен мектеп табалдырығында жалғасын табады. М. Жұмабаевтың «Жас бала - жас бір шыбық. Жас күнінде қалай исең, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың», - деген пікірі ұрпақ тәрбиесімен айналысатын педагогтар үлкен жауапкершілікті жүктейді. Рухани-адамгершіліктің мәні – адам еңбегіне құрметпен қарау, шығармашылық күші мен мүмкіншілігін дамытудағы ролінен көрінеді. Рухани-адамгершілік мәдениеті жалпы адамгершілік тұрғысынан алғанда, ол адамның жемісті іс-әрекеті болып табылады. Рухани-адамгершілік қасиеттер адамдардың еңбек мәдениетінде, қоғамдық мәдениеттің көркем және эстетикалық, ғылыми және білім беру компоненттерін өзара байланысын, қоғамдық қатынастағы мәдениетін, рухани-адамгершілік көз қарасын қалыптастырады. Осы сөздеріміздің дәлелі ретінде, әлемдік ой-сананың асқар биігіне көтерілген әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деген сөздері, В.Г.Белинскийдің «Тәрбие ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» деген, Д.И.Менделеевтің «Тәрбиесіз білім – есуастың қолындағы қылыштай» дегені, Я.А.Коменскийдің «Тәрбиені мойындамау–адамдардың, жан-ұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы» деп айтуы әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған. Рухани-адамгершілік туралы айтқанда біз тәрбие салаларын толық қамтимыз. Себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Тұлғаның өмірге, еңбекке көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыруда оқытуды тәрбиелеуді өмірмен байланыстыруда рухани-адамгершілік яғни адалдық, кішіпейілдік, ниеттілік, жомарттылық, жауапкершілік т.б. қасиеттерді дамытады. Аталған сапалық қасиеттерді қалыптастыру арнаулы орта білім беретін және жоғары оқу орындарында оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу негіздері курсы бөлек пән ретінде оқытуды қажет етеді.

Тәрбиелі мінез адам бойында ибалық қасиеттердің бар екендігін көрсетеді. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның адамгершілік түсініктерінен туындайды. Рухани адамгершілік тәрбиесінде тәрбиеші оқу шебері тұлға ретінде тани біліп қана қоймай, үш кезенді ескеруі, оның дамуын көре білуі қажет.

- бұрынғысы;
- қазіргісі;
- болашағы.

Мұғалімнің негізгі қызметтерінің ең бастысы оқушы тәрбиесіндегі сәттілікті айтуға болады. Ол үшін ең қажеттісі.

1. Оқушыны тек тәрбиенің жемісі ғана емес, сонымен қатар ол өз елінің және өзіне байланысты мінез-құлықты анықтайды. Нақтылап айтқанда, оқушы өзіне тәрбиеші.
2. Оқушылар өзінің өз тәжірибесінде, өзіндік ойлауы арқылы айналасындағыны қабылдайды әрі бағалайды. Олардың мінез-құлқын, әсерін түсіну үшін өмірге олардың көзімен қарау қажет.
3. Оқушыларға тек біз айтқан нәрселер ғана әсер етпейді, сонымен қатар мұғалімдердің оқушының мінез-құлық ерекшеліктерін ескеруі де қажет сияқты.

Рухани адамгершілік тәрбиедегі педагогикалық шарттардың бірі — кешенділік. Яғни, педагогикалық үрдісте оқушының дүниетанымымен, мінез- құлқының бағалы

негіздерімен, оқуға, еңбекке, табиғатқа, өз-өзіне, басқа адамдарға қатынасымен байланысты жүргізілетін рухани тәрбиелік шарт.

Рухани адамгершілік тәрбиенің тағы бір шарты, оқу — тәрбие жұмыстарының өмірімен тығыз байланыста жүргізілуі. Балаларды ұжымдық ортада өзін-өзі ұстауына қатысты педагогикалық үрдістегі адамгершілік тәрбиесінің орны ерекше.

Рухани адамгершілік тәрбиенің тағы бір шарты балалардың шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады.

Баланың еңбекке, тағы басқа қызметтерге қызығушылығын арттыру мақсатында рухани адамгершілік тәрбиедегі маңызды педагогикалық шарттардың бірі - танымды, қабілетті қалыптастыру болып табылады.

Тағы бір шарт баланың қабылдауына мән беру болып табылады. Яғни, бұл баланың жас ерекшелігімен тығыз байланысты болмақ: оның білім деңгейі, тәрбие дәрежесін, өмірлік тәжірибесі мен мінез-құлқы, оның дамытушылық қасиетіне көңіл аудару керек.

Рухани адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа – қайрымдылық, мейрімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздық, ата-ананың да болашағы зор болмақ. Мұғалім мен ата-ананың беделін орынды пайдалануды да шарт ретінде қарастырамыз.

Тағы бір шарт біртұтастық, интеллектуалды эмоциялы және танымдық – шығармашылық шарттар оқушының рухани, физикалық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Жасөспірімдерді рухани адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу адамдармен достық, мейрімділік, басқаны түсіну, біреулердің қайғысы мен қуанышына ортақтасу, өзгелердің мінез-құлқы мен пікіріне төзімділік таныту кезінде жетіле түседі.

Қазіргі уақыттағы оқушыларды тәрбиелеу ісінде олардың ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіруге арналған бірнеше іс-шаралар жүзеге асуда. Халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде баланы рухани адамгершілік тәрбиесін дұрыс жолға қою міндеттерін жүзеге асыру басты мақсат болатыны белгілі. Осы жылдары одақ көлемінде В.В.Давыдов, Ш.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, И.Т.Волков т.б. ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде оқушыны жан-жақты, дамытып, оның белсенділігін арттыруды көздеген оқыту технологиялары дүниеге келді. Е.Н.Ильиннің «Оқушының рухани дүниесі мұғалім үшін негізгі зерттеу нысаны болып табылады», - деген пікірі оқушының рухани адамгершілігін ынтымақтастықта дамыта оқытуды көздегенін байқатады. Мұндай озық педагогикалық тәжірибелер оқушылардың рухани-адамгершілігін дамыту мақсатында қазіргі кезде біздің оқу тәрбиесі үрдісінде кеңінен қолданылуда. Демек, рухани адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Өзінің оқушысын өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйретпеген мұғалім қазіргі түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтыны белгілі. Бала ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы керек. Сондықтан мұғалімге мынадай қызметтер қажет: жылылық, түсінгіштік, сезімталдық, кең ойлай алу, шабыттандыра алу, шығармашылық ізденіс. Сыныптағы рухани адамгершілік, психологиялық ахуал - бала үшін адамдар мен қатынастық алғашқы мектебі нақ осы өз сыныбында баланың мейрімділікке және зұлымдыққа, тәртіпке материалдық және рухани құндылықтарға деген көз қарасы қалыптасады. Сонымен қатар махаббат сезімін, достықты, жауапкершілік пен шындықты түсінеді, яғни мектептердегі тәрбие өсіп келе жатқан балалардың барлық, өмірлік іс-әрекетіне ықпалын тигізеді. Солардың кейбір көңіл бөліне бермейтін маңыздыларына тоқталатын болсақ, рухани адамгершілік тәрбиесіндегі аса маңызды шарттардың бірі - мұғалім өзінің әрбір ісі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, сөйлеген сөзінің басқаларға ықпалы мен әсері, одан келіп шығатын нәтижеге жауапкершілігі. Бұны іске асырудың тетігі-мектепте туындап отырған әр түрлі ахуалдарды шешуде әділетті, дұрыс жөн таба білу.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарау өзін-өзі тексеруден басталады. Үнемі сағат сайын бос уақытта өзін-өзі тексеру өйткені олар тез естіп, сезіп, біліп қояды. Мектепте тәрбиенің дұрыс іске асырылып жатқандығының басты белгісі — оқушының мұғалімнен еш нәрсені жасырмауы, оларға қарай үнемі ұмтылысы, жақын болуы. Осындай жағдайда ғана рухани жақындық туады. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы алуан түрлі іс-әрекет барысында жүзеге асады. Мұғалімдер осы жерде еңбектің балаға тигізетін ықпалына көңіл бөлуді естен шығармауы қажет. Еңбектеніп жатқан бала емес, еңбек нәтижесі олар үшін маңыздырақ, тағы бір мұғалімнің қаперінен тыс қалатын нәрсе – оқушыларға көрсету, нұсқау бере отырып, істеген шаруасын бағалап, кемшілігі үшін тез шешім қабылдамай, оны жөндеуді үйрете отырып бірлесе істеу.

Педагог ғалымдар істің өзі емес, сол істегі мұғалім мен оқушы арасындағы мәнді екені, мұғалімнің тәлім-тәрбиелік ықпалы осындай жақын, бірлескен қарым-қатынас барысында іске асатынын дәлелдеген. Мұнда тағы бір маңызды мәселе шешіледі. Ол – баланың істеп жатқан еңбегіне қызығушылығын ояту, оның пайда-зиянын білу. Бұрынғы кездері үлкендер тәрбие жұмысының негізін білім, іскерлік, дағды және құндылықтарды балалардың бойына жинақтау деп түсінді. Соның негізінде балалар, олардың ата-анасы өмір сүрген ортаның қағидаларына сүйенеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік өзгерістер ғылыми-техникалық мәдени, тұрмыстық жағдайлардың күрт өзгеруіне байланысты болғандықтан, балаларды осы ыңғайға дайындауымыз қажет сияқты. Сондықтан тәрбиенің жетістіктері оларға өздерінің іскерліктері мен дағдыларын беру ғана емес, олардың жеке әрекет жасауға және шешім қабылдауға өз бетінше үйрена алуына мүмкіндік туғызу. Жас ұрпақ үнемі өзгеру жағдайында болады, оның психологиялық реакциясы да ауыспалы болып отырады. Осы күні педагогикалық білімі жоқ адамдар да білетін ереже – «тәрбиешінің өзі тәрбиелі болу керек». Бірақ кейбір мұғалімдеріміз өзін-өзі тексеріп, өзін-өзі қайта тәрбиелеуде бас тартқандардың жауабы біреу - енді кеш, болары болды дейді. Тағы да сол ұлы ғалымдардың айтқаны бар. «Үйрену ешқашан кеш болмайды», ал халқымыз «Ештен кеш жақсы» дейді. Мектептегі тәрбие өз оқушыларын артынан ертіп, еліктетіп әкетуді, онда тек жақсы істермен ғана үлгі көрсетуді көздесе, оның басты жолы рухани-адамгершілік тәрбиесі болмақ.

Баланың сана – сезімін, адамгершілік мұраттарын қалыптастыратын- тәрбиенің ең бірінші рухани міндеті. Рухани-адамгершілік тәрбие барысында әрдайым өз мұраттарды басты нысана етіп ұстау қажет. Себебі, баланың көз қарасы оның күнделікті іс-әрекетімен сәйкес келмесе, олар ойлауға шебер, бірақ іс-әрекетке, қарым-қатынасқа жоқ адамдар болып шығады.

Рухани тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, өз идеаларына ұқсауға ұмтылады. Таңдаған болашақ мамандығына лайықты мінез-құлық қалыптастырғысы келеді. Кейбір оқушылар алғашқы кездескен қиындықта-ақ өз күшіне сенімсіздік тудырып, бастаған ісін аяқсыз қалдырады. Оқушының жақсы қасиетке ұмтылған ниетін мұғалімдер кезінде біліп, қиын психологиялық сәттерден байқап, оған қолдау көрсетіп отырған болса мектептерде қайшылық жағдайлар кездеспейді. Оқушыларды ибалыққа баулып, мейрімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік және адамгершілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру әрбір мұғалімнің және мектептің басты парызы. Оқушылардың рухани-адамгершілік жеке басының даралық ерекшеліктеріне мінез-құлық көрсеткіштігі жатады. Мінез ол адамның өзіндік бағыт-бағдардың, жан дүниесінің ерекшеліктерінің тұрлаулы белгісі. Дана ақын, рухани адамгершілік қасиеттерін талдап жеткізген халықтың ырысы. «Құтты біліктің» негізін қалаушы Ж. Баласағұн адамның мінез-құлқы мен оның қоғамдағы орнына ерекше тоқталады.

Адам дүниеге қонақ, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. Ол үшін әр кез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен

жүріп-тұруы тиіс деген ойлары жақсы мәлім. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың басты мақсаты.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркенниетті әлемге танытатын, елдер қатарына терезесін тең ететін күш – білім мен білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ - егеменді елдің берік тірегі, себебі мемлекеттің болашағы білімді де саналы жас ұрпақтың жеке басының қалыптасып дамуымен тікелей байланысты. Біз білімді ұрпақтың, рухани жан-дүниесі бай, біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең болуын, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыруын қалаймыз. Жаңа ғасырға аяқ басып отырған заманымызда қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, басында ұлттық сана-сезім қалыптасқан ертеңгі қоғам иелері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру әрбір отбасының, мектептің, жоғарғы оқу орындарының, ортаның, ұжымның барша жұртшылықтың міндеті.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада рухани адамгершілік тәрбие беруде ұстанатын педагогикалық шарттар қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются педагогические условия духовного и нравственного воспитания.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ТІЛДІ ДАМЫТА ОҚЫТУ

Шарипходжаева Ж.Б. - оқытушы (ҚазмемқызПУ)

Бастауыш мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар, жаттығу жұмыстары берілген. Сол сияқты тіл жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұраққа жауап беру және шығарма, мазмұндама жазу арқылы жүзеге асырылады. Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу – бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің тілек – талабы тұрғысынан білім мазмұнын жаңғырту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс – тәсілдерін қолданып заман ағымына жауап беруі мұғалімдерге жауапты істерді жүктейді. Оқыту күрделі жаңа мазмұнда жүргізілсе, оқушылар ана тілінің қыр – сырын, ауызша сөйлеу тілін игерсе, тілі дамиды. Оқушыға әдеби сөйлесу дағдыларын меңгертуде өлең, әндер жаттау, көркем сөзді тыңдау, сөз шеберлеріне ерекше мән беру, оларды нақышына келтіріп, аса шеберлікпен оқылған поэзия мен көркем сөзді баурап алатын күш ерекше. Сабақ үрдісінде оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру жағын ойластыру қажет. Халық даналығында әдеп, нақыл сөздер өте көп. Мысалы: «Бұлақ көрсең - көзін аш», «Оқу өрге тартады, надандық жерге тартады», «Тіл ақылдың өлшемі», «Тіл жеткенше сөйлеген шешен, қол жеткенше нұсқаған көсем» деген этикалық ережеге айналған даналық сөздерді аша отырып оқыту бастауыш сынып оқушыларын тілге, ғылымға құрметпен қарауға үйретеді. Бала тілін дамытатын өзінің қоршаған ортасы. Атап айтсақ, айналасындағы түрлі оқиғалар, жанұясы, оқыған кітабы, көрген спектакльдері мен киносы баланың ойлау әрекетін дамытады және қорытынды жасай білуге бейімдейді. Ой дамыту – тіл дамытумен ұштасады. Оқушы ойын жүйелі айта білуге, бір –бірімен тікелей қарым – қатынас жасуға дағдыландыруда ана тілі, қазақ тілі пәндерінің рөлі айрықша. Оқушының көбірек сөйлейтін сабақтары да осы аталған

пәндер. Баланың сөйлеген сөзі, берген жауаптары осы арқылы байқалып отырады. Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы. Шешендік сөздерді оқыту – тілді дамыту. Шешендік өткен өмірден сыр шертіп, тарих тынысын, сөз зергерлерінің өрнекті де өткір тілін үйретеді.

Жасөспірімдердің тілінің дамуына отбасының ықпалы да көп тиеді. Сондықтан балаға шыр етіп жерге түскен сәтінен бастап бесік жырын айтып, ән тыңдату, яғни ана әлдиін құлағына сіңіру, өсе келе жаңылтпаш, жұмбақ, шағын өлеңдерді жатқа айтқызып, сөз ұйқастарын танытып, үнемі осы сияқты игі істерді отбасынан бастап құлағына құйып отырса, оның ойы да, тілі де дамиды.

Тіл дамытуда ертегілердің атқаратын рөлі зор. Ертегі тілінің көркемдігі және оқиғаларының қызықтылығы баяндалуы баланы еріксіз өзіне тартып, баурап алады. Ертегілерді баланың оқуы не тыңдауы, мазмұнын қайталап айтып беруі сөздік қорын молайтады, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, қиялдауға мүмкіндіктер туғызады.

Оқушыларға сюжетті суретті көрсете отырып, соған бірнеше сөйлемдер құратып, тілдік қорларын дамытамын. Әсіресе 1 сыныпты Әліппе, Ана тілі, Математика пәнінен мынадай жұмыстар жүргізуге болады.

«Ы» дыбысын өткенде

Мына жұмбақты шеш:

Кесе, шыны, пиала

Оларсыз шай құя ма?

Қасықсыз тамақ жемейміз,

Бәрінің атын не дейміз? *(ыдыстар)*

– Ал енді осы сөзді буынға бөлейікші!

– Ы – дыс – тар

– Ы дыбысы қай буында

Ы дыбысы 1 – ші, 2 – ші буында.

– Буын дегеніміз не?

Сөзде неше дауысты болса, сонша буын болады.

Дыбысты естиміз айтамыз.

Әріпті көреміз жазамыз.

– Кәне осы дыбысқа өлең құрастырайықшы.




Ыз – ыз – ыз – Айгүл жақсы қыз.


Ыр – ыр – ыр – ырылдайды қасқыр.

Ыс – ыс – ыс – келіп қапты қыс.

Ойынның да тигізетін пайдасы өте көп. Қайталау сабақтары оқушылардың тілдік қорын дамытады.

Мысалы: «Бәйге ойыны»





1. Қарлығаш. Қарлығаш адамға дос.
2. Алма. Асан алма алды.

Математикадан мысалдарды шығарта отырып, «Аукцион» ойыны ойналу арқылы ойлау және тілдік қорын дамытады.


Ф	2+4	Ұ	9-2
Л	5+4	О	10-5
Е	1+7	Н	7-4

Я	3+1
Ы	0+1
Т	2+8

7	4	9	1	10	8	9	8	6	5	3
Ұ	Я	Л	Ы	Т	Е	Л	Е	Ф	О	Н

Бастауыш кластың қай пәнінде болсын оқушылардың тілдік қорын дамыту, сабаққа деген қызығушылығын оятып, ойын ынтасын дамыта түседі.

Мысалы: Төмендегі әріптерден сөз құрап айт. Бір әріп бір сөзде екі рет қайталанбауы тиіс.



Жауабы: Асық, ұзақ, бас, бақ, мал, мұз, бұлақ, лақ, сым, лас, құм, сақ, қыс, қыз, құс, бұзақы, бал, саз, ұзақ, сыз, бұз, басқы, ұлыс, бақа, мыс, сұлы, салық, балық, қал, ұзақ, құм.

Тіл дамыту жұмыстары мынандай бағытта жүргізілсе:

1. Мұғалім сабақты түсіндіру барысында баламен қарым – қатынас жасағанда әсерлі сөйлеп, тыңдаушысын өзіне қаратып баурап алуы, яғни тіл мәдениетінің өте жоғары болуы шарт.
2. Баланың тілін дамыту үшін өзі қажет деген әдісті пайдаланса.
3. Жеңіл түрде сөйлемдер құрату, және ауызекі сөзде қолдана білу.
4. Сөздік жұмысын жүргізу, жаңа сөздерді үйрете отырып, оны іс жүзінде қолдана білу.
5. Баланы әдеби тілде ауызша сөйлетуге және жазбаша сауатты жазуға үйрету.
6. Оқушыға арналған материалдар аса түсінікті болуы керек.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сыныптарда тілді дамыта оқыту және қызықты етіп өткізу жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает развития речи и пути их организации.

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА

КӘСІБИ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Ахметова Г – 4 курс студенті (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында” атты жолдауында “XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығыраққа тірелері анық”, - дей отырып, білім беруді әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы мамандар қорын жасау қажеттігін баса айтқаны баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарына арналған “Білім беру жүйесінің жоғары сапасын қалыптастыру, әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекелестікке қабілеттілікті қалыптастыру және экономиканың дамуындағы индустриалды-инновациялық дамуды қазіргі кездегі қажеттіліктерге жауап бере алатындай қалыптастыру” бағдарламасын жүзеге асыру үшін білім беру салаларында кәсіби міндеттерін дербес, әрі шығармашылық тұрғыдан шеше алатын, кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсіне білетін, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгерген, кәсіби және бәсекеге қабілетті мамандар жұмыс істеуі тиіс.

Осыдан келіп Қазақстанды білім беру жүйесіндегі негізгі мәселе мемлекетті қажетті мамандармен қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін қазіргі кезде білім беру саласындағы мамандандырылған дайындықтар негізінде болашақ мамандарды қазіргі заманғы инновациялық технологияларды қолдану арқылы дайындап, оларды мамандандырылған мәселелер мен қызметтердің шешімін табуға үйретеді. Ал бұл қызметтерді орындау үшін адам белгілі бір білім мен біліктілігі, инновациялық технология саласын меңгерген болуы керек.

Студенттердің кәсіби бағыттылығы қазіргі заман талаптарына сай жоғарғы оқу орындарындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы болашақ маманға сапалы білім беру мақсаттарын жүзеге асырудың бірден бір жолы.

Білім беру технологияларында психологиялық тренингтерді пайдаланудың тиімділігі оқытушының кәсіби іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алуымен байланысты екендігі белгілі. Бүгінгі таңда педагогикалық іс-әрекеттің қыр-сырын әртүрлі салада қарастырған ауқымды зерттеу еңбектері баршылық.

Қазіргі таңда ақпарат көздері ауқымды екендігін ескерсек, негізінде сыныпта ұйымдастырылған сабақ беру формасы, әсіресе ересек адамдарды оқытуда жеткіліксіз болып келеді. Оқыту үрдісіне жаңалықтар енгізіліп, олардың тиімділігі мен жоғары сапасын және т.б. қамтамасыз ететін мультимедиа құралдары, кәсіптік оқытудың ерекшелендірілуі мен жекешелендірілуі қажет.

Корпоративтік оқытудың нәтижесінде мамандарды жетілдіруде, қайта даярлауда және біліктілігін жоғарылатуда оқытудың қысқа мерзімдері, оқыту бағдарламаларының жиі жаңартулары, жұмысшы орындарының талаптарына сай келмейтін оқыту мазмұны, оқытудың төмен нәтижелілігімен байланысты мәселелерді белгілі бір шамада шешуде мүмкіндік беретін ең тиімді бағыт – психологиялық дамыту тренингтерін ұйымдастыру болып табылады.

Қазіргі таңда мамандарды корпоративтік кәсіптік оқытуды дамыту келесі жағдайлармен анықталады:

- Қазіргі заманғы еңбек нарығы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, оқытудың жаңа технологиясы бойынша дайындықтан өтуді қажет ететін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге бағытталған, бәсекелестікке қабілетті, мобильді, жоғары кәсіби маманды талап етеді.

- Қазіргі заманғы экономикалық жағдайларда маманды оқытудың мерзімдерін қысқартудың қажеттілігі, компанияның алдына, нақты жұмыс орнына немесе жекелеген тұлғаға маңызды болатын, кәсіпкерлік қызметтің нақты түйіндік мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырудың мәселесін қойып отыр.

- Білім беру жүйесін дамытудың қазіргі заманғы жетістіктерінің ішіндегі біреуінің мәні ақпараттық хабарлаушы оқытуда оқытуды кәсіптік дамытудың ең жақын аймағына бағыттайтын және маманның кәсіпкерлік қызметін дұрыс айқындауға мүмкіндік беретін жобалаушы оқытуға көшумен анықталады. Бұл кәсіпкерлік қызметтің жүйелі талдауы негізінде оқыту мазмұнын жобалауды және қызмет түрі мен кәсіпкерлік функцияларына сай оны модульдерге құрылымдандыруды талап етеді.

Осындай беталыстардың біріншісіне әмбебаптарға, яғни бірнеше мамандықты игерген адамдарға немесе қызметтің кең саласындағы жан-жақты дайындыққа ие адамдар бағдар алады. Бізде де білім беру жүйесіндегі маман парадигмасын бірте-бірте сыртқы жағдайлардың өзгеруіне байланысты жауап беретін, лауазымдық нұсқауларды жүзеге асыру емес, әдістемелік және аспаптық құралдардың кең жинағын қолдану жолымен нақты мақсаттарға жетуге бағытталған кәсіби маман парадигмасын алмастыруы жай емес. Мұндай маманның қайтарымы жоғары.

Батыс елдерінде ірі бизнес ең қымбат тауар болып табылатын еңбекке деген шығындарды қысқартуға тырысады. Шағын және орта бизнестегі кәсіпкер шарасыздықтан кәсіптің кең спектрін меңгере отырып, бір адам бойында бірнеше қызмет түрін біріктіреді.

Екінші беталысқа барлық еңбектік өмірі бойында перманенттік білім алу, маманның ұдайы өзін-өзі жетілдіруі, оның кәсіби жинақылығы жатады. Қазіргі заманға сай технологиялық салалардағы қолданбалы, кейде көбінесе негізгі кәсіби білімдердің жаңаруының орташа нормасы 3-5 жылды құрайды, ал осы уақыт аралығында маманның арнайы білімдерінің үш бөлігіне дейін құнсызданады. Сөйтіп белсенді қызметі негізінде адамға өзінің кәсіби білімін үш-төрт рет жаңартып отыруы қажет

болып табылады, ал бұл өз негізінде кейінгі және жалғасымды білім беруге деген сұраныстың туындауына әкеледі. Шынында да қайта қалпына келетін секілді, жаңа құрылушы өндірісте бөлек топтардың (жетекшілердің, инженерлік-техникалық мамандардың немесе өндірістің учаскелері мен негізгі кәсіптерінің жұмыскерлерінің) ғана емес, барлық мамандар контингентінің адам ресурстарының озық дамуын талап етеді. Осыған байланысты белгілі бір үміттер ұдайы ішкі немесе фирма аралық білім беру үрдісінің жаңғыруына жүктеледі. Ал ол өз кезегінде жас маманның дайындықты қажет ету мәселесін оны еңбек саласына тезірек кірістіруге мүмкіндік бере отырып шешуге септігін тигізеді.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Технологиялық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау – мұның бәрі мұғалімнің біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Көп жылдар бойы білім беру жүйелерінің дамуы экзогенді (жүйеге сырттай қатысты) факторлармен анықталып келеді. Мұның өзі осы дамудың қажетті жағдайын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының ғылыми әлеуеті көптеген бағыттары бойынша әлемдік деңгейге сәйкес келеді. Сондықтан ол білім берудегі инновациялық саланы дамытуға негіз бола алады деп айта аламыз.

Қазіргі таңда оқытудың сапасын арттыру мақсаты мен оқу үрдісін жетілдіру үшін оқытушының инновациялық білім беру технологияларын пайдалануы ерекше мәнге ие болды.

Қазақстан Республикасының білім беру Заңында көрсетілгендей, адамзат құндылықтарының ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау - білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби кадрларды даярлау проблемасын шешудің жаңа жолдары қарастырылуда. Білім беру саласында мамандарды даярлаудың қазіргі ұйымдастырылуының негізінде жүйелі білім берумен қатар, оқу материалын ұғынуда қиындықтар тудыратын бөлек-бөлек тұрғылары бар. Мұндай жағдайдың негізгі себебі, біздің ойымызша, білім беру процесі негізгі оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ұсыныстарға негізделмейтіндігінде, ал оның өзі білім берудің барлық деңгейлерінде оқыту, білім беру процесінің өрістеуіне кері әсер етеді. Кез-келген пән бойынша оқу бағдарламаларын жасаушыларға оларға неғұрлым жандандырудың логикалық-психологиялық негіздерін жаңаша етіп іздестіру проблемасы қойылады.

Біздің ғасырымыздың 30-жылдары Л.С.Выготский қазіргі кездегі оқыту процесінің маңызды қағидаларының бірін атап көрсетті. “Оқыту дамудың соңында жүрмейді, керісінше оны жетелейді”. Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов зерттеулері дамыта оқыту қағидасының психологиялық негіздерін қалады. Л.В.Занковтың дамыта оқыту эксперименталды жүйесі бірнеше принциптерге, қиындықтың жоғары деңгейінде оқыту принципі, теориялық білімдердің жетекшілік принципі, оқушының өз оқуын ұғынуы, оқушылардың дамуын қалыптастыру принциптеріне негізделген. Л.В.Занковтың жүйесінің негізгі ерекшелігі оқытудың жоғарғы қиындық деңгейінде өткізілуі.

Л.С.Выготский, Д.В.Элькониннің еңбектерінің теориялық тұрғысында В.В.Давыдов, дәстүрлі оқытуға қарама-қарсы жүйені қарастырып, жалпыдан жекеге, дерексізден нақтылығына, жүйеліден даралыққа бағытталған жаңа оқыту жүйесін ұсынады. Осындай оқыту барысында қалыптасқан баланың ойлауы – теориялық, ал оқытудың өзі – дамыта оқыту деп аталынады. С.Л.Рубинштейн көрсеткендей “бала дамып, тәрбиеленіп және оқымайды, тәрбиеленіп және оқи отырып дамиды”. Ол дегеніміз тәрбиелеу мен оқыту дамыту процесінде іске асырылады. Баланың жеке даралық іс-әрекетінде қалыптасады.

Сонымен бірге, ғылымда орын тепкен дамыта оқыту қағидасы студенттің ғылыми теориялық ойлау жүйесін қалыптастыруға да пайдасын тигізіп, соның негізінде студент нақты–бағдарланушыдан жүйелі–модульдеуші деңгейіне көтеріледі. Осы жағдайда студенттің оқыту объектісінен оқыту субъектісі позициясына біртіндеп өтуі іске асырылады. Даму жолында оқу әрекеті енді нағыз іс-әрекет мағынасына ие болады. Ғылыми ұғымдар жүйесін құру оқу пәндерінің құрылымындағы ерекше қисынды талап етеді. Осы талапқа сәйкес педагогикалық жоғары оқу орындарында жалпы базистік білім беретін оқу жүйесіне қоса, кәсіби мамандықты меңгеру біліктілігі жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарындағы кәсіби мамандарды оқыту процесінде студенттерді кәсіби іс-әрекетке психологиялық тұрғыдан дайындайтын кәсіптік пәндерінің мазмұнында психологиялық тренинг жұмыстары субъект-субъектілік әрекеттестікті қалыптастыратын қарым-қатынас мәселелерімен толықтырылса, ғылыми тірек ретіндегі біртұтас жеке тұлғалық принциптерге сәйкес құрылымдық жүйесі жасалынса, болашақ мамандардың кәсіби маңызды қасиеттері анықталынса, онда студенттердің кәсіби білімдер жүйесіндегі пәндерді оқып меңгерулері нәтижелі болады, сонымен бірге, келешектегі іс-әрекеттерінде де айтарлықтай табысқа жетулері мүмкін. Мұндай мақсатқа жету үшін болашақ маман арнаулы білімдерді меңгерумен бірге, заман талабына сай әдістемелерді де кең түрде қолдана білулері қажет.

Жоғарғы мектеп кәсіптік іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастырады. Ең алдымен, адамда қоғамның алға тартқан міндеттерін табысты түрде шешуде мүмкіндік беретін психологиялық іс-әрекеттердің нақты формаларын қалыптастырады. Жоғары оқу орындарында маманды даярлау процесін зерттей отырып, кәсіптік оқудың бұл формасының негізгі міндеті – маманның іс-әрекетінің небір түрі мен типтерін психологиялық изоморфты әрекет өрісінде жинақтайтын кәсіптік сананың мақсатты түрде қалыптасуына мүмкіндік береді деген ой түйеміз.

В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Н.Ф.Талызина, П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин, Қазақстандық ғалымдар М.М.Мұқанов, С.М.Жақыпов, Х.Т.Шерьязданова және т.б зерттеулері көрсеткендей, жоғары мектептегі оқу процесі – мақсат–мотивтерден, ақпаратты қабылдаудан басталып, күрделі шығармашылық процестерді іске асырумен аяқталатыны мәлім.

Психологиялық жоғары оқу орындарында студенттерге заман талабына сай психологиялық білім берудің мазмұны мен формасы жалпы психологиялық дайындықтың үздіксіздігі мен сабақтастығын білдіретін өмір талабы, болашақ мамандарға кәсіби білім беріп, олардың мамандығын шыңдауды қамтамасыз ету кәсіптік пәндерді оқыту мен меңгеру практикасы педагогикалық жоғары оқу орындарында психологиялық тренингтер арқылы даярлықпен бірге эксперименттік зерттеулермен тығыз ұштастырыла отырып жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – Ростов на Дону: Феникс, 1996.
2. Лебедев В.И. Проблемы руководства жизненным самоопределением личности старшеклассников: Автореф. дис. канд. пед. наук. - Москва: НИИ общей педагогики, 1974.
3. Липкина А.И. Психология самооценки школьника: Автореф. дис. канд. психол. наук. - М., 1974.
4. Филиппов А.А., Кондратьева М.Л. Профессиональная ориентация и профессиональное самоопределение личности // Активность личности в общении и в профессиональном самоопределении. - Москва, 1976. 65-76 бб.
5. Түрікпен-Ұлы Жолмұхан. Мектептегі кәсіптік бағдар жұмысы. //Көмекші құрал//. Алматы, 1992.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі заман талаптарына сай жоғарғы оқу орындарындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатын студенттердің кәсіби бағыттылығы қарастырылады. Кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы болашақ маманға сапалы білім беру мақсаттарын жүзеге асырудың бірден бір жолы ретінде түсіндіріледі.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается актуальная на сегодняшний день проблема профессиональной ориентации студентов. Формирование профессиональной направленности объясняется в ней как один из эффективных путей качественного образования.

УДК 33.2 А 52

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ

Амандосова Г.Т.- оқытушы, (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Біз қоғамның маңызды институттары жөнінде сөз қозғағанда, ең бірінші отбасын айтамыз. Бұл бұрынғы кезден осылай; отбасы – адамзат қоғамының басты институты, қоғамның ұяшығы болып табылады.

Адамзат қоғамының тарихи дамуы барысында әр түрлі жыныс өкілдерінің арасындағы еңбек бөлінісінің нәтижесінде табиғи байланыстар мен мүдде бірлігінің ұштасуынан отбасы дүниеге келеді /1-220, 221 б./ .

Отбасы - әлеуметтік институт есебінде адам қоғамының қалыптасуымен бірге пайда болды. Алғашқы қауымдық құрылымда адамдар арасындағы қарым-қатынас тек қажеттілік арқылы ғана жүзеге асып отырған, соның ішінде жыныстық қатынасқа қоғамның барлық мүшелері түсе алған. Бұл кезеңде қандас адамдар арасында мұндай қатынасқа түсу ерекше орын алады. Осыдан келіп, алғашқы қауымдық құрылымдағы ең көне отбасы түрі топты некеге негізделген. Мұндай қатынастарды ретсіз жыныстық қатынас немесе промискуит (латын тілінен аударғанда promisuis – ортақ жыныстық қатынас) деп аталған. Әрине бұл бізге әдепсіз көрінеді, бірақ сол кездегі адамдар үшін бқсқа көзқарас. Оны К. Маркс: «Алғашқы заманда, қарындасы ағасының әйелі болған, мұның өзі әдептілікке жататын еді», деп көрсетеді. /2-14 б./

Отбасы тарихының бұдан кейінгі даму сатысы Ф. Энгельс айтқандай топты некенің жұп отбасының қалыптаса бастауымен, яғни қандас туысқандар арасындағы некелесу ғұрпына тыйым салуына байланысты болған.

Яғни «экзогамды» неке дүниеге келді. Мұндай топтық негіздегі неке тас дәуірінің аяғына дейін сақталады. Осындай топ аралық қатынастардың ішінен біртіндеп таңдап қатынасқа түсе бастады, өз қауымындағы емес, таңдаулы адамымен отбасын құру етек жаяды. Бірақ бұл отбасылық қарым-қатынастар өте тұрақсыз болады. Бұл жағдайға ер адамда келімді-кетімді. Бұлардан туылған ұрпақтар аналардың шыққан қауымына жатқызылады. Осыдан келіп, қоғамда матриархат үстемдік ала бастады. Тарихымыздан белгілі, қола дәуірінде шаруашылықпен айналыса бастаған отбасы арасында жекелену басталады. Яғни, отбасын құрған адамдар өз шаруашылығын жүргізуге мәжбүр болды. Мұның өзі қара күшті қажет етті. Осылайша ер адам әр отбасының басшысына айналып, отбасы бұрынғыға қарағанда тұрақтана бастады. Осы кезде матриархат жойылып, патриархат өз тегін жайды. Бұдан былай туысқандық әке жағынан болып

есептеледі. Міне, осы сәттен бастап, қара күштің, шаруашылықтың қажет болуы, отбасының құрылуы әлеуметтік институттың, мемлекеттің құрылуына әкеліп соқты.

Ф. Энгельстің айтуы бойынша, топты неке – жабайылық дәуірге тән болса, жұпты отбасы – варварлық, ал моногамиялық отбасы – цивилизацияға тән. Сонымен қатар, отбасының қалыптасуы, оның тағы бір түрі полиандрия (бір әйелдің бірнеше ер адамға тұрмысқа шығуы) пайда болуына әкелді. Қазіргі кезде полиандрия Үндістанның, Оңтүстік Американың тайпаларынан кездеседі.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ арасында негізінен шағын отбасы үстем болған. Негізінен, осы шағын отбасында патриархалды отбасының сипаттары сақталған. Оны Л. Морганның айтуынан: «Қарауындағы жерін өңдеп, малын бағу үшін әке үкіміне бағыныштылыққа белгілі мөлшердегі ерікті және еріксіз адамдардың отбасын құруы үлкен патриархал отбасының негізгі белгісін», - көреміз. Кейбір деректер бойынша, патриархалды отбасы XX ғасырдың басына дейін өз үстемдігін құрған. Сонымен бірге, отбасының әлеуметтік институт ретінде қалыптасуын В.Т. Соколовскийдің «Қазақ ауыл-мекендерді зерттеп, ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда бүкіл қазақ жұртшылығына шағын, дара отбасының тән болғандығын айта келіп, олар моногамиялық некеге негізделгендігін дәлелдеді». /2-15-17 б./

Міне, осы жерден отбасының әлеуметтік институт ретінде қалыптасуының бастапқы қадамы, сол алғашқы қауымдық құрылымнан басталғанын байқауымызға болады.

Социологиямен қатар, отбасын басқа ғылым салалары зерттеп қарастырған. Бірақ солардың ішінде, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағын, отбасын әлеуметтік институт ретінде қарастыратын отбасы социологиясы болып табылады.

Сонымен қатар, отбасы институты, туыстық институт, аналық институт, аталық институт, жеке институт, әлеуметтік қорғау институты, т.б. Институтционалды көзқарас бойынша отбасының бейнелік процесі әлеуметтік нормаларды, әлеуметтік рөлдерді, әлеуметтік стандарттарды ұзақ уақыт қабылдайтын процесс ретінде көрінеді.

Отбасы некеден басталады демекші, неке институты – отбасы өмірінің бүкіл сферасын қамтымайды, яғни отбасының туысқандық қатынастарын қамтымайды. Ол жас жұбайлардың арасындағы қарым-қатынасты бақылайтын нормалардың жиынтығы. Мұндағы кейбір нормалар юридикалық түрде болады, яғни заңға сәйкес, ал кейбір нормалар мәдениетке, салт-дәстүрге сәйкес келеді. Бұл екі норма отбасының құрылуы мен бұзылуында басты рөл атқарады. Отбасы институтының тарихи аспектісі неке, отбасы және туыстық типологияларды қамтитын тарихшылар, этнографтар, антропологтар қарастырады. Ал ондағы экзогамия, эндогамия, моногамия, полигиния, патриархалды, матриархалды түсініктер социологияға көбінесе туысқандық дисциплиналардан келген. Мысалға: үлкен және нуклеарлы отбасы, есеп бойынша отбасы бір балалы және көп балалы отбасы т.б. социологияның ғылымынынан енгендер /3-31, 5-139/ .

Отбасы институты ретінде, дәлірек айтсақ, нақты қазіргі адамдарға қатысты емес институттардың жиынтығы. Отбасы институты адамдардың арасындағы туысқандық қатынастарды сақтайтын, дәстүрлермен, заңмен, ережелермен тығыз байланысты. Отбасындағы адамдар арасындағы қарым-қатынас әртүрлі болуы мүмкін. Отбасы басты екі тұрғыдан қарастырылады; 1) әкесі – жолдасы; 2) шешесі – жұбайы. Осы екі тұлға арқылы отбасының әлеуметтік статусы көрінеді. Негізінен отбасы институты тарихын әртүрлі зерттеулермен мәдени және әлеуметтік антропология айналысады. Олар туысқандық және неке типтерін, отбасындағы мәртебе мен рөлді, некелеу дәстүрін, құда түсу, бала туу, ажырасқандарды, бойдақтарды, ата-аналық құқықтан айырылғандарды, жетімдер, заңсыз туылғандар жүйесін анықтайды.

Отбасы институтының әрбір қоғамда өзінің тапсырмалары, құрылымы, әлеуметтік рөлі бойынша айырмашылықтары бар. Бірақ барлық қоғамға жалпы түрде (мінезі бойынша ортақ. Негізінен отбасының құрылу себебі, адам баласының жануарлардан

айырмашылығы балалық шағының ұзақ болуы. Бұл балалардың ата-аналардан қамтамасыз етілуі. Бұл жерде отбасы тек білім беру, тәрбие беру қызметтерін ғана атқарып қоймайды, сонымен бірге ата-тегін беру, жинаған байлықтарын ие ету, әлеуметтік мәртебе және қоғамда белгілі бір орын алуына т.б. көмектеседі. Міне, осындай себептердің әсерінен, отбасы әлеуметтік институт ретінде қоғамда ерекше орын алады. /5-153/

Сонымен, отбасы – қоғамдағы халық санын толықтыратын және тұрақтылығын сақтайтын, фундаменталды институттардың бірі болып табылады. Бір жағынан отбасы қоғамның кіші топ ретінде тұрақтылығын сақтайтын негізгі ұясы. Адам өз өмірінде көптеген әртүрлі топтардың мүшесі болады. Мысалға: мектеп сыныбында, балабақшада, еңбек бригадасында, қызық клубтарды т.б. тек отбасы ғана, ешқашан тастап кетіп қалмайтын тұрақты тобы. Яғни, отбасы-әлеуметтік ұйымның ең кең таралған түрі. /6-19/

Әлеуметтік институт дегеніміз – қоғамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырып, қоғамдық құндылықтар мен процедураларды біріктіретін байланыстар мен әлеуметтік нормалардың ұйымдасқан жүйесі.

Әлеуметтік институт (латын тілден аударғанда institutum «айқындау», «қандыру» деген сөзден алынған) қоғамдық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін мамандандырылған іс-әрекетті жүзеге асырудың бір түрі. /8-122-123/

Негізінен әлеуметтік институттарға: саяси институт, дін, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, отбасы т.б. жатқызамыз. Бірақ қарап отырсақ, отбасы әлеуметтік институттардың ішінде алғашқы және қалған институттарды құрушы институт. Отбасы адамдардың әлеуметтік қауымдастығының ежелгі формаларының бірі.

Отбасы институтының алға қойылған басты себебі: басқа да дін, мемлекет сияқты әлеуметтік институттардан әлдеқайда бұрын пайда болған. Сондықтан отбасы институты қоғамның бастапқы ұясы ретінде Елбасы Жолдауындағы айтылған еліміздің екі жылдай бұрын қолға алған дағдарысқа қарсы кешендік жүйенің жүзеге асырудың Қазақстан қоғамы және әрбір отбасы үшін маңызы зор болып табылады.

Қазіргі отбасы Қазақстанда әлемнің қай елінде болмасын мүмкіндігінше «өзіндік емес» қызметтерді атқару арқылы өмір сүруге тырысады: меншікті, әлеуметтік мәртебені жинау және келесі ұрпаққа беру, отбасы мен тұтынуды ұйымдастыру, үй шаруашылығын жүргізу, демалыс пен көңіл көтеруді уақытылы өткізудің, денсаулық туралы қамқорлық, стрестерден қорғау, әлеуметтік әділетсіздіктен қорғау сияқты қызметтер атқаруда Қазақстан отбасыларында мемлекет тарапынан көрсетілген шаралар Президент Жолдауында нақты көрсетілген. Осыған орай мемлекеттің қоғам өмірінің әртүрлі салаларында: экономика, әлеуметтік жағдай, мәдени жағдай т.б. қолға алып және жүзеге асырып отырған шараларының маңызы зор. Еліміздің сондай-ақ қазақстандық әрбір отбасының тіршілігі ең алдымен агроөндірістік кешеннің өрістеп дамуымен байланысты. Ауыл шаруашылығы, тың өнімдері адамдардың тіршілігінің басты шарты. Оларды азық-түлік т.б. қажетті заттармен қамтамасыз ететін бірден-бір сала. Сондықтан бұл салаға үлкен көлемде қаржы бөлу және оны тиімді жұмсау қазақстан отбасыларына тікелей қолдау көрсету болып табылады.

Жалпы отбасы институтының негізгі қызметтерінің бірі болып табылатын репродуктивтік қызметін жүзеге асыру үшін идеалды жағдайлар қоғамның дамуының тұрақтылығы кезеңінде туады және керісінше, дағдарыстың өтпелі кезеңдерінде туылу күрт бәсеңдеп құлайды. Сондықтанда отбасы институтының репродуктивтік қызметінің жұмысының бәсеңдемеуі үшін мемлекет тарапынан көптеген көмектер көрсетілуде.

Қорыта келе, отбасы – бір-бірімен өзара байланысты адамдар арасындағы туысқандық қарым-қатынасқа негізделген әлеуметтік жүйе, қоғам тұрақтылығын сақтайтын адамдар тобы. Олай болса отбасының қоғам өмірінде маңызды орынды атқарады.

Қазақстан әйелдерінің ІҮ Форумында айтылған Елбасымыздың мынандай сөзі бар: «Отбасы, балалар, үй-ішілік һәм адамгершілік құндылықтар қоғамымыздың, мәдениетіміздің негізі болып келеді. Біз бұларды ел дамуының жаңа кезеңінің түп құқығы, ілгеріміздің басым бағыты деп білеміз. Ұрпағымыздың гүлденген, Бейбіт Қазақстанда өмір сүріп, берік шаңырақтың, бақытты отбасының иесі болуын мақсат етеміз». Яғни қазіргі дағдарыс кезінде де біз отбасылық құндылықтарымызды жоғалтып алмай қайта жаңғырта білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан». Астана, 28 ақпан 2007.
2. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға». Астана, 6 наурыз 2009.
3. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы: «Қайнар», 1996 ж.
4. Курманова М. Семья и модернизация общества. Семья как – краеугольный камень построений мира на земле: Междунар. Науч-практ. Конф. 03.11.04 – Алматы 2004 ж.
5. Голод С.И. Современная семья: - плюрализм моделей // социологический журнал, 1996 №3-4.
6. Тощенко Ж.Т. Социология. Общий курс 2-е изд. Доп. И прераб. – М: «Прометей»: Юрайт, 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада ҚР Президентінің халыққа Жолдауындағы отбасы институтының маңызы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается роль института семьи в Послании Президента РК народу Казахстана.

ИНОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақбергенова К. – психолог. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келеді.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін

арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген. 1960 жылдарда шет ел зерттеушілері “Педагогикалық технология” терминін енгізді. В.Беспалько “Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана” – деген тұжырымдама берді.

Педагогикалық технология оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру және оны өткізудің формасымен анықталады. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі: қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту үрдісін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқытылатын пән мазмұны оқытушы мен студенттің өзара байланыс іс-әрекеті, студенттің ішкі даму үрдісі негізінде анықталған нақты мақсат ғана педагогикалық технология құрылымын түсіну кілті бола алады.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

“Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз” дейді.

Ендеше инновация ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде “жаңа”, “жаңалық енгізу”, деп көрсетілсе, кейбіреулер оны “өзгеріс” деген терминмен анықтайды.

“Инновация” деген сөз – латынның “*novus*” жаңалық және “*in*” енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы “жаңару, жаңалық, өзгеру” деген мағынаны білдіреді.

Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде “Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, қалыптастыру, яғни, инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал “жаңаша” деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз” делінген. Энциклопедиялық сөздіктерде “инновация” әр түрлі анықталады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым “жаңаша білім беру” деп түсіндіріледі.

Ал А.И.Кочетов “инновация” ұғымына төмендегідей анықтама береді: “Көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы”. Алайда Р.Масырова мен Т.Линчевская мұндай анықтамамен келіспейтіндігін білдіреді. Олардың тұжырымдамасында, “Егер баратын деңгей” алдын-ала көрсетілген болса, ол қандай инновация” делінген. В.Кваша мен В.Латинаның пікірлері бойынша “инновация”- бұл жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі болып табылады.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдары кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. ” Масырова Р., Линчевская Т - “Жаңару” (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: “Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Инновациялық үрдіске түскен ұжым даму барысының бірнеше кезеңін бастан кешірді: 1) жалтақтап күдіктену; 2) даңғазашылдық; 3) тұрақтану; 4) ынтымақтастық қалыптасу. Соңғы екі кезең – инновациялық үрдісті ұжымның шығармашылықпен сезінген, түсінген кезеңдері. Олар әрбір адамның аталған кезеңдерді басынан өткізуімен сәйкестеледі.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны “Білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу” деп айтсақ, оның мағынасын тарылтқан болар едік.

“Инновация” ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни, бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді дедік. Яғни, С.Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады. Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған. Ал, Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шет елдерде, ТМД елдерінде, Қазақстанда “Инновация” ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Ресейде “Инновация” ұғымына өте күдікпен қарағаны мәлім. Мәселен, XIX-XX ғасырдың басындағы бірде-бір білім реформаларында бұл термин кездеспейді. Негізінде реформа жүзеге асқан, яғни, инновациялық үрдіс өткен, бірақ инновация термині еш жерде аталмайды. Ал Америка ғалымдары Биль және Болен педагогикалық инновацияны “Құрамына материалдық өзгеруіне ғана емес, сол материалды қолданудағы көзқарастардың кешенді өзгеруін білдіретін үлкен өзгеріс” деп түсінеді.

Найхос инновацияны процесс деп есептейді де, “Инновация қандай да бір идеялардан басталатын өзгерістерге әсерін, тұтынушылардың не қолдауы, не бас тартуымен аяқталатын үрдіс” дейді.

Қазақстан мемлекетінде “Инновация” ұғымын пайдалану соңғы бес жылдың еншісінде. Ең алғаш “Инновация” ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады.

Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

“Инновация” сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз “Жаңа, өзгеру, жаңаша” деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да “Жаңа, жаңаша өзгерудің” мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

Инновациялық әдіс – тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп,

ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде “бала-субъект”, “бала-объект” тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;
- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;
- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;
- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда “адам-қоғам-табиғат” үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;
- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады;
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады;

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: “Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады”, - деп атап көрсетілген.

Қазіргі күні инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге жаңа идеяларды, процестерді бірлікте жетілдірудің де жүйесі. Сондықтан оқыту мен тәрбиедегі жаңа технология инновациялық идеяларды енгізу, жаңарту нысаны болып табылады.

Инновация өзінің даму барысында белгілі бір өмірлік даму сатыларынан тұрады:

- жаңа идеяның пайда болуы;
- мақсат қоюшылық;

- тарату және жойылу.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады:

- енгізілген технологияның ерекшеліктерімен;
- жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен;
- жаңалықты енгізу жолдарымен.

Сондықтан бұл уақыт ағымына байланысты дамиды, бірқалыпты өзгеріске ұшырайды, жағдайына байланысты тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара байланысы болып саналады. Ағылшын ғалымдарының пайымдауынша, жаңалық көзі арнайы қолданған деректерде, дамушы идеяларда, кітаптарда, педагогтардың, білімді көтеру ұйымдастырушыларда т.с.с. “Әр жоғары сатыдағы мұғалім әрдайым жаңалықты бастаушы ретінде іс-әрекет жасауы тиіс”, - дейді.

Инновациялық технологияның негізі болып саналатын жаңа педагогикалық технологиялар көптеп саналады: Эрдниевтің ірі блокпен оқыту технологиясы, М.Монтессори мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Шаталовтың ірі блоктік жүйесі және т.б.

Инновациялық технологияларды енгізудің жөні осы деп түрлі технологиялар мен халықаралық бағдарламаларды сабақта қолдану көпшілігімізге тән құбылыс болып кетті. Кейбір әріптестеріміз жаңа технологиялардың философиялық мазмұнын, тұтастығы мен жүйелілігін меңгеріп алмай, таза еліктеушілікпен сыртқы формасын ғана қолдануда. Кез-келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Міне сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан сан алуан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу, сұрыптау, нәтижелерін талдау үшін арнайы ақпараттық-әдістемелік орталық құрылуы қажет.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру - міндет. // Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005. 25-26 б.
2. Байғазиева Г. Жаңа педтехнология. // Қазақстан мектебі. № 8. 2005. 53-54 б.
3. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар. // Қазақстан мектебі. № 4. 5-8 б. 2005
4. Арысбаева З. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007. 69-70 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім беру саласындағы жаңа технологиялар, ауқымды өзгерістер, ынталы бастамалар қарастырылып, олардың тиімділігі сараланған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются новые технологии и разнообразные методики образования.

ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әбдіқадырова Т.Р. - п.ғ.к.(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Халқымыздың ақын, жыраулары елін қорғаған батырларын, хандары мен билерін, елін сүйген, оны қастерлеген ұлдары мен қыздарын өздерінің өлең жырларына қосып жырлаған.

Өзінің от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жарған, әділ билік айтқан шешендері мен ақындарын халық та құрметтеген. Олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін, өлең жырларын жадында сақтап, ұрпақ тәрбиесіне, болашақтың жарқын болу мүддесіне пайдаланған.

Халқымыз ауыр кезеңдерді, жойқын соғыстарды, небір қиыншылықтарды басынан кешірген. Соның өзінде мәдени, рухани, әдеби ұлттық дәстүрін жоғалтпаған. Ол дәстүрлердің дамып қалыптасуына хандар мен сұлтандарымыз, билеріміз бен жырауларымыз, батырлар мен ақындарымыз өз үлестерін қосып отырған. Олар жұртқа өнегелі сөздерімен, өлең жыр толғауларымен халықтың ел болуына, берекелі бірлікте өмір сүруіне зор ықпал еткен.

Қазақ жырауларының қанатты сөздері жалпы халыққа рухани эстетикалық нәр беріп, халықтың салт-дәстүрін, ой-арманын, мұң-мұқтажын, қуанышы мен қайғысын, күйініші мен сүйінішін, небір нәзік сырларын өлең жырларына тиек етті. Олардың шығармаларының ұлттық сана сезімді оятуда тәлім -тәрбиелік мәні жоғары болды.

«Қазақтың халық педагогикасының ең алғашқы іргетасының қалана батауына негіз болған Асан Қайғыны, М.Х. Дулати, Қадырғали Жалайыри, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей, Сыпыра, Доспамбет, Бұқар, Жиёмбет, Марғасқа т.б. көптеген ақын жыраудардың шығармаларын атап кеткен жөн. /1,37бет/.

Халықтық педагогика дегеніміз халықтың ауыз әдебиеті мен салт дәстүрінен, ырымдары мен тыйымдарынан мағлұматтар беру. Халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте «Халық педагогика дегеніміз ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырларға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмприкалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дамытып, адамгершілік, имандылық рұхта тәрбие беру» деген анықтама берілген./2,291/

Адамдардың рухани байлығының өзі- ең алдымен олардың білімділік, ана тілін білуі және мәдени деңгейі, адамгершілік сезімталдығы, эстетикалық жағынан дамыған жеке дүниетанымдық ой-өрісі. Олардың негіздері, біздің сенімімізше, ең алдымен өз халқының ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін игеруге және оларға тікелей іс-жүзінде қатысуға тиіс.

Қоғамның жаңа әлеуметтік-саяси дамуы жағдайларында жалпы білім беретін мектеп оқушыларын өз халқының рухани қазыналарымен, оның ұлттық мәдениетімен, дәстүрлерімен негұрлым терең таныстыру қажеттігі туындайды. Өйткені халықтың барлық озық идеялары мен тәрбиелері соларда жинақталған. / 3,52бет./

Осы айтылған пікірлердің негізіне сүйеніп, тұлғалық қасиеттердің халық педагогикасындағы үлгілеріне жыраулардың шығармаларын талдай отырып тоқталайық. Жыраулар шығармаларында жалпы Отанын сүюге, еңбекті бағалауға т.б. игі қасиеттерге тәрбиелей отырып, жас ұрпақты тек өзі үшін ғана емес, жалпы игілік үшін еңбек етуге, оны қастерлеуге, оны оған құрметпен қарауға, сол арқылы жан-жақты қалыптасқан ұлттық тұлға қалыптастыруға, халықтың қамқоршысы болуға жәрдемдесті. Ұшы қиырсыз кең далада өмір сүрген көшпелі халқымыз жас ұрпағын

тәрбиелеуде ұлттың өзіндік салт санасы мен әдет ғұрпын, дәстүрін қастерлеп ұрпағын қиыншылыққа төзе білуге, ел намысын қорғауға, ата тегін сақтауға, сөз асылын қадірлеп, тапқырлық пен алғырлыққа, ата салтын бұзбауға, ата ананы, жасы үлкенді сыйлауға, көрші ақысын жемеуге, қайрымды, ізгі жүректі, бауырмал болуға тәрбиелеген,

Дәуіріне сай мәдениеті, төл жазуы болған бабаларымыз ілкі орта ғасырлардың өзінде (V, VIII ғ.) мәңгі өлмес мұралар жасады. Сондай мәңгі өлмес мұралардың бірі «Орхон Енисей» жазулары. Бұл мұраларында көне түркі тайпаларының арасында сөз өнерінің жоғары өреде екендігін айғақтайды, Ержүрек қолбасшы Күлтегіннің, білікті мемлекет қайраткері Тоныкөктің құлыптасына жазылған қанатты сөздері күні бүгінге дейін өз мәндерін жоймай келеді.

Түркі мәдениеті, әдебиеті (VIII ғасырда) Қазақстан жеріне Жетісу мен Сыр бойына ауыса бастайды. Дала мәдениеті мен қала мәдениеті де өркендеп, түркі тайпаларының ислам дінін қабылдауына байланысты бұған дейін кеңінен қолданылып келген руна жазуына және ғылымда ұйғыр жазуы деп аталатын екінші бір көне түркі жазуын араб жазуы алмастыра бастайды.

Әкімшілік, экономикалық және мәдени орталықтарына айналған ірі қалалардың маңына оқымыстылар, діндар ғұламалар топтасқан үлкен мешіттер салынады, мектептер, медреселер ашылады. Осы кезеңде Аристотельден соңғы екінші ұстаз аталған Әбунасыр әл-Фараби тарих сахынасына шығады.

Бұл кездегі әдеби шығармалардың көпшілігі қазақ даласында толастамаған қырғын соғыстар кезінде жойылып, жоғалып жатты.

Біздің заманымызға 1069 жылы жазылған атақты дидактикалық шығарма— «Құдатғу білік». Поэма авторы Юсуф Хас Хаджиб Шу алқабындағы Баласағун қаласының тұрғыны болған. Екінші бір көне ескерткіш Түркістан қаласынан шыққан Қожа Ахмет Яссауидың (1166 жылы қайтыс болған) «Диуани Хикмет» (Дана уағыздар) атты өлеңдер жинағы жеткен. Бұдан кейінгі құнды шығармалардың бірі — Махмұт Қашқари жазған түркі тілдерінің сөздігі «Диуани Лұғат ат түрік» (1074) және қыпшақ тілінің сөздігі «Кодекс куманикус» (1303) сияқты дүниелер көне дәуірдегі қазақ поэзиясынан мол мағлұматтар береді. Бұл шығармалардың қай-қайсысын да болмасын адамға, оның өміріне, ерекшелік сипаттарына, арман мүдделеріне кең орын беріледі.

Тарихтан белгілі он бесінші, он сегізінші ғасырда қазақ халқы хандық құрып, мемлекет ретінде нығая бастайды. Бұл кезеңде қазақ халқы күшін жиып, саяси жағдайын нығайтып, көршілермен жүргізілген соғыстарда жеңіске жетіп айналасы елу жылдың ішінде Жоңғар Алатауынан Еділдің төменгі ағысына, Сырдариядан Есілге дейінгі аралықтағы кең байтақ территорияның бірден, бір қожасына айналады да Қазақстан жерін жайлаған, тайпалар туғызған бай рухани қазынаның иегеріне айналады. Өзіне дейінгі жасалынған мол мұрадан нәр алып, әдебиеті мен мәдениетін қалыптастыра бастайды.

«Мұсылманшылдықтың күш алуына байланысты көне түркі жазуы мүлде ұмытылып, оның орнына араб жазуы шығады. Шығыс тарихшыларының айтуынша қазақтар өздерінің балаларын мектеп, медреселерде оқытады. Халық арасынан сауатты өз заманының білімдар адамдары шығады. Шежіре жинақтар, тарихи үлгідегі шығармалар жазылады. Бұл кезеңдегі туған еңбектердің көпшілігі жоғалған. Біздің заманымызға жеткені Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат ат тауарих» (Шежірелер жинағы) атты еңбегі » /4,7/.

Қазақ даласындағы көшпенді тірлік рухани өмірдің өзіндік ерекшеліктерін әкелді. Қоғамдық, тұрмыстық өзгешеліктер сөз өнерінің қалыптасуына себеп болды. «Өнер алды - қызыл тіл», ал тіл - шұрайы өлең сөз деп танылды. Ақын жыраулар поэзиясынан халқымыздың сырын, салт-санасын, ой-өрісін айқын аңғарамыз. Олардың шығармаларынан халықтың өз кезіндегі елеулі тарихи оқиғаларға берген бағасын танымыз. Елге ұйытқы, ер азаматқа ақылгөй болған жыраулар поэзиясынан болашақты

болжай білген, бағыт, бағдарын аңғарған ақылгөй даналарды аңғарамыз. Кейінгі ұрпақ әулие танып аңыз кейіпкеріне айналдырған, ал Шоқан Уәлиханов «Көшпінділер философы» атаған Асан Қайғы өз заманының үлкен руларының орда көтеруін жақтайды. Қазақтар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң ел іргесі берік, ағайын ұжымы күшті болуын үндейді.

Өз өлең толғауларында Асан Қайғы хандық өкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін орнықтыру қажеттігін насихаттайды. Жәнібек ханды табысқа масаттанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. Феодалдық қоғамдағы әдет ғұрып, мінез құлықтарға тоқталады. Туыстас руларды бір орталыққа жиналып, күшті мемлекет болуға уағыздайды.

Асан Қайғы қазақ қоғамының прогресі үшін барша жұртты бай, кедей деп бөлмей адамгершілікке, бірлікке, бауырластыққа баулуды қажет деп санады. Оның ойынша адамның мінез-құлқы жақсы болуы үшін айналасындағыларға, ізгі жүректілік білдіруі, қамқоршы болуы қажет дейді.

Өзіне қажетті игіліктерді жасауда адамдар бірлесіп, қоғамдасып бауырмалдық іс әрекет жасауы керек, сонда ғана бақытқа жетеді. Басына бақ қонады деп ұқты. Оның бүкіл халқының қамын ойлауы, елді берекелді бірлікке, шынайы достыққа, адал еңбекке шақыруы сол замандағы прогрессивтік маңызы зор көзқарас еді./6,5/. Асан Қайғы аталып кеткен Хасан Сәбитұлы XV ғасырдың 20 жылдарынды Ұлұғ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі болады. М. Әуезов Асанқайғы жөнінде « Өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы, өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс-елес, білік-дерек береді» ,- деп көрсетеді М. Әуезов./ 5,245/

Асан Қайғының:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын
Жемде кеңес қылмадың,
Жемден де елді көшірдің
Ойыл деген ойынды
Отын тапсаң тойынды
Ойыл көздің жасы еді
Ойында кеңес қылмадың
Ойылдан елді көшірдің,- деп толғайды.

Бұл толғауынан Жәнібек ханға наразылығын байқаймыз. Туған табиғаттың тамаша көріністерін, табиғат ананың халыққа беретін нәсібін, мұнда отырған елдің жағдайының жаман болмайтынын меңзей отырып, ешкімменен ақылдаспай үдіре көшкен ханның ісіне ренішін батыл білдіреді.

Нәлет біздің жүріске
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң
Бірін қысқа қыстасаң
Ал қолынды маларсың,
Алтын менен күміске,- деуінен /4,23/

Үдере көшіп жеке-жеке хандық құрғысы келген хандардың ісіне ренжігендігі көрінеді. Халықтың қамын ойлап қабырғасы қайысқан Асан Қайғының Еділ менен Жайыққа қоныстанған елінің де, ханының да жағдайының жақсы болатынын болжап отырған сәуегейлігі, ел қамқоршысы болғаны анық.

Құйрығы жоқ жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтып күн көрер
Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтып күн көрер,
Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтып күн көрер, -дейді /4,14/.

Бұл философиялық ой толғауларынан ел жұртының қамын ойлайтын, жанашыр ұлын армандап, жеке басының қамын ойлап халыққа тізесін батыра бастаған хандардың қылығына налып қайғырады. Шабылып жатқан халқының тағдырына қиналып, торып жүрген дұшпаннан қалай құтылудың жолын іздеп, желмаясына мініп шұрайлы жер іздеп, Жәнібек ханнан түңіліп, ел билейтін ақылды басшыны армандап ел кезеді.

Ай хан мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар
Аймағын көзбен көрмейсің
Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық шарадан
Ел ұстайтын, ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан !
Мұны неге білмейсің?
Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі,
Аққу құстың төресі
Ен жайлап көлді жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұспан
Елге жау боп келеді:
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің ?! –дейді./4,24./

Ақ пен қараны ажырата алатын, елінің ертеңін ойлайтын, жайлы қоныс, шұрайлы жерді халқына мұра қылатын, ел билейтін ел ағасын яғни ұлы тұлғасын арман етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы- Алматы. «Білім», 2003.
2. Педагогическая энциклопедия.- М.1966.
3. Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасы арқылы эстетикалық тәрбие беру.1994. Алматы
4. Бес ғасыр жырлайды.- 1989.Алматы «Жазушы».
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары.- 1959.Алматы
6. Қалиев С XV-XIX ғасырлар ақын – жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. Алматы. «Рауан», 1990.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тәрбие бастауы ретінде халқымыздың рухани мұрасы, жыраулар шығармашылығы негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые аспекты формирования личности на основе духовного наследия казахского народа..

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Базарбаева К.К. - к.п.н., и.о доцента(г.Актау, Мангистауский институт «Болашак»)

Процесс демократизации общества невозможен без творчески мыслящих людей, имеющих нестандартный склад ума для решения самых сложных политических, социально-экономических и нравственных задач. Сегодня Республика Казахстан нуждается в личностях, способных творчески подходить к вопросам ускорения темпов развития нашего общества, для чего необходимо подготовить новое поколение молодежи к жизни в быстро меняющихся условиях. Именно инициативная творческая молодежь сможет гибко реагировать на потребности страны.

Образование существенным образом влияет на становление личности, которая способна привнести нечто новое, существенное для народа, на благо всего человечества. Вместе с тем оно предоставляет возможность всем учащимся проявить свои таланты и творческий потенциал, подразумевающий возможность реализации личных планов. Данное явление обуславливается современными гуманистическими тенденциями развития казахстанской школы, для которой характерна ориентация педагогов на личностные способности и возможности учащихся реализовать себя в последующей жизнедеятельности.

Мы являемся свидетелями возрастающей потребности общества в творческих людях. Поэтому для решения данной проблемы очевидно необходимость теоретической разработки вопросов творчества, всестороннее изучение его природы и форм проявления, его мотивов, стимулов и условий.

Выдвижение на первый план цели развития личности, рассмотрение предметных знаний и умений как средства их достижения находят отражение в государственных документах. В "Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2005 – 2010 годы" указывается на необходимость изменения принципов организации обучения и роли ученика в нем от пассивного «получателя» знаний, умений, навыков к активному субъекту познавательного процесса. Одним из основополагающих подходов обновления содержания образования является его личностная ориентация, предполагающая опору на сотрудничество и творческое взаимодействие с учеником в учебном процессе. В связи с этим остро встал вопрос об организации активной познавательной и созидательной деятельности учащихся, способствующей накоплению творческого опыта учащихся среднего школьного возраста, как основы второй ступени общеобразовательной школы, без которой самореализация личности на последующих этапах непрерывного образования становится малоэффективной.

На сегодняшний день актуальна проблема поиска форм, методов, приемов и средств развития творческих способностей школьников, связанных с личностно-ориентированной деятельностью учащихся средне школьного возраста, как в коллективной, так и в индивидуальной форме обучения.

Сейчас Казахстану нужны люди, способные принимать нестандартные решения, умеющие творчески мыслить. К сожалению, современная массовая школа еще сохраняет нетворческий подход к усвоению знаний. Однообразное, шаблонное повторение одних и тех же действий убивает интерес к обучению. Дети лишаются радости открытия и постепенно могут потерять способность к творчеству. Как много способных и талантливых детей. Среди подростков талантов значительно меньше. А талантливые взрослые – это, скорее всего, исключение, чем правило. Что происходит с детьми на пути к взрослости? Что мешает им оставаться самими собой? Почему хрупкие ростки индивидуальности в большинстве своем засыхают, а не превращаются

в творческие личности? Почему явные способности часто не раскрываются, не становятся талантами.

Уже давно ученые пытались разгадать загадку творчества. Первыми объектами изучения были люди науки и искусства. Ученые пытались анализировать их дневники, письма, высказывания. Большинство авторов великих изобретений выделяли две стадии творческого процесса: первая стадия – длительные размышления над изучаемыми фактами и явлениями; вторая стадия – короткое озарение и интуитивно принятые решения. Изобретатель Томас Эдисон так определил процесс творчества: "Изобретение – это 99% пота и 1% вдохновения". Во второй половине нашего века исследования творческого мышления стали расширяться. Были составлены первые диагностические задания, выявляющие уровень развития творческого мышления. Стали экспериментально изучаться процессы творчества детей и подростков. Разрабатывались первые учебные программы формирования творческих способностей. В это время были выявлены психологические составляющие творческой деятельности, гибкость ума; систематичность и последовательность мышления; диалектичность; готовность к риску и ответственности за принятое решение. включает способность к выделению существенных признаков из множества случайных и способность быстро перестраиваться с одной идеи на другую. Люди с гибким умом обычно предлагают сразу много вариантов решений, комбинируя и варьируя отдельные элементы проблемной ситуации. Систематичность и последовательность позволяет людям управлять процессом творчества. Без них гибкость может превратиться в "скачку идей", когда решения до конца не продумываются. В этом случае человек, имеющий много идей, не может выбрать среди них. Он не решителен и зависим от окружающих людей. Благодаря систематичности все идеи сводятся в определенную систему и последовательно анализируются. Очень часто при таком анализе, на первый взгляд, абсурдная идея преобразовывается, и открывает путь к решению проблемы за свое решение. Это происходит потому, что часто старые и привычные способы мышления более понятны большинству людей. Известно, например, что законы наследственности были открыты и опубликованы Георгом Менделем в 1865 году. Но до 1900 года все биологи игнорировали открытие Менделя. Только спустя 35 лет, после того как разные группы ученых вновь открыли законы наследственности, об открытии Менделя вспомнили и приняли его. Если вы, отметив день рождения своему 3-летнему малышу, подумаете: "А не пора ли заняться развитием его способностей?", то знайте, что вы опоздали не меньше чем на 3 года и 9 месяцев.

К 11-12 годам практически все дети направляют свою исследовательскую активность формулировкой поисковых вопросов. Это происходит потому, что школьники стараются понять и осмыслить причинно-следственные связи и законы появления различных событий: ростом самостоятельности мыслительной деятельности и ростом критичности мышления. Благодаря самостоятельности ребенок научается управлять своим мышлением: ставить исследовательские цели, выдвигать гипотезы причинно-следственных зависимостей, рассматривать известные ему факты с позиций выдвинутых гипотез. Эти способности, без сомнения, являются основными предпосылками творчества на этапе причинного мышления. Критичность мышления проявляется в том, что дети начинают оценивать свою и чужую деятельность с точки зрения законов и правил природы и общества. С одной стороны, благодаря осознанию детьми правил и законов, их творчество становится более осмысленным, логичным, правдоподобным.

С другой стороны, критичность может помешать творчеству, так как на этом этапе выдвижение гипотезы может показаться глупым, нереальным и будет отброшено. Подобные самоограничения сужают возможности появления новых, оригинальных идей. Чтобы стимулировать творческую активность, и устранить отрицательное воздействие критичности, используются различные методы и приемы.

Прием образного сравнения (аналогии), когда какой-то сложный процесс или явление сравнивается с более простым и понятным. Этот прием используется при составлении загадок, поговорок, пословиц; метод мозгового штурма. Это метод коллективного решения проблемы. Автор мозгового штурма А. Осборн предложил разделить процесс выдвижения гипотез и процесс их оценки, анализа. Поиск идей ведется в обстановке, когда критика запрещена и каждая идея, даже шуточная или нелепая, поощряется. Благодаря мозговому штурму нередко возникают новые и оригинальные решения проблемных ситуаций; метод комбинационного анализа. В основе комбинационного анализа лежит матрица сочетания двух рядов фактов (признаков объектов или самих объектов). Например, при изучении речи ребенок может сочетать понятия, относящиеся к частям речи и членам предложения. При этом он отвечает на вопрос: "Какой частью речи может выражаться тот или иной член предложения?" Каждая ячейка матрицы представляет сочетание какой-то части речи. Ребенок может придумать предложение с такими сочетаниями либо сказать, что такое сочетание невозможно. По мере взросления, дети сталкиваются с большим количеством ситуаций, когда невозможно выделить одну причину события. Многие социальные и природные явления вызваны большим количеством разнообразных факторов. Прогнозы развития этих явлений носят вероятностный характер, что свидетельствует об их приблизительной точности и достоверности. Типичными примерами ситуаций с вероятностными прогнозами могут служить прогнозы погоды, исхода шахматной партии, производственного или бытового конфликта и т.д. Во всех этих случаях причинное мышление оказывается недостаточным. Возникает необходимость в предварительной оценке ситуации и выборе среди множества вариантов и обилия факторов таких, которые имеют существенное влияние на ход событий. Выбор при этом осуществляется с опорой на ряд критериев, правил, которые позволяют сузить "зону риска", сделать его более сокращенным, избирательным. Мышление, которое опираясь на критерии избирательного поиска, позволяет решать сложные, неопределенные, проблемные ситуации.

Эвристическое мышление формируется ориентировочно к 12-14 годам. Изучения мышления детей и подростков показывает, что, по сравнению с младшими школьниками, подростки по-другому обследуют проблемную ситуацию.

Чрезмерная опека со стороны родителей может заглушить творчество. Навязчивая родительская помощь может восприниматься как нарушение границ личности. Когда идея принадлежит самому ребенку, то даже совсем маленькие дети, не говоря уже о подростках, часто оказывают упорное сопротивление взрослым, которые слишком активно стремятся разделить радость творческого воображения с ребенком. Необходимо учить ребенка уважать точку зрения других, ибо только тогда другие будут уважать его мнение. Для этого необходимо относиться с пониманием и терпением к мнению окружающих, даже если оно резко отличается от вашего. Внимательно следить за своей речью, не допускать слов осуждения в адрес других, особенно в присутствии ребенка. Положительные отзывы родителей о педагоге и, наоборот педагогов о родителях создают у детей чувство защищенности. Надо постараться открыто выражать свои чувства к ребенку. Дети, уверенные в любви и уважении родителей, быстрее развиваются. У большинства талантливых людей были любящие родители, или хотя бы один из них был таким. Взрослые не должны бояться проявить свою индивидуальность в общении с ребенком, это поможет оценить ему в себе творческую личность; содействуя его более глубокому самопознанию, необходимо одновременно учить ребенка уважать каждого человека, независимо от его способностей и талантов. В процессе воспитания важно научить ребенка полагаться в познании себя и мира не столько на разум, сколько на интуицию. Так как, большие открытия часто совершают интуитивно, благодаря вдохновению и озарению.

Атмосфера, благоприятствующая проявлению творческих способностей ребенка, помогает ему избежать возможного общественного непонимания, и даже неодобрения. Нельзя, чтобы творчество ребенка было затушено, иначе невостребованная энергия, отпущенная на творчество, может быть направлена в нежелательное русло. Нужно научить ребенка выделять главное и стараться объяснить и показать, что его дело или увлечение – часть большой и сложной жизни, в которой ему очень пригодится заранее развитая способность справляться с негативными эмоциями и не поддаваться влиянию плохого настроения, видеть хорошее и красивое в жизни. И важно отмечать и говорить ребенку то, что он занимается творчеством ради других, а не ради собственных достижений.

ЛИТЕРАТУРА

1. Караковский В.А. Стать человеком: общечеловеческие ценности – основа целостного учебно-воспитательного процесса. – М., 1993.
2. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. – М., 1955. – Т. III. – с. 24.
3. Философский словарь / Под ред. И.Т. Фролова – М., 1991.
4. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Общая педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. В.А. Сластенина: В 2 ч. – М., 2003. – Ч. 2 – 256 с.
5. Крысько В.Г. Психология и педагогика. Вопросы – ответы. Структурные схемы: Учеб. пособие для вузов. – М., 2004. – 367 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орта мектеп жасындағы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың кейбір аспектілері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые аспекты развития творческих способностей учащихся среднего школьного возраста

СУЩНОСТЬ И ЛОГИКА ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МАГИСТРАНТА КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ЕГО ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА

Булатбаева А.А.- п.ғ.к., доцент (ҚазмемқызПУ)

Экономика, ориентированная на высокоточные технологии, интенсивное использование современных информационных сетей, возникновение новых отраслей производства, увеличивающаяся в труде доля организационных функций говорят о необходимости подготовки специалистов с новыми личностными качествами, понимающих ценность своего образования, умеющих не только адаптироваться к новым условиям, но и постоянно, проявляя собственную активность, повышать уровень своих знаний, уметь адекватно оценивать свои и чужие поступки, развивать свой творческий потенциал.

Тесная интеграция образовательной, научно–исследовательской, научно–практической и научно–педагогической подготовки, предусмотренная Государственным общеобязательным стандартом Республики Казакстан, позволяет подготовить магистров, владеющих всеми необходимыми компетенциями, способных

к решению сложных профессиональных задач, организации новых областей деятельности.

Исследовательская деятельность выступает гибким механизмом решения названных проблем. Массовый характер научной деятельности, все более увеличивающееся число производителей и потребителей научной информации заставляет предъявлять повышенные требования не только к содержанию, но и к форме – языку и стилю – научных публикаций. Очевидно, что для быстрого и грамотного внедрения достижений науки в практику необходимо, чтобы научная информация с наименьшими умственными и временными усилиями воспринималась ее потребителями и адекватно ими понималась. В этой связи востребованы овладение не столько самой исследовательской деятельностью, а сколько научно-исследовательской. Следовательно, исследовательская деятельность как процесс обеспечивает творческое освоение действительности, стимулирует приращение научных знаний. И не случайно, практически во всех странах мира большое значение придается процессу овладения и приобщения к исследовательской деятельности, так как именно в данном процессе формируется научный потенциал и интеллектуальный ресурс государства. Однако, анализ практики подготовки магистров показывает, что она недостаточно ориентирована на развитие исследовательского и творческого потенциала как приоритетную цель научно-педагогической подготовки. Вместе с тем теория деятельности, концепции личностно-развивающего образования свидетельствуют, что “сущностные силы” могут развиваться в собственной деятельности, при решении проблем исследовательского характера.

Нормативной базой для проведения исследовательской деятельности является учебный план образовательного учреждения, составленный на основе ГОСО, наличие программы деятельности и планирования.

Подготовка к научно-исследовательской деятельности студентов вузов в теории и практике образования представлена в различных аспектах.

Во-первых, методологические основы научно-исследовательской деятельности нашли отражения в работах Ю.Н.Азарова, В.И.Загвязинского, Н.В.Кузьминой, В.В.Краевского, Ю.Н.Кулюткина, В.И.Мареева, Е.К.Осиповой, С.Л.Рубинштейна, М.Н.Скаткина, В.А.Сластенина и др.

Во-вторых, психолого-педагогическими основами научно-исследовательской работы студентов занимались Л.А.Горбунова, А.И.Киприанов, А.И.Мамот, А.А.Лебедев, П.И.Пидкасистый и др.

В-четвертых, следует назвать диссертационные исследования Н.С.Аmeliной, Н.П.Меньшиковой, Г.П.Храмовой, Н.М.Яковлевой, связанные с организацией учебно-исследовательской работы студентов в процессе изучения дисциплин педагогического цикла.

В настоящее время в инновационной педагогике сложилось несколько точек зрения на понимание сущности научно-исследовательской и учебно-исследовательской деятельности обучающихся. Одна из наиболее устоявшихся – концепция учебно-исследовательской деятельности как новой педагогической технологии /1/.

В учреждениях дополнительного образования сформировался большой спектр специализаций научных исследований как естественнонаучного, так и гуманитарного цикла /2/. При рассмотрении же ключевого понятия “исследовательская деятельность” раскроем составные категории данного понятия. Ключевым понятием в словосочетании исследовательская деятельность является категория деятельности, которая рассматривается нами как специфическая человеческая форма активного отношения к окружающему миру, содержание которого составляет его целесообразное изменение и преобразование в интересах людей. По словам Л.С. Рубинштейна “...в ней и через нее человек реализует свои цели, объективирует свои замыслы и идет в

преобразуемой им действительности. Значение деятельности в том, прежде всего, и заключается, что в ней и через нее устанавливается действенная связь между человеком и миром, благодаря которой бытие выступает как реальное единство и взаимопроникновение субъекта и объекта” /3/. В деятельности и через нее индивид реализует и утверждает себя как субъект, как личность: как субъект – в своем отношении к объектам, им порожденным, как личность – в своем отношении к другим людям. В деятельности формируются все психические свойства личности. Философский энциклопедический словарь так трактует термин “исследование” – это “процесс выработки новых научных знаний, один из видов познавательной деятельности. Исследование характеризуется объективностью, воспроизводимостью, доказательностью и точностью”.

Касаясь этимологического анализа слова “исследование”, заметим, что под этим типом деятельности подразумевается: извлечь нечто “из следа”, т.е. восстановить некоторый порядок вещей по косвенным признакам, отпечаткам общего закона в конкретных, случайных предметах. Это является принципиальной особенностью организации мышления при исследовании, с которым сопряжены развитие наблюдательности, внимательности, аналитических навыков, в отличие, например, от проектного типа организации мышления.

Так как же рассматривается понятие исследовательская деятельность? Ученые психологи С.Л.Рубинштейн и А.В.Брушлинский, определяя понятие “исследовательская деятельность”, считают, что следует рассматривать его как “созидание, обнаружение, проявление и определение субъекта”. Следовательно, исследование – это творческий процесс познания мира, себя и бытия себя в мире.

А.В.Леонтович под исследовательской деятельностью понимает “деятельность обучающихся, связанную с решением творческой, исследовательской задачи с заранее неизвестным решением (в отличие от практикума, служащего для иллюстрации тех или иных законов природы) и предполагающую наличие основных этапов, характерных для исследования в научной сфере, нормированную исходя из принятых в науке традиций: постановку проблемы, изучение теории, посвященной данной проблематике, подбор методик исследования и практическое овладение ими, сбор собственного материала, его анализ и обобщение, собственные выводы” /2/.

В исследованиях Л.Ф. Фоминой, А.С. Обухова, Е.В. Титова /5/ термины “учебно–исследовательская деятельность” и “исследовательская деятельность” обучающихся рассматриваются как равнозначные. Основной функцией учебно–исследовательской деятельности, по мнению А.С.Обухова, является инициирование обучаемых к познанию мира и себя в этом мире. Они определяют исследовательскую деятельность как творческий процесс совместной деятельности педагога и обучаемого по поиску решения неизвестного, в ходе которого осуществляется трансляция между ними культурных ценностей, результатом которой является формирование мировоззрения.

М.М.Фирсова использует как рядоположенные термины “исследовательская деятельность” и “научно–исследовательская деятельность”. Она считает научно–исследовательскую деятельность неотъемлемой частью образования, являющейся устойчивой формой образовательного процесса /6/.

Таким образом, под понятием исследовательской деятельностью – понимается активное творческое отношение личности к миру, которое выражается в мотивационной готовности и интеллектуальной способности к познанию реальности путем практического взаимодействия с ней, к самостоятельной постановке разнообразных исследовательских целей, к изобретению новых способов и средств их достижения, к получению разнообразных, в том числе неожиданных, непрогнозирувавшихся результатов исследования и их использованию для дальнейшего познания.

Понятие исследовательской деятельности связано с рядом близких понятий, образующих единое смысловое значение: интеллектуальная активность, познавательная активность, любознательность и исследовательское поведение. В этом отношении исследовательская деятельность находится в одном ряду с такими фундаментальными понятиями как научение, интеллект, творчество, образуя с ними неразрывную связь. Так же существует проблема – соотношение и использование понятий “активность”, “поведение”, “инициативность” в изучаемой нами области. Д.Н. Узнадзе считал, что активность, подчиненная любознательности и жажде знаний, является именно поведением. Б.Г. Ананьев показал, что вопрос о том, является ли поведение человека более общим понятием, чем деятельность, должен решаться в зависимости от выбранного аспекта рассмотрения. Он рассматривал личность “как субъекта поведения, посредством которого реализуется потребность в определенных объектах и ситуациях”.

Ведущей ценностью исследования является ценность процесса движения к истине. Именно поэтому исследование – главное средство развития науки, которая стремится к построению предельно объективной картины мира. Наука выступает как сложное социальное создание человечества, единственное, и ни с чем несравнимое, ибо больше, чем литература и искусство, она носит всемирный характер, слабо связана с формами государственной и общественной жизни. Это социальное всечеловеческое образование, ибо в основе ее лежит для всех равно обязательная сила научных фактов и обобщений (Талызин Н.Ф.) В психолого–педагогических исследованиях научно–исследовательскую деятельность определяют как средство реализации и развития творческой активности, выражающейся в стремлении познать новые факты (субъективно или объективно), используя теорию научных исследований /9/.

Научно–исследовательская деятельность обучающихся - это специальная деятельность по овладению методологией познания и организации исследовательского поиска. При этом в содержание такой деятельности входят знания об универсальных способах познания, универсальные логические, информационные, коммуникативные, организационные умения.

Сущность понятия “научно–исследовательская деятельность” выявлялась на основе философского и психолого–педагогического анализа категории “деятельность” и представления о логике и этапах научного исследования.

Философ А.И.Липкин рассматривает феномен научной деятельности в трех основных ракурсах. *Во–первых*, в ракурсе самой науки как определенного типа деятельности, реализуемой в соответствии с установленными нормами, правилами и методами. *Во–вторых*, науку как часть или форму культуры, т.е. формирующей саму культурную традицию. *В–третьих*, рассматривает науку как специфический социальный институт. В этой связи он подчеркивает прямую зависимость характера научной деятельности от базовых тенденций развития социокультурной среды. Таких тенденций, по мнению ученого, две: это глобализация и формирование “постмодернистского мировоззрения” /10/.

Ценной идеей автора в рамках нашего исследования является выделение ключевых признаков постмодернизма в контексте реализации научной деятельности. А.И.Липкин считает, что постмодернизм есть форма мировоззрения, стремящаяся подвергнуть сомнению возможность формирования и реализации так называемых “метасценариев”, т.е. единых стратегий и программ освоения бытия. Приведем тезисы автора: первый – возможность существования лишь отдельных сценариев развития социального бытия, принципиально не сводимых друг другу; второй – отрицание объективности и универсальности истины, т.е. возможность в эффективном доказательстве субъектом своего права на обладание и выражение истины /10, с. 587/.

Здесь мы видим диалектическое противоречие научной деятельности в условиях глобализации и постмодернизма. С одной стороны, глобализация, направленная на

установление единых правил и порядка, когда традиционная методология укрепляет собственное влияние и с другой стороны, постмодернизм – как форма и стиль современного мышления.

Итак, давайте определимся, что же подразумевается под “научно – исследовательской деятельностью”? Данное понятие мы будем раскрывать в следующей цепочке: деятельность – исследование – наука – научная деятельность – научное исследование.

Первоисточниками научных проблем выступают, прежде всего, противоречия самой объективной реальности (предмета, процесса явления) “Субъективными” их источниками являются: а) особая любознательность и тяга отдельных людей к наблюдению и размышлению над природными явлениями; б) внутренняя логика развития самой науки, дающая пищу для размышления субъектам науки; в) в последнее время возрастает роль социальных заказов общества, имеющих “симбиозный” объективно – субъективный характер.

Функции научной деятельности взаимосвязаны с функциями научной дисциплины – гносеологическая (познавательная), аксиологическая (оценочная) и праксиологическая (практически – преобразующая).

Первый этап или уровень – “журналистский”, второй – “публицистский” и третий – реакция подлинного исследователя, т.е. собственно научная реакция.

Ей присущи объективность, последовательность, серьезность, трезвость, анализ “остывших” фактов, а не по “горячим следам”, даже некоторая “отстраненность” от изучаемых фактов и событий.

Опираясь на целостную субъектно – объектную систему анализа науки У.Ж.Алиева, мы выделили следующие подэтапы овладения исследовательской деятельностью:

Источниковедческий – или этап работы с объектами – оригиналами (непосредственный реальный объект исследования), объекты посредники (идеи, гипотезы, теории и концепции) и т.д.

Таблица 1

Исследовательская деятельность обучаемых	Научно–исследовательская деятельность
<i>Целевая ориентация</i>	
Приобретение обучаемыми функцио-нального навыка исследования как универсального способа освоения действительности	Производство новых знаний в общекультурном значении
<i>Содержание деятельности</i>	
Поиск ответа на творческую, исследовательскую задачу с заранее неизвестным решением	Нахождение
<i>Технологии организации</i>	
Нормированная, исходя из принятых в науке традиций: постановка проблемы, изучение теории, посвященной данной проблематике, подбор методик исследования и практическое овладение ими, сбор собственного материала, его анализ и обобщение, собственные выводы	Методология и методика научного исследования

Гносеологический – этап непосредственно познавательной работы, соотнесения эмпирических данных, экспериментальная проверка эмпирических выводов.

Различение научно – исследовательской деятельности и исследовательской деятельности обучаемых приведены в таблице.

Общеизвестно, что вся сфера наук об образовании сформировалась в значительной степени по образу и подобию классических – естественных и технических узкоспециализированных наук. И вследствие этого, как отмечают исследователи, они не могут не иметь принципиальных пороков. *Во–вторых*, в них недооценивается определяющее влияние субъектов изучаемого процесса. *Во–вторых*, они недостаточно прогностичны, проективны. Они ориентированы больше на познание существующего, чем на создание будущего. И, *в–третьих*, они недостаточно системны.

Теоретический – этап формулирования теоретических выводов и положений, соотнесение с ведущими ключевыми концепциями и идеями.

Каждый этап развития самой науки характеризуется особенностями научной деятельности и процесса познания, включая понимание исследователем ценностно–целевых структур деятельности, знания и навыки применения методов и средств познания. При этом, для каждого этапа развития науки свойственно различная глубина рефлексии специфики самой научной деятельности /11/.

Основным видом научного труда является научное исследование. Это – организационный процесс умственного труда, непосредственно направленный на производство новых знаний, и в частности на познание объективных законов и тенденций развития явления, т.е. разработку научных теорий. Главные особенности современных научных исследований, определяющие собой специфику организации научного труда, следующие: вероятностный характер результатов исследования; уникальность исследования; сложность и комплексность исследований; масштабность и трудоемкость исследований; связь исследования с практикой.

Таким образом, исследовательская деятельность позволяет решить следующие задачи: развивает научное мышление, транслирует предметное содержание, формирует исследовательские компетенции и воспитывает личность.

ЛИТЕРАТУРА

1. Обухов А. Исследовательская деятельность как способ формирования мировоззрения // Народное образование. 1999. №10-С.
2. Леонтович А.В. Учебно–исследовательская деятельность как модель педагогической технологии. // Народное образование. 1999. №10 – С.
3. Рубинштейн Л. С. Проблемы общей психологии – М, 1973. – 423 с.
4. Философский словарь / Под ред. И. Т. Фролова, 5-е изд. – М: Поитиздат, 1987. – 590 с.
5. Титова Е.В. Строеение педагогической науки. / Образование и культура Северо – запада России. Вып. 6. – С. – Петербург, 2001. – С. 109 – 118.
6. Развитие исследовательской деятельности учащихся. Методический сборник. – М: Народное образование, 2001.
7. Узнадзе Д.Н. Психологическое исследование М: Наука, 1966. – 290 с.
8. Никитина, Е.Ю. Проблемы научно – исследовательской деятельности в ВУЗе. Проблемы технологического образования в школе ВУЗе: материалы XII – й международной конференции – Москва, 2006. – С. 316 – 317
9. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. М: ЛГУ, 1968 – 339 С.
10. Философия науки: уч. пособие . Под ред. А.И. Липкина. – М: Эксмо, 2007. – 608 с. – (Образовательный стандарт XXI).
11. Алиев У.Ж. Теоретическая экономика: общедисциплинарная модель. Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 348 с.
12. Шукшунов В.Е., Взятыхшев В.Ф., Романков Л.И. Инновационное образование: идеи, принципы, мазли. – М: МНАВШ, 1996. - 63 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается сущность и логика исследовательской деятельности магистранта как основа формирования его интеллектуального потенциала.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада автор магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмысын интеллектуалдық леует тұрғысынан қарастырған.

РУХАНИ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Майғанова Ш.- п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Адамзат өзінің даму барысында технологиялық жетістіктерге қол жеткізгенімен де жер бетіндегі тіршілікке залал келтіруде. Оған дәлел ретінде 1989 жылы 2 қаңтарда «Тайм» журналында экология мәселелеріне арналған «Барлық адамдар білуге міндетті шындық» атты мақала басылды. Онда бұл жыл «Жер планетасының жылы» болып жарияланған еді.

Сол кездегі деректерге назар аударсақ, XX ғасырдың басында Жер бетінде 30 миллион тірі ағзалардың түрлері болған болса, 1993 жылы ол 15 миллионға төмендеген. Алуан түрлі тіршілік миллиондаған жылдар дамып, қалыптасқан болса, XX ғасырда, яғни жүз жыл аралығында, ал ғарыштық өлшем бойынша қас-қағым сәтте тіршіліктің жартысы құрып кеткен! Қазір әр минут сайын жер бетінен тіршіліктің отызға жуық түрі құрып отырады. Егерде ғарыштан жер бетіне көз салсақ, оның шіріп бара жатқанын көруге болады. Ал адамдар ештеңені байқамаған сыңай танытады. Күнделікті тіршілікте техника жетістіктерін пайдаланып, бейқам өмір сүріп жатқандай болады. Шындығына келсек, Жер бетіндегі тіршіліктің жойылу мәселесі тұрғанын тек озық ойлы санаулы адамдар ғана түсініп, адамзатты сақтандыруға мейілінше әрекет етіп келеді.

1992 жылы барлық мемлекеттердің өкілдері «Жер Саммитінде» Рио-де Жанейрода «Жердегі табиғатты қорғау» мәселесіне арналған жиында бас қосты. Жер планетасын сақтап қалуға арналған бұл жиын барлық мемлекет басшыларының басын қосқан тарихи оқиға болды. Көпшілік елдердің өкілдері бұл жиынға қатысқанымен де, табиғатқа жойқын нұқсан келтіріп отырған ең ірі мемлекеттердің бірі - АҚШ тіршілікті сақтау үшін маңызы зор бұл жиынға қатысқан жоқ.

Бес ай өкеннен соң, 18 қараша 1992 жылы «Әлемдік ғалымдардың адамзатты ескертуі» атты құжат басылып шықты. 71 елдің 1600 жетекші ғалымдары, Нобель сыйлығының лауреаттары осы құжатқа қол қойды. Ең әлемге белгілі ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінен туындаған бұл құжат жаһандық қауіптің алдын алуға арналған еді. Ол құжаттың мазмұны былай басталады: «Адамзат қоғамы мен табиғат қарама-қайшылыққа келді. Адамның іс-әрекеті айнала мен табиғи ресурстарға орны толмас нұқсан келтіруде. Егерде адамзат күнделікті өндірістік іс-әрекетінен туындайтын залалды бақыламаса, адамзат қоғамына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, бүкіл тіршілік атаулыға орны толмас зиян келтіріп, жер бетіндегі тіршіліктің жойылуына әкелетіні ешқандай күмән туғызбайды. Өндіріс саласында табиғатты қорғауға жедел іргелі шаралар жасалмаса, онда табиғи ортаға тигізетін қауіп-қатердің орны толмайтындығы ескертіледі.

Сонымен бірге бұл құжатта жалпы тіршіліктің тығырыққа тірелуі ескертіледі: судың, теңіздің, топырақтың, ауаның бұзылуы, адамдардың орналасу тығыздығы,

осының бәрі өсімдіктер мен жануарлардың жойылуына әкеліп соғады. Құжатта «табиғатты сақтау жедел қолға алынбаса, бірнеше ондаған жылдардан кейін қоршаған ортаның адам тіршілігін сақтауына қиындық туғызатыны қатаң ескертілген. Біздер, алдыңғы қатарлы әлемдік ғылыми бірлестік өкілдері, осы құжатқа қол қоя отырып, бүкіл адамзатты не күтіп тұрғаны жайлы мәлімдейміз. Жер бетіндегі тіршілік атаулыны сақтап, адамдардың залал шекпеуін, айналаға орны толмас зардап тигізбес үшін, ортақ үйіміз - Жер планетасын сақтау үшін түбегейлі де, жедел шаралар қабылдауымыз шарт деген.

1996 жылы Жер планетасын сауықтыру және экологиялық мәселелерді шешу үшін ғылыми бірлестіктің «Аспан –Жер» атты тәжірибелік курс жұмысын бастағаны жайлы айтылады» /1, 84/.

Жер планетасының тазалығын сақтау, бүкіл адамзат үшін ортақ мәселе. Осы тұрғыдан адамзат пен жер планетасының тіршілігін сақтау үшін жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне, ең маңызды құндылықтарға баса назар аудару қажет.

Қазіргі педагогика ғылымында гуманистік тәрбие мәселелеріне ерекше мән беріліп отырғаны тегін емес. Гуманистік педагогика оқушы жастардың рухани танымын және адамгершілік санасын дамытуды қажет етеді.

Гуманистік педагогика жас ұрпақты дамытуда «Мен кімін?», «Мен осы дүниеге неге келдім?», «Осы дүниедегі басты құндылықтар не?» т.б. мәселелерге ерекше мән береді. «Мен кімін?» деген сұрақ төңірегінде «адам болу», «адамшылық», «адамгершілік» сапаларды дамытуға байланысты адамгершілік қағидалар туралы білім беріледі. Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әр дәуірдің қайшылықтарымен біте қайнасып жетіледі. Әрине адамзат тарихында пайда болған адамгершілікке байланысты көптеген ұғымдар – жомарттық, батылдық, шыншылдық, баққұмарлық, сыпайыгершілік, әділдік пен достық, ар мен намыс т.б. сонау ежелгі дәуірден басталып, күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан емес.

«Менің осы дүниеге келудегі мақсатым не?» деген сұрақ «адам-табиғат-қоғам» байланысын түсініп, оған қызмет етуге тәрбиелеуді көздейді.

«Осы дүниедегі басты құндылықтар не?» Олар жалпыадамзаттық рухани құндылықтар: адамның таңдау еркі мен бостандығы, ішкі рухани дүниесінің негізгі сапалары – үміт, сенім, махаббат үнемі даму барысында жетіліп отырады.

Ұлттық рухани мәдениет ұлттың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, оның өмір сүру ортасына және айналасына да байланысты екені белгілі. Сонымен бірге ұлттық мәдениетті біздер өзге халықтармен тарихи және үйлесімдік байланыстар таба алғанымызда ғана сақтай аламыз. Сондықтан біздің рухани құндылықтарымыздың бүкіл адамзат биігінен табылуы аса маңызды екенін жадыдан шығармаған абзал.

Қазақ халқы өзара байланыс және адамды ең биік құндылық ретінде қадірлей білу идеясын жоғары қоя алғандықтан да, мәдени құндылықтардың әр түрлі типін өз бойында үйлесімді түрде жинақтай білді.

Оқушы жастарды тәрбиелеуде баса назар аударатын мәселелердің бірі - олардың рухани танымын дамыту. Ұзақ жылдар бойы мектептегі оқу-тәрбие үдерісі тек материалистік танымға негізделіп, тұлғаны рухани дамытуды ұрпақ тәрбиесінде ескермей келді. Демек, бүгін оқушылардың рухани танымын қалыптастыратын, адамгершілік ой толғаныстарын қуаттайтын, жастарды өмір жолында кездесетін түрлі жағдайларды шешуге бағыттайтын, өзара сындарлы қатынас құра білетін, ішкі сезімін дамытатын әдіснама қажеттігі пайда болды /2/.

XXI ғасырда адамдардың рухани санаға бет бұрысы айқын байқалады. Қазіргі кезеңде дүниені материалистік тұрғыдан түсінумен қатар, адам санасынан тысқары дүниелердің бар екендігін мойындау қажеттігі пайда болды. Сондықтанда адамның табиғи жаратылысының екі қыры: тәндік және жандық (рухани) бар екеніне көз жеткізуге болады. Тәндік жаратылыс ғылыми тұрғыдан дәлелденгенмен де, рухани

жаратылыс адам назарынан тыс қалып келді. Философия трансценденттік, яғни санадан тысқары рухани әлемнің бар екеніне көз жеткізіп отыр.

Адам материалистік тұрғыдан бес сезім мүшесінің қызметіне тәуелді, ал рух әлемінің сыры оның санасынан тысқары болғандықтан, оны ол қабылдай алмайды. Дегенмен де адамның күнделікті өмірі, оның жан дүниесі Нәзік әлеммен үнемі байланыста болады.

Таңдаулы адамдардың құпия білімді қабылдау тетігін қазіргі физика ғылымы былай тұжырымдайды. Жоғары Санамен байланысатын таңдаулы адамдар психикалық энергия арқылы Әлемдік ақпараттық кеңістік тербелістерімен байланыса алады. Әр таңдаулы адам, әлемдік білім көзінен білімді «ішкі дауыс тәрізді» қабылдайды. Діни ілімдер мен таңдаулы қасиет дарыған адамдардың пайдаланатын білім көзі - Әлемдік ақпараттық кеңістік. Акаша - әлемдегі барлық оқиға тіркеліп сақталатын және ұлы әлемдік дыбыстық тербеліс шығаратын Әлемдік ақпарат кеңістігі.

Ресейлік ғалым Валерий Лобанков, кеңістік физикасын зерттейтін ғалымдардың бірі - «Әлем физикалық және нәзік болып екіге бөлінеді» дейді. Физикалық әлем (планета, жұлдыздар, т.б.) электромагниттік және гравитациялық кеңістіктен құралады. Ал нәзік әлем психофизикалық құбылыстарды (психикалық энергия, биоэнергия, т.б.) қамтиды. Нәзік әлем жоғары жиіліктегі тербелістерге негізделеді. Сонымен бірге торсиондық кеңістік, яғни иірім кеңістігі де бар. Физикалық әлемде торсиондық кеңістік иннерция түрінде кездеседі. Нәзік әлемдегі торсиондық кеңістік - жан, яғни энергетикалық иірім немесе түйін. Осы иірімнің аясында, яғни адамның жанында астралды және ақыл-ой, менталды денелерінің қызметі туралы ақпараттар бар. Адамның ойлау үдерісі кеңістікте иірім тудырады: жақсы ой оң бағытта, ал теріс ой кері бағыттағы иірім - энергия тудырады /3/.

Барлық адамдардың жаны Әлемдік информациялық кеңістіктің бөлшегі болып саналады, ол Жоғары Сана деп аталады. Кейбір адамдар Әлемдік ақпарат кеңістігімен байланысып, онан қажетті білім ала алады. Әлемдік информациялық кеңістікте біздің ғана емес, бізден бұрынғы өркениет туралы да ақпараттар сақталған. Бізді қоршаған Әлем кеңістігі тұйық, сондықтан онымен байланыс орнатып өткен және осы шақ деректерін білуге болады.

Жан - Әлем энергиясының бөлігі, ол белгілі шегі бар әлеуметтік кеңістікте болады. Жан энергиясы – электроннан және протоннан тысқары. Ол өте күшті, ол жердің гравитациясына, яғни тартылыс күшіне әсер етеді. Көпшілік жанының энергиясы өте үлкен күшке ие болады.

Қазіргі физика ғылымының тілімен айтатын болсақ, тіршіліктің толқындық баламасы (рух, нәзік әлем, о дүние) біртіндеп материялық затқа айналып, адам денесін түзген. Рухтың заттануы, психикалық энергия иірімі ертегіде айтылатын жайылма дастарханды еске салады. Оған адамдардың илануы мүмкін емес екені белгілі. Дейтұрғанмен де, бұл құбылысқа басқа қырынан қарасақ, физикадан белгілі жәйт 2 гамма 1 электронға тең болғанда, яғни тербелістік элемент материалдық элементке өзгереді.

Сондықтанда ешқашан материализм мен руханилықты, тән мен жанды, Әлем мен Жаратушыны біріне-бірін қарсы қоюға болмайды. Материализм мен руханилық біртұтас, ол тән мен жанның бірлігі. Адамның материалдық жаратылысының уақыты біткен сәтте өлім келеді, сондықтан адам ішкі дүниесін оятуы арқылы өз өмірін реттей алады. Өмірдің қайнар көзі ішкі Жан дүниесінде. Мысалы, кез келген тіршілік өсімдік тұқымның бойында сақталады. Тұқымның бойындағы тіршілік оянғанда, жаңа өскін жетіліп, жеміс береді. Сол тәрізді ана жатырында адам тұқымы өсіп жетіледі, дүниеге келгеннен кейін бала бойындағы табиғи жаратылыс сол тұқымнан өрбиді.

Қазіргі жастар өздерінің рухани білімін жетілдіру мақсатында түрлі ақпарат көздерінен алған деректерді қорытып, өздерінің тәндік жаратылысы мен жандық

жаратылысын түсіне білуі тиіс. Ол үшін тән тазалығы мен салауатты өмір салтын ұстану, денесін шынықтырумен бірге ізгілік қағидалармен үйлесімді өмір сүру, өз ақыл-ойын үнемі жағымды, сабырлы қалыпта ұстай білуі тиіс. Адамның бойындағы Жаратушыдан дарыған құдыретті күш – Рухты өз денсаулығын сақтауға, шығармашылық істерге пайдалануға, өзін-өзі жетілдіру жолдарын меңгеруге қолдануы қажет.

Американдық ғалым Р.Моуди «Өмірден кейінгі өмір» атты еңбегінде клиникалық өлімді басынан кешкен адамдардың біздің санамыздан тысқары әлемнен алған ақпараттары негізінде ғылыми тұжырым жасап, адамның жан дүниесінің басқа кеңістікте болатынынан тұжырымдайды /4/.

Жер бетіндегі тіршілік ғаламшардың магниттік өрісімен тығыз байланысты. Ежелден келе жатқан түрлі рухани ілімдер Жер бетіндегі тіршіліктің күрделі өзгерістерге ұшырағанынан хабардар етеді. Жердің магниттік өрісі де адам әрекетінен туатын жасанды әрекеттердің салдарынан әлсіреп, адам ағзасына және бүкіл тіршілікке кері ықпал етеді. Жер – ана адамға тек пана мен тіршілік көзі ғана емес, сонымен қатар адаммен серіктес, олар бір-бірінсіз тіршілік ете алмайды. Жер планетасын сақтау, оның тазалығын қамтамасыз ету, адамдардың рухани санасын дамыту арқылы жүзеге асырылады. Жердің тепе-теңдік қалыптағы магниттік өрісі адамның тіршілігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде Жер планетасын ғаламдық зұлжаладан сақтаудың ең басты шарттарының бірі адамның ұйықтап жатқан жан дүниесін оятып, өзін-өзі рухани жетілдіру арқылы, рухани саналық деңгейге көтерілу арқылы Жердің магниттік өрісін нығайтуы өте маңызды. Жер бетіндегі тіршілік үшін оның магниттік өрісі тепе-тең қалыпта болғаны шарт. Жер планетасы полюстерінің магниттік өрісінің өз қалпынан ауытқуы бүкіл тіршілік атаулының жойылуына әкеліп соғады. Тарихи деректерден білетініміз, жер бетіндегі өркениет ошақтары өздерінің азғындау деңгейіне жеткен шағында ғаламдық апатқа ұшырап, жойылып отырғаны мәлім. Сондай зұлжала ошақтары қазіргі кезде де әлемнің әр жерінде бой көрсетіп келеді. Осы тұрғыдан Жер планетасы мен онда тіршілік етіп жатқан саналық деңгейі ең жоғары адамзат баласының өзара үйлесімі өте қажет.

XXI ғасырдың басында адамдардың материалистік санадан рухани санаға бетбұра бастағаны байқалады, олар өздерінің ішкі жан дүниесіне үніліп, оны Ғарыштық Санамен үйлестіруге талпынысы, өзін-өзі тануға көңіл қоюы, жалпы тіршілікті сақтау үшін керек.

Қорыта келе, қазіргі жастар тәрбиесінде ізгілікке негізделген рухани сананы дамытудың кезек күтіртпейтіні белгілі болды. Рухани сананы дамыту адамның ішкі құдыретті күші - Рухының Жоғары Санамен үйлесім табуының Әлемдік маңызы орасан зор. Адам жаратылысының тәндік және жандық екі қырын өз мәнінде түсініп, оны үйлесімде ұстай білуі қажет. Тәндік қажеттіліктермен бірге, рухани қажеттіліктердің тетігін түсініп, оны үйлесімділікпен қамтамасыз ете білген абзал.

Шығыста махаббат, сүйіспеншілік, жанашырлық, рахымдылық, қайырымдылық, мейірімділік ең үлкен ғылым болып саналады. Жанашырлық – жанның ең үлкен жағымды күші. Жанашырлықтың адам өміріндегі рөлі зор. Жанашырлықтың екі қыры бар: даналық - жанашырлық, даналықсыз - жанашырлық (қызғаныш, өшігу, көреалмаушылық). Көз - адам жанының айнасы. Адамның жаны, рухы жүректе орналасқан, сондықтанда адамдар мейірімділікті жылы жүрекпен байланыстырады.

Отты жүрек – магнит тәріздес. Жүрегі ашық, «көкірек көзі ояу» адамдардың энергетикасы зияттан жоғары болады, олар адамның жанына ең тиімді жол - мейірім, сүйіспеншілік, махаббат арқылы ықпал етеді. Таза жүрекке жоғары саналық деңгей сәйкес келеді.

Махаббат жанға шуақ түсіріп, шипа береді. Сүйікті болу, бұл өмірде өзінің керектігін сезінуді білдіреді. Махаббат адам ғұмырын ұзартады, ол адамның

өзгелерді жатсынудан сақтайды. Біреуге қажет болу, сүйікті болу өте маңызды. Өзіңнің өзгеге керек екенінді сезіну, денсаулық пен тұтастықты қамтамасыз етеді.

Махаббаттың ең жоғары түрі – Жаратушыны сүйу, онымен үйлесімді болу, оған мінәжәт ету. Егер махаббатты гүлге теңесек, мінәжәт етуді оның жұпар исіне теңеуге болады. Махаббат екі адам арасында пайда болса, мінәжәт ету Абсолютпен жеке адам арасында болады. Махаббат шектеулі, ал мінәжәт ету шексіз. Егер сіз мінәжәт ете білсеңіз, онда сізге ешқандай емделу, шипалық әрекет жасау керек емес. Құдайға мінәжәт ету болмағандықтан терапия керек.

Жаратушыға мінәжәт ету дегеніміз онымен бірлікке, үйлесімге келу тәсілі. Мінәжәт ететін адам бойынан өте нәзік, мөлдір қуат бөлінеді, оны аура деп атайды. Ондай мөлдір қуат әулие адамдардың басының айналасында жарқырап тұрады, оны жүрегі таза, пәк адамдар ғана көре алады. Ғылым осы мөлдір қуат көзін «аураны» қазір мойындайды. Мысалы, Ресейдегі Кирилан фотосуреттерінен адам аурасын бақылауға болады. Сол мөлдір қуат - аураны бақылау арқылы адам ағзасы туралы ақпарат алуға болады. Адам дертке шалдыққанда оның аурасы түссіз, жарығы солғын болады. Егер адам өзін көтеріңкі көңіл-күйде сезінсе, өзін бақытты санаса, онда оның аурасы таза және айқын болып көрінеді. Жан дүниесі таза адам аурасынан мөлдір қуатты байқауға болады.

Адам тек материялық дүниені ғана көре алады. Рухты көру өте нәзік дүние. Адам тәндік және рухани үйлесімді тазалыққа жеткенде ғана нәзік дүниені көре алады. Сонымен бірге рухты медитация арқылы көруге болады.

Гравитация - тартылыс заңдылығы адам денесін жерге тартады. Ал медитацияда адам өзінің жоғары көтерілгенін сезінеді. Ол көзін ашса, денесінің сол қалпында отырғанын байқайды, жоғары көтерілген оның рухы. Жоғары тартатын күшті үйлесімділік заңдылығы деп атауға болады. Кез келген заңдылықтың екі қыры болатыны белгілі. Күн мен түн, махаббат пен жеккөрушілік, ер мен әйел, жағымды және жағымсыз жағдайлар, т.б.

Бірлікке келу дегеніміз ең жоғары үйлесімдік қалыпқа келу. Адамның ішкі дүниесі тәнмен бірлікке келгенде, оның шығармашылық қабілеті ашылады. Мысалы, шебердің бойында үйлесімділік пайда болғандықтан, Тәж Махал туындысы дүниеге келген.

Түйіндей келе, адамның Рухани Сана тетігін түсінбей, жер бетіндегі тіршілікті сақтаудың мүмкіндігі шамалы екенін көреміз.

Жастарға рухани тәрбие беру адам дамуының тәндік, жандық, рухтық үйлесімділігін, өмірді құндылық деп түсінуін, өзін Жаратқанмен, табиғатпен үйлесімділікте ұстай білуін, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз етеді. Рухани тәрбие адамның ізгілік, имандылық ұстанымдарын тәрбиелеп, адамның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмірдің күрделілігін түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады. Әр адам өзін рухани жетілдіру үшін өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өздігінен оқуға ұмтылуы тиіс. Өзін-өзі тәрбиелемей жеке тұлға қалыптаспайды. Өзін-өзі тәрбиелеу барысында адам өз білімін, сана-сезімін, дүниеге көзқарасын кеңейтеді.

XXI ғасырдың басында американдық зерттеушілер Кэрролл Ли мен Джен Тоубер

«Индиго балалары», «Индиго мерекесі» атты кітап шығарып, осы ұғымды ғылыми айналымға енгізді. Осындай балалар жайындағы зерттеулер Ресейде де жүргізілуде. Мұндай балалар Әлемнің барлық жерінде дүниеге келуде. Олар кімдер, олардың айырмашылығы неде? Адамның физикалық денесінен басқа жай көзге көрінбейтін түрлі-түсті энергетикалық қабаттары бар. Индиго балаларының энергетикалық қабаттарында, яғни аурасында «қою көк түс - индиго» басым болғандықтан солай аталады. Ресей ғалымдары оларды «Жарық балалары», «Жаңа санадағы балалар» деп атайды. Олар үшінші мыңжылдықтың өкілдері, олардың санасы мен

энергетикалық қуаты өте жоғары, жүректері ашық, мейірімді, олар дүниені өзгертуге келгендер. Көк және сия түстес сәулелердің толқыны қысқа, бұлар ең жоғары ғарыштық тазалықтағы энергия, Нәзік Әлеммен үйлесімділігі сақталғандар.

Ресей ғалымдары индиго балаларының ерекшеліктерін Е.И.Рерихтің «Тірі Этика» атты еңбегінің негізінде түсіндіреді. Е.И.Рерих Нәзік әлемдегі Ұлы ұстаздардан біздерге «Тірі Этика» ілімін қабылдап жеткізуші. Мәскеудегі Н.К. Рерих және Е.И.Рерих орталығы американдық зерттеушілермен бірге «Жарық балалары» деген фильм шығарды.

Жер бетіне Жаңа Санамен келгендер Нәзік Әлеммен байланыстарын үзбеген, жағымды ой, жаңа көзқарастағы балалар - келешектің тірегі. Жер ғаламшары мен адам санасының эволюциясы бір-бірімен тығыз байланысты. Жерді ғаламдық апаттан сақтап қалу міндетін атқаратын жаңа саналық деңгейдегі ұрпақтардың дүниеге келуі - Ғарыш талабы. Қазіргі жер бетінде тіршілік етіп жатқан адамдардың бес сезім мүшесі болса, жаңа санадағы балалардың алтыншы және жетінші сезімдері дамыған келешектің ұрпақтары.

Сонымен, педагогика ғылымы дәстүрлі көзқараспен қатар, жас ұрпақты рухани дамыту мәселелерімен бірге, жаңа санадағы балаларды тәрбиелеуге байланысты, рухани таным мәселелеріне назар аударып, оны зерттеу мәселесін қолға алуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Боб Фриселл. В этой книге нет ни слова правды, но именно так и все происходит. – М.: изд. дом «София», 1999. -192 с.
2. Майғаранова Ш. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. – Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002.- 124 б.
3. Мулдашев Э. От кого мы произошли? –М.: «АРИА-АИФ» 2000.- 448 с.
4. Р.Моуди. Өмірден кейінгі өмір. – Санкт-Петербург, 1994.
5. Ли Кэрролл. Крайон. Последние времена (ченнелинг – информация переданная с любовью). Ли Кэрролл / Перевод с англ. 1 том. - М.: изд. дом «София», 2006.
6. Живая этика: Избранное /Сост. М.И.Ключниковой. – М.: Республика, 1992.- 414л.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқушы-жастарды рухани дамыту, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану мәселелері қарастырылады. Гуманистік педагогика тетіктерін ашу және жеке тұлғаны рухани дамыту, тұлғаның рухани санасын қалыптастырады. Жер бетіндегі тіршілікті сақтау адамның саналы әрекетімен тығыз байланысты.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы духовного развития учащейся молодежи, их саморазвитие и самопознание. Раскрытие механизмов гуманистической педагогики и духовного развития личности способствуют формированию духовного сознания личности. Сохранение жизни на планете Земля зависит от разумной деятельности человека.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ АСТАРЛАРЫ

Суранчиева З.Т. – аға оқытушы, Өтелбаева А.Қ. – оқытушы,
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

В.Кларин технология сөзінен қандайда болсын істегі шеберлікті, оқыту-үйретудегі амалдардың жиынтығы, ал педагогикалық технология (тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, оқыту технологиясы) «педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығымен жұмыс істеудің реті» – деп түсінік берді. Педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс-тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология – ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұлпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Жаңа технология түрлерін информатика пәнінің кіріктірілген сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды информатиканы оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Информатиканы оқытуда жаңа технология түрлерінің міндеті және қолдану мақсаттары төмендегідей ұсынылады: *Ойын технологиясы*. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде

қолданылады. *Проблемалы оқыту технологиясы.* Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Информатиканы оқытуда тәжірибені шындай түсуде көп жеңілдік ашқан технологиялардың бірі – осы технология. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау. Бұл технология бойынша:
- оқу үрдісінде қызығушылық артады;
- оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
- оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Түсіндіре баяндау арқылы тірек желілерін келешекті оза оқыту. Бұл технологияда С.Н.Лысенкова бойынша материалды меңгеру үш кезеңнен тұрады:- алдынала даярлық;- жаңа ұғымдарды дәлелдеу, оларды жинақтау, қолдану;- оқу іс-әрекеті және ойлау әдістерін дамыту.Оқу материалдарын осылайша деңгейлеу білімді ұзақ уақыт есте сақтауға мүмкіндік береді.

Деңгейлік саралау технологиясы. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

- мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;
- оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Оқытудың ұжымдық әдісі (ОҰӘ). ОҰӘ - оқу процесінде адамдарды өзара және жұптық еңбек әрекеттерін орындауы.

ОҰӘ принциптері:- жоғары жетістікке талпыну;

- алынған мәліметті бір-біріне лезде кідіріссіз жеткізу;
- оқушылар арасындағы өзара көмек және ынтымақтастық;
- әр түрлі деңгейлік; тақырып пен тапсырмалардың әр түрлілігі;

Топтық технология Бұл сыныпта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Оқытудың компьютерлік технологиясы. Бұл технология – оқытудың бағдарламалық көзқарастарын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру әрекеттері. Бұл технология материал мазмұнын кейбір үлгілерді пайдалануға негізделеді.

Қазіргі кезде компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтан оқыту үрдісі де дамып отыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытында оқуыңа, тапсырмаларды орындауыңа мүмкіндік береді.

Презентациялар технологиясы. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға информатика сабағынан жаңа материалды (бейнелеулер, фотографиялар, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдынала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын информатика сабағында пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландырады.

Егер біз барлық мүмкіндіктерімізді толық пайдалана алатын болсақ, онда біздің келешек ұрпағымыз компьютерлік технологиямен білім ала алады. Оқу материалдарын дидактикалық жетілдіру негізіндегі педагогикалық технологиялар:

1. Мәдени кезек сөз – оқу процесінің екі негізгі бөлігі арасында кезексөз түрінде құрылады.

Оқу-негізгі «таңдану нүктесі» айналасына орналасқан ішкі кезексөзге негізделіп құрылады.

2. Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) Әдістемелік құрылымның түзгіші негізіне мұғалім мен оқушы қызметін байланыстырушы ретінде математикалық жаттығу ұғымы алынған, әрі тұра, кері ұғымдары мен қағидалары бір кезде оқытылады.

ДБІ технологиясының ашушы түзгіші – жаттығу – үш сабақтардың бірінде қаралады:

- қазіргі тапсырма;- кімге арналғандығы;

- жинақтау. Технология мазмұнының басты ерекшелігі пән оқу материалдарының дәстүрлі дидактикалық құрылымын қайта құру.

Кезеңдеп оқыту технологиясы. 3. Ойлау қызметін кезеңдер бойынша қалыптастыру, мақсаттың бағытталу технологиясы – бағдарлық білім, шеберлік және дағдыны әсерлі меңгеру. Бұл технология әрбір оқушының жұмыстарды, әрбір қадамын мұғалімнің бақылауын қажет етеді. Сабақ меңгерудің барлық кезеңдерінде бақылап отыру – технологияның ең маңызды құраушыларының бірі болады. Ол оқушыны қателесуден сақтандыруға бағытталады.

Жеке пәндік педагогикалық технология. 1. Ерте және ыждағатты сауаттылыққа оқыту технологиясы. Технология мазмұны оқу процесі бала миының танымдық қуатын жан-жақты жандандыра отыра, қызметі мен қатынастары арқылы баланың табиғи ойлауына негізделген.

2. Әсерлі сабақтар жүйесіне негізделген технология.

Мақсаттық бағыттары:

- қалыпты білім, шеберлік дағдыны меңгеру;

- ойлау қызметіне математикалық тәсілдерді меңгеру;

- қабілетті балаларды дамыту;

Альтернативті технологиялар. Вольдорф педагогикасы «гуманистік педагогика» мен «еркін тәрбие» идеяларын іске асырудағы әр түрдің біреуі болып табылады. Ол

мұғаліммен одақтасуда жекеліктің өз бетінше таңдауы мен тануы жүйесінде көрінуі мүмкін.

Өзіндік дамыту технологиясы (М. Монтессори) Мақсаттық бағыты:


- жан-жақты дамыту;
- жекелікті тәрбиелеу;
- бала санасында ойлау қызметі мен пәндер түзгіштерін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы: қолдағы ұсақ моторлар, есті дамыту.

Дамыта оқыту технологиялары. 1. Л.В. Занковтың дамыта оқу жүйесі. Оқыту қызметінің негізгі мотивациясы танымдық қызығушылық. Занков әдісі әртүрлі қызметтерге тарту, дискуссия, дидактикалық ойындарда оқытуда, пайдалану, сол сияқты есті, ойлауды, елестетуді, сөйлеуді байыту бағытындағы оқыту әдісі.

2. Д.Элькони – В.Давыдовтардың дамыта оқыту технологиясы. Элькони – Давыдов техноло-гияларындағы дамыта оқыту ең алдымен оның мазмұны, теориялық білімге негізделе отырақұрылған. Білімнің теориялық негізі терең түрдегі жинақтаудан тұрады. Дәстүрлі технологиялардан өзгешелігі дамыта оқыту оқу қызметін басқаша бағалайды. Оқушының орындаған жұмыстары мен сапасы оқушыға білімнің жетімділігі мен қабілетінің жететіндігін мұғалімнің көзқарасы бойынша бағаланбай, оқушының өз мүмкіндігі тұрғысынан қаралады.

3. Жеке бас шығармашылығын дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі. Іздену, ойлап табу қызметтері процестері оқытудың негізгі мазмұны болады.



Дамыту мазмұны жақыннан орташаға, сонан кейін қашықтағы мақсаттық келешекке көшуден тұрады.

Бұл технологияда ұжымдық жұмыс әдісі кеңінен қолданылады; ойға шабуыл, ұйымдастыру – қызмет ойыны, еркін шығармашылық пікірталасы.

Авторлық мектептер педагогикалық технологиялары. Мектеп – парк (М.Балабан) – түрлі жастағы балалар бірлестігіне негізделген – ашық студиялар. Ашық студияның сыныптан айырмашылығы, сабаққа келген бір топ оқушылар емес, немесе бір деңгейдегі даярлығы барға жататын оқушылар тобы емес. Ашық студияда топ басында тұратын лидер – мұғалімі бар аға және кіші оқушылардың құрылымы.

Оқытудың негізгі әдісі – одақтасудың сөзбен қарым-қатынасы, кезексөз. Нәтижесін бағалау - өзіндік бағалау деңгейінде әркімнің қалыпты өсуін сезінуді қамтамасыз ету.

Модульдік оқыту технологиясы. Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұғымның нақтылатын, біршама дербес бөлігі.

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты.

Сонымен жалпылап айтқанда оқу үрдісінде оқушының тұлғасының дамуына, ықпал жасайтын жаңа технология түріндегі сабақтар үлгісінің бәріне жүктелетін міндеттер жүйесі төмендегідей:

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- Компьютерде еркін жұмыс жасайды;
- Оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- Жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- Өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;
- Ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде информатика пәнін оқыту. I том. Алматы, 2006.
2. Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде информатика пәнін оқыту. II том. Алматы, 2006.
3. С.Елубаев. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. Жалпы бөлім. А., 2006.
4. Д.Ш.Матрос, Д.М.Полев, Н.Н.Мельникова. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий, М.,2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаңа технологиялардың түрлері және олардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются виды, особенности новых технологий и их возможности.

ОӘК 378.146+371.26

СИНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА

Ильясов Н.И. – доцент, Ақсақалова Б.Н.-ізденуші (Алматы қ., Қазмемқызпу)

Қазіргі кезде ашық күрделі жүйелерді зерттеуге, оны түсінуге мүмкіндік беретін әмбебап (универсал) заңдарды тұжырымдаудың ең тиімді жолы ретінде синергетика (материя және оның қозғалысының өзқауым теориясы) саналады. Термодинамика жылулық тепе-тең күйлердегі жүйелерді қарастыратыны белгілі, ал синергетика жылулық тепе-теңдіктен қашық жүйелерді зерттейді. Бірақ ашық жүйелерді, олардағы энергия немесе зат ағындары белгілі бір шектерде нөлге ұмтылады деп санап, тұйық жүйе ретінде қарастыра отырып, зерттеуге болады. Осылардан, термодинамиканың негізгі принциптері синергетика тағайындаған жалпы заңдар мен заңдылықтардың шекті жағдайлары болып табылады.

Синергетика (грекше *sinergetikos* – үйлесе, ұйымдаса әрекеттену деген мағынаны білдіреді) - физикалық, биологиялық, химиялық, әлеуметтік жүйелер мен құрылымдардың арасындағы байланыстарды, оларды тепе-тең емес процестерде, жүйенің өзін қоршаған ортамен зат, энергия және информация алмасуы тұрғысынан зерттейтін ғылымның жаңа әдіснамалық бағыты.

Ашық күрделі жүйелерді зерттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, өзқауым теориясының негізгі қағидалары мен одан шығатын салдарлар, маңызды қорытындылар атақты ғалымдар - М.Пригожин, Г.Хакен, Ю.Л.Климонтович, З.Ж.Жаңабаев және т.б. еңбектерінде тұжырымдалған. Олар әртүрлі тепе-теңсіз күйдегі табиғи физикалық, биологиялық және т.б. құбылыстарды зерттеулер арқылы ашық күрделі жүйелерде өздігінен даму процестері жүзеге асатынын анықтаған. Ғалымдардың пікірінше, мұның басты себебі, жүйені құрайтын элементтердің ұйымдаса әрекеттенуінің нәтижесі. Синергетиканың негізі – кездейсоқ процестер теориясында теп-тең емес процестер термодинамикасында, сызықты емес толқындар мен тербелістер теориясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері және одан туындайтын қорытындылар.

Физик И.Пригожин күрделі физикалық және химиялық құбылыстар мен процестерді талдау негізінде, тепе-тең емес жүйелердегі энтропия өнімінің минимумы (ретсіздік, бейберекеттік өлшемінің өсу қарқынының баяулауы) жөніндегі теореманы дәлелдеді. Басқаша айтқанда, ол сыртқы әсерлердің нәтижесінде нақты процестерде үнемі орын алатын, бейберекеттіктен реттіліктің түзілу мүмкіндігі байқалатынын тағайындады.

Кеңістік - уақыт, функционалдық сипаттамалық құрылымдар түрінде түзілген реттілік сыртқы факторлар ғана емес, сонымен қатар, көп жағдайда, күрделі объектілердің ішкі қасиеттерінің сипатына байланысты болатыны анықталды және физика, биология және т.б. ғылым салаларындағы белсенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері, аталған құбылыстың әмбебап сипатын айқындады.

Қоршаған ортамен, өзін құрайтын элементтердің өзара үйлескен іс-қимылдарының арқасында, қарқынды түрде зат, энергия және информация алмасу негізінде дами алатын ашық жүйелер мен объектілер үшін И.Пригожиннің энтропия өнімінің минимумы теоремасы мүлтіксіз орындалады /3/. Жүйеде тепе-тең күйдің орнауына кедергі жасалатын сыртқы шарттарда оның стационар күйі энтропияның ең кіші мәніне сәйкес келеді.

Қазіргі кезеңде, синергетиканың заңдылықтарын тағайындауда және оларды педагогикалық, әлеуметтік жүйелерді зерттеуде қомақты нәтижелерге қол жеткізіліп отыр. Осы бағытта жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарында синергетика - құралатын элементтері өздігінен үйлесімді іс-қимылдар жасау арқылы әсерлесетін, және соның

негізінде дамитын, ашық жүйелерде түзілетін процестердің жүзеге асу заңдылықтарын тағайындайтын - комплексті пән және жаратылыстанудың әдіснамалық негізі бола алатын ғылыми бағыт ретінде тұжырымдалып жүр.

Әлемде, жүйені құрайтын элементтер мен бөлшектердің өзара ұйымдаса әрекет жасап, өзін қоршаған ортамен, энергия және информация асу арқылы жаңа, көп ретте, өзіне ұқсас құрылымдарды түзуі жиі кездеседі. Мұндай жалпы заңдылықтар микродүниелерде ғана емес, сонымен қатар, макроскопиялық жүйелерде жүретін процестерде әлемдік деңгейлерде де байқалады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінен синергетикалық заңдылықтардың тек табиғи бейсызық процестерге ғана тән еместігін, оларды әлеуметтік, қоғамдық және экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеуге, талдауға қолдана отырып, солардың негізінде әрі қарай дамытуға пайдалануға болатындығы көрінеді. Көптеген ғалымдар, ашық күрделі жүйелерді зерттеуді тиімді жүзеге асыруда, оны өздігінен дамуға әкелетін негізгі шарттар тағайындалатын басты факторлар айқындалуы тиіс деп санайды.

Қазіргі кезеңде, бұл бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарының көбі синергетиканы экономикаға қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Бірақ, экономика дамуының негізгі белгілерін дәл анықтау көптеген объективті және субъективті қиындықтар тудырады, олар өндірістік, саяси қоғамдық өзгерістерге өте-мөте тәуелді. Көп жағдайда, бұл қиыншылықтар, экономиканың дамуына зор ықпалын тигізетін, жеке тұлғаның мінезін, психологиялық ерекшеліктерін, білімі мен біліктілігін ескерсек арта түседі. Дегенмен, материя мен оның қозғалысының өзқауым теориясының жалпы заңдылықтарын, саяси тұрақтылық орнаған, мақсаты, салыстырмалы тұрғыда, ұзақ уақыт өзгермейтін мемлекеттердің экономикасын дамыту үшін қолдануға, оны қандай үкімет басқармасын, толық мүмкіндік бар.

Гуманитарлық ғылымдардың ішінде синергетикалық заңдылықтарды қолдануға аса қолайлы күрделі жүйе ретінде педагогика ғылымын алуға болады. Педагогика жас ұрпақты қоғам талабына сай оқытуды, тәрбиелеу мен дамытуды жүзеге асыратын ғылым және ол арнайы ұйымдастырылатын білім беру жүйелерінде жүргізіледі. Соңғы жылдары, педагог - ғалымдардың еңбектерінде педагогикалық процесс ашық күрделі жүйе ретінде қарастырылып жүр. Олардың пікірі бойынша, педагогиканың жалпы заңдарын, дидактикалық принциптерін терең әрі саналы меңгерудің әдіс-тәсілдері мен білім беру процесі құралатын сан алуан ахуалдарды талдау арқылы, оқытудың синергетикаға негізделген, жаңа заңдылықтарын тағайындау мүмкіндігі бар /4,5/.

Әлемде күрделі жүйелер көп, бірақ ол қандай құрылымдар деген сұраққа бірімәнді жауап жоқ. Сонымен қатар, күрделі жүйені құрайтын элементтердің өзара әсерлесуі мен өздігінен реттелуі нәтижесінде даму процесі мен жолдары байқалатын құбылыстардың да нақты анықтамасы берілмеген. Бұларға, тепе-теңсіз күйдегі күрделі жүйенің функционалдық қаракетінің өзқауым процесін синергетикалық заңдылықтардың негізінде модельдеу жолымен ғана ғылыми негізделген жауап табуға болады. Оны күрделі жүйелерде орын алатын өзқауым теориясының нақты тұжырымдалған анықтамасын емес, жүйелі түрде құрылған қасиеттерін пайдалану арқылы табуға болады. Табиғаты әртүрлі ашық күрделі жүйелердің атқаратын қызметтеріне, даму мүмкіндіктеріне талдау жасау, олардың өзқауым күйге көшуі төменде келтірілген қасиеттер, заңдылықтар мен процестер арқылы жүзеге асатынын көрсетті /6,7/.

Ашық өзқауым жүйе сызықты емес, динамикалы және стохасты (яғни, уақыт бойынша бейберекет). Аталмыш жүйенің бейсызықтығы, оны құрайтын бөліктердің өзара тұрақты түрде әсерлесетінін және олардың әрбірінің қасиеттерінің осы жүйеде жүретін процестердің сипатына тәуелділігін білдіреді. Реттеуші параметрлерінің ролі артқанда бейсызық динамикалық жүйе күйінің сипаты бірімәнді болмайтындықтан, ол уақыт бойынша бейберекет. Ескерте кетейік, бұл кезде, өдігінен реттелу процесінің

нәтижесінде түзілетін динамикалық бейберекеттіктің өзіндік құрылымы, ішкі тәртіптілігі болады.

Сыртқы ортамен энергия және информация алмасатын күрделі ашық жүйе бейберекеттіктен реттелген күйге өтуі үшін, ол, біріншіден, бейсызық, екіншіден, тепе-теңсіз, ал, үшіншіден, тұйықталмаған болуы тиіс. Жаңадан түзілген құрылымдар статикалы емес, олар барлық уақытта үздіксіз қозғалыста және өзара ұжымды әсерлесу жағдайында болады. Осы жүйедегі бейберекеттіктен түзілген жаңа құрылымдар қайсыбір мезеттерде бірігіп, ал кейбір жағдайларда, өзіне-өзі ұқсас (өзұқсас) элементтерге ыдырап жатады.

Сәйкес таңдалып алынған кеңістік - уақыт масштабында, тұтас жүйенің қасиеті, оны құрайтын бөліктердің қасиеттерімен сипатталады, яғни, бөліктердің толеранттығы орын алады. Құрылымның өз ұқсас элементтерге бөліну процестерінің жүру сатылары статистикалық, ықтималдық заңдылықтары арқылы өзара байланысқан және оларда информацияның берілуі иерархиялы (сатылы) түрде жүзеге асады. Өзқауым жүйе квазистационарлы - онда құрылымдардың түзілуі мен жоғалуының тепе-теңдігі кез келген уақыт мезеті үшін тұрақты сақталады.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде басты, маңызы жоғары мәселелері педагогикалық процесті басқарудың ғылыми негізіне тіреледі. Мысалы, педагогикалық жүйені басқару мүмкіндігі, онда белгілі функционалдық заңдылықтардың түзілуінен туындайды. Кез келген әлеуметтік жүйені басқару, оның міндеті мен мақсатын орындауға, оны дамыту мен жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттерді білдіреді.

Ғылымға белгілі өзқауым жүйе мен педагогикалық процестің арасында мынадай құрылымдық сәйкестіктер орын алатыны тағайындаған макроскопиялық - педагогикалық жүйе элементтерден, бөліктерден құралады; бейсызықтық (сызықты еместік) - жүйенің барлық элементтері өзара әсерлесе алады; тепе-теңсіздік - жүйе элементтерінің даралық ерекшеліктері орын алады; ашықтық - күрделі жүйені құрайтын бөліктердің арасында информациямен алмасу процесі жүреді; стохастылық - педагогикалық заңдылықтардың статистикалық сипаты болады; құрылымдық - реттелген, түзілген жүйелер жаңа сапалық функционалды сипаттамалар иеленеді; иерархиялық - педагогикалық процестің көпдеңгейлілік, сатылық сипаты болады; квазистационарлық (виртуальдық) - педагогикалық жүйе күйінің динамикалық сипатқа иелігі; өзара үйлесімділік - алынған нәтижелердің педагогикалық процестің өзін жетілдіруге, оқытудың теориясы мен әдістемесінде жаңа технологияларды қолдануға, оның тиімді әдіс-тәсілдерін дамытуға тигізетін әсерінің болатындығы.

Бұл кезде, педагогикалық басқарудың мақсаты аталған заңдылықтарды ескеріп, тұлғаны өзін-өзі дамыту мен тәрбиелеуге үйрету болып табылады. Ашық күрделі жүйені синергетикалық басқару, оны белгілі бағдармен дамытуды көздейтін, кибернетикалық басқарумен салыстырғанда әлдеқайда мазмұнды. Синергетикалық басқару, өзқауым процесінде тағайындалған, жүйенің өзіне тән қасиеттеріне тәуелді сипаттамалар мен көрсеткіштерге, яғни, демократиялық принциптер мен ынтымақтастық педагогикасына негізделген. Олай болса, оқытудың әртүрлі деңгейлерін, пәннің мазмұны мен көлемін айқындау және т.б., педагогикалық процесті синергетика идеяларының негізінде басқарудың жекелеген фрагменттері деп санауға болады.

Бірқатар педагог - ғалымдардың еңбектерінде /8,9/ ұстаздық қызметтің теориясы мен практикасын зерттеулер мен талдаулар, оны педагогикалық процесс түріндегі біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажеттігі жөнінде қорытынды жасалған. Педагогикалық процесс – оқытушы - оқушы, оқушы - оқушы, сынып жетекшісі - оқушылар және т.б. микроқұрылымдардан тұратын күрделі жүйе және оның мынадай маңызды белгілері мен заңдылықтары тағайындалған:

- жүйенің әлеуметтік сипаты бар және ол өзара әсерлесе алатын бөліктерден құралады;

- жүйе - іс-әрекеттермен, информация алмасу есебінен жұмыс жасайды;
- жүйе - өзінің жұмысын атқаруды қамтамасыз ете алатын қорға ие;
 - жүйенің ішкі құрылымы оның деңгейлерінің иерархиялық сипатын және қоршаған ортамен байланысын ашады;
- жүйе - информация берілуі, таратылуы арқылы басқарылады;
 - педагогикалық процесс - элементтерінің ішкі байланыстары бар, өзқауым жүйе болғандықтан, оның дамуы аталған элементтердің күйіне, олардың араларында туындайтын өзара әсерлесулер мен қарама-қайшылықтарға тығыз байланысты.

Осы келтірілген негізгі белгілер мен заңдылықтар педагогикалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстарын талдауға, ғылыми-әдістемелік нұсқамалар әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен, синергетикалық жүйе мен педагогикалық процестің қасиеттерін салыстыру, олардың әдіснамалық негізінің бірлігін дәлелдейді.

Синергетикалық заңдылықтар педагогиканың жеке мәселелерін зерттеулерде де, әдіснамалық ұстанымдар (принциптер) ретінде де қызмет атқара алады. Мысалы, құрылымдық - логикалық сұлбелер, проблемалық ахуалдар, тірек белгілері түріндегі оқытудың әр түрлі жолдарымен әдістемелік тәсілдері педагогикалық жүйені, оқу мазмұнын синергетикалық тұрғыда талдауға, іріктеуге жатады. Студенттер мен оқушылардың білімін, біліктілігі мен дағдыларын бақылау мен бағалауда, статистикалық заңдылықтардың бейсызықтық сипаты орын алатындығы дәлелденген. Ізденімпаздық пен шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуы тұлғаның өзін-өзі дамытуын, басқаруы мен тәрбиелеуін, оның өз бетінше даму процесі деп қарастыруға болады.

Педагогикалық процестің тұлғада әртүрлі қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін кейбір іргелі заңдылықтары, өзқауым жүйелердің жаңа теориялық модельдерін құруда аса зор пайдасын тигізуі мүмкін. Біздің ойымызша, бұл кезде, мұғалімнің ізденімпаздығын, оның оқу-тәрбиелеу процесін атқарудағы іс-әрекеттері мен оны басқарудағы ролін зерттеудің үлкен маңызы бар.

Кәсіпкерлік іс-әрекет «синергетикалық қасиеттерге ие динамикалы, полиқұрылымды, көпдеңгейлі, иерархиялы жүйелердің қатарына жатады. Ол барлық уақытта өзін дамытуға немесе керісінше, баяулатуға нақты жағдай тудыратын, белгілі қоғамдық қатынастағы жүйелерде жүзеге асады. Педагогикалық мамандықтардың негізгі ерекшеліктерінің бірі мынада – кез келген білім беру жүйесінің синергетикалық қасиеттері, педагогикалық процестің мүшелері ретінде, ондағы жүретін динамикалық процестердің дамуы және қоршаған ортаның, яғни, қоғамдық қатынастардың әсерінен тұрақты өзгерістерге ұшырап отырады» /10/.

Білім беру жүйесіндегі, сонымен қатар, физиканы оқыту әдістемесі саласындағы синергетикалық ағым тұлғаның танымдық іс-әрекетінің белсенділігін дамытудың жалпы заңдылықтарын ашумен тығыз байланысты. Барлық негізгі элементтерінің бірге орындалуы және олардың өзара байланысы оқу және тәрбиелеу процесін синергетикалық заңдылықтар мен әдіс-тәсілдердің негізінде ұйымдастыру туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулердің жаңа әдіснамалық бағыты, яғни, синергетика ерекше статусқа ие. Біріккен іс-қимыл, үйлесе қарекеттену деген мағынаны білдіретін, Г.Хакен ұсынған бұл термин біртұтас құрылымдық түзелулерде, оның бөліктерінің бірлескен өзара әсерлесуіне айрықша назар аудартады, әр түрлі ашық жүйелерде түзілетін, пайда болатын және оларды қолдайтын өзқауым (тәрбиелейтін, дамытатын, басқаратын) процестердің аса маңызды ролін айқындайды.

И.Забузский еңбектерінде, әр түрлі мазмұнды есептерді шығаруда бірегей синергетикалық әдісті қолдану қажеттігі туралы қорытындыға келеді. Оның пікірінше, "Сызықты емес математикалық және физикалық есептерді шығаруға қолданатын синергетикалық әдісті, математикалық және физикалық мазмұнды теңдеулер

жүйесінде қойылатын, ақылға сиятын сұрақтардың шешімін алу үшін, кәдімгі сараптау мен сандық машиналы математиканы бірге пайдалану деп анықтауға болады"/3/.

Жалпы тұрғыда синергетика материяның эволюциялық проблемаларын қарастырумен және соған сәйкес, оның өзіндік қозғалысымен дамуының, ұйымдастырушылық және функционалдық аспектілерін зерттеумен айналысады. Бұл ғылымның әдіснамалық бағытының негізгі міндеті, табиғаты сан-алуан әр түрлі жүйелерде: физикалық, биологиялық, экономикалық және т.б. жүретін өзқауым процесстерінің негізін қалайтын, жалпы заңдылықтар мен ұстанымдарды танып - білу және оларды тағайындау болып табылады.

Аталған концепцияға сүйенетін оқытудың әдіс-тәсілдері, қазіргі білім беру процесінде қалыптасқан көзқарастар тұрғысынан қарағанда, өте бай мүмкіндіктерге ие. Өзқауым жүйелерді құрайтын элементтер жиынының, нәтижесінде макроскопиялық деңгейде құрылым және оның, соған сәйкес, атқаратын функциясы пайда болатын, бірлескен іс-қимылы, қаракеті зерттеледі. Екінші жағынан, мұндай жүйелерді басқарудың жалпы ұстанымдарын тағайындау үшін көптеген әртүрлі пәндердің бірлескен, үйлесімді іс-әрекеті қажет.

Синергетиканы зерттеуші ғалымдардың пікірінше, "синергетика идеяларын қолдану мүмкіндігінің үш варианты бар. Бірінші екеуі - классикалық, олар күрделі ашық термодинамикалық жүйелерді сипаттауда және синергетика қарастыратын, сызықты емес дифференциалдық теңдеулермен сипатталатын жүйелерді зерттеулерде пайдаланылады. Үшінші вариант - алдыңғы екі жағдайда сипатталған жүйелердің жалпы заңдылықтарын жаңа жүйені зерттеуге қолдануды жүзеге асырады. Жаңа жүйені зерттегенде алынған эмпирикалық материалдардың, алдыңғы екі жағдайда байқалған мінездік, сипаттамалық ерекшеліктерінің сәйкестігін ашып көрсету керек, себебі, бұл зерттелген жүйенің бұрынғы, синергетика сипаттаған жүйелермен бір топқа жататынын білдіреді.

Біздің жағдайда үшінші вариант орын алады деп санауға болады, өйткені, синергетика қарастыратын жүйелердің жалпы және негізгі қасиетінің бірі, олардың өздігінен реттелу қабілеті болып табылады. Өзқауым процесінің мәні мынада: жүйеге берілетін сыртқы әсер, қайсыбір шекті, критикалық мәннен артқан кезде, оның құрылымының күрделенуінде. Бұл кезде жүйеде жаңа құрылымдық элементтер пайда болады немесе ескі құрылымдар жаңа функциялар атқаратындай болып қайта түзіледі. Осыған байланысты, жүйенің атқаратын "жұмысының" тиімділігі, қоршаған ортаның өскелең талаптарын қанағаттандыратындай, жалпы түрде артады.

Өздігінен реттелу процесі жүйенің симметриялық дәрежесінің кемуімен органикалық байланыста болады. Басқаша сөзбен айтқанда, синергетика қарастыратын жүйелердің ең жалпы заңдылығы, шекті жағдайларда, критикалық нүктелерде оның құрылымының секірмелі сипатта күрделенуі болып табылады" /1/.

Кең мағынада, өзқауым теориясы - синергетика, қоршаған ортамен информациялар ағыны арқылы алмасатын жүйелерді зерттейді. Мұндай жүйелерге педагогика ғылымдарының зерттеу пәнін жатқызуға болады. Олай болса, бұл тұжырым, жоғарыда атап өтілгендей, синергетиканың жалпы заңдылықтарын педагогика мен оның салаларына көшірудің қажеттілігін сипаттайды және соның негізі болып табылады. Әрине, мұндай ауыстырулар синергетика идеялары тікелей қолданылған, классикалық ашық термодинамикалық жүйелерге жатпайтын ғылымдар мен объектілердегі (экономика, социология, экология), көшіру тәжірибелерін ескеруді қажет етеді. Сонымен, жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: материя және оның қозғалысының өзқауым теориясы қарастыратын жүйелердің жалпы заңдылықтарын педагогикалық және дидактикалық зерттеулерде кеңінен қолдануға, оларды жалпы педагогика ғылымына ауыстыруға болады, себебі, бұл педагогика зерттейтін объектілердің ерекшеліктерін есепке алатын, меншікті

абстракциялық модельдердің қалыптасуын ғылыми негізде әрі қарай дамытуды оңайлатуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде, материя және оның қозғалысының өзқауым теориясының әдіснамалық идеялары физикада, химияда, биологияда, әлеуметтік ғылымдарда кеңінен қолданылуда және бірнеше ғылым салаларының араласуымен жүргізіліп жатқан көптеген зерттеу жұмыстарының арқауы болып отыр. Өзқауым процестері, жоғары деңгейлі күрделілікке ие, өте көп элементтерден тұратын және олардың араларындағы байланыстар қатаң емес, ықтималдық сипаты бар ашық жүйелерде байқалады.

Өз қауым жүйелер құралатын элементтердің күйі мен құрылымы, қоршаған ортадағы өзгерістерге сәйкес қайта түзілуімен және оларда жаңа қасиеттердің, байланыстардың пайда болуымен анықталады, бірақ, сонымен қатар, ондай процестер белгілі мөлшерде егеменді және салыстырмалы тұрғыда сыртқы ортаға тәуелсіз болады. Бұл, атқаратын қызметі күрделі ашық жүйелерде, тұтас құрылымда, оларды құрайтын жеке бөліктердің сипаты мен дамуына әсер ететін, ерекше сипатқа ие басқару механизмдерінің болатынын білдіреді.

Материя мен оның қозғалысының өзқауым теориясы оқу-тәрбиелеу және даму процестерінде аса маңызды роль атқарады, себебі, ол тұлға құрылымының қайта түзілуіне жағдай жасайды және оқу-танымдық іс-әрекеттің жаңа субъектісінің пайда болуын қамтамасыз етеді. Жалпы түрде, жаңа түзілімдердің қалыптасуы оқу процесін реттеуші жаңа күйді және соған сәйкес құрылымды, тұлғаның дамуына тән ішкі сұраныстарына байланысты көзқарастар тұрғысында тиімді, жетілдірілген басқа құрылымдармен алмастырушы қызметін атқарады.

Біздің ойымызша, оқушыларға білім беру міндеттерін шешуде, пайда болатын және даму үстіндегі жаңа құрылымдарды нақты өмірде кездесетін өзқауым процестерінің жеке түрлері ретінде қарастыру керек сияқты. Жаратылыстанудағы классикалық дәстүрлі аналитикамен салыстырғанда, синтез немесе бірігу процестері басты роль атқаратын, жүйелілік ұстанымы мен синергетикалық заңдылықтар болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының сапасын аттыру мәселесін нақтылауға және оқытудың жаңа технологияларын қамтуға қатысты, оның мазмұнын сапалы тұрғыда өзгертуге мүмкіндік береді. Бұның өздігінен реттелу құбылысына сәйкес екендігі көрінеді, яғни, жүйеде бұрынғыдан өзгеше, оның жеке компоненттеріне тән емес, жаңа қасиеттер және қызмет атқару функциялары пайда болады.

А.А.Колесниковтың пікірінше, мәселені мұндай синергетикалық идеялардың негізінде қою толық тұрғыда "сыртқы күштердің әсерлеріне басты мән берілетін классикалық механика теориясына негізделмеген, керісінше, қазіргі физиканың, жүйені құрайтын элементтердің арасындағы өзара әсерлесуіне негізделген, іргелі идеяларымен сәйкес келеді, үйлеседі. Бұл өзара әсерлесулер динамикалық паттерндер - жүйе орналасқан барлық кеңістікті түгелдей тесіп өтетін, қоршаған өрістегі қайсыбір энергетикалық "топталулар" (аттракторлар) арқылы жүзеге асады. Осы паттерндер қарастырылған құбылыстардың динамикалық, өткінші табиғатын айқындайды. Жаңа паттерндер түзілу нәтижесінде таралатын энергия мөлшері неғұрлым көп болса, солғұрлым жүйені құрайтын компоненттердің арасындағы алмасу процестері тез және олардың өзара әсерлесуі күштірек жүреді" /9/.

Бүгінде, студенттердің қоршаған дүниені біртұтас эволюциялық процесс ретінде көруі және түсінуі аса көкейкесті мәселе. Бұл жөнінде Г.Хакен былай дейді: "синергетикалық әдістер, аса зор мөлшердегі жеке бөліктерден құралатын информацияны сығуға мүмкіндік береді, сонынан оны, сәйкес макроскопиялық жүйелердің қасиеттерін сипаттайтын және ашатын заңдар мен концепциялардың аз ғана санына айналдырады" /1/.

Жоғары педагогикалық шеберліктің, авторлық әдістемелердің мысалдары "синергетикалық әдісті қолданудың ең ұтымды үлгілері болып табылады, бірақ, мәселе

бірыңғай әдістеме құруда емес, мәселе оқытушыны, адам туралы ғылыми көзқарас негізінде, саналы түрде өзінің, тек қана өзіне тән әдістемесі мен стилін құруға үйрету болып табылады. Бұл жерде ең маңыздысы "білім берудегі жүйелілік ұстанымы емес, білім беру кеңістігіндегі субъектілердің өзін-өзі дамыту механизмдері мен динамикасын, демократия жағдайында білім беру ісін басқару мен білім беру кешендерінің инициативаларын, тұтас креативті жүйе ретіндегі білім беру мен тәрбиелеудің бірлігін есепке алу" болып табылады /11/.

Сондықтан, синергетикалық концепцияның "инженер, жаратылыс танушы және гуманитарлар үшін бір метатіл" деп аталғаны кездейсоқтық емес және соның негізінде, ғылыми танымдық процесінде жаңа қатынас орнатуға, жоғары білімнің, ғылымның және техниканың жеке салаларының арасында қалыптасқан, тағайындалған, арнайы және кәсіби терминдер түріндегі тосқауылдарды бұзуға болады /11/.

Педагогика теориясында, оқу-тәрбиелеу процесінде синергетикалық заңдылықтарды, оның әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігіне қатысты жұмыстар жариялана бастады. Бірақ, бұл аса маңызы бар істің практикалық жағы, яғни, синергетикалық идеяларды нақты әдістері мен нәтижелерін оқу-танымдық процестерде (мысалы, физика курсы оқыту процесінде) қолданудың әдістемелік жүйесін жасау жеткілікті дәрежеде қолға алынбай жатыр. Мысалы, В.Г.Виненко синергетика идеяларын педагогикалық практикада қолданудың уақыты жетті және оған толық мүмкіндік бар деп санайды. Оның пікірінше "негізінде өзқауым процесі жатқан бейберекеттік пен реттіліктің алмасуына сәйкес дамудың бифуркациялық механизмі, жалпы түрдегі жүйелерге тән әлемдік құрылымның әмбебап ұстанымы болып табылады" /5/

Әлемнің қазіргі даму сатысында, яғни, информация ағынының қарқынды артуы мен компьютерлендіру, күрделі әлеуметтік және табиғи процестерді және компьютерлік есептеу экспериментін математикалық модельдеудің табысты өркендеуі заманында, сызықтық ойлау мен сызықтық жуықтау үлгілеріне негізделген бұрынғы ескі әдістерді, модельдерді пайдалану дұрыс нәтиже бермейді. Себебі, олар модельдерді еш қисыны жоқ күрделендіруге итереді, оны сипаттайтын параметрлердің санын көбейтуге және соның бәрін ескеруге тырысады. Сонымен қатар, күрделі әлеуметтік процестерді модельдеуге мүмкіндік беретін бұрынғы әдіснамалық бағыттар келешектің бірімәнді еместігін, ондағы эволюциялық процестердің бүліну (детерминациялық) факторларын, эволюциялық процестердегі бейберекеттіктің конструктивтік сипаты мен тез жүретін процестердің күрделілікті дамытудағы ролін және көптеген басқа мәселелерді ескермейді.

Синергетика әлемдегі күрделі жүйелердің өздігінен даму процесін зерттейді. Синергетика әлемдік эволюцияның қазіргі кездегі парадигмасы бола тұра, дүниеде нақты не болып жатқанын немесе кейін не болатынын айта алмайды, бірақ, ол табиғи және әлеуметтік күрделі жүйелерде түзілетін процестерді болжауды және модельдеуді жүзеге асыратын ғылыми бағыттарды айқындап бере алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хакен Г. Информация и самоорганизация - М.: Мир, 1991.-240 с.
2. Пригожин И, Стеигерс И. Порядок из хаоса - М.: Прогресс 1986.-256 с.
3. Жаңабаев З.Ж, Ильясов Н, Темірқұлова Н.И. Бейсызық физика практикумы. Алматы: "Қазақ университеті", 2003.-123 б.
4. Жаңабаев З.Ж., Хмель Н.Д. Синергетическая сущность педагогического процесса. Поиск, 1996. №1. 61-64 с.
5. Виненко В.Г Синергетика в школе. М.: Педагогика, 1997. №2 - 55-60 с.
6. Жаңабаев З.Ж, Ильясов Н.И. Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі. Алматы, 2006. - 169 б.

7. Зорина А.Я. Отражение идей синергетики в содержании образования. // Педагогика, 1996. №4 -105-109 с.
8. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы: “Ғылым”, 1998-320 с.
9. Жаңабаев З.Ж, Ильясов Н.И. Синергетические методы контроля педагогической деятельности. Материалы МНПК. Астана - 2006. 242-246 с.
10. Шевелева С.С. К становлению синергетической модели образования. // Общественные науки и современность. 1997 125-133 с. Синергетика (сб. ст. Сост, Рязанов А.И . Суханов А.Д). – М.: Мир, 1984 – 248 с

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі ғылымның жаңа әдіснамалық бағыты-синергетиканың педагогикалық процесте қолдану мүмкіндіктері қарастырылады

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассматриваются возможности применения нового методологического направления науки – синергетики в педагогическом процессе.

БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ильясов Н.И. – доцент, Байқадамова Л.С.-оқытушы,
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Соңғы жылдары қоғамның ашықтығы мен ондағы қайта құрулар, еліміздің экономикасын дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Себебі, әлемнің жетекші елдері білім беру мақсатын, мазмұны мен технологияларын, оның нәтижесіне қарап бағалайды. Осыған байланысты, білім берудің негізгі мақсаты, оқушылар мен студенттердің алған білім, білік және дағдыларының негізінде, өзін-өзі дамытуға, мағлұматтарды өз бетінше табуға, талдауға және ұтымды пайдалануға, өз ісін дұрыс атқаруға үйрету болып табылады.

Бұл, әрине, жаңадан ашылып жатқан бағдарлы мектептер, лицейлер мен гимназияларда табысты жұмыс істей алатын іргелі білімі бар, жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, оның өзгермелі талаптарына бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары мұғалім кадрларын дайындауды керек етумен қабат, жаңа бағдарламалар құруды, жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды керек етеді. Осыған байланысты, өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап, болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының сапалық деңгейін көтеру мәселесіне арналған зерттеу жұмыстары көбейе бастады/ 1,2/

Әдістемелік дайындық, болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының ажырамас бөлігі болып табылады және оның кәсіби қызметінде атқаратын іс-әрекеттерінің әдістемелік аспектілеріне сәйкес, шешетін оқыту міндеттерінің ерекшеліктеріне байланысты, өзіндік маңызға ие. Мектепте өтілетін әрбір нақты пәнді (физика, математика, химия, астрономия және т.б.) оқытудың кез келген сатысында, шектес ғылыми білімдердің интеграциялануы мен әртүрлі педагогикалық ахуалдарда, оның арнайы міндеттерін, принциптерін, мазмұнын, формалары мен әдіс-тәсілдерін айқындау мен тағайындау арқылы оқытудың тиімді жолдарын талдау, анықтау және негіздеумен қамтамасыз ету әдістемелік дайындықтың басты функциялары болып

табылады. Бұл жерде, мұғалімнің кәсіби дайындығының әдістемелік аспектісінің міндеті оқыту жолдарын негіздеу және таңдаумен шектеліп қана емес, сонымен қатар, оқушыларды оқу-танымдық процестің сан-алуан әдіс-тәсілдеріне үйрету және олардың іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда ұйымдастыруды жүзеге асыру екендігін ескерте кетейік.

Студенттердің кәсіби-әдістемелік дайындығы мынадай негізгі компоненттерден: бағыттылық, сәйкес білім, білік пен дағдылардың жиыны, дамыған логикалық ой-өріс пен сана-сезім, тұлғаға тән қабілеттер мен қасиеттер, іс-әрекеттерді атқару тәжірибелерінен құралады. Осы аталған компоненттерді қалыптастыру мен дамыту болашақ мұғалімнің кәсіби-әдістемелік дайындаудың басты мақсатын құрайды.

Бұл мақсаттарды, қоғам мен заманның, кез келген қазіргі білім беру жүйесінің болашақ физика мұғалімінің шығармашылық потенциалын, мүмкіндігін қалыптастыру мен дамыту талаптарына сай дәлдеу және толықтыру, мұғалімді жоғарғы педагогикалық оқу орнында кәсіби-әдістемелік дайындаудың вариативтілігі тұрғысынан қарағанда да аса тиімді екендігі байқалады.

Оқыту заңдылықтарының негізін қарастыруда, біз оны жүзеге асырудың, білім беру жүйесінің әртүрлі сатыларына және оның негізгі міндеттеріне (оқу курсы, жеке тарауды өтудің әдістемесі, кәсіби дайындық дәрежесін дамыту жүйесі және т.б.) тәуелділігі ескерілетін, мынадай деңгейлерін бөлдік:

- оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың әдістері мен формалары;
- қарастырылатын оқу материалының құрылымы мен мазмұны;
- оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың құрылымдық сипаты;
- оқу курсының мақсаттары мен негізгі міндеттерінің құрылымы.

Қазіргі кезеңде, болашақ физика мұғалімінің кәсіби дайындау барысында, осы деңгейлер жүйесін жүзеге асыру, негізінен, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың әдістері мен формалары деңгейінде жүзеге асырылады. Бұл, әрине, мұғалімді кәсіби-әдістемелік дайындауды тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін объективті және субъективті факторлардың көп түрлілігін, көп жақтылығын есепке алуда жеткілікті емес. Мұғалімді теориялық және әдістемелік дайындау процестерінің интеграциялануы, оны кәсіби іс-әрекетке дайындаудың вариативтілігін, жоғарыда аталған деңгейлердің барлығында жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық оқу орындарында болашақ физика мұғалімінің кәсіби дайындығының трансформациялануын, философиялық, педагогикалық және психологиялық идеялар мен заңдылықтардың негізінде іске асыратын, басты педагогикалық құралдар мыналар болып табылады:

- болашақ физика мұғалімін кәсіби-әдістемелік дайындауда, оның оқу - танымдық іс-әрекетінің циклдік принципін жүзеге асыру;
- оқу мазмұнына, физика мұғалімінің кәсіби қызметке дайындығын қамтамасыз ететін, әдіснамалық білімдер мен біліктерді енгізу;
- арнайы және әдістемелік пәндердің құрылымын анықтауда, теориялық және кәсіби-әдістемелік білім, біліктер мен дағдылардың сатылығы мен қалыптасу мерзімін, оқу курсының қатаң сызықты құрылуына жол бермейтін, оқу материалының маңыздылығы мен күрделілігінің біртіндеп артып отыруын қамтамасыз етілуін ескеру;
- оқытудың әрбір сатысының міндеттерін айқындау және оны орындау арқылы болашақ мұғалімдердің аналитикалық, шығармашылық және рефлексивтік қабілеттерінің дамуын қамтамасыз ету.

Сонымен, философиялық, психологиялық, педагогикалық арнайы және әдістемелік жұмыстар мен әдебиеттерге жан-жақты жүргізілген талдау мен сараптаулардың нәтижесінде, жоғары кәсіби білім берудің педагогикалық теориялары мен концепциялары әдіснаманың қазіргі жалпы ғылыми деңгейінде жүйелілік, қарқынды және тұлғалық келістерге негізделетіні айқындалды. Оқытудың нақты

концепцияларын тағайындау (әдіснаманың дербес ғылымилық деңгейі) осы келістердің өзара әсерлесу дәрежесімен, қатынастарымен, соның ішінде, айрықша, мақсаттарымен анықталатыны байқалды.

Физика мұғалімінің кәсіби-әдістемелік дайындығын жүзеге асыру осы келістердің жетекші, бір-бірін өзара толықтыратын идеяларын пайдалануға; студенттердің белсенділігі мен дербестігін өзіндік жұмыста қолданылатын әдіс-тәсілдердің негізінде дамытуға; оқу материалының мазмұнын беруді және оны ұйымдастыру формаларын таңдауды ғылыми негізде жүзеге асыру есебінен студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін, олардың келешек мектепте атқаратын кәсіби қызметіне адекватты ұйымдастыруға; болашақ физика мұғалімінің кәсіби бағытталуын анықтайтын және жүзеге асыратын мотивациялық шеңберін кеңітуге негізделеді.

Болашақ физика мұғалімін кәсіби дайындауда, бұл идеяларды жүзеге асырудың негізгі шарты ретінде, студенттердің белсенді әрі жемісті оқу-танымдық, шығармашылық іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ететін, оқу-танымдық және әдістемелік тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін құру, теориялық білімдерін кеңейтуді мақсат тұтатын, оларды еркін қолдануға үйрететін арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру саналады. Әрине, осының негізінде оқытудың дифференциалдық және жекелендіру формалары мен түрлері қамтамасыз етіледі. Қазіргі кезде, қоғам мен заманға лайық физика мұғалімін дайындаудың тиімділігін арттырудың жолдарын тағайындау, құралдарын анықтау жоғары оқу орындарының оқытушыларының практикасында да жүзеге асырыла бастады. Еліміздің әртүрлі аймақтарында өтіп жатқан республикалық, халықаралық конференциялардағы физика пәнінің мазмұнына, физиканы оқыту әдістемесіне арналған материалдарға жасалған талдаулар мен талқылаулар, осы аталған мәселелерді шешудің негізгі бағыттарының қатарына мыналар кіретінін көрсетті: оқу материалының теориялық жалпылануын арттыру; студенттерді келешек кәсіби қызметіне қажетті әдіс-тәсілдерді еркін қолдануға үйрету; студенттерде арнайы және әдістемелік пәндердің материалдары мен зерттеу әдістерін құрылымдық тұрғыда жүйелеу біліктерін қалыптастыру.

Осы аталған талаптарға сәйкес, болашақ физика мұғалімінің кәсіби қызметке дайындық деңгейін дамытудың әдістемелік жүйесі өзінің құрылымы, функциясы және құралатын элементтерінің функциялары мен өзара байланыстары арқылы сипатталады. Педагогикалық университеттер мен институттарда болашақ физика мұғалімін кәсіби қызметке дайындаудың әдістемелік құраушысының жетекші функцияларының қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- болашақ физика мұғалімінде кәсіби қызметіне ізденімпаздық, шығармашылық көзқарас қалыптастыру (мотивациялық-құндылық функциясы);

- физика мұғалімінде өзінің кәсіби қызметін тиімді, әрі табысты атқаруға қажетті іргелі теориялық, кәсіби-әдістемелік және әдіснамалық білімдер мен біліктер комплексін, жиынын қалыптастыру (оқыту, бақылау және әдіснамалық функциялар);

- болашақ физика мұғалімінің сана-сезімін, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру (дүниетанымдық функция);

- физика мұғалімінің, іздену-эвристикалық, оқу-зерттеу деңгейлеріндегі, практикалық кәсіби іс-әрекет, қызмет тәжірибесін қалыптастыру (кәсіби- практикалық функция).

Осыларға сәйкес физика мұғалімін кәсіби қызметке дайындаудың әдістемелік жүйесінің құрылымы, шартты түрде, мынадай негізгі үш компоненттен: мақсаттардан; құралдардан және алынған нәтижелерден құралуы тиіс.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика мұғалімін кәсіби-әдістемелік дайындау жүйесінің мақсаттары, олардың иерархиялық құрылымын бейнелейтін, компоненттік құраушылары мен өзара байланыстары тұрғысынан ашылуы тиіс. Мақсаттардың құрамын анықтауда, іс-әрекеттік келістің талаптары жетекші деп саналып, қалыптасатын іс-әрекеттердің терминдері арқылы

тұжырымдалуы тиіс. Бұл кезде, мақсаттардың амалдық компоненттері ретінде физика мұғалімінің теориялық, кәсіби-әдістемелік дайындықтарының элементтері алынады. Бірақ, іс-әрекеттердің жеке элементтерін жүзеге асыру белгілі білімдер мен біліктер жиынын игеруді талап ететіндіктен, олардың тізімі іс-әрекеттердің түрлері мен элементтерін нақтылайды.

Тұлғалық келіс тұрғысынан, адамның бойындағы бұрыннан қалыптасқан рухани және мәдени-құндылықтарды есепке алмай, кез - келген іс-әрекетті орындау мүмкін емес. Сондықтан, мақсаттардың амалдық комплексі, жиыны тұлғада сапалық қасиеттер қалыптастыру мақсаттарымен; бағыттылық; логика; ойлау; сана-сезім және т.б. толықтырылуы керек. Осы аталған талаптар, педагогикалық университеттер мен институттарда болашақ физика мұғалімін кәсіби қызметке дайындаудың әдістемелік жүйесіндегі мақсаттар компонентін құруда жүзеге асырылады. Ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің негізгі міндеті, оқушыларды физика пәнінің мазмұны мен құралдары арқылы оқыту, тәрбиелеу мен дамыту болғандықтан, мақсаттардың амалдық құрамы болашақ мұғалімдердің кәсіби-әдістемелік іс-әрекеттерінің сан-алуан элементтеріне сәйкес және оларды ғылыми негізде ұйымдастырудың мүмкіндіктерін ескеру арқылы анықталды.

Кәсіби-әдістемелік іс-әрекеттердің элементтері мұғалім, оқушы және информацияның арасындағы өзара әсерлесулердің мүмкін болатын түрлерімен анықталады. Бұл жерде физика мұғалімінің келешекте атқаратын қызметінің мынадай негізгі түрлері: оқу-әдістемелік жұмысы, оқушылардың танымдық, ізденімпаздық іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда ұйымдастыруға бағытталған және өз бетінше білімін толықтыруы мен өзіндік оқу-зерттеу жұмыстары қарастырылуы тиіс.

Физика мұғалімінің кәсіби қызметке дайындығын дамытудың әдістемелік жүйесінің негізгі мақсаттарының амалдың компоненттерінің құрамына, оларға өзінің ұстаздық қызметін жемісті атқаруға қажетті физикалық білімдер мен біліктер; физика сабақтарын және оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарының сан алуан түрлерін еркін қолдануды жүзеге асыруды және оны әдістемелік негізде дайындауды игеруін қамтамасыз ететін, оқу-әдістемелік білімдер мен біліктер жиыны; физиканы оқытудың көп функционалды арнайы құралдары (физикалық оқу эксперименті, физикалық есептерді шығару әдістері, оқушылардың оқу-танымдық, ізденімпаздық және шығармашылық іс-әрекеттерге жұмылдырудың әдіс-тәсілдері, жолдары және т.б.); физика мұғаліміне өз пәнінің материалдық базасын құруы мен дамытуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұйымдастыру-әдістемелік біліктері мен дағдылар жиыны; мұғалімге, оқушыларды физиканы оқыту процесінде өз жұмысының нәтижелеріне сай адекватты сезінуін қамтамасыз ететін оқу-танымдық және шығармашылық білімдер мен біліктер; оқытудың әдістерін, тәсілдері мен құралдарын ғылыми негізде жетілдіріп отыру және оқу процесінде туындаған түрлі ахуалдарда оларды сауатты қолдануға мүмкіндік беретін арнайы біліктер енгізілді.

Ғылыми және практикалық маңызы жоғары жалпы психологиялық-педагогикалық теорияларда, оқытуды ұйымдастыру мен басқарудың негізі болып табылатын, күрделі динамикалық жүйелердегі процестер мен күйлерді оптимизациялау және реттеу идеялары жүзеге асырылады.

Біз, өз зерттеу пәнімізге байланысты, студенттерді оқушылардың оқу-танымдық және әдістемелік біліктерін қалыптастыруға дайындау мәселесін қарастырайық. Мысалы, оқу процесінде студенттер физикалық білімін толықтырумен қабат, оны игерудің тиімді тәсілдерін меңгеруі қажет. Бұл, көптен бері зерттелініп келе жатқан мәселе және көп жағдайда, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырумен тығыз байланыста қарастырылады. Әрине, бұл біліктер оқытушының келешек қызметінде ауадай қажет, себебі, заман талабына сай, студенттердің кәсіби дайындауда, оларды тұтылатын еңбек әлемінде, ғылымда, техникада және экономикада қандай өзгерістер мен ағымдар туып жатқанын ескеріліп отыруы тиіс. Осыған сәйкес, жоғары оқу

орындарында өзінің келешек кәсіби қызметіне және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тез бейімделетін, өздігінен білімін толықтыра алатын, өзін-өзі дамытатын, өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын сапалы мамандар дайындалуы қажет. Олай болса, болашақ мұғалімді дайындауда, оның іргелі теориялық және әдістемелік дайындығына басты назар аударылып, ұстаздық қызметтің шығармашылық сипаты ескерілуі керек /3/

Физикалық білім берудің барлық түрлерінде мысалы, лабораториялық жұмыстарды орындауда студенттердің қаракеті мазмұнды-практикалық және кәсіби іс-қимылдардан құралады. Сабақ барысында студенттер білімін бекітумен, толықтырумен қатар өздерінің іс-әрекетін саналы, бағытты түрде ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін (байқау, өлшеу, эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу, талқылау, қорытынды жасау және т.б.) бірінен соң бірі жалғасып келетін іс-қимылдар арқылы игереді, солардың негізінде, зерттелетін құбылыс туралы мәлімет алады, мақсатқа жеткізетін көп жолдың ішінен тиімдісін анықтайды. Іс-әрекет жасаудың осындай микротәсілдері, студенттің кәсіби дайындық деңгейін дамытудың қажетті элементтері түрінде қалыптасады. Сонымен қатар, практикум кезіндегі студенттің оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігі, оның мұғаліммен, топтағы студенттермен, лаборанттармен пікір алмасуларының сапасымен де анықталады.

Біздің зерттеу проблемамыз, мұғалімді кәсіби даярлау процесіндегі орнын анықтау үшін, психологиялық дайындықтың барлық түрін, ескеруді талап етеді. Сонымен қатар, психология ғылымының, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайындық күйінің пайда болуы мен даму шарттарына қоятын талаптарын білу де өте маңызды.

Ғалымдардың пікірінше мұғалімнің кәсіби дайындық күйінің пайда болуы мен қалыптасуы, оның кәсіптік қызметтің міндеттерін, жауапкершілігін саналы түсінуімен және осы бағытта табысқа жету ынтасымен анықталады. Оқу процесінде, соңынан, келешек еңбектену жолында кәсіби дайындықтың атқаратын функциясының кеңеюі мен сапалық тұрғыда дамуын оқытудың, жұмыс істеудің шарттары және міндеттері ғана емес, сонымен қабат, тұлғаның қабілеттері, қасиеттері, тәжірибесі мен мотивтері анықтайды.

Олай болса, болашақ физика мұғалімінде кәсіби іс-әрекетті орындауға дайындықты қалыптастыруды, оған мақсатты түрде, өзара байланысқан әсер етулер арқылы жетуге болады. Ол үшін:

- белсенді тәрбиелік жұмыстар жүргізу арқылы, олардың кәсіби қызметіне қызығушылығын арттыру, мотивациясын тудыру;
- пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру арқылы кәсіптік міндеттердің шарттары мен мазмұнын айқындайтын білімдер жүйесін құру;
- сөзбен және көрнекті құралдармен келешек қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру;
- студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыру мен жаттығуларды пайдалану негізінде, оларды қажетті біліктер және дағдылармен қаруландыру;
- студенттердің келешек қызметіне өзін-өзі дайындауын қадағалау, икемдеу.

Кәсіби даярлауды ұйымдастыруда студенттерде оқуға, білімге деген оң көзқарас қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізетін шарттарды (игерілген білімнің теориялық және практикалық маңыздылығы мен оқытудың жақын және қашық мақсаттарын түсіну, оқу материалының жаңалығы мен мазмұнын біртіндеп өсіріп отыру, информациялық танымдық қарама-қайшылықтары бар ахуалдар, проблемалық мәселелер тудыру және т.б.) жүзеге асыру маңызды роль атқарады / 4 /

Біз, студенттердің кәсіби дайындығын қалыптастыруға арналған жұмыстарымызда, оқытудың іс-әрекеттік келісінің негізінде ұйымдастырылатын, олардың танымдық, ізденімпаздық, шығармашылық және әдістемелік іс-әрекеттеріне

басты назар аудардық. Әрине, бұлар болашақ физика мұғалімінің келешекте атқаратын іс-әрекеттеріне адекватты болатындай таңдалуы керек.

Студенттердің жоғарыда келтірілген іс-әрекеттерді игеруі, оқытушының тікелей басшылығымен жүзеге асырылады. Мысалы, Н.В.Талызина /5/ осы мәселелерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, студенттердің, оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру жолдарын анықтады. Егер іс-әрекет бұрын әлеуметтік тәжірибеде қолданылмаған (объектіленбеген) болса, оны объектілеудің бірнеше жолдары болады:

1. Теориялық-эксперименттік жол. Бұл жол, шешілетін мәселеге (ахуалға) ұқсас мәселелерді теориялық талдаулар мен оқыту практикасында туындайтын қиындықтарға анализ жасау негізінде, модель құрудан басталады. Оқытудың келесі сатыларында құрылған модель дәлденеді.

2. Осындай есептерді, мәселелерді шешу барысындағы алдыңғы қатарлы оқушылардың іс-әрекеттерінде туындаған қиындықтарды талқылау мен талдау.

3. Психологиялық талдау арқылы, бұрын шешілген, ұсынылғанға ұқсас ахуалдарды шешудің тиімді жолдарын анықтау.

Оқу процесін басқару концепциясының жетекші қағидалары ретінде мыналарды алуға болады:

1. Оқу, оқушыда оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарынан туындайтын сапалық қасиеттер мен қабілеттерді дамытуды жүзеге асыратын, жеке және коллектив атқаратын іс-әрекеттердің сан алуан түрлерінің жүйесі;

2. Дәстүрлі оқытуда басқару негізінен іс-қимылдардың параметрлері арқылы, яғни, оқушыға белгілі іс-қимылдар жүйесін беру жолымен іске асырылды. Қазіргі кезеңде, психологиялық тұрғыда дұрыс басқару деп білім алушының іс-әрекеттік мұқтажын, мотивтері мен мақсаттарын өтейтін дамыту шарттарын құру мен мүмкіндіктерін жасауды айтады;

3. Оқу процесінде, оқытушымен немесе оқытушы жүйемен құрылған, оқушы атқаратын іс-қимылдардың тізбелілігі қатаң сақталуы тиіс. Бұл тізбектілік білім алушымен неғұрлым көп анықталса, басқару соғұрлым икемді болады.

4. Басқарудың тұлғалық дәрежесі деп білім алушының оқытудың мақсаттылығы мен оқу процесіндегі өзінің іс-әрекетін құрудағы дербестік дәрежесі аталады.

5. Оқушының дамуы ең тиімді жүретін оқу, оны қиындық шегінде оқыту. Сондықтан, оқу процесін басқаруда оқушының ішкі потенциалы мен мүмкіндігіне сүйену керек.

6. Оқытуды (оқытушының іс-әрекеті) басқару жүйесінің негізіне оқушының іс-әрекетінің прогностикалық моделі қойылуы қажет.

Біз, болашақ физика мұғалімдерінің жоғарғы оқу орнындағы оқу-танымдық іс-әрекеттерінің мынадай: репродуктивтік (студент әртүрлі физикалық және оқыту-тәрбиелеу мәселелерін қарастыруға арналған оқу-танымдық, әдістемелік тапсырмаларды орындауға ықылас білдірмейді, талаптанбайды, олардың физикалық құбылыстарды, теориялар мен заңдарды түсінудегі немесе оқу процесін ұйымдастырудағы маңыздылығын түсінбейді); информациялық - репродуктивтік (студент оқу-танымдық, әдістемелік тапсырмаларды ішінара орындайды, бірақ олардың мәнін жеткілікті дәрежеде түсінбейді, психологиялық-педагогикалық және физикалық білімдерін жүйелі толықтырмайды, оқу-танымдық әдіс-тәсілдерді, білімі мен біліктерін қарапайым мәселелерді шешуде ғана қолдана алады); іздену-эвристикалық (студент берілген физикалық, әдістемелік тапсырмаларды орындайды, физикалық және педагогикалық құбылыстарды дұрыс түсінеді, бірақ игерген білімдерін, біліктері мен дағдыларын оқушыларды дамытуда жеткілікті дәрежеде еркін қолдана алмайды); оқу-зерттеу (студент өз бетінше білімін, білік-дағдыларын кеңейтіп және толықтырып отырады, оларды кез келген мәселелерді шешуде қолдана алады,

білім алудың жаңа технологияларын игеруге тырысады) деңгейлері болады деп санаймыз.

Физика мұғалімінің кәсіби дайындығының қалыптасу динамикасын, студенттердің репродуктивтік және шығармашылық іс-әрекеттерінің ара қатынасын зерттеу негізінде талдау, олардың кәсіби қабілеттерін дамытуды тиімді, нәтижелі технологияларын айқындауға мүмкіндік берді. Біз, студенттердің кәсіби дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді (даму деңгейі, нақты кәсіби міндеттер мен мәселелерді табысты шешу мүмкіндігі, жоғары педагогикалық мектепте білім алуда кәсіби дербестікке жетуі, келешек кәсіби қызметіне бейімделу процесі және басқалары) болашақ физика мұғалімінің кәсіби даярлаудың сапасын көтеруді болжауға болады. Олардың оқу-танымдық, кәсіби-әдістемелік іс-әрекеттерін мақсатты, жоспарлы ұйымдастыруға және қолданылатын технологиялардың тиімділігін анықтау үшін пайдаландық.

Физика мұғалімінің кәсіби дайындығының белгі-шарттарын тағайындау проблемасы арнайы пәндер мен оның әдістемесін оқыту процесін оптимизациялаумен тығыз байланысты.

Мұнда күрделі динамикалық жүйелерде байқалатын өздігінен реттелу процесін, яғни, синергетикалық заңдылықтарды пайдалану жақсы нәтижелерге әкелуі тиіс.

Педагогикалық жүйеде жүретін процестердің кішігірім өзгерісі күтпеген күрделі жағдайлар тудыруы мүмкін. Бұндай ахуалдар оқушылардың іс-әрекетін басқаруда үнемі кездеседі. Екінші жағынан, жүйедегі осы өзгерістер, оны орнықты ұстау үшін қандай күйді таңдау қажеттігі жөнінде белгілі информация берді. Демек, оқу-процесінде туындаған ахуал, кез келген уақыт мезетінде, оны құрайтын элементтердің өзара әсерлесуімен анықталатын, егеменді процесс ретінде қарастырылады. Бұл болашақ мұғалімде жаңа білімдер мен біліктер қалыптастырады, оның жаңа сапалық күйге ауысуын қамтамасыз етеді, кәсіби-әдістемелік дайындығын дамытады.

Іс-әрекеттің белсенді түрлендіруші сипатының ықпалынан педагогикалық процестің жекелеген элементтерінің өзара ұйымдасқан, үйлескен қимылдарының нәтижесінде, жүйеде бұрынғы байланыстардың қайта құрылуы мен жаңа байланыстардың түзілу процесі жүреді. Бұлар тізбекті түрде жаңа құрылымдардың пайда болуына әкеледі. Студенттің жоғары үйлесімді, когерентті іс-қимылы педагогикалық жүйені құрайтын жеке элементтердің өзара іс-әрекеттермен, оның әртүрлі иерархиялық деңгейлерінің арасында сақталған, өңделген, берілген, түрленген және қабылданған информация алмасулардың негізінде жүзеге асады. Шын мәнінде, күрделі ашық жүйелерде информациялық деңгейлер иерархиясы орын алады. Бұл кезде педагогикалық жүйе дами отырып әртүрлі күйлерде бола алады, олай болса, оның субъектілеріне қандай күйді таңдау қажеттігі туралы информация керек. Олай болса, жүйенің әрі қарай даму қарқынының артуы мен баяулауы оны қабылдау сапасына тығыз байланысты. Кәсіби іс-әрекеттер кезінде жүйелердің немесе оларды құрайтын элементтердің арасында жүретін информациялар элеуметтік маңызды ерекше функционалдық қасиетке ие. Себебі, ол субъектінің дамуында, тұлға болып қалыптасуында, өзін-өзі басқаруы мен жетілуінде үлкен роль атқарады.

Студенттің ой-өрісі кеңейген сайын, кәсіби дайындығы артқан сайын, оның алдында, бірнеше жолдың қиылысында тұрған саяхатшы сияқты, әртүрлі мүмкіндіктер тұрады. Бұл кезде, олардың екеуін де бифуркациялық нүктеде тұр деп айтады. Мысалы, студенттің табысқа жетуі, оның өзіне қандай міндет қойғанына байланысты.

Субъект игерген білімін өзінің бұрынғы тәжірибесімен салыстырады, оның ерекшеліктерін есепке ала отырып пайдаланады, жаңа білім құрудың құралы ретінде немесе басқа жаңа білім алуды қамтамасыз ететіндей түрлендіреді. Бұл жағдай көп рет қайталанатын, соған сәйкес, бифуркацияларда пайда болып отырады. Нақты айтқанда, барлық кезеңде екі стационар күй: білім мен білімсіздік бір мезгілде қатар пайда болып

отырады. Осы күйлердің бірі тандалса бастапқы информация екі еселеніп отырады, яғни, шешім қабылданған мезетте алғашқы бірмәнсіздік (білімсіздік) жойылады.

Ғылымының жаңа әдіснамалық бағыты синергетиканың заңдылықтарын талдау арқылы Князев Е.Н., Курдюмов С.П., Мукушов Б.А. сызықты ойлау шекті жағдайларда ғана дұрыс нәтиже беретініне назар аударады /6,7/

Бұрындары сызықты ойлау жаратылыстану ғылымдарында, экономикада, саясатта көп жағдайларда, жақсы нәтижелерге әкелмегені белгілі. Сондықтан қазіргі кезеңде, классикалық ғылымға тән, бірмәнділік пен сызықты ойлаудан, күрделілік пен ашық жүйелер туралы білімімізді дамытатын көпөлшемді, көпмәнді және сызықты емес ойлауға көшу байқалады. Барлық материалдық объектілер мен жүйелерде байқалатын өздігінен реттелу процесінің заңдылықтарын ашық жүйе ретінде, педагогика ғылымында да қолдануға болады. Тепе-теңдікте қашық ашық жүйелерді зерттеу әдістері, күрделі мінезге ие, сәйкес элементтерінің даму заңдылықтары сызықты емес болып табылатын, педагогикалық процестің қызметін түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеу жұмысының негіздеуге арналған философиялық-әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық талдау, бізге болашақ физика мұғалімінің кәсіби дайындығын дамытудың құрылымын, құралдары мен мазмұнын анықтауға, оған қойылатын талаптарды тағайындауға және соның негізінде, оның әдістемелік жүйесін құруға сонымен қатар, студент-физиктердің кәсіби қызметке дамыту мен қалыптастырудың технологияларын таңдауға және оның белгі-шарттарын айқындауға мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Земцова В.И. Формирование методической готовности учителя в педагогическом вузе. (В сб подготовка кадров в педагогическом институте). Орск: 1993. 143 – 148 с.
2. Ивахнова М.Л, Есенова М.И, Ильясов Н.И. Совершенствование дидактической подготовки учителя в процессе изучения спецпредметов. Методические пособие. Алматы: КазПИ им. Абая, 1989. – 102 с.
3. Жаңабаев З. Ж, Ильясов Н.И, Тынтаева Ш.Б. Физиканы оқыту теориясы және әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: 2006. – 169 б.
4. Ильясов Н.И., Есенова М.И. Педагогические требование к системе познавательной - поисковых задач и заданий для подготовки студентов к профессиональной деятельности / В. Сб. Проблемы формирования проффиционального мастерства учителя. Алма – Ата: КазПИ им. Абая, 1985. 132 – 140с.
5. Тальзина Н.Ф. Теория поэтапного формирования умственных действий и проблема развития мышления // Сов. педагогика 1962. – 15-22 с.
6. Князева, Курдюмов С.Л. Синергетика как новое мировидение. // Вопросы философии, 1992 № 2 3-20 с.
7. Жаңабаев З.Ж, Мукушев Б.А Синергетика в педагогике. Алматы: 2002 – 128 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада педагогикалық университетінің оқу процесінде болашақ физика мұғалімінің кәсіби-әдістемелік дайындығын жетілдіру мәселелері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассматриваются возможности совершенствования профессионально-методической подготовки будущего учителя физики в учебном процессе педагогических университетов

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ - ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Иманбаева С.Т. - п.ғ.д., доцент, Өмірбаева Г.Ш. - доцент м.а.
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еліміз егемендік алуымен байланысты және қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие беру мәселелері жаңа санатқа ие болды. Патриотизм – жеке тұлғаның “табиғат-адам-қоғам” жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Сондықтан да патриотизмді философиялық категориялар тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда патриотизм адамның табиғатпен үйлесе дамуының басты факторы, адамдармен қарым-қатынасының құралы, қоғам дамуының дәйекті әсер ететін себеп-салдар болып табылады. Осыған орай патриотизмнің мәні мен патриоттық тәрбиенің мазмұны “мәдениет – тарих – білім” деп аталатын қоғам дамуының макропарадигмалы логикасы арқылы дамиды.

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында оқушыларға патриоттық тәрбиенің философиялық және педагогикалық-психологиялық негіздерін айқындауда әлеумет, әлеуметтік кеңістік, әлеуметтік даму, тұлғаны әлеуметтендіру мәселелері бойынша ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, теориялық негіздерін айқындадық.

Философ – ғалым Р.Әбсаттаров «Мемлекеттің әлеуметтік тұрғыда дамуы құқықтық мемлекет құру принциптерінің рөлін төмендетпейді», - деп атай келе, әлеуметтік мемлекеттің мәнін терең түсіну үшін негізгі белгілеріне тоқталады;

- бірінші белгісіне - әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы құқықтық табиғаты, мемлекеттің әлеуметтік процестерді бақылау және бағыттау міндеті жатады;
- екінші - әлеуметтік сақтандыру жүйесінің жасақталуын айтуға болады;
- үшінші - бюджеттік - әлеуметтік төлемдер;
- төртінші - әлеуметтік қамсыздандыруды, жұмыспен және мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік жүйенің болуы саяды;
- бесінші - қоғамның әрбір мүшесіне мемлекеттің әлеуметтік қолдау көрсетуі жатады;

- алтыншы - өз азаматтарының әл-ауқатының жоғары деңгейі үшін, жауапкершілігін арттырумен сабақтасқан»/1,30/. Жоғарыдағы айқындалған белгілерден әлеуметтік даму үрдісінде азаматтардың өмір сүруіне лайықты жағдаймен қамтамасыз етуге, әлеуметтік жағдайының қорғалуына, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, т.б. бағытталады.

«Әлеуметтену ұғымы дәстүрлі «білім» және «тәрбие» ұғымдарымен салыстырғанда кең ауқымды, терең мағыналы ұғым. Білім белгілі бір білім жиынтығын беруді көздейді. Тәрбие мақсатты, саналы түрде жоспарланған әрекеттер жүйесі ретінде түсіндірледі, оның мақсаты – балада белгілі бір тұлғалық сапаларды және мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру. Әлеуметтендіру өзіне білім беруді де және тәрбиені де қосып алады, сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін ешкім жоспарламаған тосын жағдайларды да, стихиялық жиынтығын да, әлеуметтік топтарға индивидтердің ену процесін де қамтиды», - деген тұжырымнан бүгінгі даму үрдісінде тұлғаны әлеуметтендіру негізгі орын алатынын байқаймыз, әлеуметтендіру ұғымы бұл индивидтің қоғамдық өмірге қатысуына тартатын, мәдениетті түсінуге және әлеуметтік ортада, ұжымда өзін - өзі ұстау дағдысына үйрететін, өзін баянды ете түсетін және әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындаттыратын жалпы ортаның ықпалы» /1,32 б./.

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие беруде қоғамның даму заңын негізге аламыз. «Даму заңы – бұл әлеуметтік – саяси өмірдің бір күйден екінші күйге өту заңы, сапалық өзгерістер заңы. Бұлар әлеуметтік – саяси

құбылыстар байланыстарының себебін ашады, өзгерістердің бағытын, факторлары мен формаларын анықтайды» / 1,36 б./

"Әлеуметтік кеңістік – күн сайын баланың алдында қимыл, іс- әрекет, мінез-құлық ретінде немесе ерекше заттар, интерьер, ғимрат, көлік т.б. ұғымдар бейнесінде келген әлеуметтік қатынастардың алуан түрлігі", - деп әлеуметтік қатынастардың түрлілігі дәстүрде, моральдық құндылықтарда, өнерде, ой-санада, ғылымда бекітілген тарихи тәжірибені қамтиды деп атап көрсетеді педагог-ғалым И.П.Подласый /2/. Әлеуметтік кеңістікте тәрбиені жүзеге асыру – бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа көшіп жүретін баланың бүкіл өмір салаларын мойындап, қазіргі мәдениеттің жоғары жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт беретін ортақ тәрбиелік пікірге жол көрсету.

Ал, Д.И.Грядовойдың тұжырымы бойынша “Әлеуметтік кеңістік әлеуметтік болмыстың формасы” ретінде төмендегі мәселені қамтиды:

- атрибуттық өмір сүру формасы және әлеуметтік ұйымдастырылған материяның дамуы (қоғам);

- әртүрлі әлеуметтік формалардың, әлеуметтік болмыстың түрлі қырларының өзара әрекеттесуі;

- әлеуметтік кеңістіктің ұзақтығы, тығыздығы және қоғамдық форма құрылымының қозғалысы” /3, 43/.

Біз мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруде тұтастай әлеуметтік кеңістікті қарастырдық. Б.Момышұлының “Соғыс психологиясы” /4/ еңбегінде патриотизм берген тұжырымы бойынша, әлеуметтік уақыттан, яғни тарихтың өткенін, бүгінін және болашағын өзара кіріктіру арқылы іске асырылады деген тұжырымын негізге алдық.

Әлеуметтік жүйе – адамның және әлеуметтік топтардың қатысуымен реттелетін көптүрлі қоғамдық қатынастардың тұтастығын өздігінен басқару (Д.И.Грядовой бойынша). Әлеуметтік жүйе өте күрделі және иерархиялық сипатымен, сапалардың кіріктірілуімен ерекшеленеді. (Кесте 1).

Кесте 1 - Тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі әлеуметтік жүйесі

<i>Әлеуметтік-құрылымдық компонент</i>	<i>Әлеуметтік жүйенің негізгі белгілері</i>	<i>Әлеуметтік жүйенің негізгі функциялары</i>
1	2	3
Субъектілік – іс-әрекет (іс-әрекет субъектісінен: индивид, индивидтердің топтасуы (этнос, әлеуметтік тап, ұжым, отбасы, т.б.).	Иерархиялық және күрделі сипаты	Жүйені сақтау функциясы
Қызметтік құрылымның іс-әрекет айналымы (іс-әрекет барысында: тәрбие, білім, ғылым, басқару, қорғаныс, денсаулықсақтау, өнер, т.б.).	Әлеуметтік жүйенің эмбебаб құрылымы – адам.	Жүйені жетілдіру функциясы
Әлеуметтік-мәдени құрылымның іс-әрекет айналымы (іс-әрекет механизмі: әлеуметтік – психологиялық ырымдар мен дәстүрлер, қоғамдық мекемелер, материалдық өндіріс құралдары, т.б.).	Әлеуметтік жүйе сапалардың кіріктірілуімен сипатталады.	Жүйені дамыту функциясы

1	2	3
Әлеуметтік – құрылымның субъектілік сипатты: (этникалық, аймақтық, таптық, кәсіптік, т.б.).	Өзін-өзі басқару	Жүйені басқару функциясы

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылғы жолдауларын зерделей келе Қазақстандағы әлеуметтік жағдайлар жылдан – жылға дамып отырғанын көреміз: ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік білім жүйесімен кіріктірілуі, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету, денсаулық мәселесі, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы, қазақ халқының моральдық және рухани құндылықтарын одан ары дамытуға, т.б./5/.

XX ғасырдың басында ұлттық патриотизмнің негізін салушы ғалым-ағартушылардың бірі М.Жұмабаев “Тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі - әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі - әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты”, - қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады /6, 15б./.

Осыдан бір ғасыр бұрын жазылған тұжырым XXI ғасыр қоғамын қалыптастыруда негізгі мұрат болып табылады. «... әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп ұлттық тәрбиеге аса мән береді /6, 16-17 бб./.

Расында да, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық салт-дәстүрге, халықтық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады.

“Патриотизм“ ұғымына философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыда ғалымдардың анықтамаларын негізге ала отырып, жалпыадамзаттық патриотизм, Қазақстандық патриотизм, ұлтжандылық, қазақ патриотизмі ұғымдарының мәнін бүгінгі күн тұрғысынан зерделей келе, «патриоттық құндылық дегеніміз - елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт - дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту», деп атап көрсетеді /7/.

Философ-ғалым М.Изотов патриотизмді ұлттық, жалпыұлттық және жалпықазақстандық тұрғыда қарастыра отырып, ұғымдарға жеке-жеке тоқталады.

«Ұлттық патриотизм – өзінің туған жеріне, өз ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі, дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды, жалпыұлттық патриотизм – Мемлекет халықтарының бір бөлігі екенін түсінуі, әртүрлі ұлт өкілдерінің өз Отанына деген махаббаты пен шынайы сүйіспеншілігі, жалпықазақстандық патриотизм – республика халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, Қазақстан Республикасына деген шынайы сүйіспеншілігі, халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы» деген тұжырым жасайды /8, 45б./.

Жалпы патриотизмді адамгершілік, саяси принцип және адалдық, мақтаныш, сүйіспеншілік, сезім тұрғысынан қарастырады. Патриоттық тәрбиенің философиялық астарына, даму үрдісіне үнілетін болсақ, түп тамыры Түркі қағанатынан бастау алатынын ауыз және жазба әдебиет үлгілеріне шолу жасағанда айқын аңғарамыз. Түркі жұртының ұлттық ерлік дәстүрі негізінде оқушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ерекше орын алады.

Оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі негізгі міндеттер – қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, қоғамға деген рухани-мәдени қатынас, еліміздің тәуелсіздігі мен

бірлігін сақтау, Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін негізге ала отыра бүгінгі қоғам мүшелерінің бойында Қазақстандық патриоттық сезімін қалыптастыру.

Сондықтан да жас ұрпақ бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, яғни жастайынан ерлік пен елжандылықтың рухын себу отбасынан бастау алады. Отбасындағы негізгі міндет - баланы жастайынан ата-анасына, туған-туыстарына, әулетіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін жетілдіру арқылы, Отанына, мемлекетке деген шынайы сезімін қалыптастыру.

“Еліңді сүйсең ерлік істейсің”, “Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі” деген елжандылық ұрандар адамның жеке басына қарағанда ел намысы, елі үшін мақтаныш сезімі жоғары екенін түсінеміз.

Расында да, көптеген ғылыми еңбектерді зерделейтін болсақ, патриотизмді қалыптастыруға себін тигізетін қасиетті белгілер: ұлттық сана - сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет - ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет. Патриотизм сапа, сенім тұрғысынан негізделіп, сезім арқылы көрініс береді.

“Ұлттық сезім,- дейді философ-профессор Т.Сәрсенбаев - ұлттық ой-санадан ерекшелену – бұл адамның түрлі өмірлік құбылыстар мен жағдайларды, ұлттық сезім де бар және оны құрметтеу заңды” /9, 38 б./.

Әр адам ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді мақтан ете отырып, өз ұлтын терең сүю арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс.

“Ұлттық мақтаныш, - дейді Б.Момышұлы - ұлттық материалдық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерінің негізінде қалыптасатын әрі алдыңғы қатарлы ұлттық идеялар, ой-пікірлерімен байып отыратын, ұлт бостандығы және саяси әлеуметтік бостандық жолындағы күрестің тарихымен байланысты әлеуметтік психологиялық сезім болып саналады” /4, 28 б./.

Саналы азамат болып қоғамға пайда келтіру, білім мен тәрбие алу, ата-ананы сыйлау және қартайған шағында оларға қамқорлық жасау әрбір жасөспірімнің парызы болып саналады.

Ал ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап қалу, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен қарау.

“Парыз - өзінің мағыналық аясына ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар - ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді қамтып, оларды адам өміріндегі қайшы құбылыстарға қарама-қарсы қоятын жоғары интеллектуалды ұғым.

Парыздан мықты күш жоқ,

Парыздан берік сауыт жоқ,

Парыздан нәзік сезім жоқ,

Парыздан қатал қазы жоқ”, -дей келе Халық батыры Бауыржан Момышұлы, парыз сезімін қиындықтан қайтпай, дұшпан алдында тайсалмай, Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге әзір болу сезімінен туады”,- деп қорытады /4, 29 б./.

Ұлттық намыс туралы халықтық тұжырымдар “Ер намысы-ел намысы”, “Ер-намыстың құлы” т.б. деп ой қорытып, халқымыздың ерлікке бай тарихын, игі ерлік дәстүрлік мұрасын әлемге паш етумен құнды болып отыр.

Ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар, ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық игі дәстүрлердің маңызы ерекше. Ата-бабаларымыздың ұрпақтарына қалдырған асыл мұралары әділетсіздікке қарсы күресі, елін, жерін сүйген батыр, сыртқы жауға мейірімсіз болуға баулығанын көреміз. ХҮІІІ ғасырдағы ерлік және жауынгерлік тарихын зерттеп отырғанда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан игі дәстүрлерге кездесеміз.

Мысалы, Бөгенбай батырдың әкесі Ақша батырдың ақ туын ұрыстарға алып шығып, жеңіспен оралуы дәстүрге айналған. Қабанбайдың сенімді серігі Кубас атқа деген құрметі мұсылман халқында жалғасын тапқан игі дәстүрлері болып табылады. Ақан серінің Құлагерге деген құрметінен осы дәстүрлердің жалғастығын көреміз.

Ұрысқа кірерде қарумен, астына мінген атымен серттесуі түркі халқының негізгі дәстүрлерінің бірі болып табылады.

Б.Момышұлы “Соғыс психология” атты еңбегінде Екінші дүниежүзілік соғысы кезіндегі халықтардың ынтымағына, бірлігіне тоқтала келе, жеке адамды қалыптастыратын жақсы қасиетпен бірге жаман қасиеттерге әскери психология тұрғысында анықтама береді.

Жоғары сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық және т.б.. Төменгі сезімдер: опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш, шошу және т.б.

Ол Ұлы Отан соғысы кезіндегі әрбір жауынгердің бойындағы ұрыс кезінде қалыптасатын қасиеттерге әскери-психолог тұрғысынан тоқталады. Талай ғасырдан бізге жеткен түркі, қазақ халқының көшпенді тұрмыс тіршілігіне тән қасиет ерлік, жауынгерлік, батырлық, қаһармандық, т.б. екенін байқаймыз.

Қорыта келгенде, Б.Момышұлы қазақ халқының жауынгерлік және ерлік дәстүрлерін жинақтай отырып, ұлттық әскери педагогика мен психологиясының негізін салды деп айта аламыз /4/.

Егер тарихи тағылымдық мұраларды зерделейтін болсақ, ерлік дегеніміз - ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады. Әр ғасыр, кезең ерлік тарихын, өзіндік қайталанбас батырлары мен ерлерін тудырып отырған.

Екінші дүниежүзілік соғыста жауынгерлердің ерлік әрекеттерін психологиялық тұрғыдан талдау жүргізген Б.Момышұлы “солдаттардың бойында жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде халықтың басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы аса зор екеніне көзім жетті“ /4, 43 б./ - деп атап көрсеткендей, ХХІ ғасырдағы жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз екені дау туғызбайды. Жоғарыда айтып кеткендей, патриоттық рухты қалыптастыруда жеке адамның рухы мен халықтың руханилығы негізгі орын алады.

Б.Момышұлы мемлекет байлығын жеке адам байлығының нәтижесінде құралатынына тоқтала келе, өткенгі, бүгінгі және болашақтағы тарихтың өз-ара байланысы, сабақтастығы арқылы патриоттық сезімді қалыптастыруға болады деген пікір айтқан /4/.

Қазақстан халқының патриоттық рухын жетілдіруде Елбасының “ұлттың болашағына, оның өзіндік “МЕН” дегізерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктеріне сеніммен қарау, - дей келе, ұлттық әрекеттің аясын үш түрлі фактор тұрғысынан, бірінші - ұлттық бірігу (интеграция), екінші - қазақтың ұлттық тұтастануы, үшінші - ұлттың жасақталу үрдісінде өзінің рөлі мен қызметін айқын сезінулері қажет”, - деген сөзі Қазақстандағы негізгі мемлекеттік идеология - ұлттық бірлік, экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікті сақтауда негізгі орын алары сөзсіз /5,154/.

Ұлы Абай “адамның адамшылығы-ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады”,-деген тұжырымы, егер қоршаған орта дұрыс болса, тұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік қасиетті дамытуға болатынын көре білген. Абайдың тұжырымы бойынша патриотизмнің түсінігінің шынайылығы руханилыққа негізделеді. Патриотизм ең жоғарғы сезім, өзгермейтін құндылық және таусылмайтын бастау. Тұлғаның, әлеуметтік топтың, әлеуметтік қызметтің барынша мәдени дамуына түрткі тудырады /10/.

Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпыәлемдік құндылықтардың бірі – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Әр адамның тағдыры әрқашан әлемдік дүниемен, адамдармен, ұжыммен байланысты. Сондықтан демократияландыру, адамның құқығы мен бостандығын сақтау жағдайларында ұжымдағы қарым-қатынас мәселелері бұл күнде ерекше маңызға ие болуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану.-Алматы: Ғылым. 2003.- 376 б.
2. Подласый И.П. Педагогика. – М.: Просвещение, 1996. - 432 с.
3. Грядовой Д. Философия структурный курсов основ философии. Учебное пособие. - М.: Из-во «Щит М»,1999. - 266 с.
4. Момышұлы Б. Соғыс психологиясы - Алматы: Қазақстан, 991.- 400 б.
5. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Алматы. 2007. -72 б.
6. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 112 б.
7. Иманбаева С.Т. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: 2007. -310 б.
8. Изотов М. Проблемы патриотического воспитания народа в процессе формирования общеказахстанской национальной идеи. //Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа МОН РК. – Алматы: 2006. - 280- 305 С
9. Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір қасиет. – Алматы: Білім, 1990. – 52 б.
10. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. - 272 б

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандық патриотизм - әлеуметтік педагогикалық мәселе тұрғысынан қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается Казахстанский патриотизм как социально - педагогическая проблема.

СТУДЕНТТЕРГЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Шеңгелбай А.А. - 2-курс магистранты

«Қазақстан – 2030» Жолдауында Республика Президенті еліміздің ұлттық қауіпсіздігін, тәуелсіздік пен егемендігін танытатын мемлекетіміздің ұзақ уақытты дамуын анықтаса, Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Сондықтан болашақ мамандардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойындағы патриотизмді қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пен бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық. Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында зерттеу жүргізуші ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие

мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда.

Халықтық педагогикадағы атамекенге сүйіспеншілікті дамыта отырып біз студенттердің бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуді ұсынамыз.

Білім беру мен тәрбиенің негізгі міндеті - өз елінің азаматы, патриотын тәрбиелеу болса, осыған сәйкес «қазақстандық патриотизм мен ұлттық патриотизм» студенттердің тәрбиелік деңгейін бағалаудағы көрсеткіш болып қарастырылады.

Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін – «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарына бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады. Қазақстан егемендік алғаннан кейін мерзімді басылымдарда «қазақстандық патриотизм» және «ұлттық патриотизм» жайлы сұрақтар жарияланып, оған көптеген белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар өз пікірлерін білдірген болатын. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз - Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін - өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті нағыз азаматтықты қалыптстыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезініп, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» делінген. Міне, осының өзі бұдан былайғы кезде «қазақстандық патриотизм» ұғымын қалыптастыру мақсатын қойып отыр. Ендігі кезеңде қазақстандықтардың күш-қуаты «қазақстандық патриотизмді» орнықтыруға жұмсалуды керек. Қазақстандық патриотизм ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Алайда ешкімді елін, Отанын зорлықпен, күштеп не үгіттеп жел сөзбен алдап-арбап сүйгізе алмайсың. Елін сүйе-әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзі келмейді, ол адам өсе, есейе келе өз ақылы өзіне жетіп, өз басымен тіршілік ете бастағанда адамзаттың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. «Бұл сезім әркімде әр кезеңде (яғни, әр түрлі жаста) оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық социологиялық институттардың (балабақша, отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, әр түрлі саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен қалыптасады» деп көрсетеді Ә.Қалмырзаев.

Қазақстандық патриотизм - қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекетінің әлемдік биіктен көрінуі үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсауы. Дегенмен, көптеген баспасөз беттерінде Қазақстандық патриотизм ұғымы кешегі «кеңестік патриотизм» ұғымына пара-пар деп бағалау да бар. Бұл жерде екі ұғымға тән идеология екі басқа. Кеңестік дәуірде бір орталыққа бағындырылған, бір ғана саясаттандырылған идеология болды.

Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстандық патриотизм - әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну, барлық отандастардың ұлты мен конфессиясына қарамастан жете құрметтеу, олардың салтын, дәстүрін, тарихымен мәдениетін құрметтеу, мемлекеттік рәсімдеріне, мемлекеттік тілге құрметпен қарау. Туған жерге деген махабаты, Қазақстанды барлық азаматтардың бірінғай отаны ретінде қабылдауы» деп түсіндіреді.

Расында да, Қазақстандық патриотизм көп ұлтты Қазақстан үшін бірлік пен

елдікті сақтай отырып, демократияландырылған, әлемдік өркениеттен орын алу идеологиясы негізгі дінгек болып табылады. Бұл жерде ел президентінің тұжырымы бойынша «Қазақстандағы ұлтаралық жарастықты негізгі атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықта жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады», - деп қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі тірегі қазақ халқына үлкен үміт артады. Ұлттық патриотизмді ұлт және патриотизм туралы екі ұғымның жадағай қосындысы деп қарауға болмайды. Сондықтан біз бұл еңбегімізде тектілікпен туа біткен қасиеттердің тәрбие арқылы бекіп, нығаюы, елін, жерін шексіз сүйіп, соған қызмет ету, ұлттың барлық қасиеттерін ардақтау деп көрсетеді. Демек, ұлттық патриотизм дегеніміз қанмен, текпен туа бітетін, тәлім-тәрбие арқылы өсіп жетілетін ұлттық сипаттағы саналы іс-әрекет пен мінез-құлық.

Ұлттық патриотизм ұғымына әр түрлі көзқарас бар. Ұлттық патриотизмді жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. Жоқ, ұлт бар жерде, ұлттық патриотизм бар. Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл тарихи шындық.

Ұлт дегеніміз - адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестіктің жоғары түрі. Ұлт болып қалыптасу үшін оның құрамына кірген адамдар тобының материалдық, территориялық және экономикалық жағдайлары, тілі мен әдебиетінің әлеуметтік хал-ахуалының, мінез-құлқының сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

Ұлттық патриотизм дегеніміз – елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау. Ұлттық патриотизмді қазақ патриотизмі деп те қарастыруымызға болады. Ұлттық патриотизм – ұлт бостандығы, елі мен жерінің тәуелсіздігі, білім мен ғылым, мәдениет, спортта әлем сатыларының биік шыңынан көрінуі негізгі ұстаным болып табылады /5/.

Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек. Бұл ретте Н.Назарбаевтың «Қазақтың ұлттық сана сезімін дамыту - қазақ деп аталатын таңғажайып, әрі бай тарихи және мәдени байтаққа өз қатысының барын сезіну» - дегені біздің ұстанып отырған пікірлерімізді қуаттай түседі.

«Көп ұлтты Қазақстан Республикасы үшін патриоттық сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар.

Патриоттық рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкүндік беретін бірден - бір күш!-деп атап көрсетеді/5/.

Патриоттық сезім өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келеді. Кейде шіркін бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан - байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қалай аман сақтаған деп таңданамыз. Өз сауалымызға өзіміз жауап тауып «Найзаның ұшымен, білектің күшімен, ақылдың ісімен» - деп мақтанамыз. Ешбір қатесі жоқ. Тегеурінді күштің тетігі жүрек қуатынан нәр алғанда ғана қозғалысқа келмек. Ұлан майдан ұлы істе де жеке дара жекпе-жекте де рухы мықты ұтады. Жайшылықта әрқайсысы бір түйе айдап, жеке жайылатын жұртымыздың ел басына күн туғанда бір төбеге жиылып, бір ауылына ұюы, бір жағадан бас, бір жеңнен - қол шығарып, тастүйін тегеурінді күш болып аттануы осындайда бәрінен биік тұрса қандай ғанибет.

Ұлы бірлік патриоттық рухтың аса бір қасиетті мәйегі. Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіздік жолында ту етіп көтерген реформаторлық идеяларының бірі «қазақстандық

патриотизм» ұғымымен астасып жатуының терең мәнін де содан іздеген жөн.

Н.Ә.Назарбаев ұсынған жаңа ұлттық идеяның мазмұны да қоғамдық дамуға басқаша, осы заманғы тұрғыдан қарау үрдісіне сай айқындалған. «Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету» - деп жазды ол «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» - деген еңбегінде /56/.

Біз бұл жерде екі мәселеге айрықша назар аударып қарастырамыз:

Бірінші - қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру. Яғни, сырт қарағанда, әркім алауыздықтардың негізгі себебі болуға тиіс осалдықтардың өзінен, алға басуға күштірек қарқын беретін артықшылық жасау ниеті.

Екінші - қазақ ұлтының қоғам өміріндегі біріктіруші рөлінің атап көрсетілуі. Яғни, оның мемлекеттің тағдыры үшін, ең алдымен өзі жауапты екендігінің ашық айтылуы. әрине біріктірушілік міндетін атқару - қоғамның әртүрлі элементтері арасында жай байланысшы болу дегеннен гөрі күрделілеу ұғым, ол үшін солардың қоғамдық ортақ тірлігінің ұйқасында жаңа қауымдастық шын мәніндегі негізгі ұлттық тірегіне айналу керек.

Елбасы өзінің теориялық еңбектерінде, мақалалары мен сөздерінде «қазақстандық патриотизм» деген ұғымда әр қырынан ашып көрсетіп келеді. Ол үшін өз отандастарының, ғылыми тілмен айтуында қоғам организміндегі өзінің саяси еркіндігін айқын сезінетін және өз Отанын саналы түрде таңдаған азаматтар болуы шарт.

Мемлекетіміздегі қазіргі әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайларды, халықтың сана-сезімінің қалыптасу үрдісін ескере отырып, қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына мемлекетке атын беріп отырған қазақ халқының бойындағы ұлттық патриоттық қасиеттердің ықпалы мол екенін анықтадық.

Жалпы патриоттық сезімнің қай-қайсысының болсын қалыптасуы отбасы тәрбиесінен (балабақшадан) бастау алатыны белгілі. Сондықтан халқымыздың қаһарман батыр ұлы Б.Момышұлы мен жазушы Ә.Нұршайықов, З.Ахметова, т.б. пікірлеріне сүйене отырып, отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, шыққан ата тегін білу және сезінуден басталып, халқына сүйіспеншілік, тарихи дәстүрлерді сақтау, одан соң туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік өсе келе мектепте ары дамып қалыптасуына шарт түзілуі тиіс.

Сонда ғана әрбір азамат өзін мемлекетінің өткеніне, бүгініне және ертеңіне тікелей қатысын сезініп, Отан тағдыры үшін өзіне жеке жауапкершілік жүктелетінін терең пайымдайтын болады. Ел өміріне қатысты сан алуан проблемалардың баршаға бірдей жақын әрі түсінікті болуы да Осылайша студенттердің бойында патриоттық, отансүйгіштік, имандылық, мейірімділік т.б. сияқты халқымыздағы асыл да абыройлы қасиеттерге тәрбиелеумен қатар, патриоттық сезімді қалыптастыруда, ең алдымен, халықтың рухани азығымен қайнар бұлағы, оның халық педагогикасы, ұлттық салт-дәстүрін терең сіңіру деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030 Стратегиялық бағдарлама. Алматы, 2005.
2. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Алматы, 2005.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2003.
4. 12- жылдық мектеп журналы. Алматы - 2007 жыл;
5. Иманбаева С.Т. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: 2007. -310 б.
6. Мектепке дейінгі және бастауыш білім: қазіргі жағдайы, даму тенденциялары және мәселелері. 2-том Алматы - 2007 жыл.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мәселесі қамтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль казахстанского патриотизма в воспитании молодого поколения.

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Кеңесбаев С.М., п.ғ.д., профессор, Мұхамбетова Ш.Қ., ф.-м.ғ.к., доцент
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы–Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

ҚР «Білім туралы» Заңының 8 бабының 7 тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған.

Жаңа ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық–коммуникациялық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін арттыру процесі қазіргі заманның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, олардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін, ақпараттық және кәсіби құзырлығын қалыптастыру мәселесі де бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

Педагог мамандар біліктілігін арттыруда ақпараттық әлемде оқу–тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі құралдарын, жаңа әдістер мен формаларды кез келген уақытта таба білуіне мүмкіндік туғызуға, өзін–өзі дамытуына және өздігінен білім алуына мүмкіндік алады. Бұл жағдайда дамытудың өзектілігі– жаңа ақпараттық технологияны оқу–тәрбие процесіне жан–жақты, әрі еркін пайдалана білуге үйрету мен дайындаудың сапалығымен анықталады. Ақпараттық жүйелер бойынша мамандарды даярлау тікелей компьютерлік, ақпараттық технологияларға байланысты.

Қоғамның жаһандануы жағдайында қазіргі ақпараттық қоғамның қалыптасуы адамның түрлі салаларды жаңарту қажеттіліктері туындайды. Сондай–ақ, адам біртіндеп ақпараттық қоғамда өзі–өзіне баға беруде және оны өмірмен байланыстырып құрастыруда ерекше қызмет атқара алады. Қазіргі адамның бейнесі өзінің өмірлік іс–әрекетінің траекториясын құра алатындай қабілетке ие болады және ішкі жан дүниесімен өзін–өзі даму бағасын жете түсінетіндей қасиеті болуы шарт.

Қоғамды ақпараттандырудың негізгі бөлігі– білім беруді ақпараттандыру. Олай болса, ол – білім беру қызметкерлерін ақпараттандыру саласы бойынша біліктілігін арттыру болып табылады. Студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда оқытушылардың біліктілігін арттыру ерекше мәнге ие.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде дәстүрлі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары.

Білім беру жүйесін ақпараттандыруды ұйымдастыру деп ғылыми – зерттеу, ғылыми – техникалық және материалды – техникалық жобалардан тұратын ғылыми – техникалық бағдарламалар жүйесін айтады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің негіздерінің бірі болып білім алу саласына ақпараттық технологияларды енгізу жұмыстары саналады, бірақ бұл негіз ақпараттандыруды басқаша түсіну қаупін туғызып, оны көптеген жағдайларда тек техникалық құралдармен жабдықтауға ғана әкеліп соқтыратыны белгілі. Міне осы тұрғыдан білім беру мәселесін алға тарта отырып ақпараттандыру ісінің мақсатын информатика терминдері арқылы емес, білім саласының мақсаттары мен терминдері арқылы өрнектеуіміз қажет.

Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтармен әрекеттесуі және олардың бір – біріне әсер етуі толық бейнеленеді. Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жана оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі мынадай зерттеу бағыттарынан тұрады:

– қазіргі ақпараттық қоғам мен ғаламдық коммуникация жағдайында студент тұлғасын дамыту міндеттеріне сәйкес оқытудың ұйымдық түрлері мен әдістерін, білім беру мазмұнын таңдаудың әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіру;

– студенттің ақыл-ой әлеуетін дамытуды, оқу ақпаратын жинау, өңдеу, сақтау, беру, өндіру ісіндегі әртүрлі дербес әрекет түрлерін жүзеге асыра білуді қалыптастыру бойынша оқу әрекетін қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны, оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;

– бірлескен ақпараттық желілер мен ғаламдық коммуникациялар базасында жұмыс істейтін «виртуалдық» білім беру мекемелерін дүниеге әкелу, коммуникацияға қол жететін ашық білім беру жүйелерінің таратылған ақпараттық ресурстарының әлеуетін пайдалану;

– оқу-тәрбие ісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету үрдісін және оқу орнын (оқу орындары жүйесін) ұйымдық басқаруды автоматтандыру негізінде білім беру жүйесін басқару механизмдерін жетілдіру, ғылыми-педагогикалық ақпараттық мәліметтер базалары мен банктерін, ақпараттық-әдістемелік материалдарды, коммуникациялық желілерді пайдалану;

– студенттің ақыл-ой қуатының деңгейін белгілеудің, оның білімі мен жетістігін бақылау және бағалаудың компьютерлік тестілеуші, диагностикалаушы әдістемелерін жасап пайдалану.

Білім беруді ақпараттандыру – оқыту процесіне жаңа ақпараттық технология құралдарының енуі – қазіргі қоғамды ақпараттандыру процесінің бағыттарының бірі.

Ақпараттық технологиялар:

- ақпараттарды ЭЕМ көмегімен қорыту, беру, тарату, есептеу және программалық құралдарды жасау, аудио–визуальдық жабдықтарды, теледидарды, кітапхана қорларын, локальдық және ғаламдық ақпараттық желілерді пайдалану, қолдану;

- оқытудың жаңа электрондық құралдарын пайдалану арқылы оқу–тәрбие процесінің әдіснамасы мен технологиясы;

- есептеу техникалары, басқа коммуникациялық және техникалық құралдардың технологиялық қолданылуы.

Бүгінгі күні ақпараттық технология кең көлемде оқыту мен педагогикалық ұйымдастыру қызметінде барлық республикалық жоғары оқу орындарында қолданылады.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, оқыту процесіне түрлі ақпараттық технологияны ендіру қажеттілігі артуда. Ақпараттық технологияның түрлеріне интернет желісін, телекоммуникацияның түрлерін (E-mail, Web-форумдар, электронды конференциялар, чат- конференциялар және т.б.) пайдалану жатады. Оқыту үрдісін ақпараттық технологиямен қамтамасыз ету жағдайларының өзгеруі оқулықтардың дамуының жаңа кезеңіне электронды оқулықтардың пайда болуына алып келді. Электрондық оқулықтың ерекшелігі – моделділікке сәйкестігі, жоғары мобильділігі мен оқуға, үйренуге икемділігі. Қазіргі уақытта электронды оқулық – университетте оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекетін ізгілендіру құралы деп танылуда. Электрондық оқулықты пайдаланудың маңызын атап көрсетсек:

- теориялық материалдарды өз бетімен оқып-үйренуге, зерттеуге мүмкіндік беруі;
- сабақты иллюстрациялық материалдар ретінде жабдықтауда көмектесуі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі, шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік беруі;
- емтиханға дайындық кезеңдерінде пайдалануға болатыны.

Электрондық оқулықтан басқа, әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында ақпараттандыру жұмысын жеделдету ақпараттық технологиялармен толық қамтамасыздандыруға және ақпараттандыру бойынша оқу-әдістемелік жүйені жетілдіруге тікелей байланысты. Білім беру жүйесін ақпараттандыру үдерісін дамыту отандық оқытуға бағытталған бағдарламалар дайындамайынша мүмкін емес. Олардың ауқымы кең. Бұлар – бақылау және тестілеу бағдарламалары, ақпараттық анықтама жүйелері, оқыту орталары, электрондық оқулықтар және мультимедиялық бағдарламалар. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастырудан жеке адамның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға көшу қажет. Сонда ғана білім мекемелері ақпараттық қоғамда өмір сүре алатын жан-жақты дамыған қоғам мүшесін дайындап шығара алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану. ИФМ, 1994.
2. Сарыпбеков Ж.С. Білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру инфраструктурасы. // Қазақстан жоғары мектебі. -1995. -№1. -Б. 37-41.
3. Сариева К. Жаңа технологияны қолдану жолдары. // Әдістеме. -2001. №7.
4. Айтмухамбетов А., Боранбаев С. Информационные технологии в управлении учебным процессом. //Высшая школа Казахстана. -2000. -№3. – С. 28-30.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің негіздері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основы информатизации системы образования.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НОВОЙ МОДЕЛИ ШКОЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ, ОРИЕНТИРОВАННОГО НА РЕЗУЛЬТАТ

Кобдикова Ж.У., д.п.н., и.о. профессор (г.Алматы, РИПКСО)

В результате реализации принятых в Республике Казахстан «Концепции развития системы образования РК до 2015 года» и «Государственной программы развития системы образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы» ожидается создание: 1) условий для получения качественного, конкурентоспособного образования, ориентированного на результат; 2) системы мониторинга и прогнозирования развития системы образования; 3) национальной системы оценки качества образования.

Реализация Государственной программы развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы требует коренной перестройки всей системы образования, в том числе школьной. Согласно данной программе на уровне среднего общего образования планируется переход на новую конструктивную 12-летнюю модель школы, ориентированной на результат, главной целью которой является подготовка конкурентоспособной личности, способной обучаться в течение всей жизни и готовой к активному участию в социальной, экономической и политической жизни Республики Казахстан.

В этих условиях реализация трехмерной методической системы обучения в учебном процессе может решить следующие актуальные проблемы системы образования, в том числе школьного: -отсутствие в школьном образовании диагностического целеполагания, гарантирующего достижения каждым учеником по каждой теме каждого предмета определенного уровня усвоения в соответствии с его способностями и возможностями и объективной оценки полученного результата; -информационная перегруженность содержания школьного образования, ведущая к снижению мотивации обучения, перегрузке и ухудшению здоровья учащихся; -замену устаревшего подхода к системе оценивания учебных достижений учащихся, который носит пугающий, угнетающий характер и не обеспечивает объективность в оценивании учебных достижений и приводит к стрессовым ситуациям на систему оценивания на основе новой квалиметрии; -недостаточное развитие у старших подростков личностных, гражданских и нравственных качеств, отсутствие зрелых мотивов профессионального самоопределения, низкий уровень осознания собственных интересов и жизненных перспектив.

Интеграция в мировое образовательное пространство требует модернизации системы среднего общего образования Республики Казахстан, что обуславливает необходимость пересмотра целей, структуры и содержания школьного образования, то есть модернизации педагогической системы школьного образования на основе технологического подхода. Идею технологизации обучения поднимал в свое время еще в XVII веке Ян Коменский, призывая к тому, чтобы обучение стало «механическим» и нашли бы такой способ обучения, который обязательно приводил бы каждого ученика по каждой изучаемой теме учебного материала к положительным результатам. В своей книге «Великая дидактика» он писал: «Для дидактической машины необходимо отыскать: а) твердо установленные цели; б) средства, точно приспособленные для достижения этих целей; в) твердые правила, как пользоваться этими средствами, чтобы было невозможно не достигнуть цели».

Эти идеи основоположника дидактики были реализованы только начиная с 60-х годов XX века, в основном американскими учеными, такими как: Дж.Кэрролл, Б.Блум, Д.Брунер, Дж. Дьюи и др. В бывшем Советском Союзе вопросы технологизации

процесса обучения рассматривались в работах П.Я.Гальперина, Н.Ф.Талызиной, В.П.Беспалько, М.В.Кларина, В.М.Монахова и др.

В Республике Казахстан разработаны и активно применяются в учебном процессе многих школ отечественные педагогические технологии ряда авторов: *Т.Т.Галиева, М.М.Жанпейсовой, Н.А.Оразакыновой и других, в том числе педагогическая технология Ж.А. Караева и Ж.У. Кобдиковой «Трехмерная методическая система обучения» (ТМСО).*

Внедрение ТМСО в практику предполагает *методическое сопровождение* учебного процесса *трехмерной методической системой* обучения. Основным компонентом трехмерной методической системы обучения является *многоуровневое содержание учебного материала*, представленное, главным образом *последовательностью трехуровневых заданий* для самостоятельной поисковой деятельности учащихся по каждой изучаемой теме. Конструирование системы трехуровневых заданий по требованиям ТМСО осуществляется в соответствии с *таксономией шести микроцелей Б.Блума, распределенных по трем уровням усвоения по В.П. Беспалько.*

При проектировании учебного процесса на основе требований ТМСО, должны быть реализованы две ее основные части: *синектическая* (на основе исследовательского подхода) и *часть, ориентированная на результат* (на основе технологического подхода):

- *синектическая часть* требует применения в процессе обучения *активных методов обучения* и педагогических техник (см. в /1/);

- *часть, ориентированная на результат* обеспечивает обратную связь со всеми учениками по всем учебным темам каждого учебного предмета, предполагает выполнения *трехуровневых заданий-измерителей по всем параграфам* для определения уровня учебных достижений каждого ученика и его объективного оценивания. При этом деятельность ученика поощряется стимулирующим подходом оценивания через присваивание соответствующего количества баллов за каждое уровневое задание.

Объективность оценки учебных достижений учащихся за определенный период учебы (*по итогам изучения отдельных глав*) обеспечивается проведением тематических контрольных работ с *четырёхуровневыми заданиями-измерителями* качества усвоения содержания соответствующей главы. В проекте учебного процесса присутствует коррекционная деятельность как учителя, так и ученика, обеспечивающая своевременное выявление и устранение пробелов в знаниях и умениях учащихся по каждой изучаемой теме.

Научно обосновано, что *проектирование трехмерной методической системы обучения* способствует повышению качества школьного образования, так как:

- ученики приобретают *навыки самостоятельной поисковой деятельности*;
- реализуется *диагностичное целеполагание*, то есть появляется возможность измерить (*в баллах*) учебные достижения каждого ученика по каждой теме каждого учебного предмета, что является основанием для ведения непрерывного *мониторинга его развития*;
- используется *стимулирующая познавательную деятельность ученика 12-бальная система оценивания, в которой реализуется новый подход к оцениванию с помощью «метода сложения» и «метода поощрения»* которая стимулирует и *развивает интерес* к учению;
- формируется *активность*, расширяется *субъектный опыт* учеников;
- *гарантируется бездвоечная успеваемость* учащихся по всем предметам, т.е. обеспечивается *100%-ное* достижение учебной цели на первом обязательном ученическом уровне усвоения по всем темам учебного предмета всеми учениками.

Это, в свою очередь, обеспечивает достижения всеми учениками порогового уровня при сдаче ЕНТ;

- реализуется *рост количества учеников*, показывающих высокие показатели качества знаний, соответствующие более высоким уровням усвоения по отдельным предметам, тем самым снимается перегрузка учащихся, позволяющая реализовать их раннюю профориентацию (например, начиная с 5-6 классов он сможет более углубленно изучать те или иные учебные предметы, к которым еще в начальной школе успел сформироваться или появиться интерес уже в начале основной школы);

- выявляются одаренные дети, создаются благоприятные условия для их дальнейшего развития (если ученик сможет постоянно выполнять все задания с 1-го по 4-уровни усвоения по всем учебным предметам самостоятельно, то только он может стать в будущем действительным обладателем «Алтын белгі»);

- ПТТМСО является здоровье и психосберегающей технологией, основой для эффективной реализации информационно-коммуникационных технологий и эффективным дидактическим инструментом реализации модели обучения, ориентированной на результат, и модели, где обучение представляется как освоение нового опыта.

- так как все перечисленные проблемы существуют и в малокомплектных школах (МКШ) с совмещенными классами, то внедрение ПТТМСО, предполагающей наличие УМК, который способствует самостоятельному добыванию знаний, обеспечению обратной связи со всеми учениками, ведению непрерывного мониторинга развития каждого ребенка в течение всего школьного периода его жизни, то очевидна роль данной технологии в повышении качества усвоения каждой темы, что синтезируется в качество обучения по итогам учебного года, затем – в качество образования на выходе со школы.

Таким образом, в ходе наших исследований теоретически обосновано и практически доказано, что внедрение в школьное образование педагогической технологии «Трехмерная методическая система обучения», предусматривающей внутреннюю дифференциацию (через дифференциацию содержания по уровням усвоения, а не через деление учащихся на группы по способностям), предполагает формирование саморазвивающейся, и умеющей самостоятельно принимать правильное решение личности, т.е. субъекта деятельности, производящего самого себя и способного обучаться в течение всей жизни. Также научно обосновано, что на основе проектирования в учебный процесс организаций школьного образования трехмерной методической системы обучения, можно создать универсальное (*с едиными дидактическими условиями усвоения учебного материала, носящего разноуровневый характер от репродуктивного до творческого уровня*) образовательное пространство для всех учащихся не зависимо от их социального статуса, местонахождения, где каждый ученик получает возможность проявить себя именно в том направлении, в котором заложены его индивидуальные способности. Ученик сможет измерить и объективно оценить уровень своих учебных достижений в соответствии со склонностями и потребностями по новому квалиметрическому подходу (по 12-бальной системе оценивания *методом «сложения»*, *методом «поощрения»*, стимулирующему познавательную деятельность ученика, позволяющему самостоятельно вести непрерывный мониторинг своего развития). Как показали результаты наших исследований, все действующие системы оценивания до настоящего времени реализуются по традиционному подходу (*методом «вычитания»*, *методом наказания»*):

- 5-бальная традиционная система оценивания, отбивающая интерес ученика к занятиям, вызывающего синдром «*боязни неуспеха*», пугающего получить низкие

отметки, так как присваивание баллов ведется сверху вниз: если не «5», то «4» или «3». Отметка снижается вплоть до двойки);

- 12-бальная система оценивания, предлагаемая в 12-летней школе или 120 баллов при сдаче ЕНТ.

Исходя из вышеизложенного, можно считать, что теоретические положения системы мониторинга развития школьного образования и 12-бальная рейтинговая система оценивания «методом сложения», разработанные в ПТТМСО, могут быть использованы в качестве основы для разработки системы мониторинга, прогнозирования развития системы образования и национальной системы оценки качества образования (НСКО) в Республике Казахстан, определенных в основных нормативно-правовых документах реализации реформирования непрерывной системы образования в РК, в том числе в Госпрограмме развития системы образования в РК до 2010 года как ожидаемые результаты ее реализации.

Следовательно, внедрение ПТТМСО в процесс обучения является весьма актуальным и значимым, а полученные результаты научных исследований в виде концептуальных подходов к модернизации педагогической системы обучения в школьном образовании на основе технологического подхода могут служить основой для разработки новой модели казахстанской школы, ориентированной на результат, также могут служить научно-теоретической и практической предпосылкой для дальнейшего исследования проблем в этом направлении в других ступенях системы образования Республики Казахстан.

Внедрение педагогической технологии трехмерной методической системы обучения в практику школ требует выполнения организационно-дидактических условий, предполагающих разработку нормативно-правовых, инструктивных документов и учебно-методических средств для организации и проведения курсов повышения квалификации по изучению данной технологии и проблем ее внедрения в практику.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада теория мен практика модернизациясының методикалық жүйесі негізгі оқытудағы технологияға негізделе қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается теория и практика модернизации методической системы обучения на основе технологического подхода.

ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕ АЙМАҚТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Құттыжолова С. – ғылыми ізденуші (Алматы қ., ҚазмемкызПУ)

Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту; белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу мектептің оқу-тәрбие үдерісінде алдына мақсат қоя отырып жүргізілген іс-шаралар негізгі орын алады.

Философтардың зерттеуі бойынша тұлғаның қалыптасуының қандай факторлар ықпал етеді және тұлғаның қарапайым адамдардан қандай айырмашылығы бар?- деген сұрақ қоя отырып, соған жауап іздейді. Олар тұлғаның қалыптасуында негізгі рөл

әлеуметтік жағдайларға – тәрбиеге, білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, ата-анаға тиеселі екенін атап көрсетеді. Қоршаған әлеуметтік орта - бұл адамның мекен ету әлемі, бұл тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер ететін дүниетанымдық, кәсіби, адамгершілік құндылықтар/1,248 б./.

Тұлға мазмұнының және бағалануының маңызды компоненті ретінде оның санасының дүниетаным, адамгершілік және жауапкершілік деңгейімен сипатталатын тұлғалық бағдарлары көрінеді. Әрине, тұлғаның қалыптасуы мен қылығына әлеуметтік ортаның айрықша ықпал етері сөзсіз. Бірақ тұлға бағдары мен қылығы да сол деңгейде негізінен адамның ішкі, рухани әлеміне бағынышты. Адамның бойындағы интеллектуалдық- адамгершілік және еріктік қасиеттері неғұрлым айшықты көрінген сайын, оның өмірлік бағдарлары жалпыадамзаттық құндылықтармен сәйкес келеді, тұлғаның өзі де маңызы артып, бұл құндылықтардың орнығуы мен дамуы оң ықпалымен әсер етеді. Бұл тұрғыдан ол өз рухы, еркіндігі, шығармашылығы мен қайырымдылығы жақтарымен сипатталады/2/.

Тұлғаның ерік-жігері мен рухының күштілігі, оның адамгершілік қайырымдылығы мен тазалығы тек нақты практикалық әрекетте және белгілі бір әлеуметтік жағдайларда ғана бекіп, іске асады” /3,250 б./.

Бұл жерде біз, Ресей психологы А.Н.Леонтьевтің “Тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады” деген тұжырымының тағы бір нақты дәлелін көреміз/4/.

Белгілі философтар Аристотель, Фромм Э., Швейцер А., Мандевиль Б. адамгершілік ұғымын мораль тұрғысынан қарастыра отырып, адамгершіліктің негізгі бастаулары қайырымдылық, жақсылық, өмірді қастарлеу, әділеттілік, ізгілік, т.б. атап көрсетеді. Философтар адамгершілік құндылықтарды екі тұрғыда: гуманистік этика және әлеуметтік этика деп бөліп қарастырады. Гуманистік этика- адамның әлеммен тұтастығы білдіретін; адам әрекеті мен адам индивидуалдығының әр алуандығы жағдайында мәдени формалардың іріктеуді білдіретін; әлеуметтік этика - социум мүддесіне бағынады, адам қоғамның немесе социумның ықпал ету объектісі/3, 248/.

Ғылыми философияның түсінуінде дүниедегі ең бағалы, асыл байлық – адам. Ол барлық әлеуметтік қозғалыстар мен қимыл - әрекеттердің негізгі, өлшемі және мақсаты. Жер шарындағы небір ғаламат табыстардың қайнар көзі, ақыл – ой туындыларының құдіретті иесі /3, 256б./.

Мәдениет субъектісі бола отырып, адам әрдайым өз белсенділігін көрсетіп отырады. Ол белсенділік ақылға сыйымды болса, мәдениет табиғаттың көркейіп, бүгінгі бір күндік мақсаттан туатын болса, табиғатқа нұқсан келтіреді, экологиялық апаттар туғызады. Себебі, тарихи процесте табиғат пен мәдениет ажырамас бірлікте болып табылады.

Табиғат пен мәдениеттің арақатынасы – адамның табиғатқа қатысты, табиғатпен байланысты, табиғи ортаны игеру әдісі. Материалдық игіліктерді өндірісе де, рухани қызметпен айналысса да, адам сол табиғаттан нәр алады, басқаша айтқанда, оның тарихы, дамуы табиғатқа байланысты. Анықтап айтқанда, табиғат материалдық өндірістің мазмұны анықтауда ерекше рөл атқарады.

Өндіріс әдісі көп жағдайда сол табиғи ортаға байланысты. Мысалы, кең дала, көпшілікке ыңғайлы жағдай қазақ халқының ғасырлар бойы мәдениетінің сол көшпенділікке бейімделе қалыптасуына себепші болады. Адамның табиғатқа қатысты оның қоғамдық тіршілік әдісіне негізделеді. Осыдан келіп адамның мәдени деңгейін анықтау туады. Табиғаттағы бары молайта түсіп, азды аялай білу адам мәдениетінің даму деңгейін көрсетеді /3,359б./.

Әлеуметтік ғылымы тұрғысынан “адамгершілік, этикалық нормаларды абсолюттік талаптар ретінде орындауына орай адам бойындағы әлеуметтік қасиеттің жоғары көрінісі және мәдениеттілік бастаулары” - деп атап көрсетеді /5,173б./.

Әлеуметтану ғылымында адам тұлғасын зерттеуде тұлғалық қасиетті анықтаудың бірнеше деңгейлерін қолдану қабылданған: табиғи, бұл басқа адамдардың ықпалынан тәуелсіз адамның өзінде болатын және дамитын жағдайлар; биологиялық, бұл жалпы шыққан тегі; тұқым қуалаушылық, бұл ата-ана қанының негізінде болатын және дамитын факторлар (биологиялықтың бәрі бірдей тұқым қуаламайды); әлеуметтік, адамға әлеуметтендіру барысында, басқа адамдармен қарым-қатынаста және өзара іс-әрекет арқылы сіңісті болып, қабылдаған белгілер” /6,241б./.

Аймақтану материалдары оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Б.Лихачев ұсынған ғылыми -педагогикалық тұжырымдамада тұлғаның қатынастар жүйесінде тұлғаның тұтас қалыптасуы, іс-әрекет, қарым-қатынас, дүниетаным, сезім мен еріктің бірлігі идеясынан туындайды. Дүниетанымдық сана – баланың сезімі мен жігері, еркіне байланысты болатыны, сезім –сананың қуаттануына мүмкіндік жасай отырып, ерікті қалыптастыруға жағдай тудыратынына тоқталады.

Тұлғаның қалыптасуын әлеуметтік ғылым тұрғысынан қарастыратын болсақ “адам-қоғам-табиғат” өзара бірлікте қарастыра отырып, тұлғаны қалыптастыруда өндірістік қатынастар мен қоғамдық ортаны негізгі деп қабылдайды. “Тұлғаның барлық көріністерінің жиынтығы мен бірлігі, олардың өзара бір-бірімен байланысы оның әлеуметтік құрылымын құрайды. Тұлғаның әлеуметтік құрылымының негізін қоғамдық, әлеуметтік қатынастар қалыптастырады.

“Тұлғаның объект ретінде әлеуметтендірілуі дегеніміз, мәдениеттің және әлеуметтік ережелер мен құндылықтардың элементтерін оның игеруі арқылы, әрі осырлардың негізінде тұлғаның әлеуметтік мәнді белгілері қалыптасып, қоғаммен, әлеуметтік қауымдастықтардың әр түрлерімен бірігетін процесі” /6, 247 б./.

Тұлғаның қалыптасуы – оның шындық болмыспен әрекеттесу, өз құрылымында денелік және әлеуметтік – психологиялық қасиеттердің пайда болуы барысында тұлғаның өзгеріске ұшырауы. Педагогикалық ұғым ретінде тәрбиенің екі белгісі бар. Біріншісі – мақсатты бағытталғандығы, әлеуметтік – мәдени бағдардың, тіпті өте жалпы, бір қандай да болсын үлгінің болуы; екіншісі – бұл үрдістің барысының адамзаттық тарихы дамуы жетістіктеріне, әлеуметтік – мәдени құндылықтарына сәйкес болуы.

Тұлғаны қалыптастыратын тағы бір педагогикалық құбылыс “өзін-өзі тәрбиелеу” деген атқа ие болады. Оның мәні – тәрбие субъектісінің орнының ауысуында, енді тәрбиеленушінің өзі мәдени үлгіні мінез – құлықпен сәйкестендіреді. Өсіп келе жатқан бала тәрбие жалауын педагогтан алады және оны әрі қарай өзін - өзі жетілдіру жолында алып жүреді. “Өзін - өзі” тәрбиелеу кешегі тәрбиеленушінің субъектілігін көрсетеді, ол бүгін өзін тәрбиелеуші ересектерден босатты және ол өзінің “Менін” өзінің қабылдауы мен ойластырылған әрекетінің объектісіне айналдырады.

Бала тәрбиелеуде педагогтар жиі қолданатын “өзін-өзі тану”, “өзін-өзі бағалау”, “өзін-өзі жетілдіру”, “өзіне-өзі сену”, “өзін-өзі дамыту”, “аутотренинг” терминдерін білуі керек /7, 253 б/.

Б.Лихачевтың зерттеуінде де тәрбие әлеуметтік құбылыстарға жатады және қоғамның өмірі мен дамуы факторының рөлін атқарады. Әлеуметтік көзқарас бойынша, тәрбие арнайы жасалған мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы жүзеге асатын және қоғам қадағалап, түзетіп отыратын мақсатты түрде бағытталған жастарды осы және болашақтағы қоғам өміріне дайындау. Тәрбие – жалпы адамзат мәдениетінің элементі және мәдениеттану ғылыми тұрғысынан зерттеуге келеді. Олай болса, бұл үрдісте біздің алдымызда көп жылдар бойы жалғасқан, балаға қазіргі заманғы мәдениетке кіруіне мақсаты бағытталған көмек болып есептеледі.

Тәрбие – бұл баланың барынша тұлға ретінде дамуына, баланың қазіргі заман мәдениетіне енуіне, өз өмірінің субъекті және іске асырушы Адам аталуға тұратындай болып қалыптасу үшін маман – педагогтың мақсатты бағытталған әрекет /8, 255 б/.

Расында да, тұлға – бұл әлеуметтік байланыстардағы және әлеуметтік қатынасқа түсетін адам, қоғам мүшесі, оған қоршаған орта әсер етеді, ол саналы түрде адамдармен және әлеуметтік құбылыстармен қарым – қатынас орнатады. Қабылдау қабілеті әр адамда әр түрлі, бірақ жеке тұлға әлеуметтік ортада өзін дара ұстайды және өз қарым – қатынастары үшін есеп бере алады.

Әрекет – бұл да жеке тұлғаның даму факторы болып табылады. Шынында оның рөлі қоршаған орта факторының рөлінен ерекше.

Әрекет – субъектінің объектіге қатысты белсенді формасы: танымы жетіледі, ашылады; шындық үйреніледі, оқылады; еңбек жасалады, сақталады, материалдық құндылықтар игеріледі; көркемдік әрекетте, көркем бейне қабылданады, құралады, беріледі; денешынықтыру әрекетінде - әлеуметтік құндылық идеялар айтылады, насихатталады, тартылады. Егер шындық болмыстың объектісі басқа субъекті болса, бұл әрекетті қарым – қатынас, ал оның көрініс формасы – мінез – құлқы болады. Егер де объектінің орнын субъект атқарса, бұл қызмет араласу болып аталады, оның құрылу жолын тәртіп деп атаймыз.

Қарым – қатынас әрекеттің ерекше түрі, ол оның барлық түрлерімен бірге жүреді. Ол тікелей немесе жанама түрде жүзеге асуы мүмкін (кітапты оқи отырып, оның авторымен сырласамыз, музыканы тыңдай отырып, композиторға құлақ қоясыз). Сондықтан да егер мұғалім балалармен дұрыс қарым – қатынас орната алмаса, заттық қызметтің жемісті болуы екі талай. Қарым – қатынастың үлкен рөлінде мұғалім және тәрбиелеуші субъектінің рөлін атқарып, бала тәрбиелеу субъекті рөлін атқарады деген жалған түсінік жасайды. Баланың субъектілігін оның әрекетімен шектеледі, ол тәрбиелеу үрдісінің субъектісі емес. Ол тәрбиелеу субъектісі бола алмайды.

Тәрбие субъектісі – ол әр қашан маман – педагог немесе үлкен адам, мәдениет аясына кіру үшін балаға саналы және мақсатты түрде бағытталған іс әрекеттер жасайды. Баланың қоршаған өмірімен белсенді өзара әрекеті барысында бала мәдениет деңгейінде әлемді меңгереді (мысалы, жоймайды, көбейтеді). Егер орта әлем бейнесін көрсетсе, әрекет даму факторы ретінде осы бейнеге терең бойлап, құбылыстар мәнін түсініп, оны адам өмірі тұрғысынан бағалай алады. Баланы тек тәрбиелеп қана қоймай, педагог оның психологиялық жақтарына да көп көңіл бөлуі керек.

Әрекет ету барысында жеке тұлға ортамен белсенді қарым – қатынаста болып және оған мәдени деңгейде әсер етуді үйрене бастайды. Тәрбие баланы қазіргі заманғы мәдениет пен байланысқа тартатын ұйымдасқан әрекеті, осы арқылы баланың өмірі мәдени мазмұндарға толады.

Тәрбие өмірдің ең жоғары құндылықтарына бағытталған өмірлік жағдаяттарда еркін саналы таңдау қабілетін дамытуға және олардың өмірдің құнды мазмұнын сезінуге мақсатты бағытталған үрдіс.

Тәрбиенің жүйесі кәсіби педагогтың санасында орын алған. Тәрбиелеу жүйесі – педагогтың кәсіби ойлауының сипаттамасы. Жүйенің көптігі туралы айта отырып, оның жеке элементтердің нақты жағдаяттарда нақты рәсімделуін білдіреді. Әңгіме құбылыстың мәні туралы емес, формасы туралы болып отыр.

Ресей ғалымы Зимняя И.А. тұлғалық, іс-әрекеттік келіс өзінің тұлғалық компонентінде білім беру үрдісінде оның мотивтері, мақсат, міндеттері, психологиялық қалыптасуына байланысты негізделеді деп тұжырымдайды/141/.

Қоғамның жаһандану үрдісіне ақпараттық технологияларды пайдалану жылдан-жылға артып отырғаны техникалық үдерістерден, мәдени және білім беру жүйесінен айқын байқауға болады.

Сонымен қатар, аймақтану материалдары арқылы тұлғаны әлеуметтендіруде ақпараттық технология негізгі орын алады. Аймақтану материалдары арқылы оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруде ақпараттық технология және медиабілімді пайдалану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыра түседі. Ақпараттық технологияның және медиабілімнің алдында тұрған негізгі міндет - жас

ұрпақты жаңа ақпараттық даму үрдісін меңгеру, техникалық құралдарды пайдалана білу, әртүрлі информацияны қабылдай білу, оны түсіну. Медиабілім беру жүйесіне – баспасөз, телехабарлар, радио, кино, видео, деректі фильмдер, слайдфильмдер, баспасөз басылымдары, т.б.

Ақпараттық технология және медиабілім өзара бірлікте оқушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпараттық мәдениет – оқушының әртүрлі ақпараттарды еркін қабылдауы мен танып білуі, ақпараттық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталады.

Мектепте аймақтану материалдары арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда тәрбие технологиясы теориялық және практикалық негізінде тәрбие жүйесі арқылы іске асырылды. Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, рухани-адамгершілік тәрбие беру барысында стратегиялық және тактикалық жағдайларды іске асыруда біз төмендегі мәселелерді шешу арқылы жаңа әлеуметтік даму жағдайында алдымызға қойған негізгі талаптарымызды орындай аламыз:

- рухани-адамгершілік тәрбие беру үрдісінде ұлттық және әлемдік дәрежедегі құндылықтарды өзара байланыстыра отырып, тұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

- жүйелі-ұйымдастыру тұрғысынан мектеп, ата-ана және әлеуметтік ортаны өзара сабақтастыра отырып, мақсатты түрде оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруді ұйымдастыру;

- оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, рухани-адамгершілік тәрбие берудің формалары мен әдістерін нақты пайдалана білу;

- аймақтық ерекшеліктерді ескеру, туған елге, жерге, ауылға, қалаға, т.б. сүйіспеншілігі арқылы, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының ұстап отырған бағытына сәйкес, оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру;

- кешенді тұрғыда ықпал ету арқылы біз, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани-адамгершілік, әлеуметтік құндылықтарды, тәжірибелерді жүйелі түрде пайдалану.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Философия. -Алматы. 1999.
2. Платонов К.К. Структура и развитие личности. М., 1986. -173. С
3. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. – М: Прометей, Юрайт, 1998. – 464 с.
4. Философиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. - 325 б.
5. Философия. /Құрастырушы Ғабитов Т.- Алматы. 1991. –320 б.
6. Леонтьев А. Н. Ис-әрекет. Сана. Тұлға. /Психология. Адамзат ақыл ойының қазынасы. 10 томдық. –Алматы: “Таймас” баспа үйі. 2006. 2- том.
7. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану.-Алматы: Ғылым. 2003, 376 б.
8. Зимняя А. Педагогикалық психология. Алматы. Білім. 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тұлғаны әлеуметтендіруде аймақтық материалдардың маңызы қамтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль краеведческих материалов в социализации личности.

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТҮЛҒА ТҮТАСТЫҒЫ - САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЛШЕМІ

Қожамбердиев С.И. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Біз тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы ХХІ ғасырдың ұрпақтарын дайындап жатырмыз. Президенттің 2030 бағдарламасындағы жастарға қойылып отырған міндеттерді іске асыру үшін, жастарды сауатты да, білімді, жан-жақты, денсаулығы мықты мемлекеттік тілді меңгерген, сол тілде жұмыс істей алатын айналасындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеуіміз керек. Нығайту ісін рухани мәдениетін, денсаулықтан бастайды. Мектепті бітіріп, жоғары оқу орындарына қабылданған студенттердің көпшілігінің спорттық білім деңгейі бірдей деп айта алмаймыз, сондықтан ең басты талап, әрбір бірінші курсқа қабылданған студенттің мектеп бағдарламасы бойынша дене шынықтыру пәнінен білім деңгейі қажетті деңгейде болуы тиіс. Бұл жерде «студенттің дене шынықтыру жұмысының» негізгі мағынасы не? деген заңды сұрақ туады. А.Байтұрсынов: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек» - деп айтқан.

Студенттер дене шынықтыру жұмысын орындағанда төмендегі жағдайлар айқын көрсетіледі:

- 1) Оқу материалының тақырыбы, мазмұны, көлемі;
- 2) Студентке берілген өздік деңгейлі жаттығулар;
- 3) Жаттығу жұмысын жасау барысында студенттердің кездесетін қиындықтары;
- 4) Осы жаттығуларды орындау барысында студенттердің алатын бағалары;
- 5) Оқытушының көмегі.

Осы орайда оқытушы тарапынан істелетін ең қажетті жұмыс: дәріс болсын немесе тәжірибелік сабақ болсын, олардың ақпараттық мазмұнды мәтіні дайын болуы, нақты тапсырмалар берілуі, студенттердің өзіндік дене шынықтыру жұмысын орындаудың және оны аяқтаудың белгіленуі.

Бүгінгі жастар халқымыздың болашағы, еліміздің ертеңі. Сондықтан егеменді елдің ұрпағының жан дүниесін жаңғыртуға тиіспіз. Жақынырақ таныстырып, білімді, ақылды, иман жүзді, инабатты, сұлу да сымбатты, болашақ мамандырды дайындап, оқу-тәрбие тақырыбын ұлттық рухқа негіздеуіміз қажет. Болашақ жастарды спортқа дайындауда ең маңыздысы, жоғары-оқу орындарында міндетті пән деп білу қажет.

Қорыта айтқанда, біздің елдегі білім беру жүйесі мынадай қағидаларға сай құрылуы қажет деп сипаттаймыз, "Әрбір оқыту жүйесі, мақсаты мен міндеттері, формасы мен тәсілдері заман талабына сай өзгеруі тиіс". Оқытудың бұл қағидасы сөзсіз республикамыздағы білім беру саласындағы жағдайды терең зерттеуді талап етеді.

Дене тәрбиесінің мақсаттары; Елдегі шаруаның тұрмыс күйін зерттегенде толып жатқан кемшіліктерін көреміз. Соның бірі -жастар мен оқушылардың дене тәрбиесіне назар салынбағандықтан. Оның себебі, елдегі мұғалімдеріміздің дене тәрбиелеу мәселесіне көңіл бөлмегендігінен. Осы күні кеңес үкіметі жалпы мәдени жұмыстарының бірі етіп елдегі еңбекшілердің денсеулығын түзеу үшін түрлі шараларды жүзеге шығарып отыр. Соның біреуі дене тәрбиелеу (шынықтыру) жұмысы. Дене шынықтырудың қасиеті жастар арасында өте зор: мінез құлықын түзейді, тәнін пысық және ширақ етеді. Бірлестік жолына үйретіп бақытқа салады. Тұрмысыңды түзеп әлемге тіршілік беріп тұратын, жаратылыстың «тіршілік бұлақтарын» (күн,ауа,су) пайдалана білсең келешекте бұқараның денсаулығы артып, төңкеріс майданына керекті дені сау жауынгерлер шығаруға жәрдемдескенің.

Тазалық шарттарын жете орында. Денсаулықтың басты шарты – елдің тазалығын жөндеу. Саулықтың қадірін білетін әрбір саналы оқушы, болмаса жас жеткіншек төмендегі айтылған негізгі шарттарды отындасын.

Күн сайын беті- қолыңды, мойныңды әбден тазалап жу.

Ең кемінде жетісіне бір рет бүтін тәніңді сабынмен тазалап жуу керек, өйткені кір денеге арқандай түрлі-түрлі ауырулар үйір болады.

Жеті сайын бір рет ішкі киім ауыстыру.

Астың алды-артында қолыңды жақсылап жуып тұр.

Тамақты әбден асықпай шайнап же, ас ыдысы неғұрлым таза болсын, мүмкін болса әркім тамақты өз алдына бөлек ыдыстан жеп, ішсін.

Өз үйінде болсын, өзге үйде болсын(әсіресе көптің жиналатын жерінде) еденге түкіруші болма.

Тұратын үйің мен оқитын мектебіңнің есік терезелерін ашып, әлсін-әлсін ауасын жаңарт, үй ішіндегі киіз, кілем, төсек –орын, көпшік көрпелеріңді шығарып жиі қағып тұр; мектептегі парта, тағы басқа саймандарды, есік терезелерін ашып қойып, дымқыл шүберекпен сұрт; еден тақтай болса жетісіне ең кеміне бір рет жу.

ауыра қалсаң дереу дәрігерге бар. Өйткені ауырудың алдын алып (не ауыру болса да) емдетсең бойыңа сіңбей тұрған да жылдам жазыласың.

Қай ауыру мен ауырсаң да бақсы балгерге қаратпа, қаратам деп жүргенше дерт өршігіп кетеді, жазылу қиынға түседі.

Жаз күндерінде жеңіл, кең киім киіп жүр. қалың киім терлеткіш келеді.

Әрбір оқушы мен жас жеткіншек осы жоғарыда айтылған кеңестерді толығымен орындаса, ел ішінде ауырулар азайып, елдің саулығы түзеліп, толып жатқан олжаға батамыз.

Күнді қалай пайдалану керек? Өсімдік пен жануарға күн қандай керек болса, адамға да сондай керек. күннің көзімен дұрыс пайдалана білсең, денең шынығады, күшің көбейеді. Көңілің ашылады, басқада ауыруларға жылдам берілмейді.Күннің көзімен дұрыс пайдаланылғысы келген әрбір саналы оқушы, жас жеткіншек мына кейінгі айтқанды орындауы жөн.

Күннің көзімен бір мезгілде пайдалан.

Бірден денеңді күнге күйдірме, алдымен тізеден төмен қарай ашып, бірте-бірте жоғарлата үйрету керек. Күнде бірден ұзақ жату жарамайды. алғашқы кезде 5-10 минут сосын 3-5 минут қосып отыру керек, сонан 1 сағатқа жеткізу керек.

Күннің көзіне денеңнің әр мүшесін кезекпен қарсылап аудара бер, бір жағыңмен жатып қалсаң ыстығы тегіс тимейді. Күннің көзіне жатып болғаннан кейін тұла бойыңды дымқыл шүберекпен сұрт, болмаса суға шомыл.

Әуелі суға түсіп, сосын барып күннің көзіне ыстықтанудың пайдасы жоқ.

Әйелдер «қан келіп» жүргенде күннің көзіне ыстықталудан тоқтала тұруы керек.

Егер күннің көзіне ыстықтау жақпай, бұрынғысынан жаман боп бара жатса, ыстықтау уақытын кеміту керек, оғанда болмай бұрынғы күйінде төмендеп бара жатса, ыстықтауды тоқтата тұрып дәрігерге көрін.

Қызметтен қажып, шаршап шыққан бойда, болмаса уайым- қайғылы боп тұрғанда, болмаса ас ішкеннің соңынан екі сағат өткізбей күннің көзіне ыстықтану жарамайды. (Күннің көзіне ыстықтануды – (күн ваннасы) дейміз.

Таза ауа сенің досың. Денсаулықтың мықты тұтқасы - таза ауа. Онымен пайдалана білу үшін мынаны ескер:

Тұратын үйдің, бөлменің есік терезелерін мезгіл-мезгіл ашып, ауасын жаңартып тұр. Қызмет жасайтын және ұйықтайтын үйдің терезелері жаз бойы ашық тұрған дұрыс.

Оңаша жерде (орман, бақша, тоғай сияқты) үстіңдегі киімді жеңілдеп тастап, бос уақытыңның көбін сонда жатып үйрен.

Күн сайын серуенге шығып, жаяу өзен көлдер жағасында 2-3 шақырым жер жүріп қайт. Жүргенде ауаны мұрын мен ішке алып, іштегі ауаны сыртқа ауыз арқылы шығар. Үй айналасының ауасын бұзбау үшін: күн-күбірді, жуанды шайындыны өз алдына дербес, айналадан шұңқыр қазып, оларды сонда төгіп тұру керек. Үй айналасын тап-таза етіп ұстау қажет.

Сумен қалай пайдалану керек.

Дененді күн сайын сабын менен жуып, орамалмен ысып тұр.

Өзені көлі бар жерде күн сайын 5-10 минут шомылып тұр.

Қайнатпаған лас ыдыста судың ішінде көзге көрінбейтін көп теген бактериялар бар. Сондықтан суды талғап ішу керек.

Маселен іш сүзгісінің басқа ауырулардың бактериясы (құрт) суда жүруі мүмкін. Аузы жабық таза ыдыстан су ішкен жөн. Күнді, ауаны, суды тіршілік тұтқасы деп бекер айтпаған: - осыны дұрыс пайдалана білсең науқас саған оңайлықпен жоламайды. Барын ұқсатпаған дағдыланбаған, мәдениет жөнінен артта қалған елдерде ауырудың неше түрін көруге болады.

Ойын және оның қасиеті.

Жас баланың өнеріне ойын өте керек екендігі әркімге де мәлім болса керек. Оқып жүргенде бала ойнап жүрсе онда оның жігері, күші молайып, құлқы түзеліп, білігі артады. Ойын адамның денесін ширатады, зейінін ашады. басқалар мен бірге бірлесіп жұмыс істеуге дағдыланады. Ойын өрнекті әлеумет тәрбиесінің мектебі. Ойынды түрлендіріп, бәсеке кіргізіп талқыға салса, алқада отырған көпкеде қызықты келеді. Ойынды ойнағанда төңкеріс мейрамдарына, көп қыдырыстар да, жұрттың алдына шығып ойнау тиіс.

Тартыс. Ойнаушылардың саны алты кісі не онан да көбірек болуы тиіс. Бұл ойынды да ашық ауада, алаңда жасауға болады. Қақ ортада бір-бірінен алыстығы жарты қадамдай етіп екі сызық сызылады. Бар ойнаушылар теңбе – тең екіге бөлінеді. Әр партияның кісілері бірінің белінен бірі ұстап екі жақ қарама – қарсы тұрады. Екі жақта алдыңғылары бір-бірінің қолынан мықтап ұстап, әр топ өз жақтарына қарай тартады. Арасындағы сызықтан екінші топты сүйтеп шығару керек.

Ескерту: Ұзын арқанмен тартысу әрі ебдейлі, әрі қызықты болады. Мұнда жаңағыдай екі жақ болып бөлініп арқанның екі ұшынан екі жақтың кісілері келіп ұстап тұрады. Ойынды басқарушы белгі бергенде екі жақтың шегіншектеп, өздеріне қарай сүйрей жөнеледі. Қай жақ өзінің қарсысындағыны әлгі сызықтан сүйреп өз жағына өткізсе, сол жеңген болады.

Лапта. Лапта- деген жүгіру мен соғудың сәйкес келген дене шынықтыру үшін өте пайдалы көп ойын. Әсіресе бұл ойынды оқушы мен жастар жаратады. Ойнаушылар саны 12-40 кісі, жері тегіс алаң, ашық дала, Ойынның аспаптары: кішірек бұлғары мен қаптап қолдан жасаған, болмаса базардағы сатылатын резеңке доп. Лапта- ұзындығы 1-1,5 аршын, жуандығы 2-3 елі таяқ. Майдан былайша белгіленеді: Сызық сызылады. (а), онан 2-3 қадам барып ілгеріден тағы сызық сызылады (в) Алдыңғы сызықтан 30-50 қадам жүріп барып үшінші сызық сызылады. (с) Сонымен үш сызық белгіленіп болған соң ойнаушылардың бәрі екі партияға бөлінеді. жеребмен не болмаса бастықтың бұйрығы мен 1 партия доп соғады. Екінші партия доп ұстауға шығады. Соғушы (а-адам) сызықта тұрып соғады. Ұстаушылар бүтін майданда тарап, ыңғайына қарай шашылып тұрады. соғушы партияның кісілері бір ден артық соға алмайды. Бастапқы кезде әлсіздері соғып өтеді, соғып болғандар (в-адам) сызыққа барып тұра тұрып кейінгілері допты соғып алыс жібергенде аңдып, қапысын тауып (с-адам) сызыққа жүгіріп барып қалады да екінші соққанда (а-да келеді), а-ға келген соң кезегі жеткенже допты тағы соғады. Ұстаушы партияның кісісін (в) сызық пен (с) сызықтың ортасында жүгіріп шығып жүргенде ебін тауып соқса (доппен) соғушылардың орнына шапшандар тұрып допты алып соғуға кіріседі. Өйткені (Бір көз) ұтқан болады. Допты жерге түсірмей ауадан тосып ұстап алса, онда да ұстаушы

партия (а) сызыққа келіп соғуға кіріседі. –(Бір көз)- ұтқан болып шығады. Ойын бастапқы айтылған шарт бойынша 30 минут, 1 сағатқа созылады. Ұстаушы партия (а) сызыққа бір кісісін қояды, ол бойлай жерден допты 1-2 аршын жоғары көтеріп беріп тұрады. Ойын біткесін бастық кеі жағының ұтқан (көзін) санап қай жағынікі көп болса, соны жеңді деп жариялайды.

Ел ішінде дене тәрбиелейтін үйірмені қайтіп ұйымдастыру керек. Ол үшін елдегі жастар ұясы болсын, болмаса спорт комплекс, одақ ұялары, біреуімен байланыс жасау тиіс. Ол сізге ұйымдасу жолын іздеп, қаламен қатынас жасап, қаржы тауып беріп басшылық етеді. Үйірме болам деу- елінің алдымен санын біліп, тізбесін жасап, жалпы жиылыс пен бастық сайлау керек. Спорт комплекс, одақ ұяларымен байланыс жасап алғасын, олар қаладығы дене тәрбиелейтін мекемелер арқылы жұмысынды тәртіпке салады. Басшылық жөн көрсетеді. Ойнауға көрініс пен бұрын денсаулығынды дәрігерге көрсет, Ол сенің ойынға жарайтын- жарамайтыныңды айтып береді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 3-я Национальная конференция по чтению. Письмо: от истоков к настоящему. Сборник выступлений. – Алматы, 2002
2. Қалиев, Майғаранова Ш. Нысанбаева Г. Бейсенбаева А. Т.б. «Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері».- А., Білім, 2001.
3. Сәдуахасова Р. «Жаңа технологияны пайдалан білейік».- А., 2004.
4. Тәрбие құралы 2004 № 1

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орнында білім берудің жалпы педагогикалық мәселелері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются новые направления процесса обучения. Даны конкретные понятия педагогической технологии.

РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Құттыжолова А. - мұғалім (Алматы қ., № 40 мектеп)

Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу мектептің оқу-тәрбие үдерісінде алдына мақсат қоя отырып жүргізілген іс-шаралар негізгі орын алады.

Философтардың зерттеуі бойынша тұлғаның қалыптасуына қандай факторлар ықпал етеді және тұлғаның қарапайым адамдардан қандай айырмашылығы бар?- деген сұрақ қоя отырып, соған жауап іздейді. Олар тұлғаның қалыптасуында негізгі рөл әлеуметтік жағдайларға – тәрбиеге, білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, ата-анаға тиеселі екенін атап көрсетеді. Қоршаған әлеуметтік орта - бұл адамның мекен ету әлемі, бұл тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер ететін дүниетанымдық, кәсіби, адамгершілік құндылықтар/1,248 б./

Философ Т.Ғабитовтың басшылығымен дайындалған “Философия” атты еңбекте “Тұлғаның тағы бір маңызды сипаттамасы – оның адамгершілік-рухани мәні. Тұлға

мазмұнының және бағалануының маңызды компоненті ретінде оның санасының дүниетаным, адамгершілік және жауапкершілік деңгейімен сипатталатын тұлғалық бағдарлары көрінеді. Әрине, тұлғаның қалыптасуы мен қылығына әлеуметтік ортаның айрықша ықпал етері сөзсіз. Бірақ тұлға бағдары мен қылығы да сол деңгейде негізінен адамның ішкі, рухани әлеміне бағынышты. Адамның бойындағы интеллектуалдық-адамгершілік және еріктік қасиеттері неғұрлым айшықты көрінген сайын, оның өмірлік бағдарлары жалпыадамзаттық құндылықтармен сәйкес келеді, тұлғаның өзі де маңызы артып, бұл құндылықтардың орнығуы мен дамуы оң ықпалымен әсер етеді. Бұл тұрғыдан ол өз рухы, еркіндігі, шығармашылығы мен қайырымдылығы жақтарымен сипатталады /2/

Тұлғаның ерік-жігері мен рухының күштілігі, оның адамгершілік қайырымдылығы мен тазалығы тек нақты практикалық әрекетте және белгілі бір әлеуметтік жағдайларда ғана бекіп, іске асады” /3,250 б./

Расында да, тұлға – бұл әлеуметтік байланыстардағы және әлеуметтік қатынасқа түсетін адам, қоғам мүшесі, оған қоршаған орта әсер етеді, ол саналы түрде адамдармен және әлеуметтік құбылыстармен қарым – қатынас орнатады. Қабылдау қабілеті әр адамда әр түрлі, бірақ жеке тұлға әлеуметтік ортада өзін дара ұстайды және өз қарым – қатынастары үшін есеп бере алады.

Жекелей-тұлғалық педагогикалық құндылықтар жүйесіне төмендегі құндылық бағыттарын ұсынады:

- құндылықтар, оқушыны әлеуметтік және кәсіби ортада тұлға ретінде қабылдауы;

- құндылықтар, тұлғаның талаптарының, көзқарастарының сәйкес келуі (қарым-қатынаста, құрбыларымен іс-әрекеттерінің сәйкес келуі, рухани құндылықтармен алмасуы);

- құндылықтар, тұлғаның шығармашылық ерекшелігін дамытуға бейімдеу (әлемдік мәдениетті меңгеруі, сүйікті ісімен айналысуы, үнемі жетілуіне ықпалы);

- құндылықтар, тұлғаның бойындағы ерекшеліктер іс-әрекет барысында іске асуы (шығармашылық);

- құндылықтар, қоғамнан өз орнын таба білуі /4, 447-448 б.б./.

Жоғарыдағы құндылықтар жүйесі өзара бір-бірімен бірлікте іске асса тұлғаның бойындағы құндылықтар қалыптасады деген тұжырым жасайды. Олар тұлғаның толыққанды білім алуының өзін жалпыадамзаттық құндылықтарға жатқызады.

Білім беру жүйесінің мәдени-ізгілендіру функциясына бірінші, рухани құндылығын, рухани дамуын қалыптастыруды ұсынады. Тұлға өмірде кездесетін өмірлік кедергілерді жеңе білуі, екінші, моральдық жауапкершілік; үшінші, тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы; төртінші, тұлғаның рухани адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы, бесінші, рухани құндылықтарды аша білуі және шығармашылық тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы /4,80/.

Рухани – адамгершілік құндылықтар мәселесін зерттеуші ғалым Ш. Майғаранова “Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар. Оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық, т.б. жатады. Құндылықтар – идеалдарды қабылдау немесе қабылдау сезімі арқылы айқындалып, ақыл – ой сана арқылы қабылданды. Құндылықтар құрметтеу, қошаметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Құндылықтар – сезім мен ақыл – ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс - әрекетін белгілейді.

Құндылық – бағдарлы тәрбиеде рухани адамгершілік ұстанымдарын жүйелі түрде жүргізу тиімділікке жеткізеді. Ол үшін оқушының мәдени құндылықтарды игеруіне, өзін - өзі дамыту дағдыларына, өмір сүре білуге бейімділігіне, тұлғааралық қатынастарды, дағдыларды игеруіне, өзіне және өзгеге жауапкершілікпен қарауына көмектесу басты нысана болып табылады.

Құндылықтар тек объективті, яғни шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, солай бола тұра, субъективті өйткені ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де, іс - әрекет етеді.

... білім берудегі құндылық бағдар сезім мен ақыл – ойға тең дәрежеде сүйенуі қажет. Осы тепе – теңдіктің болмауынан білім жүйесінде сыңаржақты педагогикалық көзқарастар орын алып келгені белгілі. Сондықтан да, мектептерде құндылық – бағдарлы тәрбие үлгісін ұстанып, оны өмірге ендіру көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады, -деп атап көрсетеді/6/.

Ғылыми философияның түсінуінде дүниедегі ең бағалы, асыл байлық – адам. Ол барлық әлеуметтік қозғалыстар мен қимыл - әрекеттердің негізгі, өлшемі және мақсаты. Жер шарындағы небір ғаламат табыстардың қайнар көзі, ақыл – ой туындыларының құдіретті иесі /4, 256б./

Мәдениет субъектісі бола отырып, адам әрдайым өз белсенділігін көрсетіп отырады. Ол белсенділік ақылға сыйымды болса, мәдениет табиғаттың көркейіп, бүгінгі бір күндік мақсаттан туатын болса, табиғатқа нұқсан келтіреді, экологиялық апаттар туғызады. Себебі, тарихи процесте табиғат пен мәдениет ажырамас бірлікте болып табылады.

Табиғат пен мәдениеттің арақатынасы – адамның табиғатқа қатысты, табиғатпен байланысты, табиғи ортаны игеру әдісі. Материалдық игіліктерді өндірісе де, рухани қызметпен айналысса да, адам сол табиғаттан нәр алады, басқаша айтқанда, оның тарихы, дамуы табиғатқа байланысты. Анықтап айтқанда, табиғат материалдық өндірістің мазмұны анықтауда ерекше рөл атқарады /4,359б./

Әлеуметтік ғылымы тұрғысынан “адамгершілік, этикалық нормаларды абсолюттік талаптар ретінде орындауына орай адам бойындағы әлеуметтік қасиеттің жоғары көрінісі және мәдениеттілік бастаулары”/2,173б./ - деп атап көрсетеді.

Әлеуметтану ғылымында адам тұлғасын зерттеуде тұлғалық қасиетті анықтаудың бірнеше деңгейлерін қолдану қабылданған: табиғи, бұл басқа адамдардың ықпалынан тәуелсіз адамның өзінде болатын және дамитын жағдайлар; биологиялық, бұл жалпы шыққан тегі; тұқым қуалаушылық, бұл ата-ана қанының негізінде болатын және дамитын факторлар (биологиялықтың бәрі бірдей тұқым қуаламайды); әлеуметтік, адамға әлеуметтендіру барысында, басқа адамдармен қарым-қатынаста және өзара іс-әрекет арқылы сіңісті болып, қабылдаған белгілер”/3,241б./

Аймақтану материалдары оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Б.Лихачев ұсынған ғылыми -педагогикалық тұжырымдамада тұлғаның қатынастар жүйесінде тұлғаның тұтас қалыптасуы, іс-әрекет, қарым-қатынас, дүниетаным, сезім мен еріктің бірлігі идеясынан туындайды. Дүниетанымдық сана – баланың сезімі мен жігері, еркіне байланысты болатыны, сезім –сананың қуаттануына мүмкіндік жасай отырып, ерікті қалыптастыруға жағдай тудыратынына тоқталады.

Тұлғаның қалыптасуын әлеуметтік ғылым тұрғысынан қарастыратын болсақ “адам-қоғам-табиғат” өзара бірлікте қарастыра отырып, тұлғаны қалыптастыруда өндірістік қатынастар мен қоғамдық ортаны негізгі деп қабылдайды. “Тұлғаның барлық көріністерінің жиынтығы мен бірлігі, олардың өзара бір-бірімен байланысы оның әлеуметтік құрылымын құрайды. Тұлғаның әлеуметтік құрылымының негізін қоғамдық, әлеуметтік қатынастар қалыптастырады.

Осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, рухани-адамгершілік тәрбие беру барысында стратегиялық және тактикалық жағдайларды іске асыруда біз төмендегі мәселелерді шешу арқылы жаңа әлеуметтік даму жағдайында алдымызға қойған негізгі талаптарымызды орындай аламыз:

- рухани-адамгершілік тәрбие беру үрдісінде ұлттық және әлемдік дәрежедегі құндылықтарды өзара байланыстыра отырып, тұлғаның бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

- жүйелі-ұйымдастыру тұрғысынан мектеп, ата-ана және әлеуметтік органы өзара сабақтастыра отырып, мақсатты түрде оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруді ұйымдастыру;

- оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, рухани-адамгершілік тәрбие берудің формалары мен әдістерін нақты пайдалана білу;

- аймақтық ерекшеліктерді ескеру, туған елге, жерге, ауылға, қалаға, т.б. сүйіспеншілігі арқылы, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының ұстап отырған бағытына сәйкес, оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру;

- кешенді тұрғыда ықпал ету арқылы біз, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани-адамгершілік, әлеуметтік құндылықтарды, тәжірибелерді жүйелі түрде пайдалану.

Оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда олардың жеке бас және жас ерекшелігіне байланысты тұлғаның тәрбиелілігін білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, табиғатқа, еңбекке, өзіне деген қатынасы оның іс-әрекеті, мінез-құлқы, қарым-қатынасы арқылы айқындалады.

Рухани-адамгершілік тәрбиені ұйымдастыру барысында төмендегі іс-әрекеттер атқарылды:

- қоғамдағы жаңа әлеуметтік экономикалық және мектептегі әлеуметтік органың ерекшеліктерін ескере отырып рухани-адамгершілік тәрбие берудің жалпымектептік бағдарламасы жасалды;

- пән сабақтарды, сабақтан тыс уақыттағы іс-шараларды ұйымдастыруға байланысты әдістемелік ұсыныстар дайындалды;

- оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлерін анықталды;

- мақсатты нақты айқындауға байланысты тәрбие беруге байланысты формалар мен әдістерді таңдау және практикаға ендірілді;

- зерттеудің аралық және қорытынды нәтижелелерін айқындауға байланысты бақылау срездерін жүргізілді;

- негізделген және нақтыланған әдістемелік ұсыныстарды іс-тәжірибеге енгізілді.

Оқушылардың пән сабақтарында меңгерген білімдерін, үлгі-өнегелерін сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарда пайдалану қоғамдық еңбекпен айналысуға, ой-өрістерінің кеңеюіне үлкен ықпалын тигізе отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Адамгершілік – адамның өзіне тән жеке тәртібін реттейтін, сүйіспеншілік, адалдық, шындық, әділдік, еңбексүйгіштік, ұжымшылдық сынды адамгершілік категорияларды, адамгершілік нормаларды, сапаларды біріктіретін тұлғалық сипаттама. Адамгершілік норма – тұлғаның қоғаммен, табиғатпен, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынастағы іс-әрекеті/4, 281/

Сластенин В.А., Каширин В.П. адам жаратылысын табиғатпен, қоршаған аймақпен байланыстыра қарастыруды көздейді. Табиғат – адам тіршілігінің табиғи – биологиялық алғышарты, адамның әлеуметтік мәні тұрғысынан қарастырады.

Зерттеу жұмысы барысында ғаламдардың табиғат-адам-қоғам өзара байланысы негізінде ұсынған теориялық тұжырымдарын аймақтану материалдары арқылы тұлғаның бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда басшылыққа алдық.

Педагогика және психология ғылымдары тұрғысынан: адамгершілік, мінез-құлық; рухани-адамгершілік тәрбие; адамгершілік сезім; адамгершілік сана; тарихи сана; ұлттық мұрат (идея); ұлттық идеология; ұлттық сана; географиялық сана; мораль;

адамгершілік көзқарас; тағылым; ізгілік; менталитет, т.б. сияқты іс-әрекеттер мен қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіре білуіміз керек.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім беру жүйесінің мәдени-ізгілендіру функциясы сөз етіліп, рухани құндылық, рухани даму мәселелері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены культурно-духовная функция системы образования, вопросы духовного воспитания.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚША ТІЛ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Меңдаяхова Қ.- п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қоғамдық мектепке дейінгі тәрбиені дамыту – балабақша қызметкерлерінің алдына жаңа теориялық міндеттер қойды.

Қазақстанда “Балабақша тәрбиесінің бағдарламасына” өзгерістер мен толықтырулар енгізілу негізінде ол тұңғыш рет 1964 жылы қазақ тіліне аударылады. “Сауаттылыққа үйрету” бөлімінде қазақ тілін оқыту базасы құрылды. “Көркем әдебиет” бөлімі қазақтың халық ертегілері мен қазақ совет жазушыларының шығармаларымен толықтырылды. “Музыкалық тәрбие” бөлімі қазақтың халық музыкалары мен Қазақ совет композиторларының шығармаларымен толықтырылды. Бұл бағдарламадағы толықтырулар балабақшадағы II топтан бастап енгізу көзделді. Мысалы, екінші кіші топта оқу мен әңгіме үшін 21 көркем шығарма тіркелген. Ән, күй, музыка, ырғақ үшін – 10 шығарма, орта топтағы көркем әдебиет – 32, музыкалық шығарма 14 болса, ересек топтағы көркем әдебиет 34, музыкалық шығарма 14; мектепке даярлық тобында – 41 көркем әдбиет, 19 музыкалық шығармалар белгіленген. Сондай-ақ, бағдарламаға халық шығармалары, қазақ совет жазушылары мен композиторларының шығармалары енген.

Қоғам дамуына, ғылым мен техниканың алға жылжып, жалпы білім беру мекемелерінде жаңа мазмұнға ие білім жүйесі қалыптасып, оқу бағдарламалары өзгеріп, бастауыштық білім беру мерзімдері қысқара бастады. Осыған байланысты, 1969 жылы “Бағдарламада” бала тәрбиесінің төрт кезеңін бөліп көрсетті:

- I. ерте жас – туғаннан 2 жасқа дейін.
- II. Кіші топ – 2–4 жасқа дейін.
- III. Орта топ – 5 жасқа дейін.
- IV. Ересек топ – 5–7 жасқа дейін.

1971 жылы бағдарлама қайта жасалып, қайтадан басылып шықты. Бұл нұсқада да “Тіл дамыту”, “Музыкалық тәрбие” – деген бөлімдер қайта толықтырылды. Бағдарлама материалдарына қазақ ақын-жазушылары мен ақындарының, қазақтың төл өнері мен туған жердің табиғаты, қазақ композиторларының шығармалары енгізілді. Мысалы, мектепке даярлық топтарында (оқу, әңгімелеу, жаттау) қазақтың классик ақыны Абай Құнанбаевтың “Жаз”, Ы.Алтынсариннің “Бай баласы мен жарлы баласы”, “Мақта қыз бен мысық”, сондай-ақ, қазақтың көрнекті жазушылары С.Сейфулиннің “Балалар”, Ғ.Мүсіреповтің “Қанат пен қуыршақ”, Ә.Тәжібаевтің “Май, Алақай”, С.Мәуленовтің “Бала батыр”, Қ.Мырзалиевтің “Аңшы”, А.Тоқмағанбетовтің “Ақша қар”, М.Әлімбаевтің “Октябрь тойы” т.б. енді.

“Бағдарламада” қазақ балабақшаларында қоршаған ортаның ұлттық және табиғи ерекшеліктері туралы материалдар қамтылды. Мысалы:

- екінші кіші топтарда бауырсақ, шелпекті дайындау туралы айтылса;
- орта топта кесе, шәйнек, қымыз құятын торсық, т.б. заттарды жасау енгізілген;
- ересек топтарда қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтарын, құтыларға қазақтың ою-өрнектерін, алаша, төсеніштерге әшекейлер жасауды үйретті;
- дайындық топтарда “Біздің ауыл” деген тақырыптарда суреттер салғызып, онда киіз үйдің, ұлттық өрнектердің бейнесі салынды.

“Музыкалық тәрбие” бөлімінде классик-композиторлар Ф.Шуберттің, М.Глинканың, П.Чайковскийдің, Д.Шестаковичтің және қазақтың халық күйшілерінің Құрманғазы, Дәулеткерейдің шығармаларымен бірге қазақ композиторларының Б.Байқадамовтың “Әйгөлек”, С.Мұхамеджановтың “Қазақстан”, “Қамажай”, “Қыздар-ай” шығармаларымен таныстырып, ырғақты қимылдар жасауды үйретеді.

“Дене тәрбиесі” бөлімінде - қазақтың ұлттық ойындары қамтылған. Мысалы:

- кіші топқа – “Бұлан құйрық”, “Аттар”;
- кіші топқа – “Тым-тырақай”, “Терме жіп”, “Орамал тастамақ”;
- орта топқа – “Қасқыр қақпан”, “Ақ сандық пен көк сандық”;
- ересек топқа – “Ботақан”, “Көген тартыс”, “Соқпа доп”;
- дайындық топтарда – “Ақ сүйек”, “Қазан доп”, “Бөдене мен түлкі” ойындары ойнатылды.

“Бағдарламадағы” бұл өзгерістер орыс тілді балабақшаларды да қамтыды. “Бағдарламада” былай дейді: “...жергілікті жердің ерекшеліктерін ескере отыра, қазақтың ұлттық өнерін практикалық сабақтарда қолдануға рұқсат етіледі.

1960-1970 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин атындағы институттың мектепке дейінгі тәрбие бөлімінде және Қаз.ССР ағарту Министрлігінде оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұнын дамытып, жаңа оқу-әдістемелік құралдар шығарып, дидактикалық материалдар жасалды. Республика ғалымдары ауылдық жердегі балабақшаларда адамгершілік, еңбекке баулу, ана тілін (қазақ тілі) оқыту, сөздіктер пайдалану, ерте жастан оқыту мәселелерін зерттеді.

“Мектепке дейінгі балаларды психологиялық және педагогикалық тұрғыдан тәрбиелеу” бағдарламасы Ы.Алтынсарин атындағы институттың мектепке дейінгі тәрбие секторының ғылыми қызметкерлері В.И.Андросова мен Б.Б.Баймұратовтың монографиясы негізінде жарыққа шықты.

Бала тәрбиесінде үлкен орын алатын мәселенің бірі – балалардың тілін дамыту. Ы.Алтынсарин атындағы институтта мектепке дейінгі тәрбие бөлімі сөйлеу мәдениетінің мазмұны мен әдісі, дұрыс сөйлеудің грамматикалық түрлері, тілдік байланыстарды дамыту бағыттарында жұмыс істеді. Сондай-ақ өлең оқыту, сөйлей білуді меңгерту әдістері де зерттелді. Республикадағы тіл дамыту сабақтарын ерте жастағы топтарда ауыл балаларын қала балаларымен қатар бірдей дәрежеде меңгерту зерттеле бастады. Бұл мәселеде республикаға еңбек сіңірген мұғалім, педагогика ғылымының кандидаты, доцент Б.Б.Баймұратова үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол өз еңбегінде, әсіресе, қазақ балаларының тілін дамыту, ана тілін оқытуды ұйымдастыру әдісі, қазақ балабақшаларында көркем сөйлеуге баулу мәселесін қарастырған.

“Бағдарламаның” қазақ тілінде шығуына байланысты, 1964 жылы Б.Баймұратовтың “Біздің кітап” деген тәрбиешілерге арналған оқу құралы жарық көрді.

1974 жылы бірінші “Біздің кітап” 2–4 жастағы балаларға арналған 1978 жылы “Балалар әдебиетінің хрестоматиясы” жарық көреді. Бұл кітаптарда халық шығармалары, қазақтың классик және совет жазушыларының, ақындарының шығармалары балалардың ана тілін меңгере отырып, тіл дамытуы үшін пайдаланылды.

Әр педагог маман өзінің алдындағы балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеруі керек. Бұл бағытта бірнеше ғылыми еңбек жазған ғалым А.А.Давиденко болып табылады. “Ерте жастағы балаларды оқыту” деген еңбегінде А.А.Давиденко жас балалармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыра білу, оған талдау жасай білу мәселелерін қарастырады. Қазақстанда Ұлы Отан соғысы кезінде мектепке дейінгі бала тәрбиесін дамыту туралы зерттеу жасаған Р.М.Жұмағожина (“Ұлы Отан соғысы кезіндегі мектепке дейінгі балалар мекемесі 1941-1945жж.”).

1976-1980жж. Ы.Алтынсарин атындағы институттың мектепке дейінгі тәрбие бөлімінде “Мектепке дейінгі балаларды оқытудың және адамгершілік тәрбиесін берудің педагогикалық мәселелері” деген тақырып зерттелді (1980). Осы тақырыпта монография шығып, онда мына сұрақтар қаралады.

1. “Ересек топтардағы балалардың азаматтығын тәрбиелеу”;

2. “Мектепке дейінгі балаларға қазақтың көркем әдебиеті шығармаларын оқыта отырып, адамгершілікке тәрбиелеу”;

3. Көркем шығармаларды оқыта отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және сөздік қорын дамыту.

ҚазССР Ағарту Министрлігі оныншы бесжылдықта мектепке дейінгі тәрбие бөлімдері “Балабақшалардағы аралас топтардағы оқу-тәрбие жұмыстары” (1976), “Мектепке дейінгі мекемелерде оқу-тәрбие жұмыстарын басқаруды ұйымдастыру” (1977), “Мектепке дейінгі балаларды Қазақстанмен таныстыру” (оқу-әдістемелік құралдарын шығарды. “Мектеп”, “Жалын” баспасынан әдістеме оқулықтар, өлеңдер жинақтары, әңгімелер, ертегілер, тақпақтар қазақ тілінде шыға бастады. Мысалы, “Балаларға базарлық”, “Балаларға арналған халық ауыз әдебиеті” – Р.Жұмағожина, “Біз билейміз, ән шырқаймыз” М.Әлімбаев, “Әрқашан күн сөнбесін”, “Біздің ортақ үйіміз” - Ә.Табылдиев. Сонымен бірге оқулықтар мен методикалық құралдар қазақ тіліне аударылды.

1. Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын дамыту. (Т.В.Тарунтаева)

2. “Бағдарламадағы” әдістемелік нұсқау. (А.И.Шустакова)

3. “Балабақшадағы адамгершілік тәрбиесі. (В.Г.Начаева)

4. “Балабақшаға көзқарас”. (Н.П.Сакулина, Т.С.Коморова)

5. “Балабақшадағы балалардың тілін дамыту әдісі” (А.П.Федоренко, Г.А.Фомичева, В.К.Лотаев)

6. “Бала бақшадағы басшылық туралы” (Демурова Е.Ю., Островская Ф.)

Бұл әдістемелік-құралдар бала бақшадағы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға әдіс-тәсілдерді жетілдіруге зор көмегі болды.

Жоғары оқу орындарындағы мектепке дейінгі тәрбие факультеттері студенттеріне арналған А.К.Менжанованың ғылыми еңбектері қазақ балалар бақшасындағы тәрбие мен оқытудың мәнін кеңірек ашуға игі әсерін тигізді.

Қазақ тілінде “Мектепке дейінгі педагогикаға арналған лекциялар курсы” (А.К.Менжанова, Г.И.Исмагулова, Е.Б.Дайрабаев), 1987жылы А.К.Менжанованың “Мектепке дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу” деген монографиясы жарық көрді. Ол балаларға арналған көптеген ән, өлең, тақпақтардың авторы. “Қоңырау”, “Айгөлек” жинақтары, топ-топ, балақай өлеңдер жинағы республикадағы балабақшаларда кеңінен пайдаланылды.

Ана тілін (қазақ) әр жастағы балалар топтарында Х.Қожахметованың “Мәнерлеп оқу” оқулығы үлкен қызығушылықпен қолданылды. Бұл “Бағдарламада” (1971) балабақшада ана тілін мәнерлеп оқу әдісін кең қолдану көрсетілген болатын.

1970-1980 жылдар аяғында республикада алты жасар балаларды мектепке дайындаудың эксперимент (сынақ) жұмыстары жүргізілді. Бұл – оқулықтар мен бағдарламаларды дайындауға деген ынтызарлықты туғызды. Б.Б.Баймұратованың жетекшілігімен ғылыми зерттеу институтында мектепке дейінгі тәрбие ісіне арнап

бірнеше оқулықтар жазылды. Мысалы: М.Т.Тұрыскелдина балаларға арналған қимыл-қозғалыс ойындары туралы “Кел, ойнайық” (1981) “Дене шынықтыру және ойын сабақтарына әдістемелік нұсқаулар” (1984) еңбектерінде 6 жасар балаларды мектепке даярлау керектігін ғылыми тұрғыдан нақтылады.

Сонымен 1960-1970 жылдары балабақша тәрбиесінде жаңа бағдарламалар жасалып, балалардың жан-жақты дамуына қатысты көптеген іс-шаралар атқарылды. Республика көлемінде бағдарлама бөлімдерінде көрсеткендей ұлттық шығармаларды оқыту (қазақ халық ертегілері, халық қолөнері, ұлттық ойындар, ән, би т.с.) балаларды оқытып, тәрбиелеуде айтарлықтай жақсы нәтижелер беріп, интернационалдық тәрбиенің дамуына әсер етті. Республикада (Б.Баймұратова, Л.А.Давиденко, Р.Жумагожина, М.Т.Тұрыскелдина және т.б.) қазақ тілі мен әдебиеті, музыка, денешынықтыру пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдар ұлттық балабақшалардағы тәрбиешілерге көмекші құрал болды. Мұның бәрі республикадағы балабақшалардағы оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы жағынан жақсы дәрежеге көтерілгенін көрсетеді. Болашақта мектепке дейінгі педагогиканы дамыту, кенжелеп қалған ғылым саласына үлес қосу болашақ жас ғалымдардың үлесі дей тұрғанмен де, балабақшалар бүгінгі таңға дейінгі жарияланған ғылыми-әдістемелік еңбектерді басшылыққа ала отырып, өздерінің алға қойған мақсат-міндеттерін айқындап, құқықтарын, қызметтерін жетілдіру үстінде. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен білім беру жүйесін шығармашылық тұрғыдан жаңартуға көңіл бөлінуде. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен оқу-әдістемелік кешендердің дайындалуы осының айғағы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес Қазақстан Республикасы үкіметінің 1999 жылғы 22 қарашадағы № 1762 «Балаларды міндетті мектепалды даярлау мәселелері» туралы қаулысына сәйкес «Мектепалды даярлығы» бағдарламасы 1999 жылы жарық көрді. Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен жоғарыда аталған бағдарламаға сәйкес мектепалды даярлығына арналған оқу-әдістемелік кешендер «Алматы кітап» баспасында даярланды. Әмина Әмірова министрліктің тапсырысын орындауға атсалысқан авторлардың бірі. Ғалымның міндетті мектепалды даярлығына арнап жазған «Сауат ашу» №1, 2, дәптерлері, «Сауат ашудан» әдістемелік нұсқауы, хрестоматиясы, дидактикалық ойындары 2004 жылы баспадан жарық көріп, бүгінде республиканың барлық мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп жасындағы даярлық сыныптарында қолданылып келеді. Бұл оқу-әдістемелік кешендердің жоғары орындарымен арнаулы кәсіптік білім беру мекемелерінде болашақ мамандарды даярлауда «Тіл дамыту мен мәнерлеп оқу әдістемесі» пәнінде толық талқылануы, ертеңгі маманның мүмкіндігіне, онымен жұмыс істеу мүмкіндігіне ықпалын тигізеді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Концепция дошкольного воспитания в Казахской ССР. Алма-Ата, 19907.
2. Қазақ балабақшаларында тәрбиелеу, оқыту мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 1991.18 қаңтар.
3. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие тұжырымдамасы. Білім беру министрлігі, 1992.
4. Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жағдайы. Астана, 2005

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарға арналған бағдарламалар мен оқу-әдістемелік кешендердің қазақша тіл дамытуы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются программы и учебно-методические комплексы по развитию казахского языка в дошкольных учреждениях.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

Мухамединова Н. А. – п.ғ.к., доцент, Садық Г. Б. -ізденуші
(Алматы., ҚазмемқызПУ)

«ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» түсініктемеде: «Білімді, білік дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық зиянкерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеалардың қуат көзі болатын, жеделөзгеріп отыратын әлем жағдайында дамиды және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады» делінген /1/. Демек, бұл түсінік ұстаздар үшін өздерінің біліктілігі мен білімділігін арттыруды талап ететін басты міндет. Қоғамның дамуы ұстаздар үшін - бұл мәселе, яғни бүгінгі заман талабына сай мамандар даярлау қажеттігі міндетін алып отыр. Міне, осы міндеттерді орындау үшін ұстаздар үздіксіз ізденісте бола отырып, оқытудың яғни жаңаша маман даярлаудың жаңа әдіс-тәсілдері мен инновациялық технологияларын қолдануы қажет.

Ал, қазір халықаралық деңгейге көтеріліп отырған қоршаған орта жағдайы экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесіне әкеледі. Адамзат өркениетінің дамуының әр түрлі кезеңдерінде адам мен табиғат арасындағы қатынастардың түбегейлі өзгеріп отырғаны белгілі, ал өзінің түр ретінде ерекшеленуінің алғашқы кезеңдерінде көптеген консументтердің бірі ғана болған. Уақыт өте келе басқа түрлердің саны мен өнімділігіне ғана ықпал етіп қоймай, тіршілік ортасының көптеген параметрлерін өзгерте алатын түрге айналды.

Бүгінгі таңда жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр.

Елбасының қолдауымен Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау және қалыптасқан экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған бірнеше маңызды заңдар мен құжаттар қабылданды /2/. Соның ең маңыздысы «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы» (2003ж.) көпшілікке экологиялық білім мен тәрбие берудің өміршең бағдарламасын нақтылап берді /2/. Экологиялық білім беру адамзат қауымының қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру. Оның ішінде қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін адамгершілігі мол ізгілікті экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеу бастапқы орын алады. Әуелден әр түрлі дәрежедегі биологиялық жүйелердің өзін қоршаған жансыз табиғатпен және тірі табиғатпен қарым-қатынасын зерттеумен шұғылданып келген экология ғылымының даму логикасы, ерте ме кеш пе, оны адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынастары проблемасымен шұғылдануға жетелеп әкелуі тиіс еді, себебі адамзаттың ортамен қарым-қатынасы қаншалық алшақтап кетсе де, ол Биосферада белгілі бір орын аталатын күрделі жүйенің бір бөлігі болып қала береді.

Егер өз кезегінде экология - тірі организмдерінің қоршаған ортамен байланыстарын зерттейтін ғылым, оны бүткіл мамандықтардың 2-ші курс студенттеріне өту Мемлекеттік стандарт негізінде енгізілген. Экология шеңберіндегі қоршаған орта туралы ілім курсы жер бетінде тіршіліктің пайда болу сәтінен бастап, қазіргі ғылыми техникалық дамыған кезеңге дейінгі аралықты қамтитын пән. Яғни бізді қоршаған ортаның қомақты мәселелерін қарастырады. Сондай-ақ әр бір организмнің ортасы - оны қоршаған көптеген органикалық және бейорганикалық элементтері мен шаруашылық нәтижесінде түзілген. Ғылымның әр түрлі салалары мамандарының экология пәнін оқуы оларға қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану жолдарын үйретеді.

Биосфера мен Адамзат өркениетінің келешегіне байланысты алаңдаушылық білдіріп, тығырықтан шығудың жолдарын қарастыратын мамандар даярлау бүгінгі күн талабы. XX мен XXI ғасырдың түйісінде әлемдік және аймақтық әлеуметтік-экологиялық проблемалардың лайықты шешілуі «орнықты даму» түсінігімен байланыстырып отыр. Біздің ойымызша әрбір маманды экологиялық сауатты азамат ретінде тәрбиелеу “орнықты даму” ұғымының шешуі. Ал, “Экология” пәні жеке мектеп бағдарламасына енгізілмеген. Экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесін басқа пәндерде тақырыпқа сәйкес пәнаралық байланыс негізінде немесе жеке үйірме, факультативті сабақ түрінде жүргізіледі. Ұсынылып отырған модуль шеңберінде педагогтар экологиялық білім мен тәрбие беру мақсатында жұмыс жүргізе алады. Экологиялық дағдарыстың ұлғаюын мейлінше тежеу, табиғат пен қоршаған ортаны қорғау тәсілдері тек экологиялық жаппай және үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана іске асырылады. Осы орайда елімізде жасөспірімдерге үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастыру барысында ұстаздың тапқырлығы мен жаңа әдіс-тәсілдерді оқу үрдісінде пайдалана алу ептілігі-бүгін күн тәртібіне қойылуы - орынды жағдай. Сондықтан да мектеп қабырғасында жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру барысында модульдік технологияны пайдаландық.

Модуль дегеніміз -міндетті түрде оқушының білімі мен біліктіліктерін тексеру элементі бар оқу материалының логикалық аяқталған бөлімі. Модульді құрастыру кезінде пәннің жұмыс бағдарламасы негізге алынады /3/ Пәннің тақырыптарына сәйкес немесе өзара байланысты тақырыптар болады. Көбіне біздің тәжірибелерімізде тақырыптарға сәйкес мәселелер сыныптан тыс қарастырылып отырады. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрамды бөліктен тұрады: кіріспе, сөйлеу және қорытынды. Біз ұсынатын модуль «Сабақтың түрлері, құрылысы» тарауына арналған.

Сабақты өткізу барысында оқушыларға өсімдіктің тірегі сабақ екенін, яғни ол жер асты және жер үсті мөшелерін қосатын дәнекер екенін дәлелдеу, өсімдіктің жер асты жер үсті мөшелерімен таныстыра отырып, өсімдікке қажетті орта жағдайлары мен сабақтың түрлері туралы түсінік беру.

Дамытушылығы: Оқушылардың сабақ туралы білімін тереңдету.

Тәрбиелілігі: өсімдіктер үшін сабақтың маңызын түсіндіре отырып, өсімдіктерді қорғауға тәрбиелеу мақсатында қолданылған бұл сабақтардың бірі. № 2- сабақ: өсімдік тірегі сабақтың түрлері, өсімдікке қажетті орта жағдайлары тақырыбында – «Сұрақ-жауап» оқыта, көрсете үйрету ойыны арқылы жүзеге асады.

Сабақтың мақсаты: өсімдіктің тіршілігі үшін сабақтың маңызын айқындау. өсімдіктің жер асты және жер үсті сабақтары мен (түрі өзгерген сабақтармен) олардың атқаратын қызметімен таныстыру. өсімдік көп түрлілігімен таныстыру. Оқушылардың өсімдіктер туралы білімін дамыта отырып, оларды қорғауға тәрбиелеу.

Қажетті құрал жабдықтар мен көрнекіліктер. Оқушылардың өзіндік эмблемалары, және сабақ түрлерінен гербарийлер жинақтау үшін сеткалар мен картондар.

Оқушылармен топ құра жинақталып, саяхат барысында жеке қауіпсіздігіне аса назар аудару қажеттігін түсіндіру. Сабақ өсімдік тірегі атты сыныпта өткен тақырыбын әңгімелей отырып, тірек сызбаларды еске түсіру. Сынып екі топқа біріктіріледі. Ойын шартымен тапсырма түрлерімен таныстыру. Топтар тапсырмаларды таңдап алады да оларға белсенді түрде кіріседі. Топ тапсырмалары бойынша жұмыс үстінде саяхат барысында қойылған сұрақтарға, сабақ түрлерін мысалға келтіре отырып жауап беріп отырады. Бұдан соң мұғалім тақырып мазмұнына сәйкес өсімдіктің өсу бағытымен – қарапайым күрделі сабақтармен таныстырып, көрсетіп шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зертеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше рет қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын ынтасын, ойлауын ауызша және жазбаша тілін дамытуға сүйене отырып түсіндіреді.

Әр топ өз тапсырмаларын мұқият орындап, гербарилер жинақтайды. Табиғат жағдайына, биологиялық ырғақтылыққа аса назар аударылады. Табиғат аясында өсімдіктердің маңызы туралы сұрақ-жауаптар қойылып пікір-талас өткізіледі. Әрбір топ өз тапсырмалары негізінде күнделіктеріне белгілер қояды. Бұл сабақ модульдің сөйлесу бөліміне кіргендіктен сабақтың ұйымдастырылу формасы сыныптан тыс әр оқушы белсенді әңгімелесу үстінде болады. Әрбір топ мүшелері өзінің қалай және немен шұғылдануы тиіс, сабақ барысында не істеуі керек екенін біледі, өйткені мұғалім балаларды сабақтың ережелерімен немесе оның құрлысымен және жүру барысымен алдын ала таныстырады. Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, бір-біріне табиғат құбылыстары сабақ түрлерін көрсетуі мен түрлі ғылыми көздерді пайдалануы жұпталып келсе, енді қорытынды бөлімінде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдысын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде Венн диаграмасын, сөзжұмбақ, бейнесөз, сөзтізбек, шытырман, сурет-тапсырма, сұрақ-жауап, тест-тапсырма, сынақ тақырыптың ерекшелігіне орай шығарма немесе диктант пайдалана отырып, модульді қорытындылау 5-сабақта Тапқырлар әлемі бөлімінде беріледі.

Қорыта келгенде, Экологиялық білім мен тәрбие беру үрдісінде жаңа технологияларды пайдалану оқушыда өз бетімен еңбектену, оқу-танымдық процесті басқара алу икемділігінің дамуын қамтамасыз етеді. Егер жоғарыдағы айтылғандай әрбір сабақ сыныпта және сыныптан тыс жүйелі болса, оқыту технологиясының құрылымының мынадай нұсқасын көреміз:

1. Балаларды оқу мақсаттарымен таныстыру;
2. Балалардың тапсырманы немесе модульді таңдауына белсенді қатысуы;
3. Мұғалімнің оқу материалын қысқаша баяндай келе, миға шабуыл технологиясын пайдалана отырып, тақтаға белгілер жүйелері – сызбалар, тақырып бойынша сөздер т.б.түсіру;
4. Өзара сөйлесу негізінде оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру және әрбір оқушының іс-әрекетін әр сабақта бағалап отыру;
5. Жалпы тақырыпқа, тарауға қайта оралу негізінде оқу материалын бекітуде оқушылардың белсенділігі;
6. Сыныптан тыс белсенділік жүйесінде оқушыларды табиғатты қорғауға шақыру;
7. Сыныптан тыс белсенді тапқырлар жүйесінде оқушыларды ғылымға баулу;
8. Сабақты әр түрлі ойын түрінде өту - оқушылардың белсенділігінің артуына бірден бір себеп;
9. Оқушылардың танымдық, тапқырлық іс-әрекетін пайдалана отырып қорытындылау;
10. Екі топ өз тапсырмаларын Венн диаграмасын пайдалана отырып қорытындылау.

Сонымен грек тілінен өнер туралы ғылым мағынасын беретін технология ұғымы педагогикалық процесінде катализатор қызметін атқарады деуге болады. Әрине, оның

нәтижелі болуы педагогтың шеберлігіне, оқушылар континентіне, тіпті оқушылардың таным ерекшеліктері мен көңіл-күйіне байланысты екені сөзсіз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада экологиялық білім мен тәрбие беруде жаңа технологиялық тәсілдерді қолдану әдістері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается применение новых технологий в экологическом образовании и воспитании.

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ РӨЛІ МЕН БІЛІКТІЛІГІ

Мұхамбетова Ш.Қ., ф.-м.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Жас буынға білім мен тәрбие беру ісінде еліміздің көшбасшы оқу орындарының қатарына лайықты орын иеленіп үлгерген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мамандар даярлау бағытында да ұлағатты жұмыстардың ұйытқысы болып отыр. Қандай да бір жоғары оқу орнында (ЖОО) білімді де білікті мамандар даярлаудың сапалы нәтиже иеленуі білім, ғылым, тәрбие жұмыстарының өзара оңтайлы ұштаса жүргізілуіне байланысты екендігі белгілі. Нәтижелі жұмыс кепілі – білімі мен іскерлігі, жаңашыл ізденісі мен тәжірибесі үйлесім тапқан білікті кадрлар.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің былтырғы Жолдауында: «Қазақстан жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру», – деп қазіргі таңдағы жоғары мектептердің алдында тұрған ауқымды да жауапты міндеттерді атап көрсеткен болатын. Бұл міндеттердің ауқымдылығы – бірер жылдың аясында бірер оқу орнының көлемінде шешуге болатын межені місе тұтпай, білім саласында жеделдете қолға алынуға тиісті шараларды тұтастай елдік мұратқа ұластыруды көздеген кең құлашты мақсаткерлігінде жатса, жауаптылығы – алға тартылған міндеттердің үрдесінен табылу ұстаздар қауымының ғана емес, барша жұрттың абыройын асқақтатар игілікті іс болуында.

Қазіргі жағдайда, дәріс өткізу барысында көрнекті және техникалық оқу құралдарын, жаңа ақпараттық білім беру технологиясын (Интернет, мультимедиялар, электрондық сөздіктер, электрондық оқулықтар және т.б.) қолдану, дәрістің сапалылығы мен студенттердің оған деген қызығушылығын арттыратындығы таң қалдырмайды. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі күні ЖОО-ынданың оқытушылары үшін ерекше өзекті мәселе болып саналады, өйткені білімгерге қабілетін жетілдіруге көмектесіп, өздігінен жұмыс істеуге қызығушылығын тудырып, соны әдетке айналдыруға бағыт беру тікелей оқытушының міндетіне жатады.

ЖОО-ында ақпараттық технологияны қолдану еш қиындыққа түспейді, өйткені білімгерлер бірінші курста-ақ информатика пәнін оқып үйрену барысында компьютерді игеріп алады, нәтижесінде олардың логикалық ойлау қабілеттерді де жақсы жетіледі.

Компьютер – бұл интерактивтік құрылғы. Қазіргі заманға сай, интерактивтік білім беру мақсатында, аталмыш университетінің оқу ісінде, компьютер – жетікті қолданыс тапты. Оның дәлелі, аталған оқу орнында, білімгер, «Интернет» торабында

өз бетімен жұмыс істеп, лазерлік дискіден дәріс курсың тыңдауы үшін, ал оқытушымен тек кеңес алу үшін ғана кездесуіне толық мүмкіндік жасалған.

Аталған оқу орнында, оқытушы студенттерге ақпарат беру мақсатында, жаңа ақпараттық технологиясының көрнекілігі жағынан өте күшті құралының бірі – лазерлік дискіні (CD-ROM) қолданады. Онда графика мен мәтіннен басқа да, дыбысты қозғалыстағы видеокөріністерді сидыруға болады. Негізінде, бағдарламасы дұрыс құрастырылған компьютер, біріншіден, оқытушы үшін үлкен көмек, екіншіден, студенттер үшін оңтайлы, өйткені компьютер олардың кейбір жариялықты талап етпейтін жағдайларын құпия сақтайды, мысалы, бағдарламадағы дайындық сұрақтарына жауап беру барысында қандай қате жібергенін студенттің өзі ғана біледі, оқытушы біліп қояды деп қорықпайды, сөйтіп студент өз білімін өзі бағалауына мүмкіндік алады.

Ал енді дәрістің өзіне келетін болсақ, ол – ЖОО-ындағы берілетін сабақтың дәстүрлі жетекші түрі. Оқытудың басқа әдістері дәрістің тақырыптары мен мағынасына тікелей байланысты болғандықтан, ол оқудың барлық түрлерінің әдіснамалық және ұйымдастыру негізі болып табылады, сонымен қатар дәріс – студентті ғылымға бейімдейтін бірден бір тәсіл, өйткені ол ғылыми, тәрбиелік, дүниетаным және ақпарат көзі функцияларын қатар орындайды.

Дәріс берушінің көңіл күйі, оқу материалын тыңдаушы топқа жеткізе білуіне, олармен ашық байланыста болуына тікелей әсерін тигізетіндігі дәлелдеуді талап етпейді. Яғни, оның рөлі мен біліктілігі жеке шығармашылығына, материалды түсінікті етіп баяндай білу қабілетіне, тыңдаушы топты тапқырлығымен немесе шеберлігімен үйіріп алу қасиеттеріне байланысты десек қателеспейміз, себебі осының бәрі студенттің пәнге деген қызуғышылығын тудырып, олардың ойлау қабілетін шыңдайтыны белгілі.

Қалай десек те, оқулықтар мен дәріс арқылы берілетін материалдың мазмұны бір болғанымен, оқытудағы дәрістің алатын орны бөлек. Анығын айтсақ, дәріс, біріншіден, пән туралы толық мағлұмат береді, оның ғылым саласындағы алатын орнын, басқа пәндермен байланысын айқындайды, ең бастысы пәнге деген қызуғышылықтың тууына себепкер болады. Екіншіден, білімгер, ғылым мен техниканың заманға сай болып жатқан өзгерістерін, өндіріс орындарындағы болып жатқан жаңалықтарды, әр тақырыпқа сәйкес жаңа мәліметтерді дәріс берушіден естиді.

Яғни, ЖОО-ындағы дәріс дегеніміз, білімгерге оқулықтың мағынасын әшейін ғана айтып беру емес, ол белгілі бір білім саласындағы оқытушының ғылыми педагогикалық жеке шығармашылығы. Пәннің әр тақырыбына тиянақты көңіл бөле дайындалу, көңілге қонарлық мысалдар келтіре отырып студенттерді еліте білу, олардың ой – өрісін кеңейту, өз беттерімен ойлау қабілеттерін оятып, бағыт бере білу – бүгінгі күні оқытушыларға қойылатын талаптардың ерекше түрі. Сол себепті, оқытушының оқу пәнін жан-жақты білуге міндетті болғанымен қатар, педагогикалық және психологиялық мәселелер жағынан да түсінігі терең болуы тиіс.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті жоғары оқу орнында, дәріс беру сабақтары техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған арнайы аудиторияларда өткізіледі. Бұндай аудиторияларда дәріс, мұғалімнің «тақтаның алдында түсіндіру» сияқты міндетінен құтқарып, уақытын үнемдейді. Сонымен қатар, дәрісті бұндай автоматтандырылған аудиторияларда көрнекі құралдарды кеңінен қолдану арқылы өткізудің, дәстүрлі сабақ беру әдістемесінен үлкен айырмашылығы бар. Менің ойымша, ақпараттық қамтамасыздандыру жүйесі мен техникалық оқыту құралдарын біріктіру арқылы жоғары педагогикалық сапаға жетуге болады. Бұл жағдайда, оқытушының рөлі мен біліктілігі оқу мен ғылымды біріктіре білуде, яғни, дәрістің мәні мен мақсатын, оның ғылыми мазмұнын, білімді, белсенді түрде меңгерудің дидактикалық тәсілін айқындай білуде. Осы мәселені шешу мақсатында, аталмыш оқу орнының оқытушылары, оқыту процесіне мұқият жете зерттеліп

дайындалған қазіргі заманға лайық, бұрынғы оқулықтардан ерекшеленетін, ғылыми дәйектелген оқулықтар мен әдістемелік құралдар енгізу үшін атсалысуда.

Тұжырымдай келе айтарым, оқытудың түрлері мен әдістерін дәріс беру мәселесінен бастау керек. Дәріс беру сабағы студенттердің логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге, есту, көру және есте сақтау қабілеттерін ынталандыруға бағытталуы тиіс. Сол үшін, алдын ала дайындалған, студенттерге таратып берілетін материалдарды (Handouts), графикалық және әдістемелік оқулықтарды (плакаттар, сұлбалар, кестелер), техникалық құралдарды (компьютерлік, аудио- және бейнелі ақпарат) кеңінен қолдану керек. Айтып өткендей, қазіргі кезде, оқытушының рөлі мен біліктілігі дәріс өткізу барысында жаңа ақпараттық технологияны қолдана білуіне көп байланысты, сондықтан менің ойымша, дәріс беру жөнінен шетелдік әріптестердің тәжірибесіне жүгіне отырып, дәстүрлі білім беру үрдісіне жаңа бағыттағы өзгерістер енгізу арқылы оқыту үлкен жетістіктерге жеткізер еді. Мысалы, берілетін әр дәрістің тақырыбына сәйкес, алдын ала арнайы дайындалған, қаралатын мәселелердің негізгі міндеттері белгіленген, ақпаратты сипаттағы активті материалдарды студенттерге тарату, бірлескен шығармашылық, бірлескен шешім, яғни қалыптасқан тура және кері байланыс жүйесін ауызша ғана емес, Интернет жүйесі арқылы тудыру, өте күрделі тапсырмаларды өз бетімен орындағаны үшін жүйелі түрде мадақтау, өздік жұмыстарын ұйымдастыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану, оны жете меңгеру мақсатында белгілі бір талап қою.

Сонымен, «Ұстаздық» деп аталатын ұлы жолды таңдап, өмірін сол мақсатқа қызмет етуге арнаған талапты жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде мақсаттарын айқын белгілеп, міндеттерін нақтылай айқындап үлгерген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті бүгінге дейінгі аралықта қаншалықты табысты нәтижелерге қол жеткізсе, алдағы күндерде де межелі биіктерден табылары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2008 жыл, ақпан.
2. Правила кредитной системы обучения. (Проект).- Астана, 2003.
3. Сборник инструктивно-организационной документации по внедрению КСО в КазГАСА. Алматы, 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім беру жүйесіндегі графикалық және әдістемелік техникалық құралдарды кеңінен қолданудың жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассмотрены пути использования графических и методико-технических инструментов в системе образования.

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нусипалиева Б. - 4 курс студенті (Алматы, ҚазмемқызПУ)

Жетімдер мен жетімханалар жайлы алғашқы мәліметтер дәуіріміздің ІҮ ғасырынан (335 жыл, Цареград) бастау алады, ал олардың көбею кезі Еуропада ХҮІІ ғасырдың тұсы болып саналады. 1760 жылы испан елінің бір дін қызметкері “жетімханада бала көңілсіз күй кешеді және көбі қайғы-мұңнан өледі” деп жазған. Алайда жабық типтегі балалар мекемелерінде өмір сүрудің салдары ғылыми мәселе ретінде тек ХХ ғасырда ғана қарастырыла бастады.

Жетімдерді тәрбиелеудің тарихы адам тарихы сияқты көне болып келеді. Оларды тәрбиелеу тарихи арнайы мекемеде қысқаша айтқанда көп уақытты құрайды. Ал, жетімдер жайлы ғылыми зерттеулер тарихы және интернаттағы шарттардың арнайы құрылымы тым қысқа. Сондықтан да ата-анасыз балаларға психологиялық көмек жайлы біз сөз қозғауымызға тура келеді. Ол мәселе дәл қазіргі жағдайдағы көз алдымызда өтіп жатқан мәселелерімен тығыз байланысты. Яғни бұл әлеуметтік-қоғамдық мәселелер қазіргі таңда ең қажетті өзекті мәселе болғанымен де ол жайында ғылыми зерттеулер аса мол еместігі рас. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің дамуы жайындағы алғашқы психологиялық зерттеулер ХХ ғасырдың 20-жылдарында қарастырылған. Бұл жылдары психоаналитикалық теориялардың ықпалымен психология ғылымында көптеген сенімдер талқыланды. Яғни бұл бала өміріндегі кездесетін жеке адам болып қалыптасу мәселелері екені анық.

Ал Гамбургте 1760 жылы мынадай сұрақты шешуде конкурс жарияланды. «Жетімдерді мекемеге тәрбиелеуге берген тиімді ме, әлде жанұяда ақша төлеу арқылы тәрбиелеген дұрыс па?» Сол кезеңде көптеген философ, ойшылдар, теологтардың пікірлерінше, қоғамдық мекемелерде тәрбиеленген дұрыс деген шешімге келеді. Осы жерде швейцарлық ұлы педагог Песталоцциді еске түсіруге болады. Яғни осындай идеяның туындауына байланысты сол кезеңдері балаларды шағын топқа бөлген. Осы ситуацияның өзгерісі ХХ ғасырға дейін аса байқалмады. Содан бұндай мекемеде тәрбиеленушілер саны арта түсті.

Балалар үйі, интернаттар жағдайындағы «жабық» орта сенсорлық «аштық» тудыра отырып кез-келген жастағы адам баласына зиянды болып есептеледі. Әсіресе, жаңа дамып, өсіп келе жатқан бала психикасы үшін оның зардаптары өте көп. Осы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мәселелері аса күрделі жағдайда. Бұл жағдайға қатысты өзекті мәселелердің негізгілері мыналар: жетім балалар денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлықты күшейту, олардың құқығына қол сұқпау, қоғам өмірінің барлық салаларына толық араласуға жағдай жасау.

Балалар үйі мен интернаттың тәрбиеленушілерінің ішінен жоғары оқу орындарына түсіп, түрлі салаларда қызмет атқарып, қоғамдық өмірге белсене араласып жатқандары бар екені белгілі. Дегенмен, қазіргі кездегі балалар үйіндегілердің барлығы бірдей жетім балалар емес. Мұндай мекемелерде ата-аналық құқынан айырылғандардың балалары, жалғызбасты ата-аналардың балалары, ата-аналары тастап кеткен балалар, ауруына байланысты әрекетке жарамсыз деп танылғандардың балалары, ата-анасы сотталып кеткендердің балалары, жетім және тастанды балалар тәрбиеленеді. Бұларды «әлеуметтік жетімдер» деп атайды.

А.М.Прихожан, Н.Н.Толстых зерттеулері бойынша мынадай мәліметтерді білуге қол жеткіздік. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің көптеген жағдайда өздерінің жеке құндылықтары, әлеуметтік беку жайлы ұғымдары жоқ болады, бұл терең эмоционалды жайсыздыққа (дискомфортқа) әкеліп соғады, ал ол өз кезегінде агрессия мен

мазасызданудың пайда болуына себепші болады. Мазасыздану - болатын қауіп-қатерді күтуге орай эмоционалды жайсыздықты бастан кешу жағдайы.

Жалпы жетімдер үйінде, мектеп-интернаттарда оқыту процесімен қатар мазмұны бойынша түрліше тәрбие бағдарламасы жүзеге асады. Бұл тәрбие бағдарламасының негізгі міндеті – дене жағынан және адамгершілікке қабілетті, қазіргі таңдағы өмірге дербес түрде өмір сүре алатын тұлғаны даярлау болып табылады.

Бұл міндеттің практикалық шешілуі өте ұзақ және ұзақ мерзімді процесс.

Балалар үйлеріндегі балалардың көбісі өмірдегі ең басты нәрсе – ата-ана қамқорлығы мен сүйіспеншілігінен айрылғандар. Олардың көбісі «жанұя», «үй», «ана», «әке» деген ұғымдарды түсінбейді. Бұл ұғым-сөздерді білмеу интернат пен балалар үйі жағдайындағы ұйымдасқан тәрбие процесіне өте көп проблема тудырады.

Жанұялық үйлер, әрине, жетімдік проблемасын шешудің тиімді жолы, бірақ өкінішке орай, бұл экономикалық тұрғыдан қымбат мекеме, сондықтан да әлі де ұзақ уақыт бойына дәстүрлі интернаттық типтегі балалар үйлері сақтала бермек. Ол мекемелердегі тәрбиелік процесс ұжымдық өмір принциптеріне негізделген регламенттік сипатта болады.

Дегенмен бұл жағдайларда да балалардың өмірін едәуір дәрежеде жанұялық үй үлгісіне жақындатуға болады.

Соңғы жылдардағы экономикалық қиындықтар сөзсіз, білім беру мекемелерінің материалдық жағынан қамтамасыз етілуінен көрінуде. Дегенмен, балалар үйлері мемлекет, қайырымдылық қорлары, демеушілер тарапынан назардан тыс қалып тұрған жоқ.

Балалар үйлерінің кейбір жетекшілері жоғары материалдық шараларға қол жеткізе отырып, оларды саналы жұмсай алмайды, яғни орасан көп жиһаз, кілемдер, қымбат теледидар, музыкалық аспаптарды, компьютер тағы басқаларды үйіп алып, ақыр соңында дүние тәрбиелік емес декоративті функция атқаратын болады.

Нәтижесінде, жанұядағы сияқты қолайлылықтың негізгі критерийі ретінде материалдық жетістік бірінші жоспарға шығады да, балалар өмірге икемсіз, әрі суық, қайырымсыз болып өсетін болады.

Әрине, кедейлік тұлғаның үйлесімді қалыптасуына көмектесе қоймайды, сондықтан да жанұялық, әсіресе балалар үйінің материалдық қамтамасыздығы ерекше маңызды жағдай, ол бірақ ең алдымен балалардың бойында өмір сүруге аса қажетті қадір-қасиет, сапаларды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Тұрмысты ұйымдастыру ең алдымен гигиеналық, эстетикалық талаптарға жауап бергені және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай бола отырып, олардың бойында материалдық ұмтылыс-қажеттіліктерге шама-шарқынша сезім білдіруге ұмтылуы тиіс.

Бұл нәрселерге өмір салтын ойластырып құрумен қол жеткізуге болады, яғни мұндайда заттар мен бұйымдар тек қана қолданылып, сақталынбайды, әрі тәрбиеленушілердің өз қолдарымен сақталады, жөнделеді, жаңаланады. Тәрбиелік іс-шаралар жүйесіне жанұядағы сияқты түрлі жұмыс түрлері енуі тиіс, олар: киім, жиһаз, тұрмыс заттарын жөндеу тағы басқалар.

Ал, Қазақстандағы балалар үйінің хал-жағдайлары туралы жазар болсақ, жетімдікпен күрес мәселесі тек қана мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге көптеген бейтарап ұйымдардың да басты мәселесіне айналды.

Егер де 1991 жылы біздің республикамызда 42 балалар үйлері болса, 2004 жылы 614 интернаттық мекемелер саны белгілі болып есептелінді, онда 13000 жетім-балалар саны мемлекеттің шығынын арттырады.

Бұл мекемелердегі бір баланы жыл бойы ұстап-тәрбиелеу үшін шамамен 3600 АҚШ доллары жұмсалады. Негізгі шығын ол мекемелердегі қызметкерлер еңбегін төлеуге, әлеуметтік салық пен балалар тамағына жұмсалады. Әрі, мемлекеттік құрылымдар қоғаммен бірлесе отырып, қолдарындағы мемлекеттік құрал-

жабдықтарды иемдене отырып, жетімдік проблемасының қайнар көздерін, яғни ішімдікпен, нашақорлықпен, қажетсіз жүкiтiлiкпен тағы басқаларды жоюға орай үлкен жұмыстар атқаруда және бұл құрылымдар психологиялық, әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыруда, көп балалы жанұяларға әлеуметтік көмек беруде елеулі еңбек етуде.

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары, яғни соңғы он жыл ішінде 24 жаңа балалар үйі пайда болған. 16000 балалар үйінде тәрбиеленушілердің 2000-ы толық жетімдер, ал қалғандары – “тастандылар және бас тартқандардың балалары”. Міне, осы балалар үйлерінен де олар “тастанды және бас тартқандар” болып өмірге де қосылады. Бұрын олардан ата-аналары бас тартса, кейін онымен мемлекет айналысады.

Ал Ресейде балалар үйінің дамуы жайы мына фактіге байланысты 1905-ші жылғы Декабрь қарулы көтерілісінен кейін атақты орыс психиатры, қоғам қайраткері В.П.Кащенко жаралы революционерлерге көмек беруіне байланысты мемлекеттік қызметтен қуылғаннан соң, кемістігі бар және қиын, әрі жүйкесі ауыратын балаларға арналған емдік-педагогикалық мекеме ашпақ ойға келеді. 1908-ші жылы ол шетелге осы мақсатта тәжірибе алмасу үшін жол жүреді. Ресейге оралған соң, Кащенко “санаторий-мектеп” ашады. Бұл сияқты “санаторий-мектеп” бұл кезеңде ресей түгілі, шетелде де болмаған.

Ал кеңестік одақ кезеңінде білім беру жүйесінде балалар үшін тек қана екі түрлі оқу мекемесі болды. Олар: ақыл-ой кеміс және кәметтік жасқа толмаған қылмыс бұзушыларға арналған.

Балалар қорының мәліметтеріне орай, әлеуметтік жетімдік саны 1995-1996 жылдары алдыңғы жылдармен салыстырғанда екі есе өскен.

Қазіргі уақытта Ресейде балалар үйлерінде 20,5 мың балалар тәрбиеленеді, оның үштен бір бөлігі бір жастағы дамуында түрлі ауытқулары бар балалар құрайды.

Балалар үйлеріндегі балалардың психикалық дамуының түрліше болуына тұқымқуалаушылық ерекшеліктерінен гөрі тұрмыс жағдайында тәрбие мен оқытудағы айырмашылықтар көбірек әсер етеді. Өмірінің алғашқы күндерінен бастап балалар үйіне түсетін жандардың дамуы ата-анасы барлардың дамуынан ерекше болатыны хақ қарым-қатынасқа деген қажеттілік бала 1 айға толар-толмас шақта байқалады. Әрине, ондай қарым-қатынас жасайтын ансының жоқтығынан сыртқы ортадан алатын бала әсерлерінің ауқымы шектеулі болады. Мұндай сенсорлық окшаулану, дамуды кешеуілдетеді. Атап айтқанда, қимыл-қозғалыстарының дамуы баяулайды, тілдері кеш шығады, кей жағдайда ақыл-ойының дамуы да тежеледі.

Баланың тұла ретінде қалыптасуына өмірінде «Ата-ана-бала» қарым-қатынас жүйесіне түспеуі қатты әсер етеді. Мінездерінде қырсықтық, бірбеткейлік сияқты жағымсыз қасиеттер ерте көріне бастайды.

Бала толыққанды даму үшін ең алдымен оның сүйіспеншілікке деген қажеттілігі қанағаттандырылуы қажет. Кейбіреулер оны туылғаннан пайда болатын қажеттілік десе, енді біреулер өмір сүру барысында қалыптасатын қажеттілік деп есептейді.

Осы қажеттіліктің қанағаттандырылмауы бала дамуының бұзылысына және эмоциялық депривацияның пайда болуына әкеліп соғады.

Депривация – психология мен медицинада кең қолданылатын термин. Бұл термин ағылшынның «deprivation» сөзінен шыққан, қазақша мағынасы: өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігінің шектелуі немесе жойылуы. Эмоциялық депривация балалар үйінде тәрбиеленетіндер де ерекше байқалады. Депривацияның келесі түрі – сенсорлық депривация – яғни заттық ортаның болмауы және сезім мүшелері қоздырғыштарының жетіспеуі. Депривацияның бұл түрін де балалар үйінде тәрбиеленетіндерден кездестіреміз.

Депривация сонымен қатар тек балалар үйінде емес, отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларда да байқалады. Отбасында анасы болмаған немесе баласына эмоциялық көңіл бөлмеген жағдайда аналық депривация туындайды. Психикалық күймен сипатталады. Аталған психикалық жағдай мінез-құлықтың өзгеруінен

байқалады. Депривация механизмі баланың сыртқы орта адамдарымен қарым-қатынасының шектелуімен, баланың негізгі психикалық қажеттіліктерінің жеткіліксіз қанағаттандырылуымен байланысты. Сонда, психикалық депривация деген өмірлік жағдайлар нәтижесінде туындайтын нақты психикалық күй. Мұндай жағдай баланың негізгі қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қолайлы мүмкіндіктері болмаған кезде туындайды.

Балалар үйінде тәрбиеленетіндер көп жағдайда нашар тұқымқуалаушылық қасиеттеріне ие: алкоголизм мен нашақорлық, туылғаннан пайда болатын психикалық және неврологиялық патологиялар маскүнем ата-аналардан туылған балаларда, жүктілікті тоқтату үшін түрлі шараларды қолданған аналардан туылған балаларда түрлі психикалық ауытқулар байқалады. Балалар үйінде тәрбиеленетіндерде психопатологиялық белгілер: ақыл-ой кемістігі және шизофрения белгілері де кездеседі.

Қазіргі таңның өзінде балалар үйлерінде депривацияның түрліше формаларының байқалуын көруге болады.

Үш жаста ғана сюжетті және рөлдік ойын белгілері қалыптасатындығы байқалады. Ал тіл дамуына келсек, тек сөзді айтуда емес, сөздік реакциялар яғни ойлаумен байланыста бола отырып кешеуілдеп дамыған.

Л.С.Выготский атап кеткен “сензитивті” кезең, яғни екінші жаста бұл балалар сенсорлы және тілдік дамуда өте артта қалушылық көрсетеді.

Балалар үйіндегі балалардың даму динамикасын бақылай отырып мынандай қорытынды жасауға болады: 4-5 айлық кезеңнің өзінде эмоция, көру, есту анализаторларының дамуында алғашқы ауытқуларды көруге болады. Ал 7-12 айлық кезеңінде тілдің дамуындағы дайындық кезеңдерінің терең артта қалушылығы көрінеді.

Алғаш туылғаннан анадан айрылу баланың қарым-қатынасқа тапшы, жұтаң болуына жеткізеді. Алғашқы бірінші жылы қалыптаспаған эмоционалды-іскерлік қарым-қатынас баланың тілінің дамуына кедергі болады, ал әрі қарай оның жеке басының қалыптасуына да өз зиянын тигізеді. Екі жастағы балаларда қозғалыс белсенділігі төмен болады, бұл бір жағы олардың сергектік күйлерін көп жағдайда «кедергі, барьер артында» өткізуімен де байланысты түсіндіріледі. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мінез-құлқының қалыптасуы да түрлі ауытқулармен көрінеді. Олардың көпшілігіне қатты қозғыштық тән: олар ұзақ уақытқа дейін ұйықтай алмайды, мазасыз ұйықтайды. Оларға ұйықтарда аналық жылылық, жылу сөздері, бесік жыры, ертегі айту жетіспейді. Ұйықтар алдында жалғыздан-жалғыз қалғандықтан, олардың көбісі саусақтарын сорады, тербеледі де ұйықтайды.

Психикалық депривация күйіне орталық жүйке жүйесі зақымдалған балалар жиі ұшырайды.

Осылайша, балалар үйіне қарағанда, қандай да болса, яғни қолайсыз отбасының өзі жас нәресте, бала үшін жақсы орта болады. Дене және ақыл-ойы дамуының артта қалуы ол балалардың эмоционалды-еріктік және мінез-құлық кемістіктерімен толықтырылып, дамуын тағы да кешеуілдетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Дети без семьи. - М., 1990.
2. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Психология сиротства. - М., Питер, 2005.
3. Шахманова А.Ш. Воспитание детей-сирот дошкольного возраста

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жетім балалардың жетімханада тәрбиелену мәселесі, әлеуметтік психологиялық ахуалы талданып, оны жақсарту жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы воспитания детей в детских домах, подвергнуты анализу социально-психологическая атмосфера в них и пути ее улучшения.

АРНАЙЫ МЕКЕМЕДЕГІ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Омарбекова М.К. (Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Әлеуметтік тәжірибеде адамдардың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін балалар ересектердің көменгінсіз игере алмайтыны белгілі. Ересектер бала үшін тәжірибенің тірі үлгісі; бала олардың мінез-құлық, іс-қимылына сын көзбен қарап баға беруі арқылы өзіне керекті қасиеттерді бекітеді және қоғамға жат қылықтардан өзін аулақ ұстауға тәрбиелейді, белсенділігін арттырып дұрыс жолға бағыт алады. Осы айтылғанның барлығы да ересектермен күнделікті дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас әсерлерінен туындайды. Сондықтан, баланың психологиялық тұрғыдан дұрыс дамуы үшін оның ересектермен жеткілікті түрде қарым-қатынас жасауы шарт.

Адамның балалық шағы ересектер, кішілер және өз қатарластары арасында өтеді. Баланың өмірлік белсенділігіне ересектердің әр-түрлі «тыйымдарының» алатын орны зор. Баланың сезімі мен оның өз еркіне ұмтылуы — оның толық дамуының куәсі. Мысалы, «мен жүгіре аламын, бірақ жүгіруге болмайды, себебі: апам дем алып жатыр», тағы сол сияқтылар. Осындай әр-түрлі шек қоюлар баланың көзге көрінбейтін ішкі қасиеттеріне, өмірге талпынысына әсер етеді.

Баланың қарым-қатынас сферасы екі бағытты қамтиды: 1) балалардың ата-анасымен, тәрбиеші-педагогтармен және басқа ересектермен қарым-қатынас жасауы, 2) балалардың басқа балалармен, өз қатарластарымен, өзінен кіші және ересектеу балалармен қарым-қатынас жасауы.

Көптеген жылдар бойы психологтар балалар мен ересектердің қарым-қатынасына аса көңіл бөлуде. Балалардың ересектермен және басқа балалармен қарым-қатынас жасауы әр-түрлі ғылыми позициялардан түсіндіріледі. Психология ғылымында «бала мен ересек» жүйесіндегі қарым-қатынас «бала мен бала» жүйесіндегі зерттеулерге қарағанда аз қарастырылған /1/.

1945-1952 жылдары Дж.Боулби, Рене Шпиц, Анна Фрейд зерттеулері баласының анасымен қарым-қатынас жасауындағы кемшіліктер баланың психикалық және физикалық дамуына кері әсер ететіндігін көрсеткен. Баланың анасымен байланыстың жетіспеушілігінен мінез-құлқында агрессивтілік, девианттылық, делинк-венттілік, селқос енжарлықтың орын алатындығын дәлелдеген. Бала мен ересектер қарым-қатынасын сипаттай отырып Н.М. Щелованов «қарым-қатынас дефициті» ұғымын ең алғаш қолданған. Л.С.Выготский, М.И.Лисина, Д.Б.Элькониннің зерттеулерінің нәтижесінен бала мен ересек қарым-қатынасының мазмұнынан баланың келешектегі, мінез-құлқы қалыптасады деп көрсететінінен байқауға болады /2/.

Отбасылық тәрбиедегі сәби екі айлық кезінен бастап сөздік коммуникациясының тәсілі арқылы қоршаған ортадан хабардар болғандақтан, оның тілі мен сөйлеуінің дамуына жол ашылады. Ал арнайы мекемедегі тәрбиеленушілер ше? Олар вербалды қарым-қатынастың жеткіліксіздігінен тілі мен сөйлеуінде айтарлықтай тежеулер болады, соның салдарынан танымдық үндістері дұрыс жетілмейді де, өзіндік тұрақты сезімнің қалыптасуы артта қалады. Сонымен қатар жетім балалардың қабылдауы мен көруі, моторикалық координациясы қалыпты деңгейден төмен болады. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің сөздік қоры аз және дұрыс құрылмағандықтан қарым-қатынастың жеңілдетілген түрін қолданады. Баланың ересектермен қарым-қатынасы неғұрлым басым болса, соғұрлым өмірге араласуы жеңілірек болар еді. Балалар үйінде ата-анасын мүлдем көрмеген балаларға қарағанда сәтсіз жанұядан шыққан балалар коммуникативті және ересектердің ықпалын жылдам қабылдайтын көрінеді /3/

Психологтар қазіргі кезде балалар үйінде тәрбиеленуші балалар мен отбасылық тәрбиедегі балалардың ересектермен қарым-қатынасының бірқатар айырмашылықтарын тағайындаған:

Ересектермен қарым-қатынас тығыз эмоциональдік-іскерлік бағыталады, яғни ересектер балалардың істеген әрекеттеріне қатты назараударып қуаныш немесе наразылық білдірмейді, бала тарапынан нұсанылған талабына қолдау таппайды. Ал ересектер сезімталдықтанытар болса, бала белсенділігінің дамуы жағымды әсеріге ие болар еді.

Ересектермен қарым-қатынас баланың танымдық дамуына себеп болады.

Ересектер - баланың іс-әрекетін бағалап, оны теріске шығарады немесе түзетуге тырысады.

Бала мен ересектердің қарым-қатынасы осы аталып өткен үш түрі жағдайда орын алады, оның әрқайсысы өз мазмұнына ие.

Жанұялық тәрбие жағдайында бала 3 жасқа толған кезден бастап «Мен өзім» деген сөзді айтуымен ерекшелінеді. Психикалық дамуда баланың санасында «мен өзім» деген ұғымның пайда болуы баланың жеке басының қалыпты дамуының дәлелі деп есептеледі. Тәрбиелеу ісінде мұндай белгі тұрмыстық деңгейде қарастырылып, сыртқы ортадан көмек сұрамайтын, баланың өзбеттілігінің пайда болуымен байланыстырылады /4/.

Жабық түрдегі мекемелерде, сәбилер үйінде, мектепке дейінгі балалар үйінде және интернаттарда қатаң күн тәртібі ұстанып, ережелермен өмір сүреді, тазалыққа үйренеді. Бұл балалардың ерікті іс-әрекетінің дамуы емес, керісінше, тежелуі байқалады. Осындай мәселенің орын алу себебі неліктен деген сұрақ заңды туындайды.

Ерікті мінез-құлықтың негізі саналы түрде жасалады басқаша айтқанда, өзінді, өз іс-әрекетінді саналы түрде жүзеге асыру. Сондықтан балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің ерік-жігерінің төменгі дәрежеде болуына себеп - өзіндік санасының жетіспеуі.

Арнайы мекемелерде тәрбиеленушілердің психологиялық дамуының өзгеріске ұшырауының негізгі факторы ересектермен қарым-қатынастың тапшылығынан екені даусыз. Бірақ ол қарым-қатынас жай ғана емес, ол сол жастағы балалардың қарым-қатынас қажеттілігінің мазмұнына адекватты болуы керек.

IX ғасырдың соңында және XX ғасырдың жеке және мемлекеттік балаларды паналату үйлері ашылды. Бұл мекемелерде балалар өмірінің алғашқы бір-екі ай мөлшерінде шетінеуі өте жиі кездескен, ал тірі қалғандарының өздерінің физиологиялық және психикалық дамуында ауытқушылықтары болғандығы белгілі. Мұндай психологиялық кемістіктері басым болған балалар үш жас мөлшеріне келгенде өз-өздеріне қызмет көрсете алмаған, сөйлемеген, тәрбиелеу шараларына көнбеген, мүлдем немқұрайлы немесе агрессивті болғандықтан мұндай құбылыс ғылымда «госпитализм» комплексі деген атқа ие болған.

Француз психологы Рене Шпицтың айтуынша дұрыс тамақтанған балалардың 37 % өмірінің алғашқы екі жылында шетінеген, олардың 20 % ғана тірі қалған, оның ішінде 5-і мүлдем отыра және жүре алмаған, 3-і өз-өзіне қызмет көрсете алмай отырған, 8-і өзгенің көмегімен қозғала алған, 12-і қасықпен тамақтана алмаған, ал 20-ы өзбетінше киіне алмаған, сөйлеуі мүлде дамымаған, сөйлем құра алмаған. Ұйымдағы балалардың айрықша ерекшеліктері - оларда үнемі невротикалық, яғни депрессиялық күйде болуында. Балалардың аса тұйық, қоршаған ортаға қарсы агрессия, басқа біреулерді қабылдамау және барлық дүниеде өздерін жеке ұстаулары байқалған. Белсенділіктері төмен, ойыншықтарға ұмтылмаған, тәбеттері де төмен болған, көпшілігі ұйықтай алмаушылықтан зардап шеккен.

Бұл бақылаулардан балалардың ересектердің сипау, құшақтау, қолын тигізуінің жетіспеуінен осындай күй кешкенін көруге болады деп түсіндреді. Сонымен қатар осы балаларды өмірге қайтарудың мүмкіндіктері - тек ересек адамның көмегінде, олармен толық қарым-қатынастың қажеттілігінде. Балалар ересектермен қарым-қатынасқа түскенде, олардың психикалық даму барысы да өріс ала бастаған.

Американ ғалымы Х. Скилз 60-шы жылдары жабық түрдегі мемлекеттік мекемедегі жетім балалардың өмір сүруі барысына жүргізілген он екі жылдық бақылауының қорытындысын жариялаған, Онда балалар үйінде қалған тәрбиеленушілер мен олардың он үш жастағы жанұялар асырап алған құралпастарын (жас мөлшерлері біркелкі) салыстырған, асырауға алынғандар балалар үйінің тәрбиеленушілеріне қарағанда жылдам дамып, қоғамның мүшесі бола алғандығы көрсетілген.

Жетім балалар ойыны - ешбір сезімсіз, біртекті, ойынды жоспарлауы, рөлдерді бөлісуі, көрнекілігі болмаған, рольдік ойында кейіпкер бейнесіне кірмей өз атынан ойнаған. Сырттан бақылағанда рольдік ойын деп атауға болады, ал субъективтік және психологиялық жағынан рольдік ойыннан өте көп айырмашылығы болған. Көріністік рольдік ойындарда қарым-қатынастың екі түрі болады олар: рольдік және өзіндік, деп 1987 жылы Н.Я.Михайленко мен Н.А. Короткованың зерттеулерінде көрсетілген. Бала өзін біріншіден - рольдегі кейіпкер деп алса, екіншіден нақтылы субъект, деп қарастырады. Жетім балалардың ойынында рөлдердің өзара байланысы жоқ, ойындағы кейіпкердің іс-қимылы шынайы емес орындалады, кейіпкермен бірге қуанып, бірге қайғыруы жоқ, барлық іс-қимылдары автоматты түрде болады. Бір-бірімен қарым-қатынасы тек нұсқау, бұйрық берумен ғана шектеледі (бер, қара, әкел, ары отыр, бері кел т.с.с.) деп көрсеткен.

Жетім балалардың тағы бір ерекшелігі - ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасында мазмұны өте таяаз, эмоциясы болмайды. Бірақ, кез-келген уақытта олар ересектердің ортасын, олардың өзіне көңіл аударуын күтіп тұрады, әр уақытта олармен қарым-қатынасқа түсуге даяр екенін көрсетеді, мадақтауы мен қатысуларын күтеді. Ашықтық, сензитивтілік педагогикалық әсерге жылдам көнуге әкеліп соғады, бірақ ересектердің мейірімі жетім балалар үшін жалғыз ғана коммуникативтік қажеттілік болмау керектігін біз есте сақтауымыз керек. Осының негізінде күрделі қажеттіліктер орнайды, ол: өзара сыйластық, кішіпейілділік, мейрімділік. Осының барлығы ересектермен баланың қарым-қатынасынан туындайды. Педагогикалық іс осы сенімге арқалануы тиіс /5/.

В.С. Мухина мектеп-интернаттарында тәрбиеленушілер толық жанұя балаларына қарағанда бірқатар мәселелер кездесетіндігін көрсеткен. Оларға:

Балалардың өз құрбыларының арасында бейімделе алмауы эмоционалды қозуға, мазасыздыққа, агрессивтілікке әкеледі;

Жағымды эмоция, махаббат, адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынасы деформацияланған;

Өзіндік сананың қалыптасуында аса мәнді - жеке қалу мүмкіндігінің болмауы;

Жауапкершіліктің, өз заттарын күтудің болмауынан берілген нұсқаулар бойынша өмір сүру позицияның қалыптасуы;

«Біз» сезімінің басым болуы, «өзімдікі» және «бөтен» адамдарға бөлуіне қатысты топтық эгоизмнің пайда болуы, нәтижесінде, өз мақсатына жету үшін біртектілік немесе агрессивтіліктің тууы.

Сонымен қатар В.С.Мухина жабық түрдегі мекемелерде тәрбиеленушілердің қарым-қатынасқа түсе алмайтындығын атаған. Оның қатынастары үстірт, неврозды, асығыс бола отырып өзіне көңіл бөлуді талап етіп, қоршаған адамдарының назарын қабылдамайтындығын, көңіл-күйі агрессивтілік пен енжарлылыққа алмасатындығын атаған. Махаббат пен көңіл бөлінуін қажетсіне отырып, осы қажеттіліктің орындалуына қатысты -өзін ұстай алмайды. Баланың қарым-қатынасы дұрыс қалыптаспағандықтан өзгелердің арасында негативті позицияны иеленеді деп сиппатайды.

Балалар үйі интернаттар жағдайындағы «жабық» орта сенсорлық «аштық» тудыра отырып кез-келген жастағы адам баласына зиянды болып есептелінеді. Әсіресе, жаңа дамып, өсіп келе жатқан бала психикасы үшін оның зардаптары өте көп. Осы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мәселелері аса күрделі жағдайда. Бұл жағдайға қатысты өзекті мәселелердің негізгілері мыналар: жетім балалар денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлықты күшейту, олардың құқығына қол сұқпау, қоғам өмірінің барлық салаларына толық араласуға жағдай жасау.

Осы мәселелерді шешуде негізгі екі көзқарас қалыптасқан. Бір жағынан, балалар үйі мен мектеп-интернаттың балалары отбасында тәрбиеленетін балалардан ерекшеленбейді және олардың мәселелерін тек материалдық жағдайда жақсарту және оқу тәрбие процесіне бірқалыпты жағдай туғызу арқылы шешуге болады десе, екінші жағынан, қазіргі таңда балалар үйінде және интернаттардағы балалардың дені сау емес, барлығы ауыр тұқым қуалаушылыққа негізделген соматикалық және психикалық аурулармен ауырады деген көзқарас қалыптасқан.

Балалар үйі мен интернаттың тәрбиеленушілерінің ішінен жоғары оқу орындарына түсіп, түрлі салаларда қызмет атқарып, қоғамдық өмірге белесене араласып жатқандары бар екені белгілі. Дегенмен қазіргі кездегі балалар үйіндегілердің барлығы бірдей жетім балалар емес. Мұндай мекемелерде ата-аналық құқынан айырылғандардың балалары, жалғызбасты ата-аналардың балалары, ата-аналары тастап кеткен балалар, ауруына байланысты әрекетке жарамсыз деп танылғандардың балалары, ата-анасы сотталып кеткендердің балалары, жетім және тастанды балалар тәрбиеленеді. Бұларды «әлеуметтік жетімдер» деп атайды /6/.

А.М.Прихожан, Н.Н.Толстых зерттеулері бойынша мынадай мәліметтерді білуге қол жеткіздік.

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің жиі жағдайда өздерінің жеке құндылықтары жайлы ұғымдарының әлеуметтік беку жағдайлары жиі жағдайда жоқ болады, бұл терең эмоционалды дискомфортқа әкеліп соғады, ал ол өз кезегінде агрессия мен мазасызданудың пайда болуына себепші болады. Мазасыздану дегеніміз, бұл болатын қауіп қатерді күтуге орай эмоционалды дискомфортты бастан кешу жағдайы.

Жалпы жетімдер үйінде, мектеп-интернаттарда оқыту процесімен қатар мазмұны бойынша түрліше тәрбие бағдарламасы жүзеге асады. Бұл тәрбие бағдарламасының негізгі міндеті — дене жағынан және адамгершілікке қабілеті, қазіргі таңдағы өмірге дербес түрде өмір сүре алатын адамды даярлау болып табылады.

Бұл міндеттің практикалық шешілуі өте ұзақ мерзімді процесс,

Балалар үйлеріндегі балалардың көбісі өмірдегі ең басты нәрсе - ата-аналар қамқорлығы мен махаббатынан айырылғандар. Олардың көбісі «жанұя», «үй», «ана», «әке» деген ұғымдарды түсінбейді, Бұл ұғым сөздерді білмеу интернат пен балалар үйі жағдайындағы ұйымдасқан тәрбие процесіне өте көп проблема тудырады.

Жетімдер үйі, мектеп-интернаттарда жүргізілетін түзету тәрбиелік жұмыстардағы ең басты фактор баланың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыруға көмектесетін гуманды, яғни адамгершілік ортасын құру факторы болып табылады. Балалық әлемін жақсы біліп, түсінетін адам ғана нағыз тәрбиеші екендігі баршаға аян, ал оның педагогикалық тактісі тек қана педагогикалық біліммен ғана шектеліп қоймайды, әрі интуицияның болуымен, әрбір баланың жүрегіне шеберлікпен жол табуда ерекше әдістерді меңгеріп қолданумен де анықталады.

Интернаттар мен балалар үйлері білім беру жүйесінде қажетті мен пайдалылығына орай, ондағы тәрбиеленушілерге бірқатар ерекшелік сипаттарды дарытады. Ең бастысы, интернат, балалар үйі дегеніміз олар үшін — ұжымдық мекеме, онда балалар үшін «менің үйім», «менің бөлмем», «менің бұрышым», «менің ойыншықтарым», «менің ата-аналарым» тағы басқа осы сияқты ұғымдар жоқ. Үй болмай, үлкен ұжым үшін мекеме бола отырып, ереже, бойынша бұл балалар үйлері балалардың бойындағы жеке-дара сұраныстар мен қажеттіліктерді қалыптастыра қоймайды және мұнда «мен» сезімі өз дәрежесінде дами қоймайды. Осыған орай, әрине жанұялық типтегі балалар үйлерінде педагогтар ата-аналар функциясын атқарады, ал 6-10 бала — соларға бала, қыз, бір-біріне апа, сіңлі, аға, іні рольдерін атқарады.

Жанұялық үйлер, әрине, жетімдік проблемасын шешудің тиімді жолы, бірақ өкінішке орай, бұл экономикалық тұрғыдан қымбат мекеме, сондықтан да әлі де ұзақ уақыт бойына дәстүрлі интернаттық типтегі балалар үйлері сақтала бермек. Ол мекемелердегі тәрбиелік процесс ұжымдық өмір принциптеріне негізделген регламенттік сипатта болады /7/.

Дегенмен бұл жағдайлар да балалардың өмірін едәуір дәрежеде жанұялық үй үлгісіне жақындатуды біледіреді.

Қазіргі таңда көптеген интернат, балалар үйлері мекемелерінің басшылары соңғы жылдары балалар топтарын жүйеліп-топтастыруда басқаша әдіс-тәсілдерді қолдануда. Яғни, олар топты құрауда түрлі жастағы балаларды бір топқа біріктіруді қолға алған. Бұл топтарда ересек балалар, кіші балаларға көмектеседі, әрі әрбір топта өз қолдастарында бірнеше бөлмелердің болатындығы маңызды. Ол бөлмелер: жатын бөлме, ойын бөлмесі, демалыс және сабақ бөлмелері, санитарлы-гигиеналық блок, асхана. Демалыс күндері бұл асхана-буфетте балалар өздеріне ұнайтын асты, өздері даярлауға, қажет кезде шәй ішуге, мереке және туған күндерге қонақтарын-достарын шақыруға мүмкіндік алады.

Бұл жоғарыда аталған үлгілер балалар үйлері, интернаттардағы сақталған дәстүрлі өмір салтын бұзуға, автономды тұрмыс салтын құруға көмектеседі. Мұндай автономды дербес тұрмыс салты психологиялық комфортты сезінуге көмектеседі және балалардың бойында қажетті дәрежеде тұрмыстық дағды-іскерліктердің қалыптасуына себепші болады.

Түрлі жастағы балалар топтарында ересек және кіші тәрбиеленушілер арасында өзара қырым-қатынастар жеңіл әрі оңай қалыптасады, яғни ересектер кішілерге қамқор болу арқылы және жатақхананың түрлі жағдайларында тәрбиеші көмек бере отырып, әрі өмір сүрудің кейбір автономдығына орай, балалар үйлерінің барлық топтары өмірдің жалпы ритмін ұстау, сақтау арқылы бірігулері тиіс. Онда күн бойына оқу іс-әрекетімен қатар басқаша да түрлі жұмыс түрлері қолдану қажет. Ол жұмыс түрлері: спорт, уйірмелік, шығармашылық жұмыс тағы басқалар. Соңғы жылдардағы экономикалық қиындақтар сөзсіз, білім беру мекемелерінің материалдық жағынан қамтамасыз етілуінен көрінуде. Дегенмен балалар үйлері мемлекет, қайырымдылық қорлары, демеушілер тарапынан назардан тыс қалып тұрған жоқ. /5/.

Балалар үйлерінің кейбір жетекшілері сияқты қолайлылықтың негізгі критерийі ретінде материалды шараларға қол жеткізе отырып оларды саналы жұмсай алмайды, яғни орасан көп жиһаз, кілемдер, қымбаттеледидар, музыкалық аспаптарды,

компьютер тағы басқаларды үйіп алып, ақыр соңында дүние тәрбиелік емес декоративті функция атқаратын болады.

У.Денис пен П.Наджарьян ливанда 100 жетімді зерттей отырып, балалар үйінде тәрбиеленушілердің өмірінің бірінші жылының аяғында-ақ жанұяларда тәрбиеленуші өз қатарластарынан психикалық даму жағынан кейін қалатындығын анықтаған. Зерттеушілер бұндай ерекшеліктердің себебін ана мен бала қарым-қатынасының кемшілігінен деп тапқан.

Л.Ярроу анасымен және анасыз тәрбиеленген балалардың биологиялық және әлеуметтік жағынан дамуында ерекшеліктері болатындығын анықтаған. Дәл осындай қорытындыға.

М.Раттер жабық түрдегі мекемелерде тәрбиеленуші балалардың «кері» тәрбиеленуінің себебі анасымен жеткіліксіз эмоционалды қатынасы, сенсорлы және әлеуметтік стимуляциялардың аздығынан деп түсіндіреді.

Егер Р.Заззо жазбаларына үңілетін болсақ (1967) француздар бастапқыда, балабақшалардың құрылуына қарсы болған. Олар балаларын мұндай жалпылық мекемелерде «нақұрысқа» айналдырды деп есептеген және сондай жағдайдың пайда болуынан сақтаған.

Р.Шпиц жазбаларынан анасынан бөлініп жабық түрдегі мекемелерге келген сәбилердің бір жасқа деңгейінің 70% шегінетінің, ал қалған белігінің ақыл-ойлары артта қалатындығын көруімізге болады.

Ана бала үшін жалғыз ғана жақын адамы, қамқоршысы болады. Балалар үйінде де бірнеше қамқоршы-тәрбиешілер бар, олар сондағы балалардың туған анасын алмастыруға әрекеттер жасайды. Балалар үйі тәрбиешілерінің жұмысының тиімділігі, балалардың жеке адам болып қалыптасып дамуы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысына тигізетін әсері туралы мәселелерді көптеген психологтар жан-жақты қарастырған, Г.Х. Рейнгольд пен Н. Бейли (1959) көп аналардың балаға тигізер психологиялық әсерін сипаттады. Зерттеушілер балаға бір немесе бірнеше тәрбиешінің қамқорлығында болуы оның дамуына ерекше әсер етпейтіндігі туралы қорытындыға келеді. осы мәселеге байланысты өзге зерттеулерде ғалымдар мынадай қорытындыға келеді: «Қанша адамның қамқор болуы бала үшін маңызды емес, аса маңыздысы әр баланың қамқорлық пен сүйіспеншілікті біліп, сезініп өсуінде», - дейді. Тәрбиешінің аздығы баланың дамуын тежейді, даму ең алдымен ересектермен қарым-қатынас процесінде, іс-әрекетте ілгері басады. Нәресте неғұрлым жас болса, соғұрлым ол әлсіз болады, сондықтан да қай ортада өмір сүрсе, соған тәуелді болады.

Жанұяда және жанұядан тыс тәрбиеленген балалардың психологиялық дамуы жөніндегі ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, көп жағдайда жанұя тәрбиесіндегі балаларға қарағанда жанұядан тыс тәрбиеленушілердің даму барысының әлде қайда баяу екендігін көреміз. Вербальды емес функцияның қалыптасуының тоқырауға ұшырауы ерте жастағы ойлауға, балалардың айналадағы адамдармен қарым-қатынасына, сөйлеуіне, тағы басқа іс әрекеттерін де із қалдырады. Мектеп интернаттарында балалар дамуындағы шынайы қауіп — оларды «өзгелердің ақылымен» басқарыла отырып, өмір сүруінде. Үнемі қатарластарының ішінде жүруі, шулы уақытта бос өткізетін ортада жүруі, ересектердің оларға сирек көңіл аударуы, балалардың жүйкесінің шаршауына себепші болады. Бұл тәрбиенің жетіспеушілігі болып табылады /8/

Ата-ананың қарауынсыз қалған балаларға арналған мекемелерге түсердің алдында балалардың өмірлік жағдайын талдау көрсеткендей, баланы осында алып келген себептер мен жағдайлардың ішінен қандай да біреуін жекелеп көрсетуге болмайды. Көп жағдайларда отбасыларында келеңсіз жағдайлар болған, соның салдарын балалар одан әрі тұруы мүмкін емес немесе олардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген. Келеңсіз жағдайлар көбінесе өте ұзақ орын алғандықтан, балалардың психикалық және физикалық денсаулығына жағымсыз ықпал еткен.

Балаларды ұрып-соғу, олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескермеу, ата-аналарының жұмыссыздығы - осылардың бәрі девиантты және деликвентті мінез-құлқы балалардың санының артуының себептерінің толық емес тізімі.

Әлеуметтік жетімдіктің салдары балалар үшін өте ауыр және олардың одан кейінгі барлық өмірінде орын алады - денсаулығы мен психикасына ықпалы, ансының қаламаған аяғы ауыр кезіндегі аномальді жатырышылық даму процесі, ерте және мектепке дейінгі балалық кезеңіндегі жағымсыз, теріс әлеуметтік тәжірибе /9/.

Келеңсіз биологиялық және әлеуметтік факторлар ата-анасының қарауынсыз қалған балалардың дамуындағы түрлі ауытқулардың себептері болып табылады. Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне психологиялық, педагогикалық, медициналық және әлеуметтік проблемалар тән. М.И.Лисинаның мәліметтері бойынша, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар отбасында өскен өз құрбы-құрдастарынан бірінші жылдың өзінде-ақ өздерінің көңіл-күйінің жоқтығымен, танымдық белсенділігінің төмендігімен, апатиялығымен, босандығымен ерекшеленеді. В.С.Мухинаның айтуынша, балалардағы ауытқыған мінез-құлықтың болуының басты себептері болып олардың «сүйіспеншілік пен мойындау сезімдеріне қажеттіліктерінің орындалмауы» болып табылады, ол балалық тұлғаның деформациясына әкеп соқтырады. Қарым-қатынас тәжірибесінің дұрыс қалыптаспауынан, көбінесе балаларда басқа адамдарға деген агрессивті-негативті бағытты ұстану жиі кездеседі. Ата-анасының маһаббаттын толық сезінбеу ауытқыған мінез-құлықтың түрлерінің қалыптасуына, тәрбиелеудегі қиындықтарға, дамудағы жекелік қиындықтарға, эмоционалдық қақтығысқа және фрустрацияға алып келеді, өтірікшілік пен қызғаныш сезімдерінің дамуына да апаруы мүмкін. Аталған теріс аффективті реакциялар (төбелесқұмарлық, қақтығысқа бейімділік, дөрекілік, агрессия) балаға өзінің мүмкіндіктерін бағалауды төмендетпеуге көмектесетін, өмірлік маңызды қажеттіліктерге қанағаттанбаудың қорғаныш реакциясы ретінде болады.

Психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдай келе, арнайы мекемелер мен жанұя тәрбиесіндегі балалардың ересектермен қарым-қатынас жасауында бірқатар ерекшеліктердің болатындығы анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гальперин П.Я. Формирование умственных действий. // Хрестоматия по общей психологии. - М, 1981
2. Бернс Р. Развитие Я - концепция и воспитания. М.Прогресс, 1986, 27-356.
3. Мақашкулова Г. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикалық ерекшеліктері // Қазақстан мектебі.-2005.- 11/127 52-53 .
4. Қасымбекова Г.К. Мемлекеттік жабық мекеме тәрбиесіндегі балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктері /Мәтін/ // «С.Аманжолов оқулықтары» Өскемен, 2005.- 3-білім. 343. 349б. – Библиогр: 10 атау.
5. Ауренова М.Д. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық дамуы // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы -Вестн. КазНУ.Сер. психология. - 2004. -№1. -102-105 б.
6. Ерментаева А.Р., Ауренова М.Д. Балалар үйінің тәрбиеленушілерінің ересектермен қарым-қатынас ерекшеліктері. //Аманжолов С. оқулары
7. Акажанова А.Т. Социально-психологические аспекты деятельности специальных образовательных детских учреждений.// Международная научная конференция, ун-т. «Қайнар», 2007 год, стр. 89-93.
8. Дубинин Н.П., Карпец И.И., Кудрявцев В.Н. Генетика, поведение, ответственность (о природе антиобщественных поступков и путях их предупреждения). - М., 1992
9. Дубровина И.В. Психологическое развитие воспитанников детских домов //И.В.Дубровина, А.Г. Ружской. - М.: Педагогика, 1990

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности отношений между подростками в специальных учреждениях.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада арнайы мекемедегі жеткіншектердің қарым-қатынас ерекшеліктері қарастырылған.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА

Оспанова Б.- д.п.н., МКТУ им Ясави (г. Туркестан)
Амиргазина А.- соискатель (Семипалатинск, Казахстан)

Настоящий этап внедрения новой парадигмы образования можно охарактеризовать в целом как этап осмысления и соотнесения существующего положения в образовании с требованиями компетентного подхода. Изменение стратегии и содержания профессионального образования, будущих специалистов должно планироваться в соответствии с функциями компетенций и компетентностей по отношению к различным аспектам образования: по отношению к личности студента; по отношению к ЗУНам; по отношению к структуре и содержанию образования; по отношению к способам деятельности.

Мы все стали свидетелями того, что устарение информации происходит быстрее, чем завершается цикл обучения в вузе. В этой связи традиционный подход на передачу необходимых знаний, от преподавателя к обучаемому, представляется неэффективным. Рынок труда требует не сами знания, а способность специалиста на основе знаний, умений и навыков выполнять определенные, порой непредвиденные функциональные обязанности и операции.

Проведенный нами анализ психолого-педагогической литературы по данному вопросу, а также собственный педагогический опыт работы в качестве преподавателя вуза позволили выявить противоречие между нарастающей потребностью общества и образования в развитии ключевых компетенций будущего специалиста и недостаточной разработанностью этой проблемы на теоретическом и технологическом уровнях. Все это актуализирует проблему оптимизации объема учебной информации для достижения нужных компетенций и вооружения, будущих специалистов неким инструментарием системного видения профессиональной деятельности, умения адекватно оценивать реальность и возможности, а также применением приобретенных знаний из различных областей науки в конкретной практической ситуации. Данную позицию мы попытались представить в виде рисунка 1.

Под компетенциями имеются в виду психологические интегративные новообразования – органичный симбиоз знаний, алгоритмов действий, опыта, позволяющий студенту – будущему специалисту успешно решать профессиональные и жизненные задачи. Сумма знаний стимулирует взаимное развитие познавательных и профессиональных мотивов и различных социально-профессиональных компетенций будущих специалистов. В толковых словарях компетентность определяется как осведомленность, эрудированность. Под профессиональной компетентностью мы понимаем совокупность профессиональных знаний, умений, а также способы

выполнения профессиональной деятельности. В прикладной психологии компетентность часто отождествляется с профессионализмом. Поскольку внешняя компетентность, по сути, есть проявление внутренней компетенции, цель образования соотносится с формированием ключевых компетенций и компетентностей. Зимняя И.А. подчеркивает: «Понятие компетентности включает не только когнитивную и операционально-технологическую составляющие, но и мотивационную, этическую, социальную и поведенческую» /1/.

Совет Европы определил пять групп ключевых компетенций, которым он придает особое значение, и которыми школы должны были бы «вооружить» молодежь. Несомненно, что и педагог новой формации должен владеть перечисленными компетенциями. Ключевые компетенции – метафункциональные (экстрафункциональные) знания, умения, качества и свойства индивида, выходящие за рамки определенной профессиональной подготовленности.


Таким образом, важной особенностью развития профессионализма становится умение соотносить получаемые знания с личностным опытом и адекватно применять их в практической жизни. Надо отметить, что реалии современной жизни диктуют необходимость формирования некоторого метапредметного, метадеятельностного новообразования.

Упорядоченное множество методов, форм, правил и средств преобразования исходных предметов в конечный результат, рассматриваются нами как педагогический механизм управления образованием на основе ключевых компетенций. «В рамках компетентностного подхода надо строить и заранее задавать ситуации включения. Именно это и есть норма образовательного результата», - считает Б.Эльконин /2/

Полагаем, что эта цель сориентирована, в том числе и на формирование важнейших компетенций: «самообразовательных и исследовательских, организационно-коммуникативных и социально-личностных, адаптивных» /3/

В системе образования профессиональная компетентность также предстает как-то должное качество, которое не всегда ясно осознается на уровне понятия и улавливается интуитивно при разработке образовательных стандартов. Между тем это должное качество есть основа проектирования стандартов образования, а значит всей системы профессионального образования. Однако стремительные изменения, происходящие в мире, убеждают нас в необходимости рассмотрения термина «ключевые компетенции» в более широком смысле. Это обусловлено тем, что межкультурные и межотраслевые знания, умения и способности (при ускорении интеграционных процессов и достаточной неопределенности и непредсказуемости в профессиональной деятельности) становятся необходимым условием успешной каждодневной работы любого специалиста. Следовательно, применение понятий «ключевые квалификации» и «ключевые компетенции» увеличивается.

Рисунок 1 - Содержание, способствующее формированию профессиональной



подготовки в новом контексте

В этой связи мы рассмотрим более подробно составляющие компетенции специалиста с высшим университетским образованием.

К *личностной компетентности*, характерной для специалистов любого профиля, мы относим следующие составляющие:

- социальную, связанную со способностью брать на себя, ответственность, участвовать в совместном принятии решений, регулировать конфликты ненасильственным путем, жить с людьми других культур, языков и религий, т.е. быть толерантным, препятствовать возникновению национализма, климата нетерпимости;
- персональную, предполагающую эрудицию в областях не связанных явно профессиональной деятельностью, владение умениями и навыками рефлексии, саморазвития и самосовершенствования, высокий уровень культуры речи, культуры поведения;
- информационную, включающую в себя владение новыми информационными технологиями и критическое их использование, знание иностранных языков;

- экологическую, основывающуюся на знании общих законов развития общества и природы, в том числе синергетических принципов устройства мира, экологической ответственности за профессиональную деятельность;

- валеологическую, означающую наличие знаний и умений в области здоровья и здорового образа жизни.

Профессиональная компетентность представляет собой достаточно широкую область, в нее входят следующие компетентности:

- специальная – знания, умения и навыки, обеспечивающие самостоятельное выполнение профессиональных действий и дальнейшее профессиональное развитие;

- аутокомпетентность – владение умениями и навыками управления волевой и эмоциональной сферы, технологиями преодоления профессиональных деструкций, высокий уровень рефлексии и самопроверки;

- навыки устной и письменной речи;

- организаторская;

- поисково-реконструктивная - связана с умениями вести поисковую деятельность, обрабатывать найденную информацию, выдвигать гипотезы, моделировать (реконструировать) процессы и события, принимать решения в различных условиях.

Профессиональная компетентность, как общая, так и специальная, обеспечивается во многом развитием профессионально важных качеств, как-то: память, логическое и креативно-критическое мышление, рефлексия, организованность, собранность, настойчивость, аккуратность и пунктуальность, эмоциональная устойчивость, толерантность, наблюдательность, любознательность, внимание, решительность, контактность. Развитие перечисленных выше качеств в сочетании с устойчивой системой нравственных ценностей служит формированию компонентов, необходимых для обучения любой специальности в высшей школе.

ЛИТЕРАТУРА

1. Зимняя И.А. Ключевая компетенция – новая парадигма результата образования //Высшее образование сегодня, 2003. – №5 .
2. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М., 1989.
3. Третьяков П.И. Профессиональная жизнеспособность и компетенции педагогов–руководителей как показатели качества образования. //Педагогическое образование и наука, 2004.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается формирование профессионального потенциала будущего специалиста и ключевые компетенции будущего специалиста в современных реалиях.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі уақыт сұранысына лайықты болашақ маманның кәсіби мүмкіндігі мен күзиреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

МАЗАСЫЗДАНУДЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейітова Н- психолог (Қызылорда обл., № 25 орта мектеп)

Біз мазасызданудың қолайсыздық қаупін алдын-ала сезумен байланысты, эмоционалды жайсыздық деп білеміз. Бастауыш сынып оқушылары алғаш мектепке білім алуға ұмтылуы оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ішкі позициясын өзгеруіне әкеліп соғады. Ішкі позиция - баланы оқуға ынталандыратын, мектепке деген оң эмоциясын қалыптастыратын үгіттеуші орталық. Алғаш мектепке қуанышпен барған бала, енді өз алдына үлкен міндеттемелердің бар екенін сезіне бастайды. Ол мұғалімнің оқушыларға қоятын талабы ата-ананың қадағалауы және т.б. Еркін ойнап өскен бала бұл талаптарды алып кете алмауы да мүмкін, осындай эмоцияларды сәтсіздікке ұшыраған (өзінің сыныптастарымен қарым-қатынасы, педагог, ата-ананың нашар қатынасы) ішкі позициясы үрейлі, қорқынышты тудырады. Қорқыныш - бала өміріне және сәттіліктеріне төніп тұрған қауіптің мидағы бейнесі. Мазасыздық - қорқынышты эмоционалды түрде сезіну. Мазасыздану сезіміне алып келетін қорқу мынадай себептерге байланысты болады: өз қатарларымен дұрыс қатынаста болмау, ата-анасының өзара кикілжіңді болуы психикалық жарақат алуы, ата-ана тарапынан қатал тәртіп т.б. Бұл баланың тіпті ортамен араласпай тұйық болуына немесе ызыланыш, ашушаң болуына әкеліп соғады. Үрей, қорқыныш сезімдерін жою үшін кейбір психологтарымыз баланы мадақтау жоғары бағалау керек деген пікір айтады. Сонымен қатар, мазасыздану типіндегі эмоционалды сәтсіздік өзіндік бағалауы жоғары балаларда бақыланған. Олар «ең жақсы» оқушы болуға немесе ұжымда ең жоғарғы деңгей алуға үміттенді, яғни өз талаптарын жүзеге асыру үшін шындығында мүмкіндігі болмаса да анықталған сапаларда жоғары талаптанулар болған.

Отандық психологтар балалардағы адекватсыз жоғары бағалау бұрыс тәрбие, бала сәттілігін үлкендердің асыра бағалауы, асыра мақтау, оның жетістіктерін асырып айту нәтижесінде қалыптасады деп санайды. Қоршағандардың жоғары бағасы және соған негізделген өзіндік баға балаға ұнайды. Қиындықтармен және жаңа талаптармен соқтығысу оның құралмағандығын аңғартады. Бірақ, бала бар күшімен өзінің жоғары өзіндік бағасын ақтап қалуға тырысады, өйткені ол оған өзін сыйлауды, өзіне жақсы қатынасын қамтамасыз етеді. Соған қарамастан, бұл балаға әрқашан сәтті бола бермейді. Оқудағы жоғары деңгейдегі жетістікке үміттеніп отырып, ол дегеніне жету үшін жеткілікті дағды, білімге ие болмауы мүмкін, мінездің кері сапалары және белгілері сыныптағы, құрбылар арасындағы керекті жағдайды алуына мүмкіндік бермейді. Осы арқылы жоғарғы талаптанулар және нақты мүмкіндіктер арасындағы қарама қарсылық ауыр эмоциялық күйге алып келуі мүмкін.

Қажеттілігінің қанағаттанбауынан бала санасында сәтсіздікті, сенімсіздікті мойындауды және өзін сыйлауды жоғалтуға мүмкіндік бермейтін қорғаныс механизмдерін өндіреді. Ол басқа адамдардан өз сәтсіздігінің негізін табуға тырысады: ата-анасынан, мұғалімдерден, жолдастарынан. Сәтсіздіктің себебі оның өзінде екенін мойындамауға тырысады, оның жетіспеушілігіне нұсқайтындардың барлығымен қақтығысқа түседі, тітіркендіргіштік, өкпелегіштік, агрессивтілік танытады. М.С.Неймарк мұны «адекватсыздық аффектісі» – «өзін өз әлсіздігінен қорғауға өткір эмоциялық ұмтылу, кез-келген тәсілмен санада өзіне сенімсіздікке жол бермей, шындықтан қол үзу, баршадан және барлығынан тітіркену және ызалану». Мұндай күй созылмалы болуы мүмкін және айлар мен жылдарға созылуы мүмкін. Өзін нығайтуға күшті қажеттілік бұл күндердегі қызығушылық тек өзіне бағытталуына алып келеді. Мұндай күй балада үрейді бастан кешірмеуі мүмкін емес. Алғашында үрей негізделген, ол бала үшін нақты қиындықтан пайда болады, бірақ үнемі баланың өзіне,

өз мүмкіндіктеріне, адамдарға қатынасының адекватсыздығының нығаю шамасына қарай адекватсыздық оның әлемге қатынасының тұрақты белгісі болады, сонда бала кез-келген өзі үшін кері жағдайлардан қолайсыздық, сәтсіздік күтетін үрей мазасыздыққа айналады.

Т.В.Драгунова, Л.С.Славина, Е.С.Макслак, М.С.Неймарк көрсетуінше аффект тұлғаның дұрыс қалыптасуына кедергі болады дейді, сондықтан оған төтеп беруі қажет. Осы авторлардың жұмысында адекватсыздық аффектісіне төтеп беру өте қиын екенін атайды. Маңызды мәселе баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін сәйкестікке алып келу немесе оған оның нақты мүмкіндігін өзіндік баға деңгейіне дейін көтеруге көмектесуден тұрады. Бірақ нақты жол – бұл баланың қызығуы және талпынуын бала сәттілікке жеткізетін немесе өзін нығайтатын салаға ауыстыру. Л.С.Славинаның аффективті мінез-құлқы бар балаларды меңгеруге арналған зерттеуі балалардағы қиын эмоционалды қайғыруы адекватсыздық аффектісімен байланысты екенін көрсетті. Бұл зерттеулерді баланың өмірінде анықталған қолайсыз жағдайларында пайда болатын нақты үрей нәтижесі ретінде, оның әрекеті және қарым-қатынасы процесінде пайда болатын құрылым ретінде қобалжуды түсіну үшін теориялық база ретінде қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, бұл биологиялық емес әлеуметтік құбылыс. Мазасыздану мәселесі басқа аспектіге де ие – психофизиологиялық.

Алаңдау, үрейді зерттеудегі екінші бағыт берілген уақыттағы деңгейді шарттайтын тұлғаның психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін оқып-білу жолы бойынша жүреді. Көптеген авторлар үрей күшті психикалық қысым-«стрестің» құраушы бөлігі болып саналады деп айқындады. Стресс күйін зерттеген отандық психологтар оның анықтамасына әртүрлі жорамал енгізді. Мысалы, В.В. Суворова лабораториялық жағдайда алынған стресті зерттеді. Ол стресті адамға қиын және жағымсыз экстремалды жағдайларда пайда болатын күй ретінде анықтады. В.С. Мерлин стресті «аса қиын жағдайда» пайда болатын жүйкелік қысым ретінде емес, психологиялық күй ретінде анықтайды.

«Стресс» ұғымын жорамалдаудың барлық ерекшелігінде барлық авторлардың ойынша, «стресс – бұл өте қиын жағдайларда пайда болатын жүйке жүйесінің шамадан тыс қысымы» дегенге үйлеседі. Стресті еш уақытта мазасызданумен "теңестіруге болмайды, өйткені стресс әрқашан нақты мазасызданудың жоқ кезінде көріне алады. Күні бойынша да стресс және мазасыздану – әр түрлі күйлер. Егер стресс бұл жүйке жүйесінің шамадан тыс қысымы болса, онда қобалжуға мұндай қысым күші тән емес. Стресс жағдайындағы үрейдің болуы қауіп немесе жағымсыздықты күтумен, оны алдын ала сезумен байланысты деп санауға болады. Сондықтан үрей дәл стресс жағдайында емес, ал осы күйдің бастауына дейін пайда болуы мүмкін. Мазасыздық – күй ретінде қолайсыздықты сезу деген сөз. Бірақ үрей субъектінің кімнен қолайсыздық күткеніне байланысты әртүрлі болуы мүмкін: өзінен (өзінің құралмағандығынан), объективті жағдайлардан немесе басқа адамдардан. Осы арқылы мінез-құлықтың кері формаларында мыналар жатыр деп шешім шығаруға болады: мазасызданудың көрінуі ретінде қарастырылуы-мүмкін эмоционалдық күйзелу, тынышсыздық, қолайсыздық және өз аман-саулығына сенімсіздік. Қорқыныш, алаңдау, әлсіздік және оңашалану сезімдерінен қорғану мақсатымен индивидте тәжірибе нәтижесіне меңгерілген тұлғаның невротикалық белгілері деп атаған "невротикалық қажеттіліктер" пайда болады. Өзіне қоршағандардың дұшпандық және немқұрайлы қатынасын басынан кешіре отырып, үреймен құрсауланған бала өзінің мінез-құлық жүйесін және басқа адамдарға қатынасын жасап шығарады. Ол кекті, агрессивті, тұйық бола бастайды немесе махаббаттың жоқтығына орнын басу үшін басқаларға беделді орнатуға тырысады. Бірақ, мұндай мінез-құлық сәттілікте алып келмейді, керісінше ол қақтығысты одан әрі шиеленістіреді және әлсіздік пен

қорқынышты күшейтеді. К.Хорни осыны ескере отырып, "Біздің уақыттың невротикалық тұлғасы" кітабында 11 невротикалық қажеттілікті атады.

1. Үйірсектік және мақұлдауға, басқаларға ұнауға, жағымды болуға невротикалық қажеттілік.

2. Барлық тілекті, күтімде орындайтын «серікке» невротикалық қажеттілік, жалғыз қалуға қорқу.

3. Өз өмірін шектеуге немесе байқаусыз қалуға невротикалық қажеттілік.

4. Ойдың алдын-ала көрудің көмегімен басқаларға қарағанда невротикалық қажеттілік.

5. Басқаларды қанау, олардан жақсыны алуға невротикалық қажеттілік.

6. Әлеуметтік мойындау немесе мансапқа қажеттілік.

7. Жеке мәпелеуге қажеттілік. Өзінің асыра көрсетілген бейнесі.

8. Жеке жетістіктерге невротикалық талаптану, басқалардан озып түсу қажеттілігі.

9. Өзін-өзі қанағаттандыру және тәуелсіздікке невротикалық қажеттілік, еш нәрседен мұқтаж болмау қажеттілігі.

10. Махаббатқа невротикалық қажеттілік.

11. Аса басымдыққа жетілуге, қол жеткізбеушілікке невротикалық қажеттілік.

К. Хорни осы қажеттіліктерді қанағаттандыру көмегімен адам үрейден құтылуға ұмтылады, бірақ невротикалық қажеттіліктерді қандыру мүмкін емес, оларды қанағаттандыруға болмайды, алдан шығатын үрейден құтылу жолы жоқ деді. Ең алдымен, мазасыздану жүйке-психикалық күйзеліс қалпымен қатар зерттеліп келді. Мазасыздануды бас миының қызмет етуімен байланыстырған Г.Г. Арокелов, Н.Е. Лысенко, Е.К. Шаттар мазасыздануды психофизиологиялық бағалау әдісін қолданды. Ол мазасыздану мен стресстің объективті сандық бағалау әдісі сияқты. Ал, Шенгфлугд екі түрлі: үнемі және эмоционалды мазасыздану түрлері туралы айтады да оның біріншісін шығармашылық, аналитикалық ойлаумен байланыстырады. Бұл түр төменгі дәрежелі мазасыз тұлғаларда басым келуі де, 2-түрі жоғары деңгейлі мазасызданумен байланысты, әрі когнитивті іс-әрекетке теріс әсер етеді. Жекеленген мазасыздануды анықтауға арналған Спилбергер тестісін атауға да болады. Ал, кейбір сыналушылар тобында жекелеген мазасыздану артуына орай, қозулары төмендеген.

Мазасыздану мүмкін болатын немесе ықтимал келеңсіздіктер арқылы, немесе әдеттегі жағдайдың өзгеруінен де туындауы мүмкін. Ол қозғалып мазасыздануда, эмоционалды қозуда және қатты күйзелу т.б арқылы байқалады. Мазасыздану жеке адамның қасиеті және оның қалпы ретінде ажыратылады. Ең алғаш мұндай анықтама-ажыратуларды американ оқымыстылары ұсынды. 1950 жылдардың басында Тейлор мен Спенс Айова штатының университетінде мазасыздануды зерттеу әдістерін жасады. Ал, Миллер мен Маурер мазасыздануды жүре қалыптасатын және жойылуы қиын эмоционалды реакция деді. Жеке-дара айырмашылықтарды өлшеу үшін және сыналушыларды мазасыздану күшіне қарай бөлу үшін, Тейлор мазасызданудың байқалу шкаласын жасады. Жеңіл және күрделі тапсырмалар нәтижелерін салыстыру үшін, сенсомоторлы, вербалды тапсырмалар және проблемаларды шешу тапсырмаларын қолдануы. Мыс: жұптар ассоциациясы әдістемесі. Мысалы, Дэвидсон, Эндрюсон, Росс деген ғалымдар жетістіктерді төмендету әдістемесі көмегімен жоғары дәрежелі мазасыз адамдар сәтсіздік жайлы хабарға эмоционалды тура реакция білдіретіндігін анықтады.

Жекелеген мазасыздану деңгейі өзара тұлғалық қарым-қатынас құрылымында тұрақсыз ситуациялардың болуына реакция білдіру және бағдарланушы іс-әрекетке жоғары деңгейде дайын болуды қажет етеді. Бұл пікірде біздер, жоғарыда аталған эмоция нейрофизиологиясы жөнінде жұмыс жазған К.Примбрамның болжамдарына сүйеніп жасадық, ол былай дейді: "кез-келген эмоционалды қалып, оның ішінде мазасыздану да физиологиялық деңгейде, яғни сыртқы ситуациядағы жаңалықтарға

ағзаның реакциясы ретінде пайда болады". "Психологияға кіріспе" кітабында П.Я. Гальперин былай деп жазады: "Жекелеген мазасыздану дәрежесі ситуацияда бағдарлану функциясын атқарады».

Психикалық әрекеттің барлық формалары, оның ішінде эмоциялар субъектінің проблемалық ситуацияларда бағдарланудың түрліше формаларын білдіреді. Бұл формалардың пайда болатындығы, субъект болатын жағдайлар, оның міндет-шаралары әртүрлі болады". Біздің проблемаға сәйкес түрліше эмоционалды түзілістер мен қалыптардың жіктелуі жайлы С.Л.Рубинштейннің тамаша пікірлері бар. Ол аффектілер, елігулер мен көңіл-күйлер деп бөледі. Көңіл-күйлер заттық емес, жеке бастық, екіншіден, ол арнайы бастан кешу емес, және жеке оқиғаға ғана қатысты емес, ал тұтас қалып. Көңіл-күй, мысалға алғанда, мазасыздану жеке адамның сол бір белгілі кезеңдегі жағдайдың эмоционалды, санадан тыс бағасы. Осылайша С.Л. Рубинштейн Кеңес психологиясында бірінші рет мазасыздану құрылымының сапасына мән берді және мазасыздану заттанған сипатта деді. Әрі мазасыздану эмоционалды бастан кешу сияқты ретінде алға шығады да, бірнеше деңгейге бөлінеді. 1-деңгей — органикалық, аффективті-эмоционалды сезгіштік деңгейі. Бұл деңгейде С.Л.Рубинштейн бойынша мазасыздану сезімі белгілі-бір затқа бағытталмаған және сезімнің затпен байланысы әлі сезілмейді. Келесі кезеңде С.Л.Рубинштейн затсыз мазасызданудың орнына "заттанған сезім", яғни бір-нәрсенің алдында қорқыныш пайда болады. Адамға жалпы "қорқынышты" болуы мүмкін, бірақ, адамдар үнемі нақты бір нәрседен қорқады.

3-деңгейде бұл сезімдер тұрақты дүниетанымдық бағдарларға ие болады. Ал, К.К.Платонов мазасыздану құрылымында 3 форманы бөліп көрсетті:

1. Субъектінің шешімдері мен пікірлеріне әсер ететін қысқа мерзімдік, әлсіз байқалған қорқынышқа деген эмоционалды шындық.

2. Осыған ұқсас мазасыз күй.

3. Жиі байқалатын мазасыздану реакцияларына жақын жеке адам қасиеті.

С.Л. Рубинштейн, К.К. Платонов т.б. мазасыздану жайлы ұғымдары Р.Декарт көзқарасымен сәйкес, яғни олар бойынша мазасыздану мәнін тану үшін, бұл процесті тоқтатып, оны құрамдас бөліктерге бөлу керек. Мазасыздану динамикалық процесс, яғни ішкі, сыртқы жағдайларға орай өзгеріп отырады. Кеңес психологиясының классигі Л.С.Выготский XX ғасыр басындағы шетелдік психологтар еңбектерін талдай келе, эмоциялар туралы былай дейді: "Эмоция деген, қысылтаяң шақтағы мінез-құлық нәтижесі және қорытындысы тікелей бұйыратын болады". А.Н.Леонтьев мәдени-элеуметтік көзқараста еңбектерін жалғастырады. Ол өзінің "Қажеттіліктер, мотивтер, эмоциялар" деген еңбегінде былай дейді: "адамда эмоциялар қанағаттану, қанағаттанбау, қорқыныш, мазасыздану сияқты бастан кешулерді тудырады, олар бағдарланушы субъективті сигналдар рөлін ойнайды". Ал А.Н.Леонтьев бойынша мазасыздану "психика құбылысы емес, даму жемісі, яғни түрліше іс-әрекетті басқаруда рөл атқарады. Адамның ішкі қайғыруларды және ситуациялар көзге көрінбейтін субстанциялар, ал эмоция осы өзара әрекеттестіктің нәтижесі сияқты үнемі ашық байқалады. Эмоциялар, А.Н. Леонтьев бойынша, адамды белсенділікке бағыттайтын іс-әрекет формасы".

Л.С.Выготский ілімін жалғастыра отырып, Ф.Е.Василюк бастан кешулерді ұйымдастыру идеясын ұсынды және өзінің "Бастан кешулер психологиясы" деген еңбегінде ол былай дейді: "мазасыздану өзге де қалып-күйлер (стресс, фрустрация, кикілжің, дағдарыс т.б) секілді оларды бастан кешіру керек, ал бастан кешіру дегеніміз субъектінің осы күйді өз бетімен өзгертудегі белсенді әрекеті". Мазасыздану бастан кешудің іс-әрекеті, бірақ көптеген зерттеушілер оның айрықша ерекшеліктерін - затсыздығы және диффуздығын ескертеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Спилбергер С.Д. Подходы к изучению стресса и тревожности в спорте. /под.ред Ханина Ю.Л. -М, 1983.С. 12-24.
2. Платонов К.К. Структура и развитие личности –М, 1986.
3. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоции. Соч в собр.2-х т.,т 2. - М, 1983.
4. Василюк Ф.Е. Типология переживания различных критических ситуаций. // Психологический журнал. Т6, №5 1995. стр 104-114.
5. Левитов Н.Д. Психологическое состояние беспокойства, тревоги. /Вопросы психологии,- М, 1966.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының жаңа орта мен жаңа талаптарға байланысты туындайтын психо-педагогикалық мәселелері талданып, оны шешудің жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются причины появления беспокойства у учащихся начальных классов в неблагоприятных обстоятельствах.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ КОМПЕТЕНТНОГО ПОДХОДА

Токсонбаев Р.Н., к.п.н., доцент, Джумагулова Г.А., аспирант
(Кыргызстан, Бишкекский гуманитарный университет)

Сегодня фраза *«студент компетентен»* означает, что он с помощью справочной, профессиональной литературы, собственных конспектов и «остаточных» знаний сможет решить профессионально поставленную задачу в рамках того направления, в котором проходит профессиональную подготовку. В настоящее время идеальным результатом современного образования должен стать компетентный специалист, а реальным – создание *условий* для достижения поставленной цели в образовательном учреждении.

Задача современного высшего образования состоит не столько в передаче студенту определенной суммы знаний по той или иной специальности, сколько в необходимости формирования у него навыков и умений распорядиться этими знаниями в нужный момент. Современному студенту нужно оказать помощь в развитии способностей добывать информацию, обрабатывать ее и анализировать, умело использовать и принимать на ее основе эффективные решения. Другими словами, образование должно помочь человеку жить в мире *неопределенности*. В более широком смысле можно говорить, что *цель образования сегодня – это развитие социально, культурно и профессионально компетентной личности*.

Потребности современного рынка труда продиктовали *запросные характеристики, которыми должен обладать выпускник образовательного учреждения*. При переводе этих характеристик на язык образовательных реалий и возникло понятие «компетентность», под которым зачастую понималось «успешное поведение нестандартных ситуациях, предполагающих неформализованное взаимодействие с партнерами, решение сложных или запутанных задач, оперирование

противоречивой информацией, динамичными и сложно интегрированными процессами, управление которыми требует теоретического знания».

На страницах российской педагогической литературы за последние пять лет появились крупные научно-теоретические и научно-методические работы, в которых анализируются сущность компетентного подхода и проблемы формирования ключевых компетенций. К наиболее значительным работам относятся: монография А.В. Хуторского «Дидактическая эвристика». Теория и технология креативного обучения», работа Зимней И.А. «Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода в образовании», труд Байденко В.И. «Компетентностный подход (К проектированию государственных стандартов высшего образования)», статья Болотова В.А. «Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе», работа Галяминой И.Г. «Проектирование государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования нового поколения с использованием компетентного подхода» и другие. Несмотря на столь пристальное внимание к проблеме компетентного подхода и компетенций в высшем образовании, понятийный аппарат, характеризующий их смысл, на сегодняшний день еще не достаточно устоялся. Тем не менее, по мнению Лебедева О.Е., можно выделить некоторые существенные черты этого подхода. *Компетентностный подход – это совокупность общих принципов.*

- определения целей образования,
- отбора содержания,
- организации образовательного процесса и оценки образовательных результатов.

К числу таких принципов исследователь Лебедев О.Е. предлагает отнести следующие:

- развитие у обучаемых способности, с опорой на социальный и собственный опыт, самостоятельно решать проблемы в различных сферах деятельности;
- создание условий для формирования у обучаемых навыков принятия самостоятельного решения познавательных, коммуникативных, организационных, нравственных и иных проблем, составляющих содержание образования;
- оценка образовательных результатов основывается на анализе уровней образованности, достигнутых студентом на определенном этапе обучения.

Сегодня модернизация образования в высшей профессиональной школе направлена на подготовку высококвалифицированных специалистов, востребованных на рынке труда. Наиболее часто формируемая проблема заключается в несоответствии содержания современного рынка труда. Компетентностный подход - это попытка привести в соответствие профессиональное образование и потребности рынка труда. Данный подход связан с заказом на образование со стороны работодателей, - тех, кому нужен компетентный специалист. Это возможно только тогда, когда образование становится личностно значимой деятельностью студента. Такое образование невозможно «дать», оно пополняется только в процессе самостоятельной работы студента. Итак, *компетентностный подход – это:*

- подход, при котором результаты образования признаются значимыми за пределами системы образования;
- подход, при котором в качестве результата рассматривается не сумма усвоенной студентом информации, а способность обучаемого действовать в различных проблемных ситуациях.

Компетентностный подход, ориентированный на «свободное развитие личности», на творческую инициативу, самостоятельность, конкурентоспособность, готовность и мобильность будущего специалиста, возник как альтернатива абстрактно-теоретическому университетскому образованию недавнего прошлого. Но это не значит, что необходимость реализации компетентного подхода требует глобального изменения всей сложившейся системы образования. Образование нуждается в *смене*

образовательной парадигмы. Время ставит конкретные вопросы, на которые наше усовершенствованное образование должно дать адекватные ответы.

«Образование существует только тогда, когда оно проектируется и до тех пор, пока оно проектируется».

«Без прогнозирования ожидаемых и желаемых результатов образовательной деятельности, какие бы то ни было исследования стратегического характера не имеют смысла».

Мы пока находимся в поиске возможных практических действий по применению комплекса компетентностных подходов к разработке содержания и структуры образования, к разработке образовательных стандартов. Не секрет, что нашей целью является *не открытие чего-то нового, а действенная помощь тому образованию, которое есть. Главное достоинство проектируемого образования – в концентрации знаний и усилий, осмысленности обучения, мощной обратной связи, достигнутых результатах.*

Думается, что прежде, чем начать разговор о том, каковыми должны быть требования к уровню образовательной подготовки в условиях реализации компетентного подхода, уясним для себя, чем отличается компетенция от компетентности?

Поскольку в педагогической и методической литературе не сложилось единого мнения по определению этих понятий, попробуем выработать рабочее понимание *компетенции и компетентности.*

Компетенции – это теоретические знания, основанные на получаемой, осмысляемой, фильтруемой информации.

Компетентность—это осознанная способность применить компетенции в практической деятельности, будучи при этом открытым к новым компетенциям.

Таким образом, образовательный процесс нуждается в такой корректировке, в результате которой мы перейдем от *преподавания к учению – процессу совместного творчества преподавателя и студента в поступательном образовательном движении.*

В нашем академическом классическом образовании наиболее распространенной формой обучения (преподавания) была и остается сегодня поточная лекция, где преподаватель выступал «глашатаем неоспоримых истин».

В современных условиях, нацеленных на формирование компетентного подхода к обучению,— это, пожалуй, самый малоэффективный способ преподавания. Более приемлемой видится интерактивная форма, предусматривающая диалог между преподавателем и студентом, а также дискуссию между студентами.

Интерактивные формы работы, основанные на:

- *взаимодействию;*
- *активности обучаемых;*
- *обратной связи с аудиторией;*
- *наконец, опоры на групповой (командный) опыт*

стимулируют усвоение студентами знаний и формируют умение отстаивать в полемике свою точку зрения, используя весь запас компетенций и повышая, таким образом, уровень своей компетентности;

Подготовка к интерактивной работе более трудоемка, чем к обычной лекции или практическому занятию, она требует и от студента, и от преподавателя освоения большого объема современной литературы, необходимой для обсуждения проблем и формирующей, в свою очередь, свободную мыслящую личность, а не заучивания общепринятых канонов, противоречащих свободной творческой дискуссии.

• Кроме того, превалирование интерактивных форм работы резко повышает значение авторских курсов;

- Необходимость внедрения в обучение интерактива требует от преподавателя высокого уровня владения инновационными технологиями обучения.

- Смысл инновации в ее *целесообразности*, то есть они должны быть не «модными», а нести заряд эффективности, когда то, что придет «*после*» должно быть лучше, качественнее, чем было «*до*». И, наконец, инновациями занимаются люди, для которых нет этапов «по-старинке» и «по-новому». Эти люди мобильные, всегда имеющие инновационный заряд внутри, т.е. подходящие к процессу образования как к творчеству. Чтобы преподаватель мог подходить к процессу образования как к творческому акту, ему необходимо предоставить больше академической свободы.

Необходимо ослабить административные барьеры, не позволяющие университетам вести поиск собственных оригинальных решений организации учебного процесса.

Академические свободы несут в себе большое конструктивное начало, но при этом сопровождаются не менее высокой степенью *ответственностью*.

В данной статье нами рассмотрены лишь некоторые аспекты, относящиеся к формированию профессиональной подготовки студентов высшей школы в условиях реализации компетентного подхода. Естественно, что необходимым условием компетентного подхода в массовой практике становится формирование нового поколения государственных образовательных стандартов, примерных учебных программ и учебных пособий, тестов для повышения эффективности усвоения материала при изучении дисциплины. Конечно, создать все перечисленные условия для выпуска компетентного специалиста – дело непростое, но, не используя компетентностный подход достигнуть нового качества образования вряд ли возможно.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Байденко В.И. «Компетентностный подход (К проектированию государственных стандартов высшего образования)». Методическое пособие. М., 2005
2. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии – 2004. №5, с. 3-12.
3. Глямина И.Г. Проектирование государственных образовательных стандартов / Материалы к четвертому заседанию методологического семинара. М., – 2004.
4. Хуторский А.В. Ключевые компетенции. Технология конструирования // Народное образование – 2003. – №5. – с. 55-61.
5. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода в образовании М.: Исслед. Центр пробл. качества подготов. специалистов, – 2004.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орнында кұзіретті маман даярлау мәселесінің кейбір қырлары қарастырылады. Кұзіретті маман даярлауда жаңа оқу бағдарламалары мен стандарттардың, оқу құралдарының пәнді игертудегі ықпалы, тәжірибедегі көрінісі сараланады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются лишь некоторые аспекты, относящиеся к формированию профессиональной подготовки студентов высшей школы в условиях реализации компетентного подхода. Естественно, что необходимым условием компетентного подхода в массовой практике становится формирование нового поколения государственных образовательных стандартов, примерных учебных программ и учебных пособий, тестов для повышения эффективности усвоения материала при изучении дисциплины.

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Жүрсінбекова Ғ.А. - оқытушы, Құспанова А.М. – оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Адамның дене тәрбиесі - аса бағалы қазына. Дене сау, жан-жақты шыныққан адам- елдің шын мәніндегі байлығы.

Алайда, біз кейде осы байлықты жете бағаламаймыз, содан барып материалдық мүлікті дамытуды қаражаттың қалдығы бойынша жоспарлау, ұйымдастыру және теория мәселелеріндегі елеулі оқлықтарды жіберіп толып жатқан себептерден көп нәрседен айырылып қаламыз.

Бүгінгі таңда экологияның зияны, дене тәрбиесіне дұрыс назар аударылмау салдары жастардың денсаулығына қаншалық әсер ететінін терең сезіне бастағанымыз жөн. Көңіл алаңдататын көрсеткіштердің кейбіреулерін ғана атап өтейік:

- мектеп оқушыларының 62%- қозғалыс тірегі бұзылғандар;
- жасөспірімдердің 30-40% - қан айналым жүйесі қызметіндегі ауытқуы барлар;
- қыздардың 50% мен ұлдардың 20% - артық салмағы бар;
- бойжеткен қыздардың ағзасындағы өзгерістері бұзылу салдарынан арқа жауырын сүйектерінің дұрыс қалыптаспауы - 40% құрайды.

Бұл әбден дәлелденген ақиқат, дене тәрбиесі әр адамның күнделікті тіршіліктегі негізгі қозғалыс құралы болуы керек. Дене тәрбиесі орасан зор тәрбиелік және қабілеттілік қуаты бар пән болғандықтан, спортпен шұғылдануу адамның жеке басының дене шынықтыру мәдениетінің жиынтығы болады.

Денсаулықты нығайтудың негізгі құралы ретінде дене тәрбиесі мен спорт жас ұрпақтың адамгершілік және әлеуметтік жағынан қалыптасуына ықпал етеді, олардың бойына салауатты өмір салтының берік дағдыларының дәнін егеді.

Дене тәрбиесінің мағынасын түсіну, спортқа деген кемсітушілік пен немқұрайлылыққа қоғамдық пікірдің төзбеушілігі біздің де шет елдердің тәжірибесін толық пайдалануға да негіз бар.

Мысалы, Жапонияда жас мамандарды жұмысқа қабылдағанда дене шынықтыру даярлығынан тексеріледі, жыл сайын халықтың дене шынықтыру даярлығының байқаулары өткізіледі, ал АҚШ- та арнайы дене шынықтыру шарттарын сақтамаған офицерлер әскер қатарынан босатылады.

Қазіргі заман талабына сай біздің тәуелсіз елімізге толық қанды тұлға қалыптастыруымыз қажет. Тәрбиесіз жан- жақты дамыған тұлға қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан адам бейнесі, жеке тұлға бейнесі маңызды. Тұлғаның ішкі көрінісі мен сыртқы бейнесі бір- бірімен үндесіп жатқаны дұрыс.

Осы тұлғаның сыртқы бейнесін қалыптастырудың негізгі- дене тәрбиесі.

Дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттері:

Шаруашылық пен әлеуметтік мәдени құрылымның түрлі салаларындағы шығармашылық еңбекке қабілетті, дене тәрбиесі мен спорт дағдыларын Отан қорғау жолында пайдалануға әзір, жан- жақты жетілген шымыр, мықты, дені сау тұлға және физиологиялық жағынан толық дамыған ұрпақтарды өмірге алып келетін болашақ аналарды тәрбиелеу.

Осындай мақсатқа жету үшін дене тәрбиесінен студенттердің – мектептен, жоғағы оқу орнынан алған дайындығы да өзінің тиісті үлесін қосады.

Дене тәрбиесі бағдарламасы білім беру міндеттерін толық шешуді анықтайды, атап айтқанда:

- идеялық және адамгершілік сенімнің сапасын қалыптастыру;
- тәрбиелік және еңбексүйгіштік;
- спорт және дене шынықтыру жаттығуларымен ықылас қойып шұғылдану;
- жастарды өмірге белсенділікке тәрбиелеу;
- денсаулықты нығайту, қозғалыс тірегін және тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыру;
- салауатты өмір сүру мен демалысты ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- таңдаған спорт түрінен шеберлікті жетілдіру;
- спорт жүйесінде насихатшы, қоғамдық ұйымдастырушы, нұсқаушы, төреші болу үшін қажетті теориялық, әдістемелік және тәжірибелік біліммен қарулану;
- болашақ кәсіптік мамандықтың ерекшеліктеріне байланысты, еңбекке деген психикалық даярлықты қалыптастыру. Бұл бағыт - өскелең ұрпақтың нашақорлыққа, маскүнемдікке, шылым шегуге әуестенбеуі үшін, оларды өлім мен өмір арасындағы проблемаларға әкелмеуі үшін жасалынған.

Спорттық үйірмелер, дене шынықтыру клубтары, мектептегі секциялар, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық мектептер оқушыларға қоршаған ортадағы жағымсыз әрекеттерден қорғауға көп көмектерін тигізеді. Бірақ, өкінішке орай бұл көмек өте аздық етіп отыр. Мектептерде дене шынықтыру пәніне, спорттық жарыстарға, сабақтан тыс өткізілетін әр түрлі спорттық іс-шаралар мен жарыстарға көп көңіл бөлінуі керек.

Бұл сабақ мамандырылған педагогтардың көмегімен баланы өз бетімен өмір сүруіне, өзінің алтын уақытын бағалай білуіне, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруына, өз-өзіне бақылау жасап, сын көзбен қарауына жол ашады.

Дене шынықтыру сабағындағы әр түрлі ойындар баланы тек татулық пен бірлікке ғана шақырып қоймай, оның санасезімін өмірдегі әр түрлі жағдайлардан оңай шығып кетуіне көмектеседі. Ал егер бала жеке бір спорттың түрімен айналысса, ол өзінің ішкі дүниесіне үңіліп, мінез-құлқын дұрыстап, жасаған қателіктерін сараптап, оны қайталамауға үйренеді. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу баланы адал, ар-намысы жоғары, ішкі де сыртқы дүниесі бай болуына әсер етеді. Тек қана спорт алаңдарында емес, өмірде де өз күштерінің жемістерін көретін болады. Мұндай қасиеттер қазіргі егемен Қазақстанымыздың жас ұрпақтарына өте қажет.

Осы тұрғыда студенттерге жүктелетін міндеттер:

1. Дене тәрбиесі сабақтарына оқу кестесі бойынша тұрақты түрде қатысу.
2. Студенттік емхана белгіленген мерзімде дәрігерлік тексерістен өту және денсаулық пен дене шынығуының дамуына өзіндік бақылау жүргізу.
3. Шынығу және жүйелі дайындығын анықтау үшін белгіленген даму деңгейінің көрсеткіштерін орындау.
4. Ұсынылған қозғалыс тәртібін ескере отырып, таңертенгілік бой жазу жаттығуларымен, спортпен, туризммен, тұрақты түрде өз бетінше шұғылдану.
5. Денсаулықты нығайту, дене шынықтыру дайындығымен спорттық шеберлікті арттыру.
6. Күн тәртібіндегі оқу, демалыс пен тамақтанудың тиімді ережесін сақтау.
7. Студенттер арасында ауданда, облыста, қалада және Республикада өткізілетін сауықтыру жарыстары мен іс-шараларына белсенді қатысу.

«Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы туралы» Республика Президентінің халыққа жолдауы (Қазақстан-2030) осы міндеттерді шешуге бағыттайды. Онда «бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтыны», сонымен бірге жастар алдындағы жауапкершілік туралы да айтылған. Қазақстанның болашағы-қазіргі жеткіншек жастардың денсаулықтарына, оны нығайту ісіне айрықша назар аударылып, салауатты өмір салтын тұрмысқа толық енгізу көзделген. Салауатты өмір салтының бір белгісі әрбір адамның дене тәрбиесімен жүйелі түрде айналысуы

болып табылады. Спортшы болу студенттердің барлығына бірдей мақсат болмас, бірақ дені сау, қоғамымызға пайдалы азамат болып өсу- барлық азаматтың парызы. Елімізді көркейту үшін, өркениетті елдер қатарына қосылу үшін ең басты құрал- осы студенттеріміздің денсаулығы, жандары мен тәндерінің тазалығы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектептегі дене тәрбиесі және оны бақылаудың әдістері. Төтенай Б. Алиев А. Алматы -1996.
2. Мектептегі дене шынықтыру. Республикалық ғылыми- әдістемелік журнал. Алматы-2004.
3. Дене шынықтыру. Асыллов Ұ. Дайырова Ә. Алматы- 2002.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада дене тәрбиесінің адам ағзасының дамуына әсері қарастырылып, студент жастарға дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеті туралы сараланған.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о пользе физической культуры и ее влиянии на развитие организма человека, а также дана полная информация студентам о цели и задачах физической культуры.

МАГИСТРАТУРА

КӘСІПТІК ОҚЫТУ МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

Адилчиева Қ.С., Толыбаева Ж.Ж. - магистрант
(Алматы қ-сы., Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

Қазақстан Республикасы білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтарының, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау-білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби кадрларды дайындау проблемасын шешудің жаңа жолдары қарастырылуда. Білім беру саласында мамандарды даярлаудың қазіргі ұйымдастырылуының негізінде жүйелі білім берумен қатар, оқу материалын ұғынуда қиындықтар тудыратын бөлек-бөлек тұрғылар да бар. Мұндай жағдайдың негізгі себебі, біздің ойымызша, білім беру процесі негізгі оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ұсыныстарға негізделмейтіндігінде, ал оның өзі білім берудің барлық деңгейлерінде оқу-білім беру процесінің өрістеуіне кері әсер етеді. Кез келген пән бойынша оқу бағдарламаларын жасаушыларға оларды неғұрлым жандандырудың логикалық – психологиялық негіздерін жаңаша етіп іздестіру мәселесі қойылады. Бұл курсты оқыту курсының ерекше жағдайы, оның логикалық негіздерін байланыстыру қажеттілігімен де, адамның онтогенетикалық даму заңдылықтарын оқыту психологиясы тұрғысымен де анықталады. Жаңа оқулықтар, бағдарламаларды жасауда негізгі қиындықтар бірнеше объективті факторларды: психиканың бейнелендіргіш және реттегіштік қызметін, психологиялық феномендерді сипаттаудағы көпнұсқалықты, курстың субъект-субъектілік әрекеттестікке көшкендегі педагогикалық процеске қатысушылардың

бәрінің де психикалық дамуына ықпал етіп, әсіресе студенттердің психикалық дамуы мен бағдар алуына пайдалы әсер етуін де қамтиды.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Л.С.Выготский қазіргі кездегі оқыту процесінің маңызды қағидаларының бірін атап көрсетті: «Оқыту дамудың соңында жүрмейді, керісінше оны жетелейді» /1/.

Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов зерттеулері дамытпалы оқыту қағидасының психологиялық негіздерін қалады /2/.

Л.В.Занковтың дамыта оқыту эксперименталды жүйесі бірнеше принциптерге: қиындықтың жоғарғы деңгейінде оқыту принципі, теориялық білімдердің жетекшілік принципі, оқушының өз оқуын ұғыну (рефлексия), оқушылардың дамуын қалыптастыру принциптеріне негізделген. Л.В.Занковтың жүйесінің негізгі ерекшелігі: оқытудың жоғарғы қиындық деңгейінде өткізілуі /3/.

Тұлға – белгілі бір даму деңгейіндегі кемелді дамыған санасы бар, мінез- құлық салыстырмалы түрде тұрақты, сондай –ақ өзінің қалыптарын және әлеуметтік ортамен қатынасын реттеуге қабілетті адам.

Айтылғанға орай тұлға қандай да бір керемет жетістіктермен байланысты болуы міндетті емес. Әрбір қарапайым ересек адам – тұлғаның негізгі және анықтаушы белгілері мыналар: сана-сезім, даралық сипаттар, өзін-өзі меңгеру, активтілік, басқа адамдармен дұрыс қатынас жасау.

Индивид – жеке тұлға бір адам. Даралық – бұл адамның өзіндік ерекшелігі. Даралық қайталанбайтын, тек бір адамға ғана тән қасиеттері мен ерекшеліктері, бір адамда өзгелерден ажыратып тұратын қасиеттер. Даралық белгілі бір деңгейде тұлғаны басқалардан ажырататын мәнді ерекшеліктермен ажыратылады. Бұл адамды ынта қабілеттіліктер, мінез – ерекшеліктері. Адамның жекелеген қасиеттеріне негізінен оның кәсіптік жарамдылығы бағынышты. Адамның даралық ерекшеліктері индивидтің даму барысында қалыптасады. Осы процесс кезінде нерв жүйесінде, ақыл – ой сезімде және жігерде ынтада, бейімділікте қабілеттер, дарында, темпераментте, мінез – құлықта өзгешеліктер байқалады. Бұл ерекшеліктердің бәрі адамның мінезіне, яғни оны оқудағы және жұмыстағы жетістігі мен сәтсіздігі бағынатын тұрақты психикалық қасиеттерге ықтимал. Адам дамуына бірнеше белгілі факторлар әсер етеді. Мұндай факторлардың бір тобы биологиялық факторлар тобы деп атауға болады. Оған тұқым қуалаушылық факторлар, туа біткен қылықтары жатады. Даму факторларына екінші тобы әлеуметтік факторлар деп аталады. Және оған өмірдің қоғамдық шарттары өмір сүріп отырған орта және мақсатқа бағытталған тәрбие жатады. Әрбір ересек адам күрделі ішкі құрамы бар тұлға. Жасөспірімге мамандық ұсынғанда оның қандай да бір жеке қасиетіне емес, қайта тұлғалық қасиеттеріне сүйенгені дұрыс. Жеке адамның дамуына туа біткен және әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Тұлғаның әр түрлі қасиеттерін қалыптастыруда тұқым қуалаушылық факторлардың және қоршаған ортаның рөлі бірдей емес, сондықтан тәрбие жолымен нені жасауға болатынын әрдайым есте сақтаған жөн.

Кәсіби бағдар жұмысының нәтижесі оқушыларда қалыптасқан кәсіби таңдаудың болуы. Сондықтан кәсіби бағдарда басқару тетігі жеке адамның кәсіби таңдауын дамыту арқылы іске асады.

Бұл дамудағы бірінші кезең жеке кісіге қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік жағдайдың әсерінен болатын, өз мақсатын белсенді түрде іздеу кезеңі.

Екінші кезең - өмірдегі өз орнын таңдау және өз мақсатын толық, терең түсіну.

Үшінші кезең - өмірлік құндылықтарды жеке тұлғаның жүзеге асыру кезеңі.

Мамандық таңдауда ықпал ететін күштер жеке адамның барлық шағын қамтып отырғанда ғана тиімді болады. Жас жеткіншектердің мамандық таңдау - өзінің кәсіби бағдар іс - әрекетінің субъектісі ретінде анықталады. Оқушының мамандық таңдауы табысты аяқтау үшін оған кәсіби қажетті қасиеттер болуы шарт. Кәсіби қасиеттер дегеніміз – сол таңдаған мамандығына орай психикалық, физиологиялық және

физикалық түрдегі әзірліктің бар болуы және сол мамандық талап ететін шарттарға икемді таныту.

Мамандық таңдау процессінде кәсіби сана – сезім көп әсер етеді. Жеке кісінің өз мақсаттарына, ұстаған идеясына ойлаған құндылықтарына өз мүмкіндіктерінің сайма – сай келгені дұрыс.

Сана – сезімнің нақты формасы, өзін - өзі бағалауы. Бұл қасиет ішкі реттендірудің басты шарты болып табылады. Сол арқылы оқушы қай кәсіпті таңдайтынына зер салып әрекет етеді.

Жоғарғы сынып жасындағы оқушылар үшін жетекші іс - әрекет білім алумен қатар болашақ мамандығына қажетті пәндермен білімге көп көңіл бөле отырып жұмсайды.

Оқушылардың барлық іс - әрекеттері өзара байланысты болса және оған ұйымдасқан психологиялық ықпал жасаса, ол өз мамандығын таңдау жолында кездесетін қарама – қайшылықтарды шеше алады. Оқушы жастардың кәсіби бағдар таңдауына тиімді басшылық жасау үшін белгілі бір көрсеткіштерді негіздетіп алу қажет. Олар:

- кәсіп жайлы хабарлануы (таңдаған мамандығын оқып-үйренетін оқу орындарын, сол кәсіптің мазмұнын, экономикалық аймақтың мамандарға сұранысын білу);

- кәсіп таңдауынан қоғамдық маңызды мотиві (оқушы мемлекет мұқтаждығын ескеріп мамандық таңдауы);

- кәсіби қызығушылықтың қалыптасуы;

- белгілі бір кәсіпке арнайы қабілеттердің бар болуы (жараиылыстану ғылымдарына, қоғамды ғылымға, өнерге, спортқа, т.б);

- таңдаған мамандық бойынша өмірлік тәжірибесі (үйірмелерге, факультативтік пәндер тобына қатысуы, т.б);

- кәсіптік ойындарға қатысуы;

- кәсіптік икемділіктің нақты дәрежесі;

- денсаулық жағдайы (дәрігерлік көрсеткішке сәйкес кәсіпке жарамдылығы).

Оқушылардың кәсіби таңдауы әр сатыда әр қилы көрінеді. Сол себепті кәсіптік бағдардың психологиялық мәнін білу жеткіншектердің психологиясын және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оның даму сатыларын анықтауға мүмкіндік береді. Мамандық таңдау сатылары: а) ізденіске бағыттаушылық (1- 4 сыныптар); ә) субъективті құндылықтарға сүйену (5 – 8 сынып); б) әлеуметтік негізде (9 -11).

Оқушыларда кәсіби таңдаудың қалыптасуы негізгі кәсіби шарттардың орындалуы болып саналады. Ол шарттарға мыналар жатады: таңдаған мамандықтың елдің кәсіби мұқтаждықтарына сай келуі, таңдаған кәсіптің оқушының ынтасына келуі, түлектердің өндірістік және қоғамдық белсенділігін жоғарылығы мамандығына қанағаттануы, өз икемділіктері мен мүмкіндіктерін қоғам мұқтаждығымен бірге қарастыруы, осы процесті көңіл – күймен сезінуі.

Мектептегі оқу процесіндегі кәсіби бағдар мақсаты мен міндеті оқушының дүние танымдық көзқарастарымен қатар дамып, ұштасып отыру керек. Жасөспірімдердің кәсіби бағдар процесінің дамуында оқу, еңбек, қоғамдық саяси жұмыстар жетекші орын алады.

Ғылыми – техникалық прогресс жағдайдағы өндірістік күштердің жедел дамуы, өндірістің автоматтандырылуы мен жаңа технологиялардың өмірге енуі және нарық қатынастарына бейімделген қазіргі экономикаға зәру мамандарды даярлау күн тәртібіне қойылып отыр. Сол себепті жастардың кәсіби мамандық таңдау жолында қоғам мақсатты түрде ықпал ету қажет болып отыр. Ол маңызы бар шараға айналып отыр. Кәсіби бағдардың оқушылар арасындағы қоғамдық рөлінің ұлғайуы осы процесті басқарудың ғылыми жүйесін құруды талап етеді.

Кәсіби бағдарды басқарудың тиімді тәсілдерін дұрыс таңдау адамның еңбегіне деген қажетін анықтайтын мынадай факторларға тәуелді:

1. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық құрылымы;

2. Белгілі бір еңбек түрінің технологиялық және функционалдық ерекшеліктерінің мазмұны;

3. Жас адамның бойындағы белгілі бір кәсіби бағдар негіздерін – қызығушылықта, икемділіктерді қабілеттерді дамытып, қалыптастыру үшін жеке кісіге психологиялық әсер ету.

Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудың ең басты міндеті балаға өмірде қажет болатын білім беру, оны алдын – ала белгілі бір мамандыққа дұрыс даярлау, икемдеу. Оқушының ел ертеңі үшін нағыз азамат болып тәрбиеленіп шығуы үшін мектептерде қоғамдық пайдалы еңбектің маңызы зор. Кейбір мектептердегі шағын цехтар өнім шығарумен айналысып, оны өткізіп табыс табуда. Осыған орай мектеп жасындағы балалардың еңбекке араласуы жасына қарап анықталып, арнайы бағдарлар жасалып, еңбек сабақтарын көбейтуді қажет етеді. Мектеп тек қана орта білім беру ғана емес, сонымен бірге жасөспірімдерге арнаулы еңбек сабақтарын көбейтуді қажет етеді. Мамандық таңдау үшін әртүрлі іс-әрекеттер процестерінде даму динамикасында негіздей қарауды талап етеді.

Ол іс - әрекеттер мыналар: танымдық, қоғамдық пайдалы еңбек, коммуникативті әрекеттер.

Мектеп оқушыларының кәсіби қызығушылықтары негізінен алғанда оқу іс - әрекет кезінде қалыптасады да, «күшті сынау», яғни өндірістік еңбекте бекітіліп кейіннен мамандық таңдауға айналатын икемділіктер дәрежесіне көтеріледі. Сонымен қатар жасөспірімнің санасында өзінің болашақ кәсіпкер мамандық иесі ретінде сезінуі, өндірістің әр саласында қызмет жасап жүрген адамдарға еліктеу мамандық таңдауын жетілдіреді. Бұл жұмыстар ортақ жүйе ретінде қарастыруды талап етеді. Кәсіби бағдар жүйесінің құрылымдық элементтері оң мақсаттарын орындауға бағытталған. Сонымен бірге әрбір элементті басқа дәрежедегі жүйе ретінде қорғау болады. Ол өз кезеңінде өз міндеттерін шешеді. Сатылық принципі көп дәрежелі және көп баспалдақты күрделі және үлкен жүйелерді қарастырады. Әрбір саты төменгі сатыны басқарады да бір мезгілде жоғары дәрежедегі сатының басқару объектісі болып табылады. Негізінен алғанда кәсіби бағдарды басқару мына үш сатыда жүзеге асады: әлеуметтік, ұйымдастырушылық, педагогикалық – психологиялық.

Әлеуметтік сатыда кәсіби бағдарды басқару қоғамдық масштабта жүзеге асырылады. Бұлар жекелеген шаралар мен байланыс құралдар арқылы жасалатын үгіт – насихат. Ұйымдастырушылық сатыдағы кәсіби бағдарды басқару оқу – тәрбие процесі үстінде жүзеге асады. Педагогикалық, психологиялық сатыдағы кәсіби бағдарды басқару сынып жетекшінің, кәсіби бағдар беруші мамандардың, мектеп психологтарының оқушымен тікелей қарым – қатынас жасауы нәтижесінде жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Йовайша Л.А. Проблема профессиональной ориентации школьников. – М.: Педагогика, 1983. – 128 с.
2. Даулетова Н. Жаңа типті мектептердің басты мақсаты – кәсіби бағдарлы білім. Дарын, 2006 № 6. – 93-97 б.
3. Қойшыбаева А. Педагогикалық мониторинг – кәсіби сапасын арттыру құралы. Педагогикалық кеңес, 2005 .№ 4, №6. – 7-9б.
4. Абуова Б. Қазіргі кездегі жоғарғы кәсіби білім берудегі мәселелер. Изденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2007. №1 – 232 – 234б

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада педагог мамандардың өз мамандығына қызығушылығын қалыптастыру жағдайы қарастырылады. Мамандыққа қызығушылықты оятудың бір шарты қоғамның сұранысына қатысты екендігі көрсетіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрыты условия формирования профессиональных интересов у будущих педагогов профессионального обучения. Управление профессиональной направленностью регламентируется в связи с потребностями общества.

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА КӘСІПТІК ОҚЫТУ МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ДАМУЫ

Азатбақыт А.А.- магистрант. (Алматы қ., Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

Қазіргі кезеңде тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің кепілі ретінде білім беру жүйесін реформалауды ойдағыдай жүзеге асырудың маңызы артып отыр. Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығынан, жылдам өзгеріп отыратын өмірге бейімделген, өзін-өзі көрсете алатын, қоғам өміріне белсене қатысатын, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдау арқылы өзін-өзі өмірде жүзеге асыруға, дамытуға қабілетті жеке тұлғаны субъект ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Студенттердің кәсіби бағыттылығын қарастыратын ғылыми, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің талдуы - кәсіби бағыттылық проблемасының кәсіптік бағдар беру жұмысының теориясы мен практикасына өзіндік үлес қосатынын көрсетеді. Сонымен қатар, болашақ кәсіптік оқыту мамандықтарында оқитын студенттер кәсіптік бағдар беру жұмысын дұрыс жолға қоюда, өздерінің бұл процестегі орны мен рөлін дұрыс анықтауда, оқушылардың кәсіби бағыттылықтарын жеке – дара ерекшеліктеріне сәйкес қалыптастыруда, кәсіби бағыттылықты қалыптастыру процесін дұрыс ұйымдастырып басқаруда көптеген қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

Жеке тұлға бағыттылығының проблемасы қазіргі кезеңдегі психологиялық-педагогикалық ғылымның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Бағыттылық – жеке тұлға құрылымының өзегі, негізгі құрамдас бөлігі, оның «ең жоғарғы деңгейі» екені көптеген ғылыми зерттеулерде анықталған. Бағыттылықтың жоғарғы деңгейі жеке тұлғаны іс - әрекеттің барлық түріндегі жоғары белсенділікпен және олардың арасындағы өзара қатынастар үйлесімділігімен сипатталады. Мұндай жеке тұлға өзінің іс-әрекетіндегі еңбектің әртүрінде кездесетін қиындықтарды жеңе отырып, іс-әрекет түрлерінің бір –бірімен толықтыратын деңгейге жеткізе алады. Қазіргі біздің еліміздегі кредиттік оқыту жүйесіне енуі кезеңінде мамандарды шығармашылық еңбекке адамгершілік, психологиялық, педагогикалық және практикалық тұрғыдан дайын – біртұтас, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу жоғарғы оқу орындарының негізгі мақсаты. Республикамыздағы жоғары оқу орындарының кредиттік оқыту жүйесіне өтуіне байланысты кәсіби бағыттылықты қалыптастыру проблемасы да өзгеріп отыр.

Бағыттылық проблемасы өте күрделі және жан –жақты проблема болғандықтан, алдымен бағыттылық түсінігін, оның сипаттамасы мен құрылымын айқындау қажет. Жалпы қазіргі кезеңде кредиттік оқыту жүйесінің негізі – студенттердің өз бетінше дамуына барынша мүмкіндік туғызу. Яғни, бұл дегеніміз – дәстүрлі

оқытудағыдай, студенттердің дайын білімді оқытушыдан алып, меңгеруі емес, өз бетінше ізденуі арқылы білім деңгейін жетілдіру, өзін-өзі дамыту қабілеттіліктерін қалыптастыруға бағыттау деген сөз. Ал, мұндай қабілеттер еңбек нарығындағы бәсекелестік жағдайында өте қажет.

Дегенмен, кредиттік технологияны Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінде студенттерінің кәсіби бағыттылығын дамыту мәселелерін ескеру қажет. Себебі, жеке тұлға құрылымындағы бағыттылықтың маңызын, оның іс-әрекет деңгейіне әсерін, жеке тұлғаның негізгі жақтарының бірі ретіндегі мәні мен бағыттылықтың динамикасын ғалым-педагогтар, психологтармен қатар, инженер-педагогтар да белсенді түрде зерттеуде. Ол өмірлік және кәсіби дұрыс айқындалу мәселесінің қажеттілігінен туындайды. Психологиялық әдебиеттерде жеке тұлғаның бағыттылығы оның құрылымындағы негізгі компонент түрінде қарастырылады. К.К. Платоновтың анықтауы бойынша, жеке тұлғаның бірінші құрылымында – бағыттылық, қатынастар және моральдық қасиеттер бар. «Бұл құрылым тәрбиелеу арқылы қалыптасады... Тұтастай алғанда бағыттылық иерархиялы түрде байланысқан бірнеше форманы қамтиды: бағыттылықтың ең қарапайым формасындағы әуестік, ынтаға айналатын тілек; қызығу, дүниетаным, сенім».

В.О. Мерлиннің айтуынша, жеке адам сипаттамасында ең маңыздысы және негізгісі - оның бағыттылығы, яғни жеке адам өмірінің жалпы бағыты мен барлық белсенді шығармашылық іс-әрекеті соған байланысты. «Жеке адам бағыттылығына мінезінің қасиеттері, тіпті қабілеттерінің дамуы да байланысты, жеке адам бағыттылығына әлеуметтік және адамгершілік құндылықтары да жатады».

Қазіргі кезде жеке тұлғаның жалпы бағыттылығы, оның бейнесін құрушы факторы ретінде қарастырылады. Мәселен, С.Л.Рубинштейннің, А.И.Леонтьев, Б.Г.Ананьев, К.К.Платонов және т.б.жеке тұлға тұжырымдамаларындағы әр түрлі сипаттамаларды талдай келе, Б.Ф.Ломов былай дейді: «Жеке тұлғаны зерттейтін талдаулардың жоспарларының әртүрлілігіне қарамастан ... барлық көзқарастар жеке адамның негізгі сипаттамасы ретінде оның бағыттылығын баса айтады... Нақ осы қасиетінде, жеке адам мақсаты, оның мотивтері, болмыстың әртүрлі жақтарына субъективті қатынасы: оның бар сипаттамаларының жүйесі көрінеді». Осы проблема бойынша адам бағыттылығына деген мұндай кең көзқарас, оны іске асыруда нақты қиындықтармен байланысты болады.

Бағыттылық дегеніміз – жеке тұлғаның сыртқы жүйесінің қарапайым проекциясы (кескін-сұлбасы) түрінде қалыптасқан құрылымы емес, сыртқы әсерлердің жеке тұлғаның ішкі жағдайларына әсер етуі нәтижесінде құрылатын күрделі құрылым деп айтуға болады.

Жеке тұлғаның жалпы бағыттылығына іс-әрекет мазмұны, оның өзгешелігі әсер етеді. Жеке тұлға бағыттылығының негізгі типтері: қоғамдық, ұжымдық, жеке бастық, өзіншілдік, кәсіби, эстетикалық, т.б. бағыттылықтар деп қарастырылады.

Бұл мәселе бойынша педагогтар көзқарасы бойынша, жеке тұлға бағыттылығы – оқу, оқудан тыс іс-әрекет формаларының баршасының әсерінен қалыптасатын, оқушы жастардың болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындығын тәрбиелейтін күрделі жеке тұлғалық құрылым деген түсінікке саяды. Егер де, бағыттылық жеке тұлғаның ерекшеліктерін тұтастай анықтайтын болса, онда кәсіби бағыттылық жеке тұлғаның жалпы бағыттылығының маңызды бір бөлігі болып табылады.

Кәсіби бағыттылық – адамның таңдап алған мамандыққа көзқарасын сипаттайтын, кәсіби іс-әрекетке дайындығы мен оның табыстылығына әсер ететін жеке тұлғаның интегралды қасиеті деп қарастырылады. Кәсіби бағыттылықтың жан-жақтылығы, жеке тұлғаның жүйесін құрайтын қасиеті ретінде П.А.Шавирдің анықтамасында көрсетілген. Ол бойынша кәсіби бағыттылықтағы іс-әрекетті артығырақ көретін мотивтер жүйесі, оның өзі жеке адамның танымдық және

құндылық-бағдарлық іс-әрекеті негізінде өтетін кәсіби әсерлер жүйесімен қарым-қатынас процесінде қалыптасады.

Кәсіби бағыттылықтың психологиялық-педагогикалық аспектісін, кәсіби шеберлікті дамыту бағытында, кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды жетілдіру және де жеке тұлғаның жалпы дамуы тұрғысынан өте терең және жан-жақты зерттеген А.П.Сейтешев. А.П.Сейтешевтің пікірінше: кәсіби бағыттылық дегеніміз – «жеке адамның маңызды жақтарының бірі, ол оның қызығулары, ниеттері, бейімділіктері, мұраты мен сенімдерінен көрінеді». Педагогика және психология білімінің қағидаларын және өз зерттеулерінің нәтижелерін негізге ала отырып А.П.Сейтешев педагогикалық-психологиялық сипаттамаларды – толығымен қарастырды, жас жұмысшылардың жеке тұлғасының кәсіби бағыттылығы дамуының кейбір заңдылықтарын, оны тәрбиелеу жағдайларын көрсетеді.

Кәсіби бағыттылықты болашақ маманның жеке тұлғасының біртұтас және жан-жақты қасиеті түрінде толық түсіну үшін, оның компоненттік құрамын, сапалы сипаттамалары мен динамикасын анықтау қажет.

Студенттердің саналы түрде мамандық таңдауын мотивтейтін өз кәсіби қызығуларын түсінуі, арман-тілектерін іске асыру үшін саналы мақсат қойып, іс-әрекетін жоспарлауы – кәсіби бағыттылық қалыптасуының маңызды факторлары болып табылады.

Кәсіби бағыттылық әсерлілігі студенттердің сол мамандықты меңгеруге деген белсенді ұмтылыстарымен, қойылған мақсатқа жетудегі табандылығы, саналылығымен айқындалады.

Бұл ретте оқытудың кредиттік жүйесі бойынша болашақ маманның жеке тұлғалық қасиетін – кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға деген талаптар жоғары, әрі өзекті болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.Ә.Әбеуова. Кәсіби бағыттылықты қалыптастыру.
2. Сейтешов А.П. Воспитание профессиональной направленности личности молодых рабочих как педагогическая проблема: Дис.док.пед.наук. – Фрунзе, 1974.
3. Сейтешов А.П. Пути профессионального становления учащейся молодежи. – М.: Высшая школа, 1988. – 336 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқытудың кредиттік жүйесі бойынша оқытын жеке тұлғаның кәсіби бағдары зерделеніп, болашақ мамандықтың басты құрылымдық жүйесін таңдау мәселесін шешу көзделген.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены вопросы профессиональной направленности личности при обучении по кредитной технологии. Раскрыты основные системообразующие факторы выбора будущей профессии.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДА ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Ақжолова А. – 1-курс магистранты (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі күні педагогикалық процестің бір маңызды бөлігі болып мұғалімнің оқушылармен өзара қарым-қатынас жасауының жеке тұлғаға бағытталған түрі саналады. Қазіргі кезде адамды қалыптастырғаннан гөрі оны жетілдіру, дамыту керек, тәрбиеленушінің өмірлік және кәсіби түрде өз орнын анықтауын жүзеге асыруына көмектесу қажет.

Соңғы кезде жас өспірімдер сабақта жай ғана тыңдаушы рөлінде отырғысы келмейді, оларды мұғалімнің айтқандарын, дайын рецептерді жазып алу қызықтырмайды. Олар материалдармен танысу кезінде өздерінің жеке жұмыс істеп, ойлау қабілеттерін де көрсете алатын, ізденісте болғанын жүзеге асыра алатын оқытудың жаңа түрлерін күтеді.

Осыған дейін Ресейде арнайы әдістемелер өңделіп, жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында информатика пәнін компьютердегі зертханалық жұмыстарсыз «қағаз технология» түрінде оқытып, тәжірибелер жасалған. Сондай әдістемелерге аймақ аралық «МЕКТЕП 2100» қоғамдық ұйымының білім беретін бағдарламасының материалдары, сонымен қатар жаңа технологияларды оқыту институтының информатикаға арналған оқулықтары, жұмыс дәптерлері және т.б. материалдары үлгі бола алады.

1997 – 1999 жылдары жаңа технологияларды оқыту институтының ғалымдары екі оқулыққа талдау жасаған. Жинақтап қорытылған талдау нәтижелері бұл оқулықтардың мазмұндарының айырмашылығы болар-болмас екендігін дәлелдеді. Бірінші сыныпқа арналған жинаққа төрт дәптер, оқулық, сонымен қатар әдістемелік құралға – мұғалімге арналған кітап кіреді. Екінші сыныпқа арналған жинаққа екі дәптер, жоба дәптері, ал әдістемелік құралға – мұғалімге арналған кітап және жобалардың кітабы кіреді. Үшінші сыныпқа арналған жинаққа да екі дәптер, жоба дәптері, ал әдістемелік құралға – мұғалімге арналған кітап және жобалардың кітабы кіреді. Бірінші сыныпқа арналған кітап пен жұмыс дәптерлеріне жасалған талдауда балалардың ойлау логикасын дамытуға, түрлі-түсті түстерді қабылдауға және басқа пәндер мен ұғымдарды қабылдауға бейімдеу қажеттігі қарастырылған. Практикалық тапсырмаларында ауызша есептеуге дағдыландыру қарастырылған. Сонымен қатар, информатика пәнінен өткізілген сабақ жазбаша жұмыс дәптерлерінде орындалғандығы көрсетілген. Мұнда барлық оқушылар бір деңгейде дамиды. Сондай-ақ бұған ескертпе ретінде тапсырмалардың нұсқалары санына шек қойылған.

"МЕКТЕП 2100" білім беру жүйесінің оқулықтарының жинақтары бірінші сыныптан онбірінші сыныпқа дейін үздіксіз білім беретін жүйе ретінде ойластырылып, жалпы білім беретін мектептердің бірыңғай жаңартылған концепциялары ретінде жасалған. Қазіргі уақытта бірінші сыныптан алтыншы сыныпқа дейін информатика пәнін оқыту үшін оқу-әдістемелік құралдар жарияланған.

«Информатика тапсырмалары және ойындары» атауымен бастауыш мектепке арналған оқу-әдістемелік құралдар жиыны оқулық ретінде шығарылған.

«Информатика тапсырмалары және ойындары» жинағы кітаптар мен дәптерлерден (әрбір сыныпқа екі дәптерден) және толық әр сабақ жұмыстарынан (әрбір сынып үшін бірден) тұрады. Бұл жинақ бастауыш сынып мектептерінде информатика сабағын жүргізу үшін арналған. Оқу жүктемесі - аптасына бір сағат. *Курстың негізгі мақсаты* – оқушылардың логикалық ойлауын дамыту. Сабақ өткізу үшін компьютер қажет емес. Әдістемелік нұсқаулардың толық сабақ жұмыстарында бастауыш сынып мұғалімдеріне «Информатика тапсырмалары және ойындары»

курсын арнайы дайындықсыз өткізуіне мүмкіндік береді. Кітаптар мен дәптерлердегі негізгі зейін тапсырманы сабақтан сабаққа күрделілендіру арқылы балалардың логикалық ойлауын дамытуға бөледі. Логикалық ойлауды дамытуға екпін бере отырып, тұрмыстық заттар мен түсініктер ұғымына сүйеніп, бейімделуге бағыттайды. Өріптерді, сандар мен буындарды қолдану тапсырмалар барысында педагогиканың әсерін едәуір күшейте алады. Бұл жағдайда информатика сабағында оқушылар басқа пәндерден өткен материалдарын қайталауға мүмкіндік ала алады. Информатиканы оқытуда пайдаланылатын «қағаз технологиясы» тәжірибесі қазіргі кезде бізде қажет емес, өйткені компьютерлік техникамен жеткілікті дәрежеде жабдықталған мектептерде бірінші сыныптан бастап информатика негіздерін және компьютерлік технологияларда ақпаратты өңдеуге оқыту мақсатқа лайықты деп есептейміз. Осы мақсатта жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбынан информатика негіздерін және ақпаратты өңдеу технологияларын оқыту әдістемесін жасау көзделді. Информатика негіздері және ақпаратты өңдеу технологиялары жалпы білім беру мектебінде бірінші сыныптан компьютерде оқыту әдістемелерін жасауда дидактикалық материалдардың, көрнекті оқулықтар және басқа оқу-әдістемелік жұмыстардың толықтай жоқ болуын анықтап, информатика негіздерін және ақпаратты өңдеу технологияларын бастауыш мектепте компьютермен жоспарлы меңгеру үшін жасай алатынына негіз және мысал болды. Сол уақыттарда, электронды дидактикалық материалдардың жоқтығынан, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында үй дербес компьютерлері пайда бола бастағанынан, базарларда дербес компьютерде жеке тапсырмаларға жұмыс істеуді үйретуге арналған компьютерлік бағдарламалар ұсыныла бастады. Бұл бағдарламалардың бірде-біреуі оқыту бағдарламасының статусын ала алмады. Қазіргі уақыттағы дамудағы бағдарламаның ең көрнектісі бірінші сыныптан төртінші сыныпқа дейін әрбір сынып үшін жұмыс дәптерінен, мұғалімдер үшін әдістемелік оқулық және дамушы бағдарлама кешенді компакт дискісінен «Қиял әлемі» (Страна фантазия) тұратын оқу-әдістемелік кешен болып табылады. Практикалық жұмыс дәптерлері жоғарыдағы оқу-әдістемелік кешендерінде көрсетілген жұмыс дәптерлерінен еш айырмашылығы жоқ. Жұмыс дәптерлеріндегі материалдармен жұмыс әдістемесі де ұқсас. Тапсырмаларды таңдауда бірқатар айырмашылықтар бар. Бірақ курстың негізгі әдістемесі алдыңғыларынан едәуір өзгеше. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралға теориялық материалдар және оқытылатын тақырыпты бекітуге арналған жаттығулар, екі нұсқада бақылау және өзіндік жұмыстар, зейінді және ойды дамыту диагностикалары үшін тапсырмалар жиыны, өзіндік шешімдер үшін тапсырмалар және де "Физкульт-минутка" кешенді жаттығулары мен көзге арналған гимнастика жаттығулары жатады. Әдістемелік құралда енгізілген сұрақтар және тапсырмалар оқушы жұмыс дәптеріне толықтай сәйкес түсініктемелермен, жауаптармен қамтылған. Әдістемелік құралдарда сондай-ақ сабақ құрылымының үлгілері, тақырыптық және сабақ жоспарлары, нақты оқыту жылына сәйкестендірілген. Компьютер сабақта 30% ғана пайдаланылады. «Қиял әлемі» бағдарламалық кешені IBM PC компьютерінде MS-DOS 6.22 операциялық жүйесінің басқаруымен қызмет істеуге жасалған. Тоқсаныншы жылдардың ортасында MS-DOS басқаруымен жасалған әртүрлі оқытушы бағдарламалары қазіргі уақыт раритеті болды. Олар көп жағдайда олардың дидактикалық бағаларына қарамай жеткіліксіз пайдаланылды. Көптеген жалпы білім беру мектептерінде MS-DOS жүйесі қойылған компьютерлер бар. Ал өте қуатты компьютерлермен жабдықталған мектептерде Windows операциялық жүйесінің басқаруымен жұмыс істеуші мұндай «Қиял әлемі» сияқты бағдарламалар MS-DOS эмуляция режимінде жұмыс істейді. Қазіргі уақыттағы дамушы программалар сондай-ақ қарастырылған ол оқу курсы статистикалық болады. Барлық мұндай бағдарламалар оларды қолдану барысында олардағы бұрын салынған өзгермеген тапсырманың жарыққа шығуына жол ашылады, әрбір бағдарламаларды қосуда әркез сайын жаңаланып қайталанып отырады.

Оқушыларға барлық компьютерде біруақытта бірдей тапсырма көрсетіледі, бірақ бұл оқушылардың жекелей білім алуына мүмкіндігі болмайды. Осы уақыттарда компьютердің мүмкіндігін пайдаланып, нақты уақыт режиміне дидактикалық материалдарды генерациялай отырып, кездейсоқ жекелей элементтерді ұйымдастыруға болады. Сондықтан информатика негіздері мен ақпаратты өңдеу технологияларын компьютерде қолдану, мұның негізі ғылыми негізделген басқару шешімін қабылдау үшін қажетті қолданбалы пән ретінде информатикада оқытылады. Осы жағдайда жасалған әдістемеді ақпараттарды өңдеуде компьютерлік технологияларға оқыту акцентінің орын ауыстыруын анықтады. Компьютерлік дидактикалық материалдардың болмауына байланысты, кешенді білім беретін компьютерлік бағдарлама (КББКБ) жасады. Компьютерлік бағдаламаны жасауда «қағаз технологиясы» бойынша информатиканы оқытудағы жағымды тәжірибе пайдаланылды. КББКБ кешенінде бағдарламадан басқа орта мектептің бастауыш сыныптарында информатикада және компьютерде ақпараттарды өңдеу технологияларына оқыту үшін арналған, компьютерлік бағдарлама сияқты жылдам қалыптастырушы дидактикалық материалдар және ақпараттық технология бойынша тапсырма қазақ тілі және арифметика, сондай-ақ компьютерлік бағдарламалар, тұлғаның жан-жақты және үйлесімділікте дамуына ықпал етеді. Осы орайда, тапсырмаларды толық кешенді шешу үшін бағдарламалар арналған, оны білім беру тапсырмасының келесі жиыны ретінде көруге болады. Біріншіден, бұл жалпы білім беру мектептеріндегі кіші сыныптарында ақпараттық технологияларды компьютерлерде және информатиканың негізгі жағдайын зерттеуге арналған. Екіншіден, компьютерде жұмыс істеу әдеті қазақ тілі, әдебиеті және арифметикасы бойынша өткізілген материалдардың үлгісімен салыстырылады. Үшіншіден, оқушы компьютермен жұмыс істеуде зейінін дамытады, тапсырманы шешуде алгоритмдік әліппені жақын біледі, логикалық ойлау мен пәнді абстрактылы қабылдауы қалыптасады, ойын шыңдап, жаңаны білуге үйренеді, өзінің шығармашылық елестету мүмкіндігінің потенциалын іске асырады.

Кешенді білім беретін компьютерлік бағдарламаның құрастырушыларымен, компьютерлік бағдарламаларымен іске асырылатын білім алу міндеттері келесідей:

- Компьютерді және оның құрамдас бөліктерін зерттеу;
- Күнделікті өмірде дербес компьютерді қолдану;
- Пернетақтада мәтінді теру дағдысын меңгеру;
- Тышқанмен жұмыс істеу дағдысын үйрену;
- Ақпараттардың қасиеттері жөнінде бастапқы көзқарасты қалыптастыру, ақпараттарды өңдеу және алу, тарату тәсілі, сондай-ақ кодтау тәсілі мен ақпараттарды сақтауды ұйымдастыру;
- Өртүрлі орындаушылармен жұмыс істеу дағдысын үйрену;
- Қазақ тілі және арифметика бойынша информатика сабағында өткен материалдарды қайталап, дидактикалық материалға сәйкес қалыптастыру;
- Логикалық ойлауды қалыптастырып, ары қарай дамыту;
- Шығармашылықта және кеңістікте елестету, зейінді, есте сақтауды дамыту;
- Тапсырманы шешуде алгоритмді және алгоритмдік құрылымдарды сызықтық, циклдік, тармақтық түсініктерді қалыптастыру;
- Массивтерде, модельдерде, алгоритмдерде жиындар туралы бастапқы ұғымды қалыптастыру;
- Жаңаны тануға және оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- Оқушылардың ой өрісін кеңейту.

Компьютерлерді қолданумен жалпы білім беру мектебінің бастауыш сыныптарында информатика негіздерін оқыту әдістемелерін тәжірибеде іске асыру нәтижелері, қабылданған шешімдердің мақсатқа лайықтылығын көрсетіп, алынған тәжірибені одан ары талдап, қорытып және таратуды қажетсінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Горячев А.В. "Информатика в играх и задачах" Учебник-тетрадь в четырех частях (1-4), М. "Баласс", 2003
2. Горячев А.В. "Информатика в играх и задачах" Методическое пособие для учителя в четырех частях (1-4), М. "Баласс", 2003
3. Семенов А.Л., Рудченко Т.А., Щеглова О.В. Информатика. Учебник. АО "Московские учебники", 1999- 38 стр.
4. Тур С.Н., Бокучава Т.П. Первые шаги в мире информатики. Методическое пособие для учителей 1 - 4 классов. Спб., "БХВ-Петербург", 2002- 544 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауышта сыныпта информатика пәнін оқытудың мақсаты, міндеттері және оқыту тәжірибесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются цели, задачи и опыт преподавания информатики в начальных классах.

ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ашимов Д. Ж., Амирбекова Д.Ж - 2-курс магистранттары
(Алматы қ., Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

Ғылыми-техникалық дамудың қазіргі кезеңі Қазақстан Республикасының білім беру саласын ақпараттандырудың маңызды мәселелерін белсенді көтеруде. Бүгінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы, сенімді электронды-оптикалық мәліметтер жеткізуші компьютерлер мен көпшілік тұтынушыларға жүйелі тәртіппен пайдалну мүмкіндігіндегі электрондық энциклопедиялар, анықтамалар бірқатар көкейтесті мәселелерді шешуге нақты жол ашып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім беру жүйесін ақпараттандыру» мемлекеттік бағдарламасы қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларға бағдарланған оқушылардың ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына объективті жағдай туғызады. Білім беруді ақпараттандыру үрдісі мектептердегі қамтамасыз етілген материалдық-техникалық базаның тәжірибеде қолданылу дәрежесімен анықталып, түрлі ақпараттық ресурстардың мемлекеттік саясатынан тыс, мемлекеттік білім стандартына сәйкес жасалынуымен, мамандарды соған лайықты даярлау ісімен анықталуы керек.

Бүгінгі білім беру ісінде мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттерін дамыта отырып, оқу сапасын жоғары деңгейге арттыруда, оқушылардың терең, мазмұнды білім алуларына, оқыту үрдісін қызықты және күрделі ұйымдастыруға жағдай жасалуда. Оқыту үрдісі, оның құраушы субъектілерін шексіз оқу аппаратының кеңістігіне иелік етуге және әлемдік ақпаратты білім аймағын меңгеруге баулиды. Осы мәселені жүзеге асыруға кері әсерін тигізетін факторлардың бар екенін де атап кету қажет. Білім нарығындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби деңгейлерінің қазіргі оқыту үрдісінің талаптарына сай болмауы олардың электрондық оқу бағдарламаларын өз тәжірибелеріне тиімді қолдануға мүмкіндік бермейді. Сондықтан білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін электрондық оқу басылымдарын пайдалануға кәсіби даярлаудың көкейтесті мәселелеріне дұрыс бағыттау болып табылады.

Қазақстанда педагогика ғылымы мен практикасында ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы іргелі зерттеулер негізінде оқыту үрдісін ақпараттандырудың ғылыми-педагогикалық ұғынылуы белсенді қарқын алуда және мынандай мәселелер анықталды:

- компьютерлік оқытудың нәтижелі құралдарын енгізу жөнінде М.Б. Айдарханов, Е.К. Балапанов, Т.О. Балықбаев, Е.Ы. Бидайбеков, Б.Б. Бөрібаев, Н.Т. Ермеков, Ғ.З. Қазиев, Ж.А. Қараев, Е.У Медеуов, А.М. Тәтенов, А.А. Шәріпбаев және т.б.),

- электрондық оқулықтарды, электрондық оқыту бағдарламаларын, электронды-педагогикалық жүйелерді жасау Г.Қ.Нұрғалиева, С.С. Құнанбаева, Ш.Х. Құрманалина, М.Х. Балтабаев, Р.Ш. Бектұрғанова, Г.Б. Ахметова, Ө.З. Иманғожина, А.І. Тәжіғұлова және т.б.

- оқу үрдісін ұйымдастыру құрылымына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кешенді кіріктіру арқылы енгізу М.Б. Есбосынов, Д.М. Жүсіпәлиева, Е.Г. Гаевская және т.б. қарастырған.

Бастауыш сыныптарда қазіргі ақпараттық – коммуникациялық технологияларды оқу үрдісінде пайдалану жөнінде Бәйдібекова А.Ө., Базарбаева Г.С. іргелі зерттеулер жүргізген. Ал болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалануға кәсіптік шеберлігін қалыптастыру мәселелері Барсай Б.Т., Сарбасова Қ.А., Қапанова А.Т., Аманқұлов К.І. және басқа ғалымдар зерттеулерінде көрініс тапқан.

Ғылыми –педагогикалық әдебиеттерді талдау, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үрдісін ақпараттандыруға даярлау мәселесінің кәсіптік білімнің теориясы мен әдістемесі саласында зерттеу пәні ретінде жеткіліксіз қаралғандығын айқындады.

Қоғамның барлық саласын, оқыту үрдісін ақпараттандыру, оның тиімділігі мен ендіру сапасы көптеген факторларға: қазіргі ақпараттық – коммуникациялық технологияның жедел дамуы мен қоғамды ақпараттандыру жағдайында білімнің философиялық маңызының дәрежесіне; білімді ақпараттандыру саласының мемлекеттік саясатына; жалпы білім беретін және кәсіби мектептердің білім беру қызметінің жүйесіне; педагогика теориясы мен білім беру практикасының даму деңгейіне тәуелді.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру Қазақстан халқының болашағы үшін үлкен және зор мүмкіндіктер ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі рөлі мен орнында түбейгейлі өзгерістер болды. Қазіргі заманда әрбір білім беру жүйесіндегі маман үшін ақпараттық - телекоммуникациялық технологияларды игеру қажетті шартқа айналды.

Сондықтан орта мектептердегі бастауыш сыныптардың оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану және ақпараттық - телекоммуникациялық технологияларды игеруді әрбір мұғалімге міндет етіп отыр. Жалпы оқыту үрдісінде техникалық оқу құралдарын пайдалану өткен ғасырдың 50-ші жылдары көрініс тапты. Бұл кезеңде жалпы білім беретін мектептерге арналған диафильмдер, фильмдер, таспалар ендіріліп, арнаулы аппаратуралар шығарыла бастағаны тарихтан белгілі. Оқыту үрдісінде экрандық-дыбыстық құралдарды қолданудың теориялық негіздерімен С.И.Архангельский, Л.П.Прессман, Н.М.Шахмаев және т.б. айналысқан. Осы кезеңде жердің жасанды серіктерінің туындауына байланысты ақпарат алмасуда спутникік байланыс жүйелері құрастырылған. Ал, фильмдер негізінде оқу үрдісін ақпараттандыруды С.А.Смирнов, И.П.Волков, В.А.Антонова, А.М.Гельмонт және т.б. зерттеген. 70-80-ші жылдар Қазақстан мектептерінде техникалық құралдарды кеңінен таратылуымен ерекшеленеді. Бұл тұрғыда Т.Қ.Нұрғалиев «мектептерге арналған техникалық орталықтар – қазіргі заманға сай, сапалы, жаңа ғылыми техникалық жүйе және ол жаңа ғылыми-техникалық негіздерді, жүйелі кешенді, аудиовизуальды ақпаратты қолдануды қамтамасыз етеді» деп тұжырым жасайды.

80-90-шы жылдар коммуникативтік үрдіспен сипатталады. Оқыту іс-әрекетіндегі оқушы мен мұғалім қарым-қатынасындағы дидактикалық тілді экрандық-дыбыстық құралдар атқарды. Техникалық құралдар негізінде білім беру жүйесінде ақпараттар өздігінен ешбір дидактикалық жүктемені көтере алмаған, өйткені олар оқу мазмұнымен рәсімделіп, тек әрекетті іске асырушы техникалық құралдар болды. Экрандық-дыбыстық құралдар болса, оқу ақпараттарын жеткізе алды және солар ғана дидактикалық функцияны орындады. Сонымен экрандық-дыбыстық құралдардың қызметі- оқу үрдісінде қолданылатын олардың ақпараттық, дидактикалық мүмкіндіктерімен анықталады. Ал осы экрандық-дыбыстық құралдар арқылы берілетін ғылыми ақпараттарды қабылдау В.И.Петренконың пайымдауынша жүйелі үш деңгейде өндірілуімен байланысты.

XX ғасырдың аяғы мектептердің оқу үрдісінде техникалық оқу құралдарының түрлерінің кеңеюі және ауқымдануымен мазмұндалады. Тиімді түрлеріне аудирование, бейнеқолдау сынды бейнетехникаларды қолдану кеңінен жүрді. Оқу үрдісінде жаңа технологиялар мен жаңа ақпараттық желілердің пайда болуына байланысты телеарна орталықтарында мұғалімдердің, арнайы мамандардың жетекшілігімен даярланатын оқу телебағдарламаларының дайындық ерекшеліктері, сапасын жетілдіру, оның мысалы ретінде қашықтан оқыту құралдары мен қашықтан оқытудың спутниктік арнасының маңызы ерекше. Бұл жүйе оқу үрдісін ұйымдастырудың тиімділігімен және білім сапасының көтерілуіне мүмкіндік беретін жаңалық болды. Компьютерлік бейнеконференциялар, техникалық құрал-жабдықтар арқылы алынған мәліметтерді өңдеп, білім алушыларға жеткізудің қамтамасыз ету жоғары деңгеймен сипатталады.

Демек, әрбір мандар компьютерлік желі арқылы қосылатын әртүрлі электрондық мұрағаттар мен WWW серверлері негізінде көптеген ақпараттарға өз орнында отырып-ақ қол жеткізе алатын болды. Бұл әрине, оқу үрдісін ақпараттандырудағы үлкен жетістіктер болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру – прагматикалық маманданған мақсаттардан жалпыланған білімге көшу, ғылыми білімнің қалыптасуының тарихи контекстен ғылымның мазмұны мен құрылымына деген көзқарасқа көшу сияқты бағдарларды қайта қарастыру жүзеге асатын жаңа мемлекеттік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру құралы. Ақпараттандырудың мақсаты – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін қоршайтын ақпараттық ортасы жағдайында сапалық өзгеру мәселелерін шешу болып табылады. Қазіргі кезде оқыту үрдісін ақпараттандыру бірқатар факторлармен шартталған.

Мұғалім оқыту әдісін таңдап алуда басшылыққа, оқушылардың өздігінен білімді игеруі мен практикалық даярлығын қалыптастыруға бағытталса, оқушы жеке тұлғалық ерекшелігін ашық шығармашылығын дамытатын потенциалды оқу-танымдық ерекше қасиетін, зерттеушілік ізденімпаз іс-әрекетке бағыттайтын, ғылымды берудің арнайы таным әдістерін таныстыру, жеке дара психологиялық ерекшелігін, оның табиғи және әлеуметтік өндірістік ортасын, мектепке арналған оқыту құралдарымен жабдықтаудың, кәсіби даярлық деңгейін өмірлік іс-тәжірибесі мен мұғалімнің жеке басы мен шығармашылықтың ерекшелігіне оның әдістемелік және педагогикалық шеберлігін алу керек.

Мұғалімнің таңдап алған әдістері, жұмысындағы дидактикалық шеберлігі оқу-танымдық стилімен анықталады, стандартты емес оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырудан жеке дара және инновациялық-шығармашылық танымдылығын, қоғамдағы жаңаша белсенді өзгерістерге гуманистік және демократиялық көзқарасын жетілдіретіндігін байқатады. Мұғалімнің оқыту әдістері басқа да дидактикалық ұстанымдары оқыту формасы мен қағидаларға оқушының білім алуға деген қызығушылығы, оқу тематикасы көлемінің күрделілігі, техникалық оқу құралдарымен жабдықталуы, сынып оқушыларының саны мен олардың дене тәрбиесі, психикалық және интеллектуалды денсаулығының деңгейі, оқу сабақтарының құрылымы, өзара

қарым-қатынас ерекшелігі, мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби жеке басының даярлығы, сонымен қатар басқа да өлшемдер, көрсеткіштер мен талаптармен қоса жаңаша технология, оқу танымдық іс-әрекетте қызмет ету және оқушының жеке тұлғасының шығармашылықта дамуына байланысты.

Ақпаратты-коммуникациялық технологиялардың негізгі түрінің бірі – мектептерді компьютерлендіру үрдісі, компьютерді оқу үрдісінде пайдалануы халыққа білім беру жүйесі реформасының негізгі буынының бірі. Қазіргі мектебіміз бен қоғамымыздың қажеттілігіне сай оқытудың әдісі мен формасын, білім беру мазмұнының түбірімен өзгерту компьютердің мүмкіндігін ескермей жүзеге асыру мүмкін емес. Сол компьютер техникасының мемлекеттік деңгейде алғаш моделі 1969 жылы Жапон елінде жасалды. «Жапондық таңғажайып керемет» деп аталатын әлеуметтік технологиялық база құрылып, қоғамды ақпараттандырудың алғашқы шарттары орындала бастады.

Әсіресе, бастауыш мектептердегі оқу құрал-жабдықтар кешеніне компьютермен жұмысты енгізу ақпараттандыруда маңызды орын алады.

Ю.А.Ивановтың зерттеулері бастауыш сыныптардағы математиканы оқыту барысында олардың оқу іс-әрекеттерін компьютерді пайдалана отырып, қалыптастыруға болатындығына бағытталған. Ғалым Д.Дьюи «Мектеп пен бала» деп аталатын еңбегінде бала мен мектептің ерекшеліктерін талдай келе оқу барысында пайдаланылатын әдістемелік тәсілдер жобасы берілген. Біздің республикамызда, әсіресе, бастауыш сыныптарда көптеген мектептерде практика жүзінде қолданылуда. Мұнда педагогтың қызметі – баланың өзіне тән қабілетін оның өз бойынан тауып, оны дамытуға көмектесу.

Қазіргі ақпараттық заман тоғысында балалардың көпшілігі ерте бастан-ақ компьютерлік ойын арқылы жұмыс жасауға бейімділік танытады. Бастауыш мектепте компьютерлік техниканы оқу құрал-жабдықтар кешенінің бірі ретінде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру кезінде балалардың жеке қабілетінің шарттары түзіледі. Кузнецов А.А. А.М.Пышкало бастауыш сыныптардағы математика пәнін оқытуда компьютерлік техниканы оқыту құралы ретінде пайдалануды бастауыштағы оқыту үрдісін ақпараттандырудың көзі ретінде зерттеген. Олар компьютерлік құралды ендіруді тек пәнге ғана байланысты емес, оқу үрдісін ақпараттандырудың басты шарты деген тұжырым жасаған. Бастауыш мектепте білімдендіру мазмұнының жаңа белес алуы оның оқу-тәрбие үрдісінде компьютерлік технологияны ауқымды пайдалану барысында оқушылардың ақыл-ойын, логикасын дамытуға болады.

Жас ұрпаққа саналы білім беріп, сана – сезімін көркейтіп, толып жатқан өзгерістерге, алға дамуға жетелейтін бірден-бір жол ол- мектептегі оқу үрдісін ақпараттандыру. Оның әрқашан да ақпараттық қоғамға сәйкес жүргізілуі шартты міндет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының заңы. Егемен Қазақстан, 2003 жыл – 16 мамыр.
2. Мәмбет С. Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру. Білім және ғылым вице министрі Ғ.Мутановтың әңгімесі, Егемен Қазақстан, 2003. – 17 сәуір.
3. Нүсіпжанова Ж.С. Білім беру саласын ақпараттандыру жүйесінің теориялық, педагогикалық негіздері. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты Хабаршысы, педагогика сериясы – 2008, №4, 145-146б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орта білім беретін мектептердегі білімді ақпараттандыру мәселесі қарастырылады. Дамыған ақпаратты әлемде ұрпақты дамытудың бірден-бір жолы әр сабақта компьютерлік технологияны қолданумен жүзеге асатыны дәлелденеді.

РЕЗЮМЕ.

В статье рассмотрены вопросы информатизации образования в средней общеобразовательной школе. Подготовка подрастающего поколения в реально развивающемся информационном мире и его обучение с применением компьютерных технологий на различных уроках.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІРТУАР ҰЛДАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ӘЖЕЛЕР ТАҒЫЛЫМЫ

Әмірова М.Қ.- магистрант.(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еліміз тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқалы бері, қазақ халқының ұлттық рухы биіктеп, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бере бастады. Тәрбиенің негізгі көзі болып табылатын отбасындағы ата-ана мен бала, сонымен қатар ата-әженің де ынтымағы, өмірге бейімделуі мен ізгілікке ұмтылуы - еліміздің келешек кемелдігі.

Бүгінде Қазақстан – сан этностың тағдыры түйіскен жері болғандықтан, талай тәрбие үлгілерінің де тоғысқан орталығы. Жаңашылдыққа бой алдырған, жомарт та меймандос халқымыз жақсы-жаманды елеп-екшеуге үлгерместен, идеологиялық ықпалы күшті елдердің прогресшіл болашағына көз жіберіп, тілін меңгеру арқылы тәрбиенің үлгілерін бойға сіңіргені – тарихи шындық. Осы орайда қазақ халқымыздың біртуар перзенттерін тәрбиелеу ақылды, парасатты әжелерімізді керек ететініне күмәніміз жоқ.

Қоғам дамуының қандай кезеңі болса да идеология ұлттың ұрпақ тәрбиесіне әсерін тигізбей қоймайды. Жаңашылдыққа бой алдырып, әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүріміз арқылы сонымен қатар отбасындағы әже тәрбиесін ұмыту да заңды құбылыс.

Қай заманда болмасын тарихтың қозғаушы күші сол дәуірді тудырған әйгілі тұлғалар болып келген. Өз заманының әйгілі билері мен батырларының, ғалымдары мен ақындарының, өнерпаздарының өмірі арқылы тұтас бір дәуірді зерделеуге де болады. Олардың өнегелі өмірлері отаншылдық сезімін қалыптастырудың да қайнар көзі - әрине ананың да, әженің де тәрбиесі.

Қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезов «Адамдық негізі - әйел» атты алғашқы еңбегінде «Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балаларының бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп, үй-ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген - әйел» - деп жазған екен.

Қазақ даласының тағылымын көріп, қайнарынан қанып ішкен халқымыз ұлт зиялыларын тәрбиелеуде өзіндік тағылыммен ерекшеленетін әжелерімізді қай заманда да құрмет тұтқан.

Қазақтың ғұламасы атанған Абай мен жарқ еткен шоқ жұлдызымыз Шоқанның тұлабойына

ұылықтың ұрығын сепкен әже тағылымы, сондай-ақ Абылай, Қасымхан, Тәуке хандарды тәрбиелеп, хан ұрпағын даярлауға үлес қосқан, дүниеге әкелген ана-әжелеріміздің өмірін ғибрат етіп, ғылыми түрде тәрбиелік мәнін ашып жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсыну біздің борышымыз.

Әр заманның өзіне тән ұрпақ тәрбиелеу мүмкіндігі болды. Оны ешкім жоққа шығармақ емес. Әркім өз баласына жеке тәрбие беруі отбасында орын алғанымен, халық болып қалыптасқан ділінде ұрпақ қамын көп болып ойлау және соған әрекет ету болды. «Қызға қырық үйден тыю, ұлға отыз үйден тыю» қағидасы тегіннен тегін

шықпағаны белгілі. Аузы дуалы абыз, сөзі өтімді шешен, данышпан-даналардың өзі әрқайсысы бір мектеп ролін атқарды. Тыңдаған жан сөзін өміріне, тәрбиеге үлгі етті. Сол сияқты заманында тағылымды ойымен артына із қалдырған тарихта өткен әжелеріміз қазақ халқының ұлдарын тәрбиелеудегі орны ерекше. Бұрынғы қазақ халқының ешкімге бағынбай өз күнін өзі көріп, кең сахарада мал бағып, еркін жүрген заманында да қазақтың әжелері еркін, қайратты тіршілік етіп, немерелеріне ертегі айтып, ұлағатты ой қалдыратын әңгіме айтып, шын жолдас бола білген. Қандай қиын-қыстау жерлерде ақыл беріп, айла тапқан әжелер де болған. Әсіресе, бұрынғы заманда сол қиын шаруаның ыстық-суығына бірдей төзіп, сол заманның әжелері, аналары да еркекпен қатар қол ұстасып қызмет еткен, «Алып – анадан, ат – биеден» деген мақал осы сөздерді тірілтсе керек, тарихта өткен байыпты да байсалды аналарымыз бен әжелерімізді сол қоғамдағы үлкен беделінің де болғандығын аңғаруға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин, XX ғасырдың басы 30-жылдарындағы ағартушы-педагогтар А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев т.б., балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасы рөлінің маңыздылығын ескере отырып, ондағы әкесі мен анасының, атасы мен әжесінің, жасы үлкендердің отбасында басты тәлімгерлер екендігін өздерінің жеке бастары мен шығармаларында айрықша көрсете білді. Олардың пікірінше, балаларды тәрбиелеу үшін ата-ананың өздері тәрбиелі болу керектігі, отбасында балаларды ата-баба дәстүрлері, ауыз әдебиеті, халықтың тарихы мен мәдениеті арқылы тәрбиелеуді қажет деп санады.

Кезінде халқының тарихында елеулі орын алған, ер-азаматқа пара-пар еңбегі сіңген қазақ әйелдері аз болмаған. Айғаным Сарғалдаққызы Уәлиева – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ тарихынан айрықша орын алатын әйелден шыққан тұңғыш қайраткер. Ол – қазақтың үш жүзін біріктіруге бар ақыл-ой, күш-қайратын аямай жұмсаған хан Абылайдың ұлы Уәлидің кіші әйелі, Шыңғыстың шешесі, Шоқанның әжесі. Ел өмірінде осы ұлы адамдардың біріне жар, біріне ана, біріне әже болуымен де айтулы із қалдырғаны сөзсіз. Бір адамның басына осыншама қасиеттерді үйіп-төгіп бере салған табиғаттың жомарттылығы ғажап!

Алдымен Айғаным дүниеге ұл-қыздарын әкелген әйел ана, өз балаларын білімді азамат етіп шығаруға ұмтылған, ұлы Шыңғыстан бастап басқа да перзенттерін оқуға орналастырған, білім дәрежесіне қарай белгілі қызметке де жайғастырған, сондай-ақ немересі Шоқанды оқытуға күш салған, міне осы әрекеттерінің бәрі күрескердің ғана қолынан келетін қайсарлықтар. Ұлы Шыңғыстың ағартушылық пен ғылым жолын қуаттауына да анасының әсер-ықпалы зор болған.

Төре тұқымында орныққан дағдының бірі – әр адамның бірнеше тілді меңгеруі міндетті саналған. Осы ұлағатты ұстау Шоқанның әжесі Айғаным шаңырағына да ырыс әкелген ғой. Әжеміздің қазақ және орыс тілдеріне жетіктігіне ешкім таласа алмаған. Бұған дәлел қызмет бабындағы ресми хаттар мен түрліше мәліметтер беріліп отыратын жазба құжаттардың жүргізілу тәртібі. Сол кездегі қазақ даласы ауқымындағы саяси іс-әрекеттер және орыс тіліндегі мәлімдемелер де сол кісінің тексеруінен өтіп отырған. Қазақ тіліндегі іс-қағаздарды оқып, қол қойған соң, мөр басқан. Орыс тілдегісінің аудармасын барынша қадағалап, өзі қолдан өткерген. Соған қарағанда Айғаным екі тілде сауатты болған.

Шоқан Уәлиханов пен осы әулеттің өміріне көбірек үңілген Ә.Марғұлан, әсіресе, әже Айғанымға қатысты дүниені қалт жібермеген. Ғалым сондай деректерді іріктеп, әбден сала-салаға ажыратқан. Қазақ публицистикалық тарихын зерттеуді Айғанымнан бастау керек деді.

Кезінде аты жоққа ат берген, асы жоққа ас берген, кедейге пана болған Ұлпан анамыз да, өзі Есенейдің иен байлығынан түк қызық көрмей өткен адам. Кенесары тобына қосылудан бас тартып, Керей-Уаққа қарасты бес болыс елге ықпалы жүріп

тұрған шонжар Есенейге жастай күйеуге шығып, ақыл-оймен, көркімен, ер мінезімен билеп-төстеп кеткен Ұлпанның айналасындағы дүйім жұртқа қалайша беделді өткенін, әділдік, қайырымдылық еткенін, ақырында Торсан жалмауыздың тұзағына түсіп, опат болғанын Ғ.Мүсірепов ел аузынан естіген күйде кітаптың ұзын-ырға мазмұны етіп жазып көрсеткен.

Қазақ халқының аса кемеңгер ойшыл ақыны, ағартушы Абай Құнанбаев балаға отбасылық тәрбие беруде ата-ананың ерекше орын алатынын өз іс-әрекеті және тәлімдік маңызы айрықша өлеңдері мен даналық көзі болып саналатын қарасөздерінде көрсеткен.

Абайдың ағартушылығын дұрыс түсініп, орынды бағалау үшін өзінің өскен ұясындағы тәрбиесіне тоқтала кеткен жөн болар. Соның бастау бұлағы – ата-ана тәрбиесі. Әкесі Құнанбай – ел билеген көсем, қарасөзге дес бермеген шешен, жастайынан атқа қонған найзагер, талапты да, табанды адам болған. Бала Абайды жанынан тастамай, өзімен бірге ерте жүріп, үлкен өнегелі отырыстарды, алқалы мәжілістерді көрсетіп, небір дүлдүл шешендердің, ақын-жыраулардың асыл сөздерін, абзал қасиеттерін, көсемдердің әділ биліктерін оған сабақ етті. Әжесі Зере, анасы Ұлжан Абайды өз халқын, ел-жұртын сүйер мейірімділікке, үлкен жүректі ұлылыққа баулыды. Шежіре әжесі өз туыстарының тарихын айтып, елінің тұрмыс-тіршілігімен таныстырып, жақсы мен жаманды айыра білуге үйретеді. Анасы – өте ақылды, ұстамды, сөзге сараң, сөйлесе шебер, үйлесімін тауып сөйлейтін, ақындық дарыны бар адам болған. Осындай көңілі ояу, көзі ашық білікті ата-ана дәстүрі баладан-балаға жалғасты. Әулеттің таусылмайтын берекесі, әділеттің, тазалықтың өнегесі бола білген Зередей әже тәрбиесін көрген Абай да өз балаларына осы үлгіні берді, оқытты, тәрбиеледі. Ата-ананың өнегелі өсиеті оны ағалыққа, адамдыққа әкелді. Туысқандық парызын сақтай отырып, Құдайбердідей аға өсиетін орындап, Шәкәрім сынды дарынды тұлғаны тәрбиелейді.

Ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен халқымыздың біртуар ұлдарын тәрбиелеудегі әже тағылымының мұралары – ойшыл ақын-жырауларымыздың шеберлігі мен беделін көрсететін құрал ғана емес, халықты тәрбиелеу мектебінің оқулығы. Сонымен қатар, толғаулар мен өлең-жырлардағы замана күйі, халықтың мұң-мүддесі – этникалық педагогикада ескерерліктей маңызы бар тамаша тарих. Қай заманда да әже тағылымы ескірмес туынды қалдырған халықтың ағартушылары іспеттес. Себебі, әжелеріміздің айтылған өлең-жырларын халық жатқа айтып қана қоймай, өміріне үлгі етеді. Тәрбие құралы ретінде пайдаланады.

XV-XVIII ғасырды қамтитын қазақ хандығы дәуіріндегі әже тәрбиесінің мүддесі, мұраты ұрпақ үшін ескірмес жырлары, педагогикалық тұрғыдағы өресі биік тағылым екендігіне көз жеткізуге болады.

Ұлы табиғат құшағының аңғал-саңғал алаптарында тіршіліктің ыстығына күйіп, суығына тоңа жүріп еңсесін көтерген ана мен әже танымдық қабілетін балаға деген сүйіспеншілігін оятып, түрлі-түрлі құбылыстарды сол ұғым шеңберінде қастерледі.

Жоғарыда аталған қадір-қасиеттерді бүгінгі ұландар бойына дарыта білсек, онда зерделі де зейінді, өнерлі де талантты, жігерлі де қайратты, адал да парасатты елі-халқы сыйлайтын ер жігіттің келешегі жарқын, жолы ашық. Осы орайда ойға оларға берілетін тәрбиенің артықшылығы неде деген сұрақ оралады. Өйткені оларды бесік жырына құлағын қандырудан бастап, ауыз-әдебиеті мен ата-баба тарихына сусындатудан бірізділікпен ер балаларға негізделген тәрбиенің әдістемесінің жасалуы ер бала тәрбие маңыздылығын сезіндіріп қана қоймайды, сондай-ақ, нәтиже де берері анық.

Керісінше жалқаулықты серік етіп, жанын өтірікпен бағып, біреуді алдап, біреуді арбап, шыққан тегін білмейтін, отбасы түгілі өз басында асырай алмай жүрген ерлерімізден қандай ұрпақ жалғастығын күтуге болады? Осындай кереғар тәрбиеленген ұрпақ өкілдерінің тәрбиесіне кімді кінәлаймыз? Қоғамды ма, әлде ата-ананы ма? «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман»,

«Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас» деп түйіндей отырып, бүгінгі күннің тәрбиесінің отбасында және мектепте берілуіне ерекше мән беріп, арнайы тәрбие бағдарламалары жасалуға тиіс. Өйткені ұл-қызымыздың дұрыс тағылым-тәрбие алуы, дүниенің сырын танып білуі отбасындағы ата-аналардың ақыл-кеңесі мен үлгі-өнеге көрсетумен байланысты. Ал, немерелеріне тәрбие беріп отырған әжелер болса, олардың әке-шешінен де асып түсіп санасы да парасатты, ақылдың кені болатындай ұрпақ болып өсуіне өздерінің жылдар бойы жиналған тәрбиелік тәжірибелерін жұмсаудан еш жасыққан емес. Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып алмай, уақыт талабына сай тәрбие беретін ақ көңіл парасатты әжелеріміздің жалпы тәрбие үрдісінде алатын орны ерекше.

Сондықтан да, өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың бойына дарыту, тағдырдың қандай тәлкегін көрсе де, қайсарлығы мен тектілігін жоғалтпаған дана халықтың ұрпағы екендігін ұғындыру, олардың бойына мақтаныш сезімін туғызу, ғасырдан ғасырға дейін ақылдың кені бола білген әжелерімізді құрметтеуді бала бойына сіңдіру – ата-ананың бірден-бір міндеті, әрі парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы: Рауан, 1996.
2. Қазақтың тәлімгер ой антологиясы. Алматы: Рауан, 1994.
3. Егеубаев А. Кісілік кітабы. Алматы, 1998. 320 б.
4. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы, 1995. 208 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2004.
6. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 1994. 400 б.
7. Жәшібекова К.Ж. Шардарбекова Д.Ш. Білім жүйесіндегі тәрбиенің ұлттық идеологиялық стратегиясы мен тактикасы. Алматы, 2008. 188-189 бет.
8. Беркімбаева Ш.К., Қожахметова К.Ж., Қоңырбаева С.С. «Ұлы қазақ даласындағы өткен тарихи дара тұлға арулар» (Оқу бағдарлама) Алматы, 2007.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бала тәрбиесіндегі әжелер тағылымының маңыздылығы, ұлттық тәрбиенің ерекшелігі сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые особенности национального воспитания.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – КОРРЕКТИРУЮЩИЙ ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ У СТУДЕНТОВ СОЦИАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

Джумагулова Г.А., аспирант
(Кыргызстан, Бишкекский гуманитарный университет)

Обоснование социально-педагогических предпосылок формирования у студентов социальной компетентности показывает существенную значимость специально организованных средой и специальными учреждениями процессов, которые побуждают личность к осознанной коррекции поведения. Причем, ее направленность имеет положительный вектор развития – побуждает личность к творческому и самозначимому проявлению.

Междисциплинарный анализ (см. Библиографию) обозначенной взаимосвязи показывает эффективность правильно организованного педагогического процесса в формировании исследуемого свойства личности.

Анализ научных источников выявляет разнообразные методологические, методические и технологические подходы к рассмотрению обозначенной проблемы. В нашем исследовании, исходя из системной методологии, сделана попытка рассмотрения педагогических аспектов, тем или иным образом влияющих на включение студентов в социально-мобильное и компетентное самоуправление. Рассмотрена роль педагогической деятельности в формировании социальной компетентности и показана ее роль в профессиональном самоопределении личности.

Изучение структуры и содержания социально компетентного профессионального педагогического действия показывает существование детерминирующих и корректирующих факторов, влияние которых определяет меру его успешности в плане воздействия на развитие личности учащихся. Среди них особую роль играет деятельность педагога, побуждающая ребенка к поведению, одновременно отражающему социальную норму и уровень личностных притязаний.

Как известно «деятельность – динамическая система взаимодействий субъекта с миром, в процессе которых происходит возникновение и воплощение в объекте психического образа и реализация опосредованных им отношений субъекта в предметной действительности».

С другой стороны, «можно зафиксировать, по крайней мере, четыре различных смысла, которые вкладываются в это понятие:

1. Деятельность как совокупность результатов и последствий
2. Деятельность как процесс преодоления трудностей, как решение проблем и задач,
3. Деятельность как процесс изменения человека в ходе изменения обстоятельств своей жизни
4. Деятельность ... как способ отношения к условиям своей жизни, как деяние».

Тем самым, выявляется многозначность взаимосвязи исследовательского процесса с параметрами деятельности педагога как способа существования и развития общества и человека (Л. Буева). Эти и другие вопросы, связанные с взаимовлиянием педагогической деятельности и формирования социальной компетентности будущего педагога.

Междисциплинарный анализ рассматриваемой взаимосвязи (В.Краевский, Н.Кузьмина, И.Лернер, А.Макаренко, В.Сластенин, Л.Спирин, - см. Библиографию) позволил выделить классическое толкование педагогической деятельности, которая представляет особый вид социальной деятельности, направленной на передачу от старших поколений младшим накопленной человечеством культуры и опыта, создание условий для их личностного развития и подготовку к выполнению определенных социальных ролей в обществе. Принимая в целом данное понимание педагогической деятельности, мы в ходе экспериментальной работы, произвели уточнение базового понятийного аппарата. Так, педагогическая деятельность рассматривалась в виде целенаправленного процесса нравственного воздействия педагога на личность подопечного для: – информационного насыщения его личностной и социально значимой информацией; – побуждения его к саморегулированию; – соотнесения опыта культурного развития и саморазвития человечества с конкретной ситуацией становления личности отдельно взятого человека. Данный подход к определению педагогической деятельности выявил значимость смыслообразующей характеристики (А.Леонтьев) деятельности – цели для предмета исследования. Отметим, что целепологание проблемная позиция педагогического действия. Вариативность региональных подходов и недостаточная стабильность и четкость формирования федерального стандарта (обученности, воспитанности и развития) приводят к

снижению роли воспитания в формировании социально компетентного действия будущих педагогов. Как правило, речь идет об адапционных действиях, побуждающих студентов к профессиональному рефлексированию. В ходе экспериментальной работы найдена зависимость уровня воздействия педагогического действия на исследуемый процесс в зависимости от его направленности.

В большинстве из наблюдаемых случаев, авторитарное побуждение студентов к проявлению социальной компетентности отрицалось ими как элемент культуры, утративший свою актуальность. Исследование проводилось среди студентов 2-5 курсов кыргызской филологии КНУ им. Баласагына. Выяснилось, что только в 3,2% случаев, исходя из индивидуальных и личностных особенностей, студенты включались в процесс профессионально значимого и социально компетентного действия на адаптивном уровне. Авторитарность, как личностная и профессиональная особенность педагогической самореализации, в целом не способствует формированию социально-компетентного профессионального действия, что соотносится с юношеским максимализмом и прагматизмом социально-бытового и профессионального самовыражения большей части будущих педагогов.

Детерминирующее значение имело равно ответственное и эмоционально-ценностное побуждение студентов к соотнесению социальной значимости профессионального действия и личностной мотивации профессионального самоопределения.

Отдельная ранговая матрица выстраивалась нами в соответствии с эмоционально-ценностным обоснованием значимости педагогической деятельности в исследуемом процессе. Базовым параметром соотнесения явилось ценностное отношение участников педагогического процесса к значимости педагогического мастерства и импровизации, реализуемой в профессиональном аспекте. В соответствии с соционической типологией студенты контрольных и экспериментальных групп были разделены на следующие подгруппы: рационалисты и иррационалисты.

В контрольной группе были выделены следующие основные личностные типы.

Группа рационалистов:

- ▲ мыслительно-интуитивные;
- ▲ мыслительно-ощущающие;
- ▲ чувственно-интуитивные;
- ▲ чувственно-ощущающие;

Группа иррационалистов:

- ▲ интуитивно-мыслительные;
- ▲ ощущающе-мыслительные;
- ▲ интуитивно-чувствующие;
- ▲ ощущающе-чувствующие;

В процессе констатирующего и преобразующего срезов выявлена зависимость перевода профессиональной и личностной компетентности в общесоциальную.

Сравнительно-сопоставительный анализ обозначенной зависимости проявляет характерологические особенности формирования исследуемого процесса является определяющая роль иррациональности в творческом социально-компетентном самовыражении студентов. В этом случае, все виды иррациональности более комфортны в процессе перевода личностного и профессионального опыта в действие, которое оценивается окружающими как проявление достаточной личностной готовности к проявлению педагогического мастерства. Все виды рационалистов имеют большие ранговые показатели при выполнении адаптивных действий, которые требуют от студентов аккуратности, последовательности, настойчивости и целеустремленности. Иррационалисты, в большей степени, в качестве личностных основ своего проявления используют активность, самостоятельность, инициативность и интуицию. Это позволило нам для каждого из указанных типов определить программу саморазвития умений, позволяющую усилить компетентность социального проявления.

Отметим еще одну важную особенность, выявленную в ходе экспериментальной работы. Исследование показало, что в любом виде рационального и иррационального поведения педагог более продуктивен в рассматриваемом аспекте,

если он обладает умениями интуитивного педагогического предположения. Большая часть выборки, обладающая указанным свойством, была более содержательна в педагогическом действии. Они разрешали возникающие социально-педагогические и собственно-дидактические задачи импровизационно и с проявлением устойчивого интереса к творческому действию студента. Наличие в профессиональной деятельности педагогов интуитивности позволяет разрешать возникшие задачи проблемно и более активно соотносить личностный и профессиональный опыт в организации педагогического процесса с социально-признанными параметрами его проведения. Так, Зухра Капиевна Х., преподаватель КНУ им. Ж. Баласагына, при подготовке к курсу «Педагогические технологии» разделила студентов на три группы: с прямой мотивацией на педагогическую профессию; с защитной мотивацией; отсутствием такой мотивации.

Аналогичное разбиение проводилось нами во всех экспериментальных группах. Это позволило ей разрабатывать три пилотных модели плана. Она была готова к проведению нескольких моделей занятия. Субъективно, со стороны студентов, эксперты получили стабильное положительное оценивание деятельности Зухры Капиевны. Причем, большая часть выпускников в анкетах, сочинениях, творческих работах и других материалах исследования высказывала утверждение о жизненной значимости получаемых знаний и умений. Поэтому, было сделано предположение о корректирующей роли интуитивности в личностном и профессиональном проявлении социальной компетентности. В ходе исследования роли педагогической деятельности в социально-компетентном действии студентов обнаружена устойчивая корреляция соотношения мыслительного вида со всеми видами компетентности.

Таким образом, определение цели педагогического действия или деятельности в целом определяет возможность перевода личностной и профессиональной компетентности в социальную. Нами установлена устойчивая корреляция личностной ориентированности, технологичности, целеполагания с интенсивностью обозначенного процесса. Как известно, цель в педагогическом процессе может определяться дуалистично. С одной стороны, исходя из соответствующих стандартов. С другой – из возможностей участников педагогического процесса. Названные варианты целеполагания достаточно альтернативны. В ходе исследования признано более рациональное использование способа постановки цели, предполагающей выполнение двух педагогических действий: педагогической диагностики и определение модели соотношения стандарта и особенностей студентов. Данный вариант целеполагания позволяет естественным образом соотнести все виды компетентности, которые присутствуют в проявлении педагога и студентов. В этом случае, преподаватель действует по технологии выражающей в следующих действиях: «изучи алгоритм – следуй за ... - выбери сам – осознай рациональность выбора – примени на практике – проанализируй ошибки сделанного».

Исследование показало эффективность данного способа целеполагания с точки зрения предмета нашего исследования. Предметом исследования являются педагогические условия формирования социальной компетентности у студентов педагогических специальностей в процессе преподавания педагогических дисциплин. Педагогическая деятельность, основанная на личностном и технологическом целеполагании воспринимается большинством студентов как «искреннее соучастие в моей профессиональной судьбе ...». Это позволяло определить методику подготовки цели в учебно-воспитательном процессе, который способствовал побуждению студентов к осмыслению социальной значимости своих педагогических действий.

ЛИТЕРАТУРА

Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования.- М., 1990.- 139с.

1. Айзенберг А.Я. Самообразование: история, теория и современные проблемы- М., 1986.-126с.
2. Ануфриева Е.А. Социальный статус и активность личности- М., 1984- 288с.
3. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса- М., 1982- 182с.
4. Беспалько В.П., Татур Ю.Г. Системно-методическое обеспечение учебно-воспитательного процесса подготовки специалистов- М., 1989- 141с.
5. Воротникова А.А. Психологические условия становления профессиональной компетентности будущего педагога: дисс. на соискание ученой степени канд пед. наук (13.00.08)- М., 1998- 23.
6. Леонтьева А.Н. Философия психологии: из научного наследия/под ред. А.А.Леонтьева, Д.А. Леонтьева- М.1994-228с.
7. Лихачев Б.П. Философия воспитания- М., 1995-282с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада педагогикалық қызмет студенттердің әлеуметтік құзіреттілігін жолға қоятын фактор ретінде қарастырылады. Бұл мәселенің әдістемелік, әдіснамалық, технологиялық қырлары ғылыми еңбектерде талданған. Автор ғылыми еңбектердегі тұжырымдарды саралай отырып, қарастырылып отырған мәселенің шешімін іздейді.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается педагогическая деятельность как корректирующий фактор формирования у студентов социальной компетентности. Анализ научных источников выявляет разнообразные методологические, методические и технологические подходы к рассмотрению обозначенной проблемы. Таким образом, в ней рассмотрена роль педагогической деятельности в формировании социальной компетентности и показана ее роль в профессиональном самоопределении личности.

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

Донабаева Л.А.- магистрант (Алматы қ., Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

Білім мазмұны әрбір тарихи кезеңдердегі мектеп реформасының негізіне жатады. Білім беру саласына қатысты реформаларда заман талаптарына сай білім мазмұны өзгеріске ұшырайды, біркелкі жүйеге келтіріледі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында», «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» т.б. құжаттарда бүгінгі білім берудің алдына қойылатын талаптар, іске асыру шаралары анықталған.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша білім беру жүйесінде жалпы орта білім беру, білім берудің сапасын бағалау, орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беруді дамыту,

жоғарғы білім беру, білім беруді ақпараттандыру, білім берудің ұлттық жүйесін құру. Педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселесінде мемлекеттік бағдарлама құрылған. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуның жетекші рөлін атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып дамуның жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғасынан зерттелетін ілім – «таным теориясы» деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан айырмашылығы: ол – білімнің қалыптасуымен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастыру болып табылады.

Студенттердің танымдық іс-әрекетін жетілдіру мәселелріне көптеген педагогтардың, психологтардың еңбектері арналған. Бұл мәселенің кейбір қырлары, тамыры тереңге бойлайтын көне замандардан бастау алады. Сократтың өзі – ақ оқыту барысында шәкірттің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен. Ежелгі Рим оқымыстыларының еңбектерінде білімді игеруде, шәкірттердің танымдық іс-әрекеті олардың дамуында ерекше орын алатындығы айтылады. Оқыту үрдісіндегі баланың танымдық іс-әрекетінің маңыздылығы Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци мен А. Дистервергтің еңбектерінде тереңдетіледі. Мысалы, А. Дистерверг оқыту барысында баланың танымдық іс-әрекеті сәбидің ақыл-ой қабілетін дамытудың аса маңызды құралдарының бірі деп есептейді.

Зерттеулерге сүйенетін болсақ, танымдық іс-әрекеттің қалыптасуы өздігінен тұйыққа тірелген автлономиялық процесс емес. Ол тек әлеуметтік орта әсерімен және тұлғаның сол ортадағы өзіндік қызмет сипатымен ғана емес, тұлғаның кәсіби іс-әрекеті, танымдық қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие процесі, сондай-ақ өзінің жеке басының белсенділігімен, ұжымдағы рөлімен және оның ұстанған позициясымен бірлесе жүргізілетін күрделі процесс.

Көптеген зерттеулерді талдау нәтижесінде танымдық іс-әрекет нәтижелері студенттің жеке тұлғасына, біліктілігін жетілдіруге, психологиялық механизмдер арқылы, оң әсерлері бар рефлексия арқылы өз әрекеттеріне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен формасына сәйкес көзқарастарының қалыптасатыны анықталды.

Рефлексияның дамуына студенттердің рефлексивті ойлауының үлкен тәжірибелік, дамытушылық мәні бар, себебі, бірлескен әрекетте іс-әрекеттің рефлексивті сәттерінде бақылай, бағалау пайда болып, дамып отырады.

Студенттердің танымдық іс-әрекеті – жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажеттіліктерінен, белсенділігі мен ізденімпаздығын көрсететін танымдық, еріктік процестер мен мотивтер бірлігі нәтижесінде студенттердің интеллекттік, жеке тұлғалық қасиеттері және кәсіби қызығушылықтарын дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті білім көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу іс-әрекеті деп айтуға болады.

Демек, студент жоғарыда аталған қасиеттер мен танымдық биіктікке жетуде жоғары оқу орындарында жүргізілетін оқу-тәрбие процесінде өзіндік жұмыстардың алатын орны ерекше.

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңында да жастардың өздігінен ақпарат хабарларды дұрыс қабылдап, оны дұрыс бағалап, кез-келген теориялық және нақты жағдайды өз бетінше таңдай білу, нарықтық қатынастар жағдайында өздігінен еңбек етуге даярлығын арттыру міндеттері қойылған. Жалпы қазіргі күнде бұл мәселелердің өзектілігі күннен – күнге артып отыр.

Жоғарғы мектептегі оқу процесінің мақсаты – студенттің өзінің таңдап алған мамндығы бойынша теориялық, тәжірибелік білім алумен қатар, өз білімін өмірде пайдалана алуға даярлау. Оқу процесі, сонымен бірге, жеке тұлғаның интеллектуалдық қабілетін қабылдаған ақпаратты жан-жақты өңдеу, логикалық тұрғыда талдау, пайымдай ала білуін қалыптастыру болып табылады.

Кейбір зерттеулерде, өзіндік жұмысты студенттердің интеллектуалдық жігерлілік және кәсіптік сапаларын дамытатын, оқу бағдарламасында қарастырылған, оқытылатын материалдардың мазмұны мен қажетті көлемін игерудегі оқытудың жеке түрлері ретінде қарастырады.

Г.Н.Кулагина өзіндік жұмыс студенттердің танымдық іс-әрекетінде оның белсенділігі мен өз бетімен білім алуға деңгейін көрсетеді деп түсіндіреді.

Р.А.Низамов пікірінше өзіндік жұмыс – студенттердің сабақта және одан тыс уақыттарда жеке, топ болып істейтін танымдық әрекет түрі.

П.И. Пидкасистый өзіндік жұмысты шәкірттің танымдық іс-әрекетін жетілдіру құралы ретінде қарастырады.

А.П.Молибог студенттердің өзіндік жұмысына үлкен мән беріп, оған анықтама берген. Ол өзіндік жұмысты барлық білім берудің негізі және мынандай түрлерін топтап, қарастырады:

- шығармашылық деңгейде қабылдау;
- оқу әдебиеттерімен жұмыс, қажетті ақпараттармен қамтамасыз етілуі;
- алған білімін жүйелеу, сабаққа дайындалу (семинар, тәжірибелік сабақтар);
- білімін бекіту: тапсырманы өз бетінше орындау немесе үй тапсырмасын орындау;
- зертханалық жұмысқа дайындалу және оны орындау;
- үйірмелердегі жұмыс;
- емтихан және сынақтарға дайындалу;
- курстық жұмыстарды орындау;
- түрлі практикалар;
- дипломдық жұмысты орындау.

Өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өздігінен пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық және тәжірибелік сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау барысында қалыптасады.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде болашақ мұғалімдердің оқытудың кредиттік жүйесін жоғары деңгейде меңгеруі нәтижесінде келелі нәтижелерге қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сванкулова Қ. 12 жылдық білім жүйесіне көшудің өзіндік ерекшелігі. Қазақ тілі мектептер мен жоғары оқу орындарында. 2007 - № 3, 8-9 б.
2. Шалабаева Б.Ө. 12 жылдық білім беруге көшу мәселелері. Бастауыш мектеп. 2008. № 7-8. – 12-13 б.
3. Нұр Г. Ұлттық білім беру жүйесіндегі 12 жылдық оқытудың ерекшелігі. Қазақстан педагогикалық Хабаршысы. 2008. №2.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру амалдары қарастырылады. Өздік жұмыстарды ұйымдастырудағы шеберлік пен дағды-машықты қалыптастыру өз ісіне төселген маман оқытушының басшылығымен жүзеге асатыны көрсетіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрыты особенности, пути и способы организации самостоятельной работы студентов при кредитной технологии обучения. Навыки и мастерство самостоятельной работы формируются непосредственно под руководством преподавателя и зависят от их квалификации и профессиональных качеств.

Ы.АЛТЫНСАРИН ЖАЗҒАН ҚАЗАҚ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Қуандық А.-магистрант (ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының ұлы перзенті, XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократы, қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, сөйтіп халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен Ы.Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алады.

Прогресшілдік сипаттағы Ы.Алтынсариннің педагогикалық системасы халық ағарту саласында аса зор, пайдалы рөл атқарды, оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өзінің мәнін жойған жоқ. Оның ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық система болып табылады.

Ы.Алтынсариннің педагогикасында Қазақстан жағдайында алғаш рет жалпы педагогика, дидактика және методика саласының аса маңызды ғылыми принциптері қолданыла бастады: оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа құрылуы, класс жұмыстары мен кластан тыс жұмыстардың түрлері т.б. жүзеге асырылды. Тәрбиенің әртүрлі компоненттеріне – адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне айрықша назар аударылды. Бала психологиясының жалпы сипаты туралы тақырыпты да алғаш рет талдаған Ы.Алтынсарин болатын.

Ы.Алтынсаринге дейін қазақ халқына білім беру ісі түгелімен жергілікті чиновниктердің билігінде болды, олар көбінесе «бұратана халықтарға» арналған мектептер туралы жалпы ереже қабылдаумен шектеліп отырды.

Қазақ халқына жаны ашыған, келешегін ойлаған ағартушы бұл жағдаймен қанағаттанбай, туған өлкесінде мектепте білім беруді ұйымдастырудың жан-жақты ойластырылған жобасын жасады. Атап айтқанда, өзіне дейінгі мектептерді түр жағынан болсын, оқу программасы жағынан болсын орыстың алдыңғы қатарлы мектептеріне сәйкестендіруге тырысты. Сөйтіп өзі негізін қалаған мектеп ісін дамыту мақсатында бар күш-жігерімен кірісті.

Ы.Алтынсарин педагогикасының негізіне орыс халқының мәдениеті мен тарихи тәжірибесін жоғары бағалап, «азбаған және қабілетті қазақ халқының» экономикалық және рухани дамуын осы халықты (орыс) ілгері бастырған прогресшіл қозғалыспен ұштастыруда деп түсіне білгендігі жатады. Сондықтан да Ы.Алтынсарин қазіргі жастар орыс білімімен, ғылымымен қарулануы керек деп көрсетті. Өзі әрі жас, әрі тәжірибесі аз мұғалім бола тұрса да, мектептің маңызын түсініп, жоғары бағалап, былай деп жазады: «Мектеп – қазақтарға білім берудің негізгі кілті. Бар үміт те, қазақ халқының келешегі де осы мектепте. ... Қазақ даласындағы жағдай мектеп жұмысын тиісті жолға қойып, оған дұрыс бағыт беруді қажет етіп отыр».

Ы.Алтынсарин өзі өмір сүрген дәуірді қазақ халқының көпшіліктен отырықшылыққа, цивилизацияға өту дәуірі деп бағалады. Ол халық ағарту жұмысы мен оқу мәселелерін қалың бұқараның талап-тілегі, мүдделеріне сай шешуге тырысып отырды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ағартушы-ғалым оларға білім беру мақсатымен түсінікті әрі байыпты тілмен қазақ оқулықтарын шығара бастады. Олар: «Қазақ хрестоматиясы» (1879), ол 1899 «Мактубат» деген атпен араб әліппесімен қайта басылып шықты. Сонымен қатар «Қазақтарға орыс тілін үйретудің алғашқы құралы» (1879) мен «Шариат ул-Ислам» (Мұсылмандық тұтқасы) (1884) атты еңбектерін де атауға болады.

«Қазақ хрестоматиясы» - қазақ тарихындағы тұңғыш оқулық. Бұл оқулықтың маңыздылығы күні бүгінге дейін өз күшін жойған жоқ. «Қазақ хрестоматиясы» - балалардың әлі де қызыға, беріліп оқитын сүйікті кітабы. Себебі, онда берілген аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, яғни ауыз әдебиетінің түрлі үлгілері қысқа да нұсқа,

қызықты да тартымды болып көрсетілген. Бұл әдебиет үлгілері балаларға әрі үлкен тәрбие бере отырып, дүние, білім туралы алғашқы танымдарын қалыптастырады. Бұл оқулықтағы берілген мысалдар қазіргі біздің оқу құралдарымызда да (оқулық хрестоматияларда, оқу кітаптарда, мазмұндама мен диктанттарда, жаттығулар жинағында) қолданылады. Алайда, социализм кезіндегі идеологиялық саясатқа байланысты, автордың кейбір сөздері (Құдай, пайғамбар т.б.) алынып тасталды немесе қысқартылды.

Мысалы,

*Бір Құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге –
Ықыласпен тоқылық! –*

деген төрт тармақтан тұратын бір шумақ өлеңнің бірінші жолы («Бір Құдайға сиынып») баспаға жіберілмеді. /.,3-4б/ Осы себепті, бұл сөз Ы.Алтынсариннің тарихи беделіне нұқсан келтіруі мүмкін еді.

Ы.Алтынсариннің оқулық, оқу құралдарын жасауда 4 үлкен ерекшелігін атап көрсетуге болады. Олар:

а) Алла, құдай, тәңір, жаратқан сияқты діни нанымдағы сөздерді пайдалануы. /.,18б/ Мысалы, «Кел, балалар, оқылық! (*Бір Құдайға сиынып*)» өлеңі, «Лұқпан Хәкім», «Атымтай Жомарт», «Надандық» әңгімелері.

ә) Оқу құралдарына енгізетін әрбір шығармасының әлеуметтік, қоғамдық, тәрбиелік маңызының зор болуы; Мысалы, әңгімелерінен балаларға беретін тәрбиелік мәнінің жоғарлығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай мінез, әрекет пен ой-арманының табиғи, таза екендігі толық көрінеді. Мұнда «Бай мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан Хәкім» т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әртүрлі мәселелерін суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, надандықта келген еңбекші халықтың қоғамдық санасын тәрбиелеуді көздейді. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде ол көшпелі тұрмыстың зардабын көрсете отырып, бірге қоғамдасып, егін салып, өмір сүрумен салыстырады. Осындай тұрмыстың пайдалы жағын көрсетеді. Бұл ойын әрі қарай дамыта отырып, адам еңбегіне арналған басқа бір әңгімесінде, табиғат байлығының көзі тек қажымай, еңбектенген де ғана болатынын айтады.

Хрестоматияға енген шығармалар таза ақыл беретін ұсақ шығармалар (балалар, ересек адамдар өмірі және жануарлар туралы кішігірім әңгімелер) екенін атап өткен жөн. Бұлардың өзіне тән белгілі тәрбиелік идеясы бар. Ондай шығармаларға мыналарды жатқызуға болады: «*Әке мен бала*» (*жалқаулықты сынайды*), «*Асыл шөп*» (*сабырлықты көрсетеді*), «*Шеше мен бала*» (*қайырымдылықты*), «*Таза бұлақ*» (*адалдықты уағыздайды*).

Бұл оның жазушылық және ағартушылық мақсаттағы еңбектерінің тұтас бір бағытта болғандығын дәлелдейді. Ағартушылық істер кезінде қазақ қоғамының әртүрлі сырларымен танысып, әлеуметтік теңсіздіктің айқын белгілерін көрген Ы.Алтынсарин әдеби шығармаларында бұл мәселелерді қалдыра алмады.

б) *Халық ауыз әдебиеті арқылы ғылыми-техникалық, жаратылыстану ғылымдарынан хабар беру.*

Ы.Алтынсарин көзқарасында *ғылыми реалистік идеялар басым және ашық түрде ғылымның алдында бас игендік бар*. /.,64./ Оған ағартушының оқулықтар мен оқу құралдары және оқыту әдістері туралы айтқан пікірлері дәлел. Мысалы, «Әрбір оқу құралының алдына қойған мақсатын және оның мазмұнын айқын түсініп алу үшін оқытушылардың өздері кітаптардың бәрін қалай да аяғына дейін әбден мұқият оқып шығулары керек, ал сонан кейін оларды оқыту жұмысына пайдалану қажет дегенді айта кетудің артықшылығы болмас деп ойлаймын. Орыс тілін, жаратылыстану

ғылымын, географияны және тарихты оқыту жұмысы әрбір мектепте ілгері белгіленген бір жүйемен, оқу құралымен жүргізілуі керек; өйткені, тәжірибеге қарағанда оқыту, тәрбиелеу жұмысына дәйекті көзқарасы бекіп болмаған кейбір жас оқытушылар оқу құралын, оның үстінде халық мектептерінде өтілетін пәндердің оқыту әдістері мен тәртіптерінің өзін де өзгерте береді, осылайша, оқушыларды біресе бір түрлі әдіспен не бір оқу құралы бойынша, біресе екінші түрлі әдіспен не екінші бір оқу құралы бойынша оқуға мәжбүрлейді немесе дұрысын айтқанда бастаған ешбір пәнін еш уақыт түгел, тәртіппен өтпейді», - десе, бірде *«Оқытатын кітаптар ғылымға негізделуі тиіс»*, - деп нақты оқулықтың жазылу тәртібіне сәйкес тұжырым айтады.

Осы ретте ағартушы хрестоматиясының екінші бөлімін қалай құрастыратыны жөнінде В.В.Катаринскийге жазған хатында былай көрсетеді: «Хрестоматияның бұл бөлімінде мен мүмкін болғанша толық түрде жаратылыс тарихы туралы, география, тарих туралы, аздап химиядан, физикадан, техникалық өндірістен түсінік бергім келеді», - деп атағандай, ол хрестоматияға ендірген материалдарында жоғарыда өзі атаған жайлардан мағлұмат береді.

Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңі «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің жалғасы ретінде жазылған сияқты. Бұған Ә.Дербісәлиннің мына пікірін келтіруге болады: «Ы.Алтынсарин хрестоматиясының өз тұсындағы басылуларында бұл екі өлеңді бір-бірінен бөлмей жарыялаған. Шығарманың мазмұны мен идеялық мақсаты біздің осы пікірімізді растайды»./.,7/. Ақын «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде білімнің артықшылығын қазақ қоғамындағы әртүрлі жағдайлармен салыстыра отырып көрсетсе, «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде ғылымның жетістіктерін тікелей мадақтайды, мәдениетті елдің озық салтын баяндайды. Шығарманың лирикалық кейіпкері өз замандастырының назарын мәдениетті елдің қолы жеткен табыстарына аударуды көздейді, олардан үйренуге шақырады, халқының мәдени мешеулігіне қынжылады. Ақынның бұл өлеңінде ғылым мен техниканың сол кездегі ең басты жаңалықтары толық көрсетілген. Олардың адам баласына келтіретін пайдасы ғасырлар бойы езушілікте болып, жақсы өмірге аңсаумен келе жатқан қазақ халқының көңіліне қонымды жүйеде және жаңалыққа талпынушылығын арттыра түсетін дәрежеде дәлелдеген. Ақын өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық озықтығын әр салада көрсетеді және олардың өз оқушысының ұғымындағы түсініктер арқылы беруге талаптанады.

в) Тіл ерекшелігінде ұлттық нақыш басым

Бұл ерекшеліктің өзін 3-ке бөлуімізге болады. Ы.Алтынсарин шығармаларының тіл көркемдігі мен байлығы, ұлттық болмысқа тән қасиеті бірінші, поэзия саласындағы еңбектерінде көрінеді. «Жаз», «Өзен», «Өнер-білім бар жұрттар», «Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен», «Кел, балалар, оқылық!», «Ананың сүюі» т.б. өлеңдерінде ол ауыз әдебиетінің тілдік дәстүрлерін кең пайдаланған, қазақ тілінің икемділігі мен сұлулығын тұңғыш көрсеткен. Бұл әсіресе, «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінің тілдік ерекшелігінен анық байқалады. *Мәтіндегі «сарай салғызды», «айшылық алыс жер», «көзіңді ашып жұмғанша», «құстай ұшу», «балықтай жүзу», «өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай» болса, «Желкілдеп шыққан көк шөптей» өлеңінде «желкілдеп шыққан көк шөптей», «өнер- жігіт көркі», «сіздерге бердім батамды» т.б. сөз тіркестері көптеп кездеседі. Өлеңдердегі әрбір теңеулердің өзі халықтық теңеулердің негізінде алынған, мақал мен мәтелдер де халық аузындағы қалпында берілген. Шығарманың жазылу түрі де халық өлеңдерінің стиліне мейлінше ұқсас. Олар ылғи шұбыртпалы ұйқаспен жазылған. Бұл ерекшеліктер өлеңнің ұлттық қасиетін айқын көрсетіп тұр.*

2) Ғалымның өз хрестоматиясына жинап бастырған 69 мақал-мәтелдің /.,706/ішінде халықтың арманы мен түсінігін білдіретін, тәрбиелік мәні бар, балалардың өзін қоршаған айналасына, өмірге, адамдармен қарым-қатынасын, мінез-құлқын дұрыс бағыттауға ұмтылдыратын нағыз қазақи, халықтық мақалдар көп орын

алған. Мысалы: «Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге мал тұрар», «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», «Сараң байды қоңыз десең болар, ішпей боқтық жиган; қайырлы жігітті ер десең болар, жолдасы үшін жанын қиган», «Ханда қырық кісінің ақылы бар», «Қатынды бастан, баланы жастан», «Кісі елінде сұлтан болғаниша, өз елінде ұлатан бол», «Ұят, өлімнен де күшті», «Қолыңды қусырып жатпа», «Патшаның баласын басып өтпе», «Екпей, егін бітпес», «Шапқан озар, жатқан қалар», «Өнерді үйрен де жирен», «Талапты ерге нұр жауар», «Басқа пәле тілден», «Ұрлықтың түбі - қорлық», «Зормын десең, зорларға жолығарсың», «Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі еді; жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі еді», «Саяқ жүрсең, таяқ жерсің», «Отпен ойнама күйесің, қоянмен ойнама қалжырайсың», «Көрмес, түйені де көрмес».

3) Ы.Алтынсариннің кітабына кірген күрделі шығармаларына шолу жасайық. Олар: 1) батырдың бейнесі, оның арамза ханға қарсы жорығы; 2) Қарабатыр; 3) Жәнібек батыр; 4) батырлар жырларынан «Қобыланды батыр» - Тайбурыл.

Ы.Алтынсариннің әңгімелерінде жалпы халыққа түсініксіз, қиын сөздер кездеспейді. Жазушы әңгіменің оқиға жағынан тартымды, тіл жағынан жеңіл болуын көздейді. Ол, көбінесе, тақырыпты қарапайым баяндау арқылы жеткізеді. Автордың жағымды геройлары аңғарғыш, табиғатынан зерек, тапқыр болып келеді, оларды әр уақытта еңбекші халық ортасынан келтіреді. Басты кейіпкерлердің аузына өткір, дәлелді сөз салады. Ал байлар ортасынан шыққан кейіпкерлерді моральдық жағынан азғындаған етіп, мысқылдап келтіреді.

Ы.Алтынсарин қазақ ауыз әдебиетінің көптеген жанрларын қамти алды. Олардың әрқайсысынан өзінің нағыз халықтық деп таныған шығармаларын жариялады. Хрестоматиядағы ауыз әдебиеті материалдарының басым көпшілігі адамгершілік идеяға негізделгенін байқауға болады.

Бұл жағдайлар ағартушының ауыз әдебиетіне халықтық мәдени мұра ретінде қарап, одан өзінің ағартушылық ойларына сүйеніш таба білгендігі айқындалады және бұл шығармаларда жазба әдебиеттің, басқаша айтқанда, әдеби тілдің принциптері сақталған.

Жалпы алғанда, қазақ ауыз әдебиетінің сұрыптала жиналып, белгілі бір жүйеге келтірілуі, басылып жарыққа шығуы Ы.Алтынсариннен басталады деуге болады. Рас, Ы.Алтынсаринге дейін кейбір орыс оқымыстылары қазақтар арасында көп жайылған аңыздар мен өлең-жырларды жинап жариялады, бірақ бұл еңбектер «академиялық фольклористиканың» негізінде шыққан еді және оларда халық мұңына, оның тілегіне жанаспайтын шығармалар да өте көп кездесетін.

Ы.Алтынсариннің бұл педагогикалық идеялары мен ұрпағына қалдырған мол мұралары өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының «Сөз басына» жазғанындай «... ізсіз қалмас, көздеген мақсатына жетер деген үмітпен, өзімді жұбатып отырмын», - демекші, жоғарыда аталған кітаптары бүгінгі күні ұрпақ кәдесіне жарап, сұранысқа ие болып, құнды еңбектер еңбектер қатарына жатқызылып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). - Алматы: «Білім», 2003 3-4 бет.
2. Сыдықов Ә.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. –Алматы: «Мектеп», 1968 18 бет.
3. Сонда 64 бет.
4. Дербісәлин Ә.Ж. Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы. –Алматы, 1957 7 бет.
5. Сонда 70 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Ы.Алтынсариннің оқулықтарының ерекшеліктері мен оның оқулықтарға қоятын талаптары туралы жазылған.

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассматриваются особенности построения учебников Ы.Алтынсарина и требования, предъявляемые им к этим учебникам.

12 ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ШАРТТАРЫ

Сламджанова Ж. М. –магистрант
(Алматы қ., Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

Еліміздің егемендік алуымен байланысты халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі асыл мұраларын елеп - мектеп, бүгінгі таңдағы оқу - тәрбие жұмысына ендіру – келелі де, кешенді іске айналды.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда алғаш мектеп баспалдағын аттаған бүлдіршіндердің мектепке дайындығы мен бейімделуі күрделі психофизиологиялық процесс деп айтуға болады. Осыған байланысты педагог пен мектеп психологының қызметі бұл мәселені шешуде үлкен рөлге ие.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қазіргі реформалар орта білім берудің 12жылдық жүйесіне көшуіне алып келіп отыр. Бірінші сыныпқа баратын баланы оқыту бағдарламасына сәйкес қажетті қабілеттілігі, дағдылары, сондай-ақ, танымдық процесс ерекшеліктері тек психологияның ғана емес, барлық басқа ғылым салаларының назарында. Сондықтан 12жылдық оқу жүйесіне бейімделуге педагогтың, психологтың рөлі ерекше.

12жылдық мектеп жағдайында «бейімдеп оқыту» мәселесін дұрыс шешудің мүмкіндігі бар. Бейімдеп оқыту бағдарламалары шығармашылық (тереңдетіп оқыту) және қолданбалы деңгейлерде болуы мүмкін. Жалпы орта білім берудің басты мәселесі- әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өздігінен білім алуға ұмтылуы, өзін-өзі тануға, белсенділік танытуға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайындығын, жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Мектепке бару кезі келгенде бала өмірінде өзіндік жаңа кезең – бастауыш мектеп жасының басталуы, бұрынғы ойын әрекеті оқу әрекетіне айналады.

Л.С.Выготскийдің айтуынша, бастауыш мектеп жасындағылардың интеллектісі интенсивті даму үстінде жүреді. Ойлаудың дамуы, ең бірінші, қабылдау мен естің сапалы қайта құрылуына, олардың ерік процесіне жүйелі айналуына әкеп соғады. Бала 7-8 жаста негізінен нақты категориялармен ойланады. Кейінірек формальді операция кезеңіне, яғни қарым-қатынас пен бейімделуге қабілетінің айқын даму деңгейімен байланысты.

Оқушылар келе – келе өз бетімен талқылауға, шешім қабылдауға, жеке және жалпысын табуға, қарапайым заңдылықтарды орнатуға, анализ жасауға үйренуі керек.

Егер бірінші – екінші сынып оқушылары негізінен сыртқы белгілер, объект қимылын (ол не істеп отыр) немесе оның бағытын (ол кім үшін), ал 3-4 – ші сынып оқушылары ұсынылған оқу процесіне қарай құштарлық танытады.

Оқушылардың негізгі қиыншылықтары, олардың себептерін - ізденуі үстінде түсінуі. Бұл түсінік: себептен ізденіске тікелей байланысын орналастыруын, әртүрлі себептердің нәтижесінің фактілерін қайта қарауды қарастыру.

Теориялық ойлаудың дамуы, яғни түсінікті ойлауда, бастауыш мектеп жасындағылар түбінде рефлексияның (табиғи зерттеудің өзіндік түсінігі) туындауы, сондай-ақ танымдық әрекеті мен басқа адамдарға деген қатынасына және өзіне өзінің әсері тиеді.

Бұл кезеңде ес процесінің оқуға әсерінің дамуы екіге бағытталады, бала өзіндік танымдық процестерін, соның ішінде есінің бағыттау мүмкіндігі мен айқындауға (есте сақтауы, еске түсіруі, қайта жаңғыртуы) жүйелеу, сөздік-логикалық ойлау арқылы есте сақтауын (көру, бейнелеуге қарағанда) қадағалау салмағы мен рөлі жоғарылайды.

Бастауыш сынып оқушыларының көру-бейнелеу есі өте жоғары деңгейде дамыған деп айтуға болады. Олар түсіндіргеннен және анықтауға қарағанда нақты елестерді (түрі, зат, факт) есте жақсы сақтайды. Бұл бастауыш оқушыларының тапсырманы есте сақтауға дифференциалана алмайтындығын көрсетеді, сондықтан барлығын жаттап алуға үйрету керек. Осы жастағы балаларға байланыстырып сөйлеу қиынырақ, сондықтан оларға жаттаған жеңілірек. Бала дұрыс есте сақтауды ұйымдастыра алмайды, яғни өз бетінше берілген тапсырманы жүйелеп топтауға, жоспарлауда логикалау қиынырақ соғады.

Мектептік өмірдің алғашқы кезеңі 6-10 немесе 7-11 жас аралығын қамтиды. Бала өміріндегі бұл жастың хронологиялық әлеуметтік-психологиялық шекарасы өзгермейді деп есептеуге болмайды. Олар баланың мектепте оқуға дайындығына, сонымен қатар, қай жастан бастап оқытуға және соған сәйкес оқытудың қалай жүргізілуіне байланысты болады. Бұл жастың шеңбері оқытуда пайдаланылатын әдіс-тәсілдерге қатысты тарылуы немесе кеңеюі мүмкін. Оқытудың неғұрлым жетілдірілген әдістері дамуды жылдамдатады.

Кіші мектеп кезеңіне ену баланың психикалық дамуында сапалы жаңа қасиеттер мен ерекшеліктер қалыптасатын жас дағдарысымен байланысты. Осымен байланысты, бүгінгі бірінші сынып оқушыларына психологиялық қолдау көрсету ерекше маңызды. Баланың оқушы мәртебесіне ие болуы оның бүкіл психологиялық келбетіне, оның барлық мінез-құлқына өзгеріс әкеледі. Оның жаңа әлеуметтік ортаға ауысуы оның психикалық процестері мен тұлғааралық сфераларының, демек тұтастай тұлғасының қалыптасуына мәнді әсер етеді. Бала мектепке белгілі бір білім шеңберін жәй менгеріп қана қоймайды, ол оқуға үйренеді. Ал оқу дағдыларына ие болу баланың оқу хабардалығының дамуына, оның алдағы оқуының табыстылығына ықпал етеді.

Оқу іс-әрекетінің ықпалымен баланың бүкіл таным процестері қайта құрылып, ересек адамдарға тән қасиеттерді жинақтай бастайды. Оның ойлауы, зейіні мен есі өзгереді. Баланың бүкіл таным процестері ырықты, өнімді және тұрақты сипат алады. Бала үшін қоғамдағы жаңа жағдай – қоғамдық маңызды және қоғам бағалайтын іс-әрекетпен, демек, оқумен айналысу – оның өзге балалармен, ересектермен қатынасында, өзін және өзгелерді бағалауында өзгерістер тудырады. Баланың өзіндік дүниетанымы қалыптасып, моралдық, идеялық және саяси көзқарастары қалана бастайды. Оның сезімдерінің, эстетикалық қобалжуларының әлемі байып, еңбек, көркемөнер, спорттық қызығушылықтары кеңейе түседі. Бұл «бағдарламаға» бала алғашқы мектептік жылдарда кездеседі. Балалық шақтың қуаты шын мәнінде таусылмастай болғандықтан, оны шеберлікпен бағыттап отыру қажет.

Баланың мектепке келуімен өмірінің байып, күрделенуімен байланысты тәрбиенің маңызы арта түседі. Балаға бұрынғыдай ересектердің (мұғалімдердің, ата-аналардың т.б.) махаббаты, парасатты талаптары қажет. Ол айналасындағылардан өзінің жаңа міндеттеріне құрметпен қарауды күтеді және олардың өзіне деген қарым-қатынасына сезімталдықпен қарайды.

Кіші мектеп жасындағы балаларда дамудың едәуір қоры бар. Оларды айқындап тиімді қолдану – жас және педагогикалық психологияның негізгі міндеттерінің бірі. Алайда ол қорларды пайдаланудың алдында, балаларды оқуға дайындықтың қажетті деңгейіне жеткізу керек.

«Мектеке психологиялық дайындық» деп балалардың құрдастары ұжымында мектептік оқу бағдарламаларын меңгеру үшін психикалық дамудың қажетті және жеткілікті деңгейі түсініледі.

Дамудың қажетті және жеткілікті деңгейі оқыту бағдарламасы баланың «таяудағы даму аймағына» жететіндей болуы керек. Ал «дамудың таяудағы аймағы» баланың ересектермен біріге отырып қол жеткізетін жетістігімен айқындалады. Егер оқу бағдарламасын меңгеру үшін қолданылатын талаптан төмен болса, онда бала мектепте оқуға психикалық дайын емес деп есептеледі. Оның дамуының таяудағы аймағы талапқа сай келмеуінен бағдарламалық материалды меңгере алмай, бірден арттағы оқушылар қатарына ілінеді.

Кеңес және ресей психологиясында мектепке психологиялық дайындық мәселесін теориялық жетілдіру Л.С. Выготскийдің еңбектеріне негізделеді (Божович Л.И., 1968, Эльконин Д.Б., 1989, Салмина Н.Г., 1988, Кравцова Е.Е., 1991 т.б.).

Баланың мектепке дайындық мәселесін талдай отырып, Д.Б. Эльконин оқу әрекетінің қажетті алғышарттарын бөліп көрсетеді. Ол және оның ізбасарлары төмендегі өлшемдерді атайды:

- баланың өз әрекеттерін белгілі бір ережеге саналы бағындыра алуы;
- берілген талаптар жүйесіне бағыттала алуы;
- сөйлеп жатқан адамды зейінімен тыңдай алуы;
- талап етілген тапсырманы үлгіні көзбен қабылдау бойынша дербес орындай алуы.

Мектепке келумен оның алғашқы кезеңі баланың бүкіл өмір тіршілігі мен іс - әрекетінде қайта құруды туғызады. Бұл кезең мектепке келетін 6-7 жасар бала үшін бірдей қиын. физиологтардың, психологтардың, педагогтардың бақылаулары бірінші сынып оқушыларының арасында дара психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарамай, жаңа жағдайға қиын бейімделетін, жұмыс режимін және оқу бағдарламасын әрең меңгеретін немесе мүлдем меңгермейтін балалардың кездесетінін көрсетеді. Оқытудың дәстүрлі жүйесінде осы балалардан үлгермеуші және екінші жылға қалатын балалар шығады.

Мектепке психологиялық дайындықты анықтаудың негізгі мақсаты – мектепке бейімделе алмаудың алдын алу болып табылады.

Тәжірибелі мұғалімдер алғашқы күннен бастап балаларға қандай талаптар қойылатынын өте жақсы біледі. Сондықтан мектептегі дезадаптацияны болдырмаудың алдын алу үшін мұғалімге көмек ретінде бірінші сыныптарында бейімделу сабақтарын жүргізу қажет, яғни бұл сабақтардың мақсаты: балалардың бір-бірімен жақынырақ танысуына мүмкіндік жасау, сыныпта жағымды психологиялық ахуал тудыру, өзін-өзі дұрыс бағалауға үйрету.

В.В. Давыдов: «Кіші мектеп жасы – бұл тарихи тұрғыдан салыстырғанда жақында бөлініп шыққан бала өмірінің ерекше кезеңі», - деп жазды. Ол: «Ешқашан мектепке бармаған балаларда бұл жас болмаған, бастауыш мектеп білім алудың алғашқы және соңғы сатысы болып қалған балаларда да болмаған», - дейді. Бұл жастың пайда болуы жалпыға ортақ және міндетті толық емес және толық орта білім жүйесін ендірумен байланысты. Орта білім берудің мазмұны мен міндеттері әлі түпкілікті анықталмаған. Сондықтан 12 жылдық білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделу шарттарын, яғни осы жас кезеңінің физиологиялық, психологиялық дамуының ерекшеліктерін жақсы білу керек.

Мектеп жасында оқу мотивациясын қалыптастыру қазіргі мектептегі басты мәселелердің бірі, қоғамдық маңызды іс деуге болады. Оның өзектілігі оқыту

мазмұнын жаңарту, оқушыларда білімдер мен танымдық қызығушылықтарды өз бетінше игеру амалдарын қалыптастыру міндетін қою, адамгершілік тәрбиесі бірлігін іске асыру, олардың өмірлік позицияларын қалыптастыру, жалпыға ортақ міндетті орта білімді енгізуден туындайды.

Сөйтіп, адамның іс – әрекеттерін белгілі бір білімді, дағдыларды, іскерліктерді, мінез – құлық пен іс – әрекеттің формаларын меңгерсем деген саналы мақсат басқаратын жерде оқу болады. Оқу адамға ғана тән іс – әрекет, осының өзінде ол адам өз іс – әрекеттерін саналы мақсатпен реттей алатын болған кездегі адам психикасының даму сатысында ғана мүмкін. Мұндай қабілет баланың мінез – құлқы мен іс – әрекетінің бұған дейінгі түрлерінің — ойынның, сөйлеу, қарым – қатынасының, практикалық іс – әрекеттерінің негізінде қалыптасып, шамамен төрт – бес жаста ғана дамиды.

Төменгі мектептің міндеті — "оқуға деген бейімділігін" қалыптастыру. Тек оқу қызметінің барлық құрама бөлшектерінің бірегейлігі және оны өз бетінше орындау ғана оқудың өзінің жетекші іс – әрекет ретіндегі қызметін орындауының кепілі бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзатаева Б.П. Кіші мектеп оқушыларының психологиясы. Алматы. 2008 -111 б.
2. Айқынбаева Г. 12 жылдық мектепте алты жастан бастап қабылдаудың ерекшеліктері. Мектептегі психология, 2007. № 4, 7-9 б.
3. Айқынбаева Г. 12 жылдық білім берудегі бастауыш сынып оқушыларының психологиялық – даярлық ерекшеліктері. Педагогика. 2006 . № 3,2-7 б.
4. Бидайбекова А. 12 жылдық білім беру жүйесіне өтуге байланысты бастауыш сыныптарда білім беру ерекшеліктері, мұғалімдерді қайта даярлау қызметі Бастауыш мектеп. 2008. № 5. – 93-97 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены условия формирования готовности учащихся начальных классов при переходе на 12-летнее образование. Раскрыты особенности мотивации обучения и воспитания в современной системе профессионального образования.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сыныптарды 12-жылдық білім беруге көшірудің даярлық жағдайы сөз етіледі. Қазіргі жаңа білім жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері мен себептері айқындалған.